

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XXIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«XXIII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 4**

**ПАВЛОДАР  
2023**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
Ж64

**Редакция алқасының бас редакторы:**

**Садықов Е. Т.**, э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма  
Төрағасы – Ректор

**Жауапты редактор:**

**Ержанов Н. Т.**, б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ ғылыми  
жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі –Басқарма мүшесі-проректор

**Редакция алқасының мүшелері:**

Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексейтов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П.,  
Колесников Ю. Ю., Абишев К. К., Шакарманова М. П., Крыкбаева М. С.,  
Исенова Б. К., Ибраева А. Д.

**Жауапты хатшылар:**

Айтмағамбетова Г. А., Акимбекова Н. Ж., Алимова Ж. С., Арынова Ш. Ж.,  
Ахметов Д. А., Ашкина А. А., Бармина Е. Ю., Бахбаева С. А., Бейсембаева А. К.,  
Бельгибаева К. К., Боранкулова Б. Е., Джанарғалиева М. Р., Джусупова Э. М.,  
Жакубаева Б. Б., Жумабекова Д. К., Жуманбаева Р. О., Зарипов Р. Ю.,  
Исимова Б. Ш., Искакова З. С., Казбеков Е. Ж., Клошина З. В., Кривец О. А.,  
Нургожина Б. В., Ордабаева Ж. Е., Сарбасов А. К., Суентаева З. Т., Таничев К. С.,  
Тапалчинова А. С., Титанов Ж. Е., Токтарбекова А. Б., Толокольникова Н. И.,  
Фазлутдинова Ж. К., Шабамбаева А. Г., Шагиева Г. Т.

**Ж64** «XXIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының  
материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2023.

ISBN 978-601-345-364-4 (жалпы)  
Т. 1 «Оқушылар». – 2023. –435 б.  
ISBN 978-601-345-360-6

«XXIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясы  
(12 сәуір 2023 жыл) жинағында келесі ғылыми бағыттар бойынша ұсынылған  
мақалалар енгізілген: Энергетика, Физика-математикалық және компьютерлік  
ғылымдары, Ауыл шаруашылығы және АӨК, Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық,  
Заманауи инженерлік инновациялар мен технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары,  
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары, Техникалық және кәсіптік білім беру.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-363-7 (Т. 1)  
ISBN 978-601-345-364-4 (жалпы)

©Торайғыров университеті, 2023

**Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары  
Гуманитарные и социальные науки**

**Секция 1**

**Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы мәдени бірегейлік:  
дәстүр мен инновация сабақтастығы  
Культурная идентификация в годы Независимости  
Казахстана: преемственность традиций и инноваций**

**ХАЛЫҚ ТҮСІНІГІНДЕГІ АЙ АТТАРЫНЫҢ  
ЭТНОМӘДЕНИ МӘНДІЛІКТЕР**

СМАГУЛОВА Г. Ж.

мұғалім, Павлодар қаласының Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы инновациялық үлгідегі ЖООБМ КММ, Павлодар қ.

АРЛАНОВА П.

оқушы, 6 сынып, Павлодар қ.

Зерттеудің өзектілігі. Адамзат танымы кеңейіп, қоғам дамыған  
сайын қарым-қатынас құралы – тілдің де қызметі мен тілдік  
ұжымның әр алуан білімдер жүйесін жинақтау үрдісі күшейе түседі.  
Осымен байланысты тілдік бірліктердің ішкі мәні мен қолданыстағы  
мағыналарын адаммен, қоғаммен, табиғатпен жарыстыра зерттеу  
қазіргі тіл білімінде ерекше басым бағыт болып отыр.

Зерттеудің негізгі арқауы – қазақ халқы түсінігіндегі ай  
аттарының қолданылудағы маңыздылығы мен ерекшеліктері.  
Тіл жүйесінің бұл деңгейінде мәдени этностың таным-талғамын,  
шаруашылық кәсібін, мінезін, салт-дәстүрін т.б. мәнділіктерді  
айқындау бүгінгі қазақ лигвистикасындағы өзекті мәселелердің  
бірі болып табылады.

Байырғы қазақ күнтізбесіне қатысты тілдік бірліктер –  
халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің көрінісі. Сондай-ақ  
қазақ күнтізбесінің ерекшелігі этностың дәстүрлі шаруашылығына,  
табиғи ортаға, ауа райын болжай білу тәжірибесіне, жыл мезгілдерін  
жұлдызға қарап ажырату, жыл қайыру, әрбір жыл мезгіліне тән  
ерекшеліктерді тану қасиетіне қатысты болып танылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің  
мақсаты – қазақтың күнтізбедегі ай аттарының қолданысындағы  
ерекшелікті айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей  
міндеттер қойылды:

– қазақтың бұрынғы ай аттарына, жыл аттарына, жұлдыз атауларына қатысты лексика-фразеологиялық бірліктерді жинап жүйелеу;

– ай аттарына қатысты тілдік таңбаларды ақиқат дүниенің тілдегі көрінісі

Зерттеудің нысаны. Қазақтың байырғы халық күнтізбесіндегі ай аттары, жыл мезгіліне байланысты атаулар, күнтізбемен байланысты бірліктер мен халықтың археастрономиялық білімдеріне қатысты мәтіндер.

Зерттеу пәні – қазақтың байырғы күнтізбесі және олардың лингвистикалық, этномәдени сипаты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ай аттарын саралай келгенде, байырғы қазақ қоғамында (діни емес, дүниауи қоғамда) күнтізбенің 1) «Ай-Жұлдызға» негізделген күнтізбе, яғни Айдың белгілі бір фазасында Үркермен тоғысуына негізделген «Үркер күнтізбесі», байырғы есепшілердің тілімен айтқанда, тоғыс есебіне негізделген күнтізбесі; 2) Қамбар жұлдызының Аймен тоғысуына сәйкес «Ай-Жұлдыз» күнтізбесі немесе халық астрономдарының айтуынша Қарт наурыз күнтізбесі; 3) «Күнге» негізделген тәулік есепті күнтізбе (360 + 5 тәулік немесе бес қонақ) болғаны көрсетілді. «Қарт наурыз» күнтізбесі шығыс халықтарына ортақ болып келеді, ақпан (февраль) айының бірінші жартысында Айдың бір жаңасында Қамбар жұлдызымен тоғысуы жыл басы ретінде ақтың мейрамы деген атпен тойланады.

Қазіргі халық тілінде бір айдың бірнеше атауының болу себептері айқындалды. Синхронды тұрғыдан вариант тәрізді көрінгенмен, диахрондық тұрғыдан олар әртүрлі күнтізбеге қатысты ай атаулары болып табылады. Мысалы, үштің айы, тоғыз тоғыс, қаңтар т.б., «январь» айы деген мағынаны білдіреді. Ал, шын мәнінде «Қарт наурыз» бойынша үштің айы «январь», Үркер күнтізбесі бойынша тоғыз тоғыс – «январь», Жас наурыз бойынша қаңтар – «январь» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ қазақ күнтізбесіне қатысты тіл бірліктерінің мағына межесінде есепшілердің жыл мезгілі мен ауа райының өзгерісіне қарай болатын табиғи құбылыстарға қатысты мәдени танымдық ақпараттар айқындалды; есепшілік дәстүрмен байланысты амал аттарындағы, ай, жыл атауларындағы этномәдени компоненттерге талдау жасалды.

Сонымен қатар жыл мезгілдерінің ауысуы жер бетіндегі табиғи құбылыстарға емес, жұлдыз қозғалыстарына, археастрономиялық

танымға негізделгені лексика-фразеологиялық бірліктердің мәдени компоненттері арқылы сараланып көрсетілді. Осымен байланысты күнтізбе жүйесін құруға, жыл мезгілдерін ажыратуға негіз болатын шоқжұлдыздары мен жұлдыздардың (Үркер, Сүмбіле, Темірқазық, Шолпан, Есекқырған, Босаға, Жетіқарақшы) этномәдени мағыналары мен соған қатысты лексика-фразеологиялық бірліктердің мазмұны айқындалып, талданды.

Қазақ есепшілері (күнтізбе жасаушылар және оны күнделікті өмірде қолданушылар) табиғат құбылыстарын, аспан әлемін жай ғана бақылаушы емес, яғни пассив субъект емес, әрқилы табиғат құбылыстарынан ақпараттар ала білген, сол ақпараттарды санада тоқып жүйелеген. Алынған ақпараттарды санада «сақтап» қана қоймай, қайта өңдеп, білімдер жүйесін жасаған, сол білімдерді әрі қарай басшылыққа алып, табиғат құбылыстарын өмір тәжірибесінде қолданған. Табиғат құбылыстарының тосын жағдайларынан мал-жанын, егін жайын аман алып шығу үшін аспан әлемін, жер бетіндегі табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып жинақталған білім жүйесінің негізінде төлтума күнтізбелер жасағаны анықталды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Жұмыста сипаттау, жинақтау, қорыту талдау, салыстыру, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Дүниенің бейнесін сезімдік қабылдау дүниені танудың алғышарты болып табылады. Ал тіл ғалам туралы білімді сыртқа көрсетіп қана қоймайды, ғұмырнамалық тәжірибенің түпсанада бедерленіп, үздіксіз сұлбалануына және оның айқындалуына, ұрпақтан-ұрпаққа жетілуіне қалтқысыз қызмет етеді. Демек, тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте қарастырып зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Бұлай болуының себебі неде? Әлде ай аттарына қосымша ретінде жүретін атауларды да қазіргі түсінік тұрғысынан ай аты деп жүреміз бе? Қазақ тілінде ай аттарының бірнеше нұсқасы сақталған. Қазіргі қолданыстағы ай аттары әр жүйенің ішінен құрастырылған жиынтығы деуге болады. Мәселен, мамыр айы кеңес дәуірі кезінде әдеби тілде май делінді. М.Мақатаевтың шығармаларында Мамылжыған мамырдан май тамып тұр деген жолдар кездеседі. Ал ай аттарына қатысты шыққан еңбектерде мамыр айы шаруалар тілінде сәуір, ал аңшылар тілінде «құралай айы» деп аталатындығы көрсетіледі. Сол сияқты қыстың бірінші айы желтоқсан әуелде қыстың үш айының жалпылама аты болуы мүмкін деген көзқарастар бар.

Қазір тілімізде қатар қолданылатын ай аттарының үш жүйесіне қатысты атаулар бар: ай-жұлдыз жүйелі (тоғыс) айлары, жұлдыз жүйелі айлар, діни жүйемен келген ай күнтізбесі.

Бұлардың бәрі қазақтың тарихын, бастан кешкен дәуірлерін, шаруашылық түрлерін, географиялық жағдайы мен соған сай климатын, таным-сенімін, әлемді бейнелеудегі өзіндік көзқарасын байқатады.

Енді сол айлардың қазіргі атауына назар аударсақ, жалпы халықтық сипат алғаны да, көп қолданылғаны да – жұлдыз жүйелі аттары. Жыл басы наурыздан басталатын жүйедегі ай аттары мыналар: наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Біраздан бері күнтізбелерде, түрлі ресми жинақ, кітаптарда, баспасөзде осылай жазылып келеді. Бірақ дәл осы жерде маусымды – отамалы, тамызды – сарша, көкекті – сәуір деп атау қажеттігі туралы да пікірдің барлығын айтқан жөн. Және кей жерде сәуір – көкек деп жазып та жүр. Енді ай аттарының қазақша атауын жаппай қолданып отырған жерде мұндай екіұштылыққа жол бермей, тек біріне ғана тоқтау керек екендігі белгілі. Қазір қолданылып жүрген көкек пен сәуір атаулары осыған дәлел бола алады. Біз оған кейінірек толық тоқталамыз.

Тілдің сөздік құрамы өзгергіш дегеннен оның барлық саласы, барлық қабаты бірдей дәрежеде өзгереді деген қорытынды шықпайды. Сандаған ғасырлар бойы бір қалыптан аумай, бірде-бір жаңа сөз қосылмай, өзгеріссіз қалатын тұрақты сала лексикада да бар.

Тілдік универсалийлер тілдерді бір-бірімен ажырату үшін қажет. Лексиканың тұрақты қабаттары қатарларына сандық, сындық мағыналарды білдіретін сөздер, өсімдіктер, туыс, мал атаулары, етістіктер, яғни негізгі сөздік қорға жататын сөздер жатады. Мұндай тұрақты лексикалық құрамға күнтізбе жүйесіндегі кейбір лексикалық бірліктерді де жатқызуға болады. Мысалы, Ай атауының күллі түркі тілінде, байырғы заман ескерткіштерінде мән-мағынасы, дыбыс формасы өзгеріссіз сақталған. Әртүрлі тілдердің семантикалық құрылымы үстірт құрылыммен салыстырғанда жақын болып келеді.

Қазақ халқының айға табынуға байланысты наным-сенімдердің ішіндегі ең танымалы – жаңа Ай туғанда айтатын Ай көрдім, аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа! деп айға қарап бата тілеуі. Ш.Уәлиханов қазақтардың

айға табынуын былайша сипаттайды: «Ай бір кездері тәңірі болған сияқты. Қазақтар жаңа ай көргендей иіліп сәлем береді және жаздығүні сәлем берген жерінің шөбін жұлып, үйге әкеліп, ол шөпті отқа жағады екен. Қазақтар айға ұзақ қарамайды, өйткені айдағы кемпір кірпік санайды деп қорқады. Дәретке отырғанда айға қарап отырмайды. Жалпы алғанда қазақтар айды құрметтеп сөйлейді». Бұған қоса, қазақтың ырым-тыйымдары мен салт-дәстүрлерінің арасында Жаңа ай толғанда «Айгөлек» биін билеп, шат-шадыман думандап тойлайтын дәстүрі де осы айға табынушылықтың сарқыншағы болса керек. Жаға ай толғанда жасы келген кісілер «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке» деп бата-тілектерін сұраса, жастар айлы түнде толған ай сияқтанып, дөңгелене қол ұстасып: «Айгөлек-ау, Айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, айдай толған кезімде би билеймін дөңгелеп», билеп жүріп, Жаңа айды шығарып салып, ескі айды қарсы алған.

Тілімізде айға байланысты үнемі қолданылатын фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер белгілі наным-сенімге, мифтік аңыздарға негізделіп қалыптасқан. Мысалы, ай қорғалау, ай желіну, ай тұтылу, ай қараңғысы, ай арасы толас болу, туар ай, туар айдың жаңасы, айың оныңнан тусын, бетін айдай қылу, бетін айдай болғыр т.б. Соның ішінде қазақ халқы айдың кемігенін немесе кеш туғанын ай қорғалады деп атайды. Бұл тіркестің жиі қолданысқа түсіп, ұзақ сақталуының мәні бар, себебі халықтың таным-түсінігінде айдың қорғалану құбылысына қатысты мифологиялық аңыз қалыптасып, соған орай бұл тұрақты тіркес те өз мазмұнын жоймай келеді. Аңыз бойынша ертеректе Күн мен Ай егіз туған сұлу қыздар болған екен. Күнге қарағанда Айдың сұлулығы басым болып, Күн қызғаныштан Айдың бетін тырнап дақ түсірген екен. Бетіне дақ түскен Ай сұлу күндіз емес, тек түнде ғана көрініп, бір бетін жауып шығатын болған екен-мыс. Содан бері Күнге жақындап барғанда Ай қорғалап, бетін жасырады. Ал қашықтағанда Ай толып, Күннің қызғанышын қоздыру үшін бетін түгел көрсетіп тұрады.

Қазіргі таңда бір ғана ұғымдық мәні бар сөздің сан алуан жан-жақты мазмұнына ие болып, түрлі ақиқат дүниені танытуда жалғыз өзі ұйытқы бола алатын, жан-жағына концептуалдық құрылымдарды құрай отырып, «жүйелі желі» ретіндегі тізбектелген бір-бірінен туындайтын, сарындас, сабақтас келген мағыналарды бір өріске топтастыра алатын концептілік қасиеті анықталды. Бұндай қасиеті бар сөздерді тіл білімінде концепт деп атап, оларды концептуалдық талдау әдістері арқылы зерттеп, сөздік қордағы



бұрын-соңды айқындалмаған мағыналар мен жаңа ғана қолданысқа еніп келе жатқан ұғымдық мағыналардың мәнін ашуға септігін тигізіп отыр.

Барлық сөзді дерлік концепт деп атап, оларға талдау жасап шатасудың қажеті жоқ. Себебі оларға концептілік талдау жасау барысында-ақ белгілі бір дәрежеде шектеліп, тұйыққа тіреледі. Себебі, ұғымдық мәні тар, жалпыадамзаттық сипат ала алмаған, жан-жақты мағыналық өрісі жоқ сөз концептілік ортасын толық көрсете алмайды. Концептілік ортасы айқын емес тіл бірліктерін кең көлемді ұғымдық сөз деп айта алмаймыз.

Жоғарыда көрсетілген талдауларға қарап «Ай» ұғымының жалпыадамзаттық сипат алып, мағыналары мен жан-жақты қолданысына қарай адамның таным-түсінігінде алуан түрлі қасиетімен танылғандығы дәйек бола алады. Дегенмен «Ай» ұғымын концепт деп тану үшін оған концептілік талдау жасаған дәлелді болады. Сондықтан біз Ю. Степановтың ұсынған концептілік талдау үлгісіне сүйене отырып, «Ай» концептісіне былайша талдау жасадық:

1. Негізгі өзекті белгілері: Ай – түнде жарық беріп тұратын аспан шырағы, жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім. Осындай Ай ұғымының жалпыадамзаттық, ғылыми белгілері қазақ тілінің фразеологизмдерінің бойынан да орын алған.

Қазақ халқының тарихы әрісі Алаш, берісі Қазақ елдігімен байланысты өте ертеден келе жатқан мәдениет пен өркениетке үлес қосқан ел. Алаш аталған халықтың өткеніне мыңнан аса жыл өткен деп шамалауға болады. Осы Алаш заманының өзінде-ақ халықтың ай, жылдарға қойған аты, әрқайсысына берген алуан түрлі бағалары бар. Олар жыл аттарын: (1) Тышқан, (2) Сиыр, (3) Барыс, (4) Қоян, (5) Ұлу, (6) Жылан, (7) Жылқы, (8) Қой, (9) Мешін, (10) Тауық, (11) Ит, (12) Доңыз деп, ал ай аттарын: (1) Қаңтар, (2) Ақпан, (3) Токпан, (4) Отамалы, (5) Отжақпас, (6) Көкек, (7) Мамыр, (8) Маусым, (9) Тамыз, (10) Сарыша, (11) Қараша, (12) Қыркүйек деп айырып атағаны белгілі. Байқап отырғанымыздай, бұндағы ай аттары бүгінгіден өзгеше. Әсіресе бізге отамалы, отжақпас дегендер таңсық.

Қазақша ай аттары әртүрлі күнтізбе жүйесінен алынуының әсерінен өзгеріп отырған. Ал бұлардың барлығының бүгінгі күнге шейін сақталуы тілдің жинақтау қызметімен тығыз байланысты. Когнитивтік лингвистика ғылымы тілдің төртінші қызметі – этномәдени қоғамдастықтар білім қорын жинақтауды ақиқат дүние туралы тілдік ұжымның көзқарасын жеткізуі деп нақтылайды.

Осы ақиқат дүние туралы кең ауқымды жан-жақты білім қоры бір халықтың тілінде көрінетін бейнесі мәдени-тілдік ұжым санасының нәтижесі, соның таным-түсінігі болып табылады. Бірақ адамзатқа қатысты сананың түр-түрі болады: жеке адамның санасы, бір ұлттың ұжымдық санасы, ғылыми сана. Адамның абстракті ойлауы – жалпылау мен логикалық байланыстарды табудың нәтижесі.

Әлемнің тілдегі көрінісі туралы орыс тіл білімінде орныққан термин қолданылғанымен, бұл мәселе туралы қазақ тіл білімінде бүгінгі таңда жиі-жиі айтылып зерттеліп жүргендіктен әлемнің тілдегі көрінісіне қатысты жарыспалы терминдер орын алып жүр. Мысалы, әлемнің (ғылымның) тілдік бейнесі, сыртқы дүниенің тілде бейнеленуі, тілдің әлем көрінісі, сыртқы дүниені қабылдаудың тілдік көрінісі, дүниенің тілдік суреті және т.б.

Әлемнің ғылым тіліндегі көрінісі болсын адамзаттың бастапқы танымы кезіндегі әлемнің бейнесі болсын, адаммен, жеке тұлғамен тығыз байланысты.

Адам қоғамның ең негізгі қатынас құралы болып табылатын тілдің талай-талай тарихи кезеңдерді басынан кешіргені мәлім. Өйткені адамның санасы секілді тілдің өзі де көне, әрі мейлінше көп салалы құбылыс. Халықтың белгілі бір тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси мәдени өмір-тіршілігі, өзге елдермен қарым-қатынасы, әдет-ғұрпы ең алдымен оның тілінен, сөз мағынасынан айқынырақ сезіліп тұрады.

Қашан да өмірдің сан қилы саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздік қорына ықпал етіп, іздерін тастап, сол оқиғаларға байланысты сөздерді куә етіп қалдырып отырды. Сондықтан да әр халықтың өз тұрмысы мен мәдениетінің, оның материалдық және рухани қазынасының айнасы саналатын тілдің сөздік қорының элементтерін, тілдердің өзара қарым-қатынасын, ондағы ауыс-түйіс негізінде болатын өзгерістерді жан-жақты зерттеп, анықтаудың теориялық та, практикалық та мәні айрықша зор. Зерттелетін деректерді толық та терең сипаттау үшін оған жүйелеу әдісін қолдану қажет.

Қазақ тіліндегі бірде бір сөз не фраза кездейсоқ, қалай болса солай жасала салмаған. Бәрінің де жүйесі бар, түп негізі бар, себеп-салдары бар. Мысалы, халықтық астрономиялық атауларға байланысты фразаларды алайық: жұлдыздай ағу; айдай әлем; күндей күркіреп, төбесінен жай түскендей болу; бұлттай түнеру; айдай таза, күндей нұрлы және т.б. Қазақта сондай-ақ төрт түлікке байланысты фразеологизмдер де көп: бие сауымдай уақыт; боз інгендей боздады;

байлаулы бұзаудай; қойдай қырды; кәрі қойдың жасындай жасы калу; қой бастаған серкедей; тай-құлындай тебісу және т.б.

Ежелгі түркі күнтізбесіндегі реттік айлар мен мүшелдік айлардың аттары сол айлардың жыл ішіндегі орындары арқылы түсіндіріледі. Мысалы, байырғы қазақ күнтізбесіндегі тоғыз айларының аттары Үркерді неше жаңасындағы Айдың «басып өткендігіне» қарай айтылса, жұлдыз айлардың аттары зодиак шокжұлдыздарының атауларынан шығады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исаева Ж. Қазақ мифологиясындағы тілдік көріністер // Ақиқат. 2006 ж., № 11–12. – 56 б.

2 Мадалиева Ж. Ежелгі таным-түсініктер мен ғұрыптардың қазақ халық прозасы мен паремиясындағы көріністері // Ізденіс 2005ж. № 4. – 100 – 103 б.

3 Қапалбеков Б. Жұмсалымдық мағыналық өріс ұғымдық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2004 ж., № 5, – ББ.101-105.

4 Караулов Ю .Н. Русский язык и языковая личность. – М., 2003ж. – 261 б.

5 М. Қашқари. Түрік сөздігі (Аударған: А.Егеубаев), III томдық. I-том. – Алматы: Хант, 1997ж. – 526 б.

6 Манкеева Ж. А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997ж. – 272 б.

#### ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ КЕЗДЕСКЕН ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

БЕКЕЙ И., ҚУАНДЫҚ А.

оқушылар, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

МУФРАЖ М.

физика магистры, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

РАЙСБЕК Ү.

гуманитарлық ғылым магистры, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

#### Кіріспе

Еліне адал қызмет ету отансүйгіштіктен басталады. Отансүйгіштікке тәрбиелеуде өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпына құрмет көрсету және оны мақтан тұтуға үйрету өзекті мәселелердің бірі. Оны қалыптастыруды әр пәнде жүзеге

асырған абзал. Нарықтық экономикада сұраныс ие мамандықтардың көбі физика пәніне негізделген мамандықтан. Соңғы жылдары мемлекетімізде техникалық мамандықтарға бөлінген гранттар саны жылдан жылға артуда. Бұл оқушылардың физиканы оқуға деген қызығушылығын арттыруды және түсінуді жеңілдетуді талап етеді. Осы тұста оны қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптармен ұштастыру және өзара байланыстыру қажет.

Білім беру үрдісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру ең маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан, оқушылардың алдыңғы білімдерін белсендендіру мен тақырыпқа шығуда мсыалдарды мен сұрақтарды физика және астрономиядан келтіруге болады.

Жобаның өзектілігі. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің миссиясының құрамдас маңызды бөлігі бойына құндылықтарды тұрақтандырған ұрпақты қалыптастыру. Демек, оқушылар тек пәндік білімді біліп ғана қоймай, ұлттық құндылықтарды түсініп, өзінің салт-дәстүріне құрмет танытып, отансүйгіштікті дарытуы тиіс. Осы себепті, физика пәнінде физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды, астрономиялық ашылулар мен бақылаулар нәтижесін қазақ тарихымен, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен ұштастыра оқыту оқушылардың мақтанышын оятып, пәнге деген қызығушылығын, зерттеушілік дағдыларын арттырады деп ойлаймыз.

Жобаның мақсаты. Қазақ мәдениетіндегі физикалық құбылыстар мен астрономиялық бақылауларды зерттеу.

Жобаның міндеттері:

– Қазақ мәдениетіндегі кездескен физикалық құбылыстарды анықтау;

– Қазақ мәдениетіндегі кездескен физикалық құбылыстарды сипаттау;

– Қазақ мәдениетіндегі физикалық құбылыстар физикалық тұрғыдан талдау;

– Қазақ мәдениетіндегі астрономиялық бақылауларды астрономиялық ашылулар мен құбылыстармен салыстыру және талдау.

Зерттеу нысаны: қазақ мәдениетіндегі физикалық құбылыстарды мен астрономиялық бақылаулар.

Физика пәні мектеп курсының жетінші сыныбынан бастап оқытылады. Физика пәнінде қарастырылатын тақырыптардың бірі – деформация. Деформация денелердің сыртқы күш әсерінен пішіні мен көлемінің өзгеруі. Осы деформация құбылысы киіз үйдің

уығымен керегесін жасау кезінде қолданып, ағаштың таңдау мен өңдеу кезінде ескерді.

Қазақ тарихында ғалымдардың еңбегінен сүйенсек киіз үй кейінгі қола дәуір б. з. б. XII—IX пайда болып, тарихшылардың кейбір ой-пікірлерінше андрондық тұрақ үйлеріне ұқсастығы жақынырақ болған. Бірақ андрондықтардың баспаналары ағаштәрізді лашық тәріздес келген. Осы себепті бұл ақпаратты шындыққа сай келеді деуге келмейді. Киіз үйдің қолданысқа ену уақытын жуықтап алатын болсақ кейінгі дәуір б. з. б. 8-5 ғ.ғ. негізі қалануы мүмкін. Киіз үй туралы ақпарат ғұндар кезеңіне жатады. Құрып және жинап алуға ыңғайлы баспаналар ежелгі көшпенді халықтардың петроглифтерде бейнеленгенін көруге болады.

Киіз жасаудың өзіндік дәстүрлері бар. Мысалы, аталған баспаналарды жасау үшін қолы ісмер ғана, сонымен қатар атадан балаға мирас болып отырған кәсіптің бір түрі болған. Бұл баспананың көне атауы «қаңқа» деп аталса, қазіргі жалпақ тілге үйреншікті, әдеби тілде қолданылған және жаңа атауына айналған «киіз үй сүйегі» дегенді қолданудамыз.

Негізі киіз үй сүйегіндейындауда сұрыпталып алынған ағаш бұтақтары мен бөлшектерін қолданады. Бұл ағаш түрлері ауыр салмаққа, қатты соғатын желге оқыс пайда болатын далалық аймақтарға тән дауылдар мен құйындарға төтеп беруі тиіс. Сондықтан сұрыпталатын ағаш түрлеріне талап қатты.

Киіз үй пішінін шеңбертәрізді алыну себебі, бүкіл бөліктері арасында айналмалы, қозғалмалы қылып қосылуы киіз үйді дауыл күнінен, жер сілкінісіне шыдамды қылады және киіз үйдің осындай мықтылығы аяқ асты құйын тұрып, немесе үлкен дауылға төтеп бермей жығылған кезде баспаналарды біраз ғана шығынмен жөндеуге мүмкіндік туғызады.

Баспана құрылысында қолданылатын ағаштардың әрбірінің физикалық мүмкіндіктері әртүрлі. Біріншісі өте қатты болса, екіншісін өңдеуге оңай, сүргіленген тәрізді, енді бірі жарылып кету, қаңсып қалу тәрізді қауіптерден қорғалған, осының барлығы қаперге алынған. Уық және керегеге қолданылатын материал 45–50 күн, шаңырақ пен босаға ағаштары 60–70 күн ыстық ауада күнге қойылады және мықтылығы тексеріледі. Материалдың яғни ағаштың иілу және бұралу қасиеттері арқылы морға, ыстық буға енгізіп салып икемге келтіреді.

Ағашты иілу деңгейіне жеткізу үшін белгілі бір температураға жеткізіп балқыту қажет. Міне осы тұста меншікті балку температурасы жайлы сөз қозғауға болады.

Киіз үйді жасауда қолданылған заңдылықтар физикада Гук заңымен белгілі. Гук заңы – серпімді ортадағы кернеулер мен аздаған деформациялар арасындағы сызықтық тәуелділікті өрнектейтін негізгі заңы. Бұл заңды 1660 жылы ағылшын физигі Роберт Гук (1635–1703) ұзындықты және көлденең қимасы  $S$  шыбықты (стерженді) созған кезде шыбықтың  $\Delta l$  ұзаруы созушы  $F$ -күшке пропорционал болатынын айғақтаған, яғни  $\Delta l = kF$ , мұндағы  $k = 1/ES$  ( $E$  – Юнг модулі). Гук заңын  $\sigma = E\varepsilon$  түрінде өрнектеуге болады, мұндағы  $\sigma = F/S$  – көлденең қимадағы қалыпты кернеу,  $\varepsilon = \Delta l/l$  – шыбықтың салыстырмалы ұзаруы. Ығысудеформациясына  $\gamma$  пропорционал болады. Яғни  $\tau = G\gamma$ , мұндағы  $G$  – ығысудемодулі. Гук заңы сәл деформация кезінде көптеген қатты денелер үшін дұрыс болады және серпімділік теориясы үшін негізгі физикалық заң болып табылады [2, 59 б].

Садақ ату. Оның пайда болу мерзімін көптеген тарихшы-ғалым б.з.б. IV-III ғасырлар үлесіне жатқызып жүр. Зерттеушілердің пікірінше, көшпелі Ғұн ұлысы алғаш рет садақшылар (мергендер) қосынын дүниеге келтірген. Қытай жазбаларында ғұндар көсемі тәңірқұты Мөденің үш мың мерген садақшылары болғаны жайлы дерек айтылады. Жазушы һәм зерттеуші Қойшығара Салғараұлы өз еңбектерінде ғұндар аса қуатты ысқырғыш жебесі бар садақ қолданып, жауының үрейін ұшырғаны жайлы жазады.

Садақты барлық халық пайдаланған. Ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қолданған. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі, т.б. ағашты доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайтын болған. Күрделі, яки құрама садақтың сыртқы беті сіңірмен немесе тарамыспен қапталып, ішкі жағы мүйізбен астарланған, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылған.

Шығыс Еуропа жерінен, Кавказдан Қазақстан жерінде өндірілген металлдан табылған заттар табылды. Олар б.з. 2–3 ғасырлар аралығын көрсетеді. Қазақстан аумағында тау-кен ісі мен металлургия қоладәуірінен бастап дамыды. Осы кездегі кен орындарының көпшілігі ерте темір ғасырында да кен өндіруді тоқтатқан жоқ. Ежелгі металлургия орталықтары – Орталық және Шығыс Қазақстанда болды. Орталық Қазақстандағы мыстың орасан үлкен кен орындары – Жезқазған маңында, қалайы – Атасу мен

Ұлытауда болса, Шығыс Қазақстандағы мыс пен қалайының бай кен орындары Қалба мен Нарын жоталарында кездеседі [3, 67 б].

Диффузия, конвекция құбылыстары тері илеу, ыстау кезінде пайда болады. Теріні бояғанда қынаны пайдаланады.

Домбыра – өзіндік музыкалық сипаты бар, қазақ өмірінде маңызды орын алатын аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. 6000 жылдық тарихы бар домбыра бүгінде жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап. Ендеше назарларыңызға домбыраның шығу тарихы мен түрлері жайында кеңінен ақпарат ұсынамыз.

Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды. Осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екенін көрсетсе керек.

Саз аспабының жазу үлгісінің негізінде зерттеуші-ғалым Қ. Сартқожаұлы бұл жәдігерді б. з. 5–6 ғасырына жатқызады. Ежелгі түрік дәуірінде домбыра аспабы кеңінен қолданысқа ие болғандығын осы кезеңнің жәдігерлері саналатын ескерткіштер балбал тастарға, қылыш-қанжар сынды қару-жарақтардың сабына қашалып салынған домбыра аспабын ұстап тұрған адам бейнелерінен көруге болады.



Сурет 1 – б. з. 5–6 ғасырдағы домбыра

Монғол Алтай тауының сілеміндегі Жарғалант-Қайырқан жотасының бір үңгірінен табылған домбыра.

Оңтүстік Қазақстанның Қой қырылған көне қаласы орнынан табылған «Қыш тас мүсін» (домбырашы б. з. 8 ғ.) шанағы дөңгелек, мойны қысқа, беті жабық аспап ұстап тұрған музыканттың бейнесі тасқа қашалып түсірілген ескерткіш домбыраның түркі дәуірінің аспабы екендігін айғақтай түседі [1, 103 б].



Сурет 2 – Қыш тас мүсін» (домбырашы б. з. 8 ғ.)

Міне, қарап отырсақ біздің ата-бабаларымыз ғылым мен техника, астрономия ғылымы дамымаған ерте заманның кезінде де, білім мен ғылымның жетістіктерін өз өмірлерінде, тұрмыс тіршілігінде пайдалана отырып, бізге де мұра етіп қалдырғанын көріп отырмыз. Сол себепті, физика астрономия мысалды алыстан іздемей ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық ілімдері мен білімдерін, ұлттық атауларын қолдануға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жәкішева Аспаптану (археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеу. Алматы: Қазақ тарихы, 2012. – 256 б
- 2 Жұбанов А. Қ. Ғасырлар пернесі: (қаз. халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер) / А. Қ. Жұбанов. – Алматы: Жазушы, 1975. – 400 б
- 3 Садоков Р. Л. Тысяча осколков золотого саза. Москва: Советский композитор, 1971. – 170 с.

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ НЕГІЗДЕУ**

ЖАМАЛИДЕН А. Қ., АЛТАЕВА А. Е.

11 сынып оқушылары, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ТУКЕНОВА З. А.

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі,  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Тұңғыш Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы 2018 жылдың 21 қарашасында жарық көрді. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының басты мақсаты – Қазақстан тарихын жоғары ғылым тұрғысынан зерттеп, туған жеріміздің ерекшеліктерін көрсету. Н. Ә. Назарбаевтың еңбегі біздің ата-бабаларымыздың жаңа озық технологиялармен байланысын айқыштап тұра, қазақ даласының жаһандық тарихта қандай орын алатынын белгілейді.

Қазақстан ғасырлар бойы жинақталған тарих иесі ғана емес, әлемдік аренада бай мәдени игіліктің иесі ретінде танылды. Осы идеяны насихат ету – мақаланың аса маңызды міндеті. Бұл еңбекте Қазақ даласында бастау алып, кейін ғаламдық деңгейде дамыған жеті үрдіс түсіндіріледі [1].

Өзектілігі: Елбасымыздың Ұлы Даланың жеті қыры атты мақаласы әрбір Қазақстандыққа бағытталған үндеу. Бұл мақаланың негізінде тарих сахнасында орын алған оқиғалар мен жаңа бастамалар және осы мұрамызды жаңғыртып зерттеу тек Қазақ жерінде емес, бүкіл түркі елдерінің алдында тұрған мақсат. Осыған орай қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі Қазақ жастарының өзінің ұлттық тарихи құндылықтары туралы түсініктің қалыптаспауы. Оған қоса, ғаламдық желінің кеңістігінде Ұлы Даланың жеті қырына жататын ұлттық құндылықтары туралы ақпараттың аздығын шешу жолдарын қажет ететін жағдайлардың қатарында.

Мақсаты: Зерттеу жұмысының мақсаты қазақ халқының мәдениеті мен тарихының ғаламдық дамудағы рөлін анықтап, нақты фактілерге сүйене отыра, қазақ халқының ғаламдық тарихтағы рөлін орнықтыру.

Нәтижелері мен қорытындылары: Бұл жұмыста Тұңғыш Президенттің еңбегінде қазақ даласының жеті қырының тарихымыздағы орны көрсетілген. Жұмыс нәтижелерін мектептегі оқу процесінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарында тарих сабағында өлкемізге байланысты тақырыптырды оқыған кезде пайдалануға болады.

Ұлы даланың жеті қыры мақаласының танылу деңгейін анықтау мақсатында Павлодар қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары арасында сауалнама жүргізілген. Жауаптарды жинау әдісі ретінде сауалнама жүргізуді таңдаған себебіміз – 13–17 жас аралығындағы жасөспірімдердің кең аудиториясын қамту және алынған жауаптарды диаграммалар арқылы талдау мүмкіндігімен тиімді және жылдам жауап алу. 10 сұрақтан тұратын сауалнама 7–11 сынып аралығындағы оқушылар арасында өткізілген. Сауалнаманың жүргізілуінің басты мақсаты – Назарбаев Зияткерлік Мектебі оқушыларының Заманауи Қазақстанның ұлттық мұрасы, құндылығы, мәдениеті туралы білімін тексере отыра анализ жасау.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы Рухани жаңғырудың жалғасы ретінде қарастырылғандықтан, сауалнаманың бірінші сұрағы тақырыптың үнілуіне бағытталған. Қазақстанның әр мектебінде рухани жаңғырудың эмблемасы мен белгілерінің болуынан, оқушылардың бағдарлама туралы жалпы түсінігі бар. Сауалнаманы өткен 166 оқушының 114-і, яғни 70 пайызы мәдени даму бағытындағы бағдарламаны таниды. Қалған 30 пайызының ол туралы түсінігі жоқ.

Зерттеу жұмысының өзектілігін айқындау мақсатында сауалнаманың соңғы сұрағы оқушылардан Ұлы Даланың жеті қыры туралы білімді кеңейту ұмтылысының деңгейін тексеруді көздейді. Респонденттердің 70 % (115 оқушы) мақала мазмұны жайлы білімдерін толықтырғысы келеді. Қалған 51 оқушы жауап беруге қиналады.

Сауалнама жауаптарын сараптай отыра, оқушылардың Ұлы Даланың жеті қыры туралы білімі толық емес, танымдық деңгейі төмен болса да, оларда жеті құндылық туралы өз білімдерін нығайтуға талпыныс бар. Сауалнаманың нәтижесіне сүйене отыра біз тақырыптың өзектілігін дәлелдей отыра, терең зерттеуге кірістік.

Ақпаратты өңдеу барысында бұл мақаланы жергілікті және әлемнің озық ғалымдары зерттегенін анықтадық. Тұңғыш президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тек Отандық сарапшыларда емес, шетел тарихшы, археологтар, тарих ғылымының докторлары, профессорларда да қызығушылық тудырды. Қазіргі таңда мақала қарқынды зерттеліп, сарапталуда. Елбасы еңбегіндегі әр қыр жеке-жеке жылдар, ғасырлар бойы қазақстандық және шетел мамандармен бақылауда. Себебі Қазақ даласында бастау алған үдерістер және мәдениеттіміздің ерекшеліктері қазіргі таңда ғаламдық деңгейге жетіп, заманауи заманның көне бастамасы болып табылады.

Сондықтан осы мақала отандық және әлемдік зерттеушілерге көшпелі халықтың мыңдаған жылдық тарихын түсінуінің және сараптаудың жаңа бағдарын меңгеруге мүмкіндік береді.

Отандық тарих пен археология саласының сарапшылардың ойын нақты талдай аламыз. Тарих ғылымдарының докторы-Марат Әбсеметов сөзін дәйектендірсек: Бұл мақала тек тарих туралы түсінік бере ғана қоймайды, сонымен қатар, барлық қазақстандықтар үшін қандай да бір панорамалық көрініс береді. Ата-бабаларымыз әлемдік өркениетте озық орындарға ие болса, оны неге жаңғыртуға болмайды? Бұл барша халыққа үлкен бағыт, сапалы деңгейге көтеріліп, санамызды көтеруіміз керек деп ойлаймын. Мақаланың өзі жалпы халықаралық қауымдастыққа-ғылыми орталарға, тарихшыларға, мәдениет және өнер қайраткерлеріне, мұражай және мұрағат ісі саласындағы мамандарға, журналистерге арналған. Сарапшылардың ой-пікірін түйіндесек: Ұлы даланың жеті қыры мақаласы тек арғы ата-бабамыздың тарихы мен мәдениеті туралы түсінік бермейді, мақалада аталып кеткен даламыздың әр қырын ескере тұра, жаңа бағытты ашу, ұлттық сананы жаңғырту деген мақсат қояды [1].

2017 жылдың қыркүйегінде қазақстандық делегация ЮНЕСКОның штаб-үйінде «Рухани жаңғыру» атты бағдарламаны ұсынған болатын. Елбасының еңбегі осы бағдарламмен тығыз байланысқанын айқын көре аламыз. Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Ирина Черныхтың айтуынша, бұл құжат Қазақстанды халықаралық аренада жаңаша түсінуді ілгерілетуге ықпал етеді: Менің көзқарасым бойынша, жаңа мақала президенттің 2017 жылдың сәуірінде қоғамдық сананы жаңғырту идеясын алғаш жариялаған және Рухани Жаңғыру демеушілігімен бірнеше жоба ұсынған кезде айтқан сөздердің жалғасы. Мұның бәрі бір бағытта жасалып жатқан қисынды, мақала тарихи өткенімізді түсінуге және Қазақстанның не екенін, біз қандай ел азаматтарымыз екенімізді жйне қайда бара жатқанымызды түсінуге бағытталған.

Еліміздің танымал саясаттанушы Ерлан Саировтың айтуынша, жаһандану үдерістері ұлт тарихын қайта қарастыра отырып, болашаққа бағдар жасауды талап етеді. Ұлттардың Ұлы көші, Алтын Орда, Дели сұлтандығы-оның бәрі Ұлы Дала сценарийі бойынша жүзеге асырылған жаһандану жобалары. Мәселен, жылқыны қолға үйрету, үзенгі, металлургия, алтын өңдеу әдістері-Ұлы даланың жетістіктері. Ғылыми-техникалық прогрестің

тарихшысы Линн Уайт айтуынша, үзенгінің өнертабысы адамзат тарихында автомобиль мен ұшақтың өнертабысымен бірдей жаңашылдық болды.

Мақалада көрсетілген жеті қырға нақты тоқталып кетсек. Аталып кеткен алғашқы «қыр» – Атқа міну мәдениеті. Ата бабамыздың жылқыны алғаш рет қолға үйреткеніне энеолит дәуіріне тиесілі Ботай қонысында табылған артефактілер дәлел. Ботай қонысында ат әбзелдері, құрық және теріден тігілген шалбар, тымақ және аттардың тістерінде қалған ауыздық ізі жылқының Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін көрсетеді. Атқа міну мәдениетінің қалыптасуы әлемдік өркениетте, әсіресе шаруашылық пен әскери салада теңдессіз революцияға әкелді. Тұңғыш президент айтып кеткендей, автокөлік қозғалтқышының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Яғни, қазақ жерінде қалыптасқан мәдениет заманауи технологиялардың дамуына тікелей ықпалын келтірді. Атқа міну мәдениетінің дамуымен ата бабамыз әскери техникаларын де жетілдіре білген. Бұрыннан бері жылқы әр қазақтың айнымас серігі болғандықтан, әр сәйгүлік металдардан жасалынған ат әбзелдермен, кем дегенде биік ер тұрман мен үзенгімен қамтылған болатын [3].

Ұлы даланың екінші қырына ежелгі металлургияны жатқызамыз. Жалпы ежелгі металлургияның атқа міну мәдениетімен тығыз байланысын байқауға болады. Археологиялық қазба жұмыстар барысында табылған ат әбзелдер, жауынгерлердің қару-жарақтары, әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар металлургияның жоғары деңгейде дамығанын айғақтайды.

Б.з.б екінші мыңжылдықта Орталық Қазақстан Еуразияның металлургия және кен байыту өнеркәсібінің ірі ошағына айналды. Қола және сақ дәуірінде Жезқазған, Ұлытау және Жезді қалаларының ежелгі ауылдарынан бір миллион тоннадан астам мыс кені өндірілді. Жеңқазған кен орнынан ежелден бері 800 мың тонна мыс өндірілген. Оған қоса, ата-бабамыз өндірген металдардың сапасы жоғары. Талдысай қонысынан табылған метал қорытатын пештер дала өркениет қалыптастырушылардың технологиялық тұрғыдан қаншалықты ілгері болғанын дәлелдейді [7].

Мақалада көрсетілген үшінші қыр «Аң стилі» – бұл тотемизм дәстүрінің көрінісі. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Тарихқа сүйенсек, сақтар «аң стилі» дәстүрімен Кіші Азия мен Иранға

жорықтар кезінде танысқан. Осы жерден сақтардың мәдениетінде арыстанның бейнесі «өмір ағашының» символы ретіндегі кең тараған. Бұл ұғым арыстанның орнына жергілікті жануарлардың түрлерін: жылқы, кошқар, түйе, киік, киік, барыс, жолбарыс, бүркіт, қасқыр, қоянды бейнелеу дәстүріне өтті.

2004 жылы ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұра тізіміне енген Тамғалы тас петроглифтерінде көшпелі халықтың өмір сүру салты, аң аулау көрінісі, табиғат заңдары бейнеленген.

Сақтардың аң стилі Солтүстік Еуразия халықтарының өнерінің дамуында үлкен маңызға ие болды және көптеген басқа мәдениеттерге де әсер етті. Бүгінгі таңда сақ қоныстарынан табылған сәнді, жануарлар стиліндегі бұйымдар құнды археологиялық олжалар ғана емес, сонымен қатар заманауи суретшілер мен дизайнерлер үшін шабыт көзі болып табылады [1].

Тұңғыш Президент байтақ даланың төртінші қырыретінде бүкіл әлемнің қызығушылығын оятқан Алтын адамды меңзеген. КСРОдан Мысырдағы көрмеге жіберілген Есік қорғанынан табылған Алтын адам шетелдік журналистердің қызығушылығын оятып, «КСРОның ату экспонаты» атына ие болған. Дәл осы экспонат 1974 жылдан бері ірі көрмелер мен халықаралық вернисаждарда Қазақстанды салтанатты түрде таныстырады.

Қазақстан аумағында барлығы 8 алтын адам табылғанымен, олардың ішіндегі ең танымалы Есік қорғанынан табылған. Табылған Есік алтын адамы – алтыннан жасалған адамның киімі бар мүсіні. Оның биіктігі шамамен 1,8 метр және салмағы шамамен 20 киллограмдық Фигураның көптеген асыл тастармен безендірілген және бұл нысанды жасаушылардың ежелгі өнердің шебері болғанын көрсететін ерекше дизайны бар [4].

Есік алтын адамы Қазақстандағы ең маңызды археологиялық олжалардың бірі болып саналады және үлкен тарихи және мәдени қызығушылық тудырады. Ол қазір Астанадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде сақтаулы және мұражайдың басты көрікті жерлерінің бірі болып табылады.

Бесінші қыр-Түркі әлемнің бесігі. Түркілер көшпелі мен отырықшы дала өркениетін қалыптастырып, қазақ даласын әлемдік сауда, білім орталығына айналдырды. Кең даламыз Әбу Насыр Әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдар мен ғалымдардың Отаны. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады, яғни ол түрік, өзбек, түрікмен, әзірбайжан халықтардың тілдерімен грамматика, лексика және фонетика жағынан ұқсастықтары көп. Ұланғайыр далада отырықшы

өркениет өрнегінің қалыптасуы өнер, ғылым және сауда дамыған ортағасырлық шаһарлардың гүлденуіне жол ашты. Ол сонымен қатар әлемдегі түркі тілдері мен мәдениеттерін зерттейтін маңызды орталық болып табылады [4].

Алтыншы қыр – Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша бүкіләлемдік мұралар тізімі (ЮНЕСКО) енгізілді.

Қазақстан Еуразияның центрінде орналасуы ежелден бері әртүрлі ел мен өркениеттер арасында транзиттік дәліздердің пайда болуына ықпал етті. Ол жаһандық сауда саттық және халықтар арасындағы зияткерлік ынтымақтастықты қалыптастыру мен дамытудың тұрақты алаңына айналды. Орталық Еуразияда түркілер билеген кезде Ұлы Жібек жолы өзінің шарықтау шегіне жетіп, экономикалық өркендеу мен халықаралық деңгейде мәдени өрлеуге үлесін қосты. Демек, түркі тілдес тайпалар отырықшы өмір салтын, егіншілікті, сауданы соғдылардан алса, соғдылар олардан мал шаруашылығын үйренген. Бұл қалалардың өсуіне және империялардың, соның ішінде Хань, Тань, Моңғол империяларының күшеюіне әкелді. Бұл жол Шығыс Азияда буддизм, христиан және ислам діндерінің таралуына да ықпал етті [2].

Ұлы даланың жетінші қыры Қазақстан алма мен қызғалдақ отаны деп аталады. Генетикалық зерттеулер «Сиверс» алма ағаштары алманың көптеген сорттарының атасы және олардың шығу тегі Жетісу екенін, ал жабайы қызғалдақтың 10–20 миллион жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан аумағында пайда болғанын дәлелдеді. Иранда, Түркияда, Жерорта теңізінде жабайы қызғалдақтар бар, бірақ бізде ерекше түрлері көп.

Алма ағаштарының бұл түрінің алғашқы сипаттамасы 1793 жылдан басталады және ол қазіргі Қазақстан территориясымен байланысты. Қазіргі заманғы генетикалық зерттеулер Сиверс алма ағашы алма ағаштарының көптеген сорттарының арғы атасы және олардың шығу тегінің әлемдік орталығы Жетісу болып табылады деген тезисті растады. Қазақстанда жауқазынның 35 түрі бар. «Әлемнің жауһары» деген атқа ие болған Регель қызғалдағының бастапқы күйін әлі күнге дейін Шу, Іле тау етегінде кездестіруге болады. Отанымыздың топырағында өсірілген қарапайым гүл шет елдердің назарын өзіне тіктіріп, көптеген халықтың жүрегін жаулап, бүгінгі күнде бүкіл әлемге тарап кеткен [8].

Қорытындылай келе, «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы ұлттық мағынасы бар зерттеу ретінде орны бөлек. Бұл жұмыста

көрсетілгендей жасөспірімдердің қазақ халқының ежелгі тарихына деген қызулығы жоғары. Ел тарихы өте бай, өркениеттің шыңына жеткен жетістіктерін жастар арасында тарату, әр қырынан ашып көрсету маңызды. Себебі, жастардың бойындағы патриоттық сезімді оятап, өзінің тарихын білуге құштарлығын оятады. Қазақ халқының тарихын зерртеу біздің еліміз үшін өте өзекті екені сөзсіз. Н. Ә. Назарбаевтың жазып шыққан мақаласы ұлтымыздың мәртебесін әлемдік аренада көтерді. Сондықтан бұл мақаланы талдау, оны жан жақты зерттеу, сонымен қатар оны дәріптеу маңызды. Тұңғыш Президенттің еңбегі әр оқырманға қазақтың тарихи ерекшеліктерін айшықтауға және өсіп келе жатқан ұрпақты тарихи құндылықтарды ескере отыра тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. 2018. Ұлы Даланың жеті қыры. Ұлы даланың жеті қыры | Қазақ Әдебиеті – QazaqAdebieti
- 2 Байпаков К. Великий шелковый путь на территории Казахстана. Алматы, 2009. – 293 с.
- 3 Токтабай А. «Култ коня у казахов» Алматы, 2004. – 76 с.
- 4 Алтынбеков К. Возрожденные сокровища Казахстана: опыт научной реставрации. – Алматы, 2014. – 145 с.
- 5 Байбатчанова Л, Саметов А. 2019. Тюльпаны казахской степи. Тюльпаны казахской степи (khabag.kz)
- 6 Риа Новости.2009.Люди приручили лошадей на тысячу лет раньше, чем считалось.Люди приручили лошадей на тысячу лет раньше, чем считалось – РИА Новости, 06.03.2009 (ria.ru)
- 7 Kazmuseum.kz.2018. Қазақ даласы – Ежелгі металлургияның Отаны.Қазақ даласы – ежелгі металлургияның отаны (kazmuseum.kz)
- 8 Нұрбек Б. 2019.Қызғалдақты қастерлеу керек.Қызғалдақты қастерлеу керек (e-history.kz)

## ҰЛТТЫҚ КОМИКС – САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

ЖҰМАТАЙ Д. Д.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.  
ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретінін байқаймыз. Қоғамдық өмірдің, экономикалық жағдайлардың ілесіп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы өзгеріп отырады. Бір заманда туып, біртіндеп келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі бір жүйеге түскен тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрпы, салт-сана алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық-таптық тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады.

Қазіргі таңда қазақ жастарының арасында батыс мәдениетіне еліктеушілік үрдісі кең етек жаюда. Ел болашағы жастар екені белгілі. Алайла, олар өзге мәдениеттің теріс ықпалын өз бойына жинай берсе, болашағымыз бұлыңғыр болмақ. Ал жарқын болашаққа аяқ басу үшін «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген дана халқымыздың бойындағы ұлттық болмысымызды сақтағанымыз жөн. Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы – мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен инновацияны сабақтастыра отырып, мәдени бірегейлікті жаңғырту керек. Осы ретте, ақпарат пен сан түрлі мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, бойына дарытуда біз ұсынғалы отырған ұлттық комикстердің өзектілігі жоғары. Сондай-ақ бұл жанрды тек балалар ғана емес ересектердің де ерекше қызығушылық танытып оқитынын айта кеткен жөн.


Инновациядан бас тарту арқылы жүзеге асатын ортақ құндылықтаржалпы қоғамның тоқырауға ұшырауына әкелетіні анық. Осы орайда, қоғам рухани және әлеуметтік өміріне еш өзгерістер енген кейпінде онжылдап, тіпті, ғасырлап тұруы



мүмкін. Әрине, кезеңдік өзгерістер болғанымен, олар ілгерілеуге әкелмейді. Мәдениет деңгейін, тұрақтылығын қамтамасыз ететін кез-келген дәстүрді дамусыз, мәдени тәжірбиенің жаңаруынсыз, инновациясыз елестету мүмкін емес. Инновация адам баласының шығармашылыққа деген қабілеттілігіне және осы шығармашылық нәтижелерін қауымдастықтың қабылдап алу немесе бейімдеп алу мүмкіндігіне тәуелді болады [1, 2476.].

Алдымен, комикс жанрына анықтама беріп алайық. Комикстің көптеген анықтамалары бар, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы «Комикс – бұл кез-келген оқиғаны баяндайтын суреттер тізбегі» деген пікірге ұштасады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, комикс – бұл әңгімелеу мен визуалды әрекеттің бірлігі. «Комикстердің мәні» кітабының авторы Скотт МакКлауд, «бірізді кескіндер» деген қысқаша анықтамамен қатар «жапсарлас суреттер және мағыналық бірізділіктегі тағы басқа суреттер» деген толық анықтама береді [2]. Ал француз профессоры Жордж Садул комикстерді «суреттердегі әңгімелер» ретінде таныды [3].

Өнердің бұл түрі әр мемлекетте әртүрлі жолмен дамып отырды. Еуропалықтар олардың дәстүрлері 1827 жылы швейцариялық Родольф Тёпфер басталды деп санайды Ал американдықтар комикс дәстүрлерінің шығу тегін Ричард Ф. Аутконың 1890 жылдардағы «Сары бала» газетінен көрді.



Сурет 1 – Zoom платформасы арқылы өткен сұхбат барысы

Комикстердің баланың дамуына тигізер әсерін зерттеп саралау үшін Торайғыров университетінің психология және педагогика ғылымдарының PhD докторы, қауымдастырылған профессор Нурғалиева Муршида Елубаевнамен Zoom платформасы арқылы сұхбаттастым (1-сурет).

Сұрақ: Муршида Елубаевна, комикстерді оқу баланың дамуына қандай әсерін тигізеді?

Жауап: Комикс – оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынастың ерекше тәсілін қамтитын өнердің ерекше түрі. Суреттер сюжеттің жалпы көңіл-күйін, көңіл-күйдің көптеген реңктерін де дәлірек жеткізеді, ал балалардың бейнені және символдар арқылы оқиғаны қабылдауы «жалаң мәтінге» қарағанда көбірек ақпарат береді. Қазіргі таңда балалар мен ересектердің арасында аса жоғары сұраныс пен кең танымалдыққа ие «суретті хикаяттар», яғни комикстер балалардың өсіп жетілуіне де зор үлесін тигізеді.

Біріншіден, баланың сөйлеу машығы жақсы дамиды. Себебі олар бір-бірімен байланысқан суреттерді көре отырып, оқиғаны басқаша түсіндіріп бере алады. Сондай-ақ, комикстің құрылымына сай (бос орындардың көп болуына байланысты) балалар кейіпкерлердің адами сипаттамаларын өздері ойластырады.

Екіншіден, оқуға ынталандырады. Бала суретті қарап қана қоймай, кейіпкерлердің не туралы сөйлесетінін білуге қызығушылық танытады.

Үшіншіден, бала болжап үйренеді. Комикстердегі басты назар әңгімелеуге емес суреттердегі іс-әрекеттерге бағытталғандықтан, суреттер мен тіркес сөздер балаларға оқиғаның қалай құрылатынын түсінуге көмектеседі. Яғни логикасын дамытады.

Төртіншіден, сауаттылығын арттырады және егер комиксті өзге тілдің түпнұсқасы арқылы оқыса, сол тілді үйрену қабілеті арта түседі.

Оқытудың ескі құралы – мәтіндік ақпараттар көлемі мен қабылдау деңгейінің төмендігі салдарынан өзінің тиімділігін жоғалтуда. Ал оның орнына мәтіндік ақпараттардың орнын басатын көптеген графиктік кескіндер, схемалар, комикстер туындай бастады. Бүгінде олардың алуан түрлілігі тез артып келеді.

Ұлтымыздың ұлылығын танытатын дәстүрлер жүйесін ұлттық комикстер арқылы жеткізу – заман талабынан туындайтын қажеттілік деп білеміз. Себебі ұлттық комикс негізгі идеяның түйіндеме нүктелерін анықтай отырып, бейнелі оқиғаны, құбылысты қабылдау процесінде қажетті екіпіндерді дұрыс орналастырады және

адамның назарын аударуға көмектеседі. Бояуы қанық суреттер қызығушылықты оятып, оқырманды негізгі ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [4]. «Таңдану – барлық даналықтың бастауы» (Сократ).



Сурет 2 – Тұсаукесер дәстүрін дәріптеу мақсатында жасаған ұлттық комиксім

Қазақ салт-дәстүрге бай халық және әрбір ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызы терең. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері ұрпақты өнеге мен білімге, елжандылыққа, ізгілікке, бауырмалдық пен өнегеге шақыруымен құнды. Сол себепті комикстердің аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек.



Сурет 3 – Тұсаукесер дәстүрін дәріптеу мақсатында жасаған ұлттық комиксімнің алғашқы нұсқасы

Ұлттық комикстерді оқу арқылы келесідей нәтижелер жүзеге асады:

- ұлттық рух, тәлім-тәрбиені дәріптейтін салт-дәстүрлер жаңғырады;
- мәдени бірегейлік қалыптасып, құндылықтардың халық өміріндегі маңызы артады;
- жас ұрпақтың, халықтың бойына әдет-ғұрыптар сіңеді;
- салт-дәстүрді білетін, әдет-ғұрыптарды сақтайтын жас ұрпақ қалыптасады.

Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік, білімді де білікті ұрпағынан қуат алады, ол әрбір жаңа буын жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіруден басталады. Ендеше жанашылдыққа жаны құмар ұрпақ тәрбиесінде салт-дәстүрлерімізді дәріптеудің заманауи әрі жаңа тәсілін пайдаланайық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы: Бастау, 2000. – 247 б.
- 2 Скотт М. Комикстің мәні: Tundra Publishing, 1993. – 222 б.
- 3 Джордж С. Киноның жалпы тарихы, 1 том: Искусство, 1958.
- 4 Комикс в образовании: Есть ли польза для дела? // Народное образование. – №9. – 2002.

«Қарт Талдықамыста туған Естай Беркімбайұлы және оның мол тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және танымал ету»

## «ҚАРТ ТАЛДЫҚАМЫСТА ТУҒАН ЕСТАЙ БЕРКІМБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МОЛ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАНЫМАЛ ЕТУ»

ҚАДИРХАН Б.  
5 сынып оқушысы, № 18 ЖООБМ, Екібастұз қ.  
КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәні мұғалімі,  
ЖООБМ, Екібастұз қ.

Ертіс-Баянның өңірі тарихи есімдері алтын әріптермен апталған аяулы тұлғаларын әспеттеп, ұлықтауда. Бұл елдіктің белгісі, Тәуелсіздігіміздің жемісі.

Бұл ғылыми мақалада Естай Беркімбаевтың жайлы соңғы деректер талқыланып, туған жері карта негізінде дәлелденген. Бүгінгі күннің талабына сай болу үшін мәдени-өркениеттің бәсекелестік «сахнасында» өздігінді және өзіндегінді жоғалтып алмау керектігін енгіздік. Өзге мәдениеттер даярлаған мол мұраны, сондай-ақ қазақ халықтарының бәріне ортақ болған құндылықтарды жатсынбай пайдалана білген жөн. Әлемдік тәжірибені саралай отырып, оқыту мен тәрбиелеуді заман талабына сай жаңашылдықпен ұйымдастыру бүгінгі жаһандану заманында басты мәселе болып отырғаны белгілі. Туған өлкенің дара тұлғаларының мәдени мұрасын рухани жаңғыртуда қазіргі заман талабына сай үйлестіруді ұсынған әдістер ең маңызды жаңалығымыз болмақ.

Екібастұз қаласының ауылдық аймағы, тас ғасырының көне тұрақтарынан орта ғасырға дейінгі археологиялық объектілер саны бойынша Қазақстанның солтүстігіндегі ең бай аудандардың бірі болып табылады. Сол ауылдардың бірі, әрі бірегейі Өлеңті өзені бойы, яғни акын туған ауылдың археологиялық ескерткіштері, жартаққа салынған суреттер кешені бүгінде тарихтан ойып орын алған. Өткенімізді танып түсіну болашағымыздың дамуына айтарлықтай септігін тигізеді, осы себептен де біз өз өлкеміздің тарихына аса мән беріп, назар аударамыз. Тарих білімі мен ғылымы кеңістігін кеңейту оның деректемелік базасымен байланысты екендігі белгілі. Қазақ тарихы мен мәдениетінің қазынасын жинақтау мемлекеттік саясатқа айналғаны да айқын. «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалары осыған дәлел. Дереккөздердің көбеюі тарихи зерттеудің сапасын арттыруға, түрлі бағыттағы ізденістер жүргізуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазақстан халқына тұңғыш жолдауында «Біздің ортақ міндетіміз – адамдардың барлық сұраныстарына тез жауап беретін "еститін" мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, тек диалог арқылы үйлесімді мемлекет құруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны өзекті мәселелерді талқылауға тарту қажет»-деп атап көрсетті.

«Павлодар өңірінің акын жыраулары» атты еңбегінде Исакаева С. Ш., Е. Беркімбаевтың жаңа өмірді шалқыған шабытпен жырлағанын айта келіп, «Туды күнім», «Күрбылар», «Өмір», «Қоңыр жел» деген патриоттық әндерін ұсынған. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар Одағының 2 съезіне қатысқан Естай Беркімбаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбекшілер арасында ән шырқап халықты жеңіске рухандырғанын жазып, ақынды басқа қырынан таныта білген.

Павлодар өңірінен де талай атақты акын- жыраулар шыққан. Олардың өмірбаяны, шығармашылығын насихаттап, таныстыру мақсатында С. Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ақпараттық – библиография бөлімі көшпілік оқырман назарына «Павлодар өңірінің акын жыраулары» атты екі тілде жасалған әдебиеттер көрсеткішін ұсынған. Көрсеткіш Бұқар жырау, Иса Байзақов, Естай Беркімбаев, Жаяу Мұса Байжапов, Құдайбергелі Әлсейітов және басқа да атақты тұлғалардың шығармашылығына арналған.



Сурет 1 – Қадірхан Балауса, Амантай Аружан

Екібастұздық акын, ардагер журналист Жассерік Жәлелұлы және тарихшы ұстаздармен сұхбат үстінде.

Өткен жылы Өлеңті ауылының 60 жылдық тойына орай ауыл тарихынан, еңбеккер ерлер өмірінен сыр шертетін «Өлке тәжі - Өлеңті» атты кітаптың қос авторының бірі - журналист-жазушы





Осы бір өлең шумақтары ақын бабаның топырағынан нәр алып өскен ұстазымыздың Естай бабаға арнауы еді.



Сурет 3 – «Қазақ сахарасының біртуары» әдеби сазды кеш

Мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, бұл өзің туған қала тарихынан бастау алуы қажет. Екібастұз өңірінен табылған археологиялық ескерткіштердің тарихи-мәдени сабақтастығы, қала тарихының қым-қиғаш тіршілігін тақырып мазмұнына өзек ету тарихи білім негізінде ертеден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Зерттеушілер көптеген шығармаға ортақ болып келетін Екібастұз өңірінің тарихи-мәдени сабақтастығын жүйелеп сипаттауының өзіндік мәні бар. Осы тұста туған өлкемің рухани және материалдық бай өлке екендігін ерекше атап өткім келеді. Екібастұз аймағы көне ескерткіштерге өте бай өңір болып саналады. Ескерткіштер ең алдымен тас ғасырдың ұсынылған тұрақтар мен шеберханалардың шығумен ұштастырылған палеогендік квартицеттермен басқа да шақпақ тастар және де бұлақ, көл және өзен тұрақтары мен қоныстар тас және қола дәуірінде пайда болды. Ерте және орта ғасырлардың көшпенділердің ескерткіштері, бірге жерлеу ғимараттары, барлық саны 200-ден артық нысандары және өте кең мәдени-хронологиялық кешендер спектрін құрайды, оларды зерттеу және жүйелеу жұмыстары өте көп күш салуын талап ету шеңберінде арнайы ғылыми-зерттеу тақырыбы әліде аяқталған жоқ.

Мәдени мұра сана-сезімді қалыптастыру негіздерінің бірі, ізгілік пен отаншылдық құндылықтар сабақтастығын орнықтыруда зор әлеуетке ие. Қ. Р. Тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында қабылданған «Туған жер» бағдарламасы – өлкеміздің тарихын терең танып, бізге жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, бүгінгі ұрпақ қолына табыстауға бағытталған.

Осы тектес Естай әндерін орындаушылардың әрқайсысының өзіндік өзгешеліктері, қайталанбас үні, бояулары белгілі өнге рең беріп, бір-біріне ұқсамай кететін кезеңдері де жиі болады. Міне, сондай әншілер қатарына әр буында көрінетін Қали Байжанов, Темірболат Арғынбаев, Манарбек Ержанов, Күләш Байсейітова, Ермек Серкебаев, Ришад Абдуллин, Хасен Байырманов, Мұхтар Өтебаев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов және басқаларды қосамыз. Қазіргі уақытта Естайдың әндерін қатары жүздеп саналатын өнерпаз жастар орындап, халық игілігіне айналдыруда.



Сурет 4 – Қадирхан Балауса.  
«Мұрагер» домбыра үйірмесінде

Тапсырдым кейінгі ұрпақ балаларға, мендей кып тәрбиелеп сені ұстасын. Естайдың әншілігі, ақындық қабілеті ана сүтінен дарыған десе орынды. Оның анасы Күлипа, нағашысы Байтұлым ауыл арасында ғана емес, кезінде Кереку өңірінде аттары әйгілі әншілер болған. Естай ат жалын тартып мінуге жарағаннан бастап қолына домбырасын алып, ән айтуға талаптанады. Той-жиындарға жиі барып, ақын, әнші, жыршылардың өнерлерін бойына сіңіріп өседі. «Талапты ерге нұр жауар» демекші, Естай енді өзі де ән-жырдың, той-думанның басы-қасында болып, шамасы келгенше өнерін көрсетіп көптің көңілін аулайды. Оның өнге құмарлығы 7-8 жасында-ақ біліне бастайды. Ауылдағы Жақып деген молладан арабша сауатын ашады, ара-тұра өлең жаттап, құрбы-құрдастарының арасында айтып жүреді. Бір күні өзімен бірге оқитын бала молдаға

барып Естайдың ән айтатынын әңгімелейді. Молданың өзінің де аздап өлең жазатыны бар көрінеді, ол өнерпаз шәкіртін қолдап: «Өлең айтса айтсын, оның ризығы өлеңнен болар», – депті. Молда ұстазы Естайға өлең айтқызып, жаттықтырады. Қолына домбыра алып, шілдеhana кезінде, басқа да халық бас қосқан жиын-тойларда өлең айтады. Сөйтіп, талапты жастың атағы біртіндеп елге танылып, 15-16 жасында ауылдастарының құрметіне бөленеді.



Сурет 5 – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «№18 жалпы орта білім беру мектебінде», «Домбыра сыныбының ашылуы»  
2021 жыл, қыркүйек

Қорыта айтқанда, Ұлы дала тұлғаларының шығармаларында айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, Туған өлкеңіз дара тұлғаларының рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы мектеп табалдырығында білім алушы оқушылардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз.

Мектеп оқушылары рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Жас ұрпақтың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе

жатқан Ұлы дала тұлғаларының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан. Естай әндерін орындаушылар көп болғанымен, олардың әрқайсысының әншілік шеберліктері түрліше келеді. Естай әндерін айтушылардың ішінде белгілі әнші Байғабыл Жылқыбаевтың орны бөлек.

Бір сөзбен айтқанда, қазақтың музыка тарихынан көрнекті орын алатын қадірменді әнші, композитор, әрі акын, домбырашы Естай әндерінің қанат талмай қалықтап, махаббат әнұранына айналатынына сенім мол.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бегалин С. Сахара сандуғаштары: естеліктер мен естігендер – Алматы, Қазақстан, 1976. Б. 167 [1]
- 2 Қарашашева Д.Б. Екібастұз өлең өрінде: өлеңдер жинағы / Екібастұз: Қайнар, 2005.Б. 148 [2]
- 3 Естай Беркімбаев. 14 кітап / С.Торайғыров атындағы МУ-нің Е.Бекмаханов атындағы «Өлке мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 126 бет. [3]
- 4 Бәделханов А. Естай (мақалалар, естеліктер, зерттеулер, поэмалар, арнау өлеңдер) – Павлодар: ЭКО, 2002. – 232 б. [4]
- 5 Жұматов Ғ. Таңдандырған, тамсандырған сазды әуен // Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер. – Павлодар, 2008. Б. 127-129 [5]
- 6 Қалиев Ә. Халық – таланттар көзі. – Павлодар: ЭКО, 2006. - Б. 416 [6]
- 7 Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. – Алматы: КАЗАҚПАРАТ, 2002. – 334 б. [7]

#### КУЛЬТУРНАЯ ИДЕНТИФИКАЦИЯ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ И ИННОВАЦИЙ

МУХАМБЕТОВА А. М.  
ученица 10 «З» класса, школа-лицей BINOMSCHOOL имени К. И. Сатпаева  
города Астана, г. Астана  
БАЙГЕНЖИНОВА К. А.  
учитель истории Казахстана, школа-лицей BINOMSCHOOL имени К. И.  
Сатпаева города Астана, г. Астана

*Актуальность: в статье мы рассматриваем процесс развития культурной идентичности во время обретения независимости Республики Казахстан, также один из важных приоритетов государственной политики как прогресс уникальности и самобытности казахской этнической идентичности.*

*Цель: изучить достижения Республики Казахстан в развитии культурно-традиционной идентификации казахов других этносов.*

*Ключевые слова: культурная, идентичность, этническая идентичность, культура, преемственность, уникальность, независимость, этносы, многонациональная страна.*

На сегодняшний день, Республика Казахстан считается независимым и суверенным государством, которое смогло развить многонациональность и значимость различных культур в стране. В 1991 году 16 декабря Республика Казахстан объявила о своей независимости, в ходе которого начались заметные изменения в культурной сфере страны.

Известно, что на первом месте в государственной политике стояло возрождение и распространение традиционной казахской культуры в социуме. Нельзя отрицать, что после колониальной и жесткой политики, развитие духовно-культурной общности этносов уменьшилось в разы, тем самым это содействует укреплению связей между странами и представителями других государств.

Разумеется, что несмотря на многие межнациональные катастрофы, которые пережил казахский народ такие добродетели как: гостеприимство, доброта и уважение к другим нациям не исчезли и остались в их крови. Разобравшись в истории нашей страны, можно увидеть, насколько удивительно казахи старались сохранить собственную этническую идентичность.

Тем самым, Казахстан является примером для многих других держав, особенно из-за умения держать огромное количество наций, проживающих на одной территории в мирных и дружелюбных отношениях, без дискриминаций по этническому признаку. Также период с 1991–2000-е гг. является возрождением этнической и многообразной культуры этносов.

Именно поэтому, по указу первого президента РК Н. Ә. Назарбаева была основана Ассамблея народа Казахстана 1 марта 1995 году, главной задачей которой – является реализация межэтнических отношений, общенационального единства и формирование

патриотизма у казахстанцев. Начиная с 2016 года этот день считается праздником «День благодарности».

АНК имеет несколько поставленных целей и задач такие как: Равноправие абсолютно каждого гражданина РК несмотря на расовую принадлежность вероисповедание язык национальность или принадлежность к разнообразным социальным группам.

Рост межнациональных отношений между различными государствами за счёт участия в международных организациях и проектах.

Развитие идеологии единства народов и наций сплоченности между другими этносами и сохранения мирных межнациональных отношений.

Разработка идей для дальнейшей государственной политики, способствующая развитию мирной и дружелюбной общности между представителями разных этносов независимо от их происхождения выбора религии языка и т.д.

Создание политической национальной культуры граждан РК базирующийся на совокупности цивилизационных и демократических норм моралей.

За все время существования АНК – стал одним из самых главных совещательных и межкультурных органов, принимающее активное участие в развитии нашего государства. Говоря о результатах, важно отметить, что было создано свыше 840 этнокультурных объединений и около 22 домов дружбы по стране (1).

Так или иначе, культурное наследие и идентичность имеет огромную значимость и уникальность для любого народа, так как оно формируется веками, нашими предками и обязательно требует проявлять неимоверный труд, для защиты и сохранения духовно-материальных ценностей. В наше время – время технологий и новейших инноваций, должны проводиться множество мировых процессов по спасению культурной идентификации.

Поэтому, была создана программа под названием «Культурное наследие» («Мәдени мұра») – которая была разработана по указу первого президента в 2004 году. Реализация столь масштабного государственного проекта, в дальнейшем повлиял на общее развитие в стране.

Главной целью данной программы – является изучение этнической и традиционной культуры казахов и возрождение культурного наследия Казахстана как: литературные источники,



этнография, живопись, старинные книги, музыка, письменность, языкознание и исторические древние памятники.

Программа проходит поэтапно в 2004–2006–2007–2009 и 2009–2011 гг. Существует несколько направлений как:

Исследовательские и археологические работы в области истории по воссозданию важных культурно этнических объектов в стране.

Большой рост в улучшении национальной идентичности и принятии культурного наследия.

Привлечение внимания к общенациональным объектам, с помощью глобализации и новейшим технологиям.

Начиная с 2004 г. – по настоящее время было проведено свыше 40 археологических и 26 научно-исследовательских работ, а также реставрировали около 75 археологических памятников. На данный, для комплекса мер по сохранению и внедрению этнического наследия, государство предоставляет финансовый бюджет около 5 млрд тенге, что показывает вовлеченность правительства в развитии национального самосознания граждан РК.

Благодаря реставрации культурного наследия, было найдено больше 25 тысяч многозначительных памятников и около миллиона этнических литературных письменностей. В них входят такие известные объекты как: мавзолей Ходжа Ахмеда Яссауи, древний городок Отырар, курганы Шілікті и Берель, также украшения в зверином стиле, которые позже были внесены в список всемирного наследия ЮНЕСКО (2).

Древний мавзолей Ходжа Ахмеда Яссауи - считается одним из самых качественно сохранных сооружений в средневековье. Сам мавзолей был построен в Туркестане с 1385–1405 гг. Однако, после победы Тамерлана в битве с правителем Золотой Орды, он дает указ о построении мемориального комплекса в честь легендарного тюркского мыслителя и поэта, где позже сам принимал участие в строительстве. Само сооружение несет в себе черты гостеприимства тюркских народов и общего единства. На данный момент, мавзолей считается главной и уникальной достопримечательностью Туркестана (3).

Помимо памятников, были реставрированы исторические жанры песен и множество литературных записей. Однозначно, устная духовная культура казахов была намного глубже, в ней отражался воспитательный потенциал, а проявлялся во время коммуникации

между разными поколениями, чтобы найти общий язык через музыкальные произведения (күй или жырау).

Была создана антология казахской традиционной музыкальной культуры «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні». В данном труде содержится сбор по реставрации, сохранению, воссозданию и выпуску CD-дисков, множеств великолепных произведений и этюдов на казахском языке.

Нельзя не отметить, что были открыты множество музыкальных театров, такие как: драматический театр им. Қ. Қуанышбаева, русский драматический театр им. М. Горького, Астана Опера и т.д. Было поставлено больше 150 праздничных фестивалей в честь юбилеев великих и уважаемых личностей как: Құрманғазы Сағырбайұлы, члены Алаш Орды: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Абай Құнанбайұлы, которые внесли огромный вклад не только в казахскую литературу, но и в общем богатую культуру нашей страны.

Впервые, благодаря программе «Культурное наследие», провели исследование в казахской литературной сфере, а после начался выпуск книг и огромное количество великих произведений. Проведены работы по реставрации научно-литературных источников и около 440 наименований книг по археологии, истории Казахстана и этнографии, 66 томов издания «Балалар сөзі», 10 томов энциклопедии истории Казахстана, на трех языках казахский, русский, английский и открыли около 3500 государственных библиотек по всему государству.

Подводя итоги, можно сделать вывод, что государство усердно вовлечено в развитие культурного наследия и в расширении знаний, о национальных традициях и этнической культурной идентичности. Для выполнения данных задач, было проведено огромное количество различных традиционных программ, проектов по реставрации и воссозданию культурного наследия. Таким образом, новое поколение сможет изучить разнообразные культурные источники, а также провести другие исследовательские работы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Википедия: «Ассамблея народа Казахстана», [Электронный ресурс]. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Ассамблея\\_народа\\_Казахстана](https://ru.wikipedia.org/wiki/Ассамблея_народа_Казахстана)



2 Презентация: «Значение культуры как духовной составляющей независимости Республики Казахстан», Курьякова С. И. [Электронный ресурс]. – URL: [https://infourok.ru/znachenie\\_kultury\\_kak\\_duhovnoy\\_sostavlyayushey\\_nezavisimosti\\_respubliki\\_kazahstan-124841.htm](https://infourok.ru/znachenie_kultury_kak_duhovnoy_sostavlyayushey_nezavisimosti_respubliki_kazahstan-124841.htm)

3 Статья: «Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави: легенды и факты» W 16:35 21.02.2023 [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.sputnik.kz/20230221/mavzoley-khodzhi-akhmeta-yasavi-legendy-i-fakty-32302311.html>

### **КӨРУ ЖАДЫСЫН ДАМУДАҒЫ «АЛТЫН АСЫҚ» ОЙНЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

НУРМУХАНОВ Е. А.

оқушы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ДОСМАГАМБЕТОВА А. О.

филология магистрі, қазақ тілі мұғалімі, химия-биологиялық бағыттағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Адамзат өзінжануарлар әлемінен әлдеқашан жоғары ұстаған, себебі адамзаттың ойлау қабілеті анағұрлым жоғары. Оның бойында ерекше қасиеттер бар. Олар: ақыл, ой, сана, сөйлей алу және жадының жоғары деңгейде болуы. Міне осы қасиеттердің арқасында адамзат жоғары зиятқа ие. Ал бұл қасиеттерді үздіксіз дамыту керектігі бәрімізге мәлім. Адам өмір бойы білім алады, ал білім алуда жадының алар орны ерекше. Себебі онсыз алған ақпарат ұзақ сақталмайды. Ал жады ішіндегі ең күрделі түрлерінің бірі И. П. Павлов айтқандай, ол – көру жадысы [1, с. 75]. Ол әсіресе оқыту процесінде өте маңызды.

Адамдардың көру жадысын дамыту үшін ғалымдар түрлі әдіс-тәсілдер, ойындар, тестілер ойлап тапқан. Солардың бірі немістің белгілі психиатры Вальтер Шульте. Ол оны өз атымен орайластырып «Шульте кестесі» деп атады [2, с. 236]. Бұл кестеде ол әртүрлі сандарды торларға орналастыру арқылы бес минут ішінде оларды есте сақтап, сол қалпында айтып беру керектігін атап өтті. Біздің ғылыми жұмыстың ерекшелігі – ол, біріншіден, біз оны әдіс ретінде емес, ойын ретінде алып отырмыз, дегенмен психологтер де біздің ойымызды әдіс ретінде де қарастыра алады. Екіншіден, кестелеріміздің құрылысы әртүрлі. Үшіншіден, бізде сандар емес, ұлттық нақышымыз – асықтар және төртіншіден,

ойлап тапқан ойымыз бірнеше деңгейден тұрады. Оларды жеңілден күрделіге қарай бағыттауға болады. Сонымен қатар суретші И.К. Айвазовский өз заманында ерекше көру жадысының иесі болған. Ол өзінің әдісін ең алдымен өзіне өткізіп, содан кейін бүкіл әлемге танытады. Оның әдісі бойынша айналадағы табиға құбылыстарға бес минут қарап, одан кейін көзінді жауып, көрген суретті елестету тиіс дейді. Көзіндіашқаннан кейін елестеткен суреттің қаншалықты толық болғанына баға беруге болады. Бақылауға алғашқыда бес минут берілсе, кейіннен бұл уақытты біртіндеп азайтуға болады. Бұл әдісті ол да өз есімімен байланыстырып «Айвазовский әдісі» деп атады [3, с. 45].

Біз болсақ, бұл жұмыста асықтарды негізге алып отырмыз. Асық ойындары халқымыздың көнеден келе жатқан ұлттық ойындарымыздың бірі. Егерде барлық асық ойындары адамдарды ептілікке, мергендікке, үйрететін болса, бұл ойында асық көру объектісіне айналып отыр. Яғни бұл тұста асықтың иіруіне қарай төрт түрі қарастырылады: алшы, бүге, шіге және тәйке. Бұл төрт түрі арқылы адамның көру жадысын дамытуға болады.

Қазіргі уақытта адамдардың басым көпшілігі көрген, оқыған ақпаратты терең түсінбей, бір шолып өтуге бейімделіп қалды. Әсіресе кітап оқуда немесе ғаламтордан ақпараттарды, жаңалықтарды оқығанда, сөздің түпкі мағынасын түсінбей, жеңіл желпі шолып өтеді. Ал бұл ақпаратты сапалы қабылдауына әсер етеді. Ғалымдар көру жадысын бала кезден бастап дамыту керектігін атап өтеді. Себебі кішкентай балалар айналадағы заттарға, құбылыстарға, адамдардың бейнесін сақтауда қабылдағыш болып келеді. Сондықтан баланың жадысын неғұрлым ерте дамытсақ, соғұрлым оның зейіні, есте сақтау қабілеті арта түседі. Сол себепті балалардың назарын шоғырландыру үшін тәрбиешілер, психологтар, мұғалімдер түрлі әдістерді пайдаланады. Оның ішінде ең танымал түрі – ол суретке қарау арқылы есте сақтау. Ал бала өскен сайын бұл әдістерді түрлендіріп отыруға болады.

Сонымен зерттеу барысында 8 «А» сыныпта оқитын 20 баланы бір ай бойы бақылағанды жөн көрдім. Ойынды біз сабақтан тыс уақытта, аптасына үш рет өткіздік. Көбінесе ол сабақтан кейін өткізілді. Зерттеу жұмысымызды бастамас бұрын мен алдын-ала құрастырған жоспарға сүйендім. Бұл жоспар менің әр қадамды жүйелі орындауыма септігін тигізді. Одан кейін ойын кестесі мен ойын тақтасы таныстырылды. Ойын тақтасы тігінненекі торкөзден және көлденеңінен 8 торкөзден құралған. Барлығы 16 торкөз.

Олардың әрқайсысы үстінен астына қарай нөмірленген. Ең төменгі жағында ойын деңгейлері көрсетілген. Олар оқушылардың қандай деңгейге өткенін көрсетіп отырады. Ойын кестесі (карточкалар) ойын тақтасына ұқсас, алайда онда асықтардың орналасу реті көрсетіледі. Ол біздің көру материалымыз. Ондағы асықтарға қарап, біз оны ойын тақтасына көшіреміз. Ойынның ең басты нышаны, ол асықтар екенімізді атап өткеніміз жөн. Осыған дейін көру жадысын дамыту үшін асықтарды өз әдістерінде, ойындарында ешкім қарастырып көрмеген. Неліктен асықтар бұл ойында тиімді? Себебі асықтың төрт жағы бар. Олар бір-біріне ұқсамайды. Оларды ауыстырып отыру арқылы ойынның кезеңдерін ұзартуға болады.

Келесі қадам ол ойын шартымен таныстыру. Ойынды ойнау үшін 16 асық, арнайы жасалған кесте (ойын тақтасы) және асықтардың орналасу тәртібін көрсететін кестелер (карточкалар) керек. Ойынға екі бала қатысады. Бірі – бақылаушы, екіншісі – ойыншы болады. Бақылаушы ойыншығаең алдымен ойын ережесімен таныстырады. Одан кейін ойыншыға ойын ережесі таныстырылып, 1-деңгей кестесін көрсетеді (бірінші деңгейде алғашқы төрт торкөзге 4 асық қойылады.

Кестедегі асықтардың қалыптарын есінде сақтау үшін 10 секунд уақыт берілетіні ескертіледі. Ойыншының мақсаты белгіленген уақытта кестеде орналасқан асықтарға мүкият қарап, оны есінде сақтау. Одан кейін бақылаушы асықтардың орналасу тәртібін көрсететін кестені (карточка) жауып тастайды. Ал ойыншының алдында тағы бір дәл сондай кесте (ойын тақтасы) жатады. Ойыншы өзінің алдында жатқан ойын тақтасына көрген кестедегі асықтарды дәлме-дәл солай етіп орналастырады. 10 секундтан кейін ойыншы алдында жатқан асықтарды ойын тақтасына қоя бастайды. Бұл жерде асықтарды кестеге орналастыруда уақытты шектемеу керек, себебі ойыншы өз жауабына сенімді болу керек. Әбден өз жауабын дұрыс деп шешкен жағдайда ғана ойынның бірінші деңгейі аяқталады. Одан кейін ойыншының жұмысы бағаланады. Бақылаушы ойынның басында көрсеткен 1-деңгей кестесін тағы да көрсетіп, ойыншы ойын тақтасындағы асықтардың орналасу ретін тексереді. Егер де төрт асықтың төртеуі де дұрыс орналасса, ойынша екінші деңгейге көшеді. Ал бір немесе бірнеше қате жіберетін болса, ойын тоқтатылады. Екінші деңгейге өткен кезде асықтар қайта қойылады. Яғни бірінші деңгейдің асықтары алынып, 2-деңгей кестесіне сай 6 асықты қайта, жана қалыпқақояды.

Бұл кезеңде балаларға 15 секунд уақыт беріледі. Олар бұл уақыт аралығынды асықтардың кестедегі орналасу түрі мен ретін бақылап отыру керек. Уақыт өткесін 2-деңгей кестесі жабылып, оқушы өз тақтасына алты асықты орналастырады. Асықтарды өз кестесіне орналастыруда уақыт шексіз. Міне осылай әр деңгейге екі асықтан қосылып отырады. Ойында бар жоғы 7 деңгей. Жеті деңгей деп алып отырғаным, біріншіден, ол халқымыздың наным-сенімі бойынша жеті саны қасиетті сан болғандықтан, екіншіден мектеп жасындағы балалар үшін жеті деңгейді өту ол қолжетімді. Келесі (3,4,5,6,7) деңгейлерде екі асықтан қосылып отырады. Ескерту: әр деңгейге өткен сайын барлық асықтардың орналасу түрі өзгеріп отырады.

Оқушыларға ойын шарты түсіндіріліп болғасын, асықтардың иіруіне қарай бірнеше жағдайда болатыны айтылады. Олар: алшы, бүге, шіге және тәйке. Алғаш рет ойналып отырғандықтан оқушылар тарапынан көп сұрақтар қойылды. Мысалы: ойынды ойнатқан кезде қанша уақыт беріледі? Қосымша уақыт беріле ме? Неше минуттың ішінде асықтарды қойып шығу керек? деген сияқты. Ойынның шартын құрған кезде, асықтарға қарау уақытын өзім шамалап қойдым. Бұл менің үлкен қателігім болды. Бастапқыда уақытты төмендегідей үлестірдім:

1-деңгей: Ойыншы 4 асықты 1-4 торкөзге үлгі бойынша орналастыру керек.

Ол 10 секунд ішінде асықтардың тақтадағы орналасу түрін есіне сақтап, өз тақтасына дәлме дәл солай орналастыруы тиіс.

2-деңгей: 6 асықты 1-6 торкөзге үлгідегідей орналастыру. Уақыты: 15 секунд

3-деңгей: 8 асықты 1-8 торкөзге үлгідегідей орналастыру. Уақыты: 20 секунд

4-деңгей: 10 асықты 1-10 торкөзге 25 секундта үлгідегідей орналастыру.

5-деңгей: 12 асықты 1-12 торкөзге 35 секундта үлгідегідей орналастыру.

6-деңгей: 14 асықты 1-14 торкөзге 45 секундта үлгідегідей орналастыру.

7-деңгей: 16 асықты 1-16 торкөзге 1 минутта үлгідегідей орналастыру.

Сонымен алғашқы ойын ойналғаннан кейін нәтиже мынадай болды: бірінші деңгейді (тақтаға 4 асықты кестедегідей орналастыру) алты оқушы орындай алмады, қалған оқушылар бұл тапсырманы дұрыс орындады ( 65% құрады). Бір қызығы кейбір оқушылар

бірінші деңгейді өте алмаса да, екінші деңгей тапсырмасын орындай алды, дегенмен келесі деңгейлерден қателер жіберіп отырды. Ал, жалпы алғанда, асықтар көбейген сайын оқушылар үшін тапсырмалар қиындай түсті. Екінші деңгейде көрсеткішіміз бірден 40 пайызға төмендеп қалды, себебі оқушылар төрт емес, енді 6 асықты кестедегідей өз тақталарына орналастыру керек еді. Үшінші деңгейде жиырма оқушының біреуіне төрт деңгейді айна қатерсіз дұрыс орындаған. Ол 10 асықты үлгі бойынша еш қатерсіз дұрыс қойып шықты, алайда келесі деңгейде бұл бала бір асықтан қате жіберіп, тапсырманы толық орындамады. Сонымен ойынды 100% дұрыс орындаған бала болмады.

Зерттеудің алғашқы кезеңінен кейін оқушылардың нәтижесі ортадан төмен деңгейде болғандықтан, бұрыннан ойлап тапқан бұл ойынның тиімділігін тексергім келді. Алғашқы ойыннан кейін оқушылардан кері байланыс алынды.

Оның нәтижесі бойынша оқушылар мынандай пікірлер мен ұсыныстар білдірді:

- Ойын қызықты, алайда қиын;
- Асықтарды бақылау уақыты тым аз;
- Ойынды дұрыс орындау үшін тактика ойлап табу.

Жалпы бірінші ойыннан байқағаным, бір оқушы өз тактикасын ойлап тапты. Ол оның уақытын бірнеше секундтың үнемдейді екен. Бұл бала үлестіріп берген асықтарды төрт түрге топтастырып дайындап қойды: 5 асықты бүк, 5 асықты шік, 3 асықты тәйке, 3 асықты алшы етіп әзірлеп қойды.

Ол асықтарды тақтаға орналастырарда айналдырып отырмай бірден қоя салатынын атап өтті. Сонымен қатар бір оқушы асықтардың атауына қарай есте ұзақ сақтауға болатынын айтып кетті: Мысалы, бүк жатқан асықты «Б», шікті «Ш», тәйкені «Т», алшыны «А» деп, асық түрлерін әріптерге ауыстыру арқылы тез есте сақтауға болатын айтты. Шынымен де балалардың осындай тапқырлығына таң қалдым. Дегенмен көру жадысын дамыту үшін үзбей бұл ойынды ойнату керектігін түсіндім. Сондықтан аптада кездесетін күндер санын, асықтарға қарау уақытын ұзарту керектігін түсіндім.

Мүмкін балалардың төмен нәтиже көрсетуі уақыттың аздығынан болар деген ой туды, себебі тапсырманы орындау барысында оқушылар назарын толық бөле алмай, көз жүгіртіп қана қойды. Оқушылар үшін мен белгілеген уақыт тым аз болып шықты. Әсіресе екінші деңгейден бастап кестеге (карточкаға) қарау уақытын

ұзарту керектігін түсіндім. Одан кейін мен ғалымдардың суреттерге қарау уақытын түрлі дереккөздерден, әдебиеттерден қарастырдым. Олардың топшылау бойынша адамның жасы неғұрлым көп болса, соғұрлым суреттерге қарау уақыты қысқа болуы керек. Мысалы, орта буында оқитын оқушы мен ересек адамға берілетін уақыт бірдей болмау керек. Себебі олардың ойлау, қабылдау деңгейі әр түрлі. Олар мектеп жасындағы балаларға келесі уақытты бөліп отыр. Мысалы З.М. Истомина 4 суретті бақылау үшін 10 секунд жеткілікті дейді. Алты суретке 25 секунд бөлсе, А.Н. Леонтьев 30 секунд бөлген жөн дейді. Сегіз суретке В.С. Мухина 1 минут, он суретке 2 минут, он екі суретке 3 минут, он төрт суретке 4 минут, ал 16 суретке 5 минуттай уақыт керек дейді [4, с.238]. Осы зерттеулерге сүйене отырып, мен уақытты белгілеуде келесі өзгерістерді енгіздім: бірінші деңгей өзгеріссіз 10 секунд, екінші деңгейде А.Н. Леонтьеваның бөлген 30 секунд уақытына тоқталдым, себебі 40 секундты оқушыларға бөлген кезде олар үшін тым көп болды. Уақыт көп болған сайын оқушылардың зейіні шашыраңқы болатынын байқадым. Олар ұзақ бақылай алмай, назарларын айналадағы заттарға ауытыра бастайды. Үшінші деңгейде 20 секундтан 1 минутқа. Төртінші деңгейде 25 секундтан 2 минутқа. Бесінші деңгейде 35 секундтан 3 минутқа, алтыншы деңгейде 45 секундтан 4 минутқа, ал жетінші деңгейде 1 минуттан 5 минутке ұзарту керектігін түсіндім. Ал асықтарды кестеге (ойын тақтасын) орналастыруда уақыт шектемеу керектігін түсіндім.

Сөйтіп алғашқы ойыннан үлкен сабақ алып, өз жұмыс жоспарыма біраз өзгерістер енгіздім.

Жұмыстың нәтижесін білу үшін қорытынды ойын өткізілді. Оның мақсаты: «Алтын асық» ойынының оқушылардың көру жадысына тиімділігін анықтау. Бұл кезеңнің міндеттері:

Қорытынды ойынды өткізу арқылы тиімділігін бақылау;

Бірінші және соңғы ойын бойынша салыстыру жұмысын жүргізу;

Өткізген жұмыстың нәтижесі бойынша қорытынды шығару.

Ойынның қорытындысы бойынша нәтиже бір айдың ішінде өзгерді деп айта аламыз. Байқап отырғанымыздай бастапқы мен қорытынды ойынның нәтижелері бірдей емес. Оқушылар тарапынан оң өзгерістер болғанын байқап отырмыз. Мысалы алғашқы ойында бірінші деңгейді дұрыс орындаған 65% оқушы болса, екінші деңгейде бұл көрсеткіш 30 пайызға өсіп 95% көрсетті. Екінші деңгей бойынша қырықтан 60% жоғарлады. Үшінші деңгейде он

бес пайыздан 25 % өсті. Төртінші деңгейді алғашқыда бір ғана оқушы дұрыс орындаса, соңғы ойында үш оқушы дұрыс орындап 15 % құрады. Бесінші деңгейді алатын болсақ, бастапқыда бұл тапсырманы ешкім орындай алмады, алайда бір ай жаттығудың нәтижесінде бір оқушы бұл деңгейге жетіп, 5 пайызды көрсетті. Егер біз он үшінші ойыншының нәтижесін қарастыратын болсақ, ол балада өте жақсы нәтижені көре аламыз.

Бұл ойынды бастауыш сынып оқушылары үшін де өткізуге болады, бірақ жеңілдетілген нұсқасын. Мысалы 7 деңгей емес (16 асық), екі (6 асық), үш деңгей (8 асық) көлемінде өткізе аламыз. Балалардың көру жадысы дамыған сайын асықтардың санын арттыру керек. Немесе ересек адамдар үшін де жеті деңгей емес, 8,9,10 деңгейлерге де жеткізуге болады. Жалпы бұл ойында асықтардың санына шектеу жоқ, ең бастысы ол нәтижегі бағытталу керек. Үнемі бір деңгейде де ойнап отыруға болмайды, асық көбейген сайын адамның зейіні, назары арта көру жадысы арта түседі. Әрине ол ойыншының күнделікті өміріне, өмір сүру салтына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Жалпы бұл ойында, біздің есептеуіміз бойынша, бірінші деңгейде асықтың 16 қалпы (положение) бар. Асықтарды бұл деңгейде 16 тәсілмен алмастырып қоюға болады екен. Екінші деңгейде 24, үшінші деңгейде 32, төртінші деңгейде 40, бесінші деңгейде, 48, алтыншы деңгейде 56, жалпы жеті деңгей бойынша асықтарды 64 тәсілмен ауыстырып қоюға болатынын есептеп шығардым.

Сонымен нәтижесі бұл ойын «Алтын асық» деп аталды деген сұрақтар оқушылар тарапынан жиі қойылып жатты. Біріншіден, 16 торкөздің барлығына асықтарды еш қатесіз орналастырған оқушы «Алтын асық» иесі атанады.

Зерттеу нәтижесі оқушылардың көру жадысын дамыту өзекті болып отырғанын аңғартады. Ал оны дамыту үшін күнделікті, жүйелі түрде танымдық процестерін дамытатын түрлі ойындарды көбейткен жөн, себебі күн сайын оқушылардың психологиясыны кері әсер ететін ойындар да көбейіп жатыр. Міне осыны болдырмау үшін, денсаулыққа, ақыл-ойына пайдалы ойындарды арттырғанымыз жөн. Оның бірі - «Алтын асық» ойыны. Бұл ойын оқушыны:

– Шыдамдылыққа, төзімділікке, табандылыққа, мақсат қоя білуге;

–Ұсақ моториканы дамытуға;

– Қысқа мерзімде көру арқылы есте сақтауға;

– Жүйелілікке, жинақылыққа үйретеді;

– Ұлттық құндылығымызды дәріптеуге;

Белсенділікке, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелейді.

Тәжірибе көрсеткендей, ол жоғарыда аталған қасиеттерді қамтып қана қоймай, адамның ой-санасына, жылдам ойлауға, тез шешім қабылдауға және көру жадысының дамуына оң әсерін тигізеді. Оны біз салыстырмалы диагностика, оқушыларға өткізген сауалнама нәтижелері арқылы да байқадық. Мысалы тест нәтижесі бойынша жоғары деңгей бойынша 25 %, орта деңгей бойынша 95 % артқанын көрдік, ал соңғы тест нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар болмағанын көре аламыз. Сонымен қатар сауалнама нәтижелері бойынша балалар, олардың есте сақтау қабілеті артып, оқыған материалдарын, оқылым мәтіндерін тез қабылдайтын болғанын мойындап отыр. Алайда жұмысты тоқтатпай, әлі де жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырысу керек. Себебі көру жадысын неғұрлым көп жаттықтырған сайын, соғұрлым нәтижесі айқын болмақ. Алайда ұзақ уақыт үзіліс жасаған жағдайда ол бұрынғы қалпына, қайта оралады, тіпті нашарлап кетуі де мүмкін. Оны мен әдебиеттерден теориялық білімімді толықтырған кезде түсіндім. Бұл кезеңде көру жадысына кеңінен тоқталуға мүмкіндік туды. Адамның жадысы – күрделі психологиялық процесс. Оның негізінде басқа да танымдық процестер (қабылдау, ойлау, сөйлеу, сезу, көру арқылы есте сақтау) жатыр. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан біреуін ерте жастан бастап дамытсақ, қалғандары да тізбектеліп дамиды.

Алға қойған мақсатым ол ойлап тапқан «Алтын асық» ойынын ғаламтор желісіне қосу арқылы онлайн ойнату және телефон қосымшасы ретінде құру.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алябьев Е. А. «Как развить память у ребенка», М.: ТЦ Сфера, 2015 ж. – 75 б.

2 Бортникова Е. А. «Развиваем память, внимание, воображение», М.: Литер, 2016 ж. – 236 б.

3 Матюгин И. Ю. «Методы развития памяти, образного мышления, воображения», Москва «Эйдос», 1996ж. – 45 б

4 Черемошкина Л.В. «Развитие памяти детей», Ярославль «Академия развития», 1996. – 238 б.

## КАЗАХСКИЕ ПРАЗДНИКИ И ИХ ОСОБЕННОСТИ

САПАШЕВ А. А.  
СОШ № 10, г. Экибастуз  
ЖАБАЕВА С. М.  
Руководитель, СОШ № 10, г. Экибастуз

До наших дней казахский народ донес свою древнюю культуру, традиций. Из поколения в поколение передавали своим потомкам накопленный опыт. Традиция является одним сигнализатором социального положения. Постоянная связь с прошлым, потребность переварить то, что сформировалось исторически, в виде совместности культурного и национального наследия.

Одним из регуляторов школьников отличала каждый год празднования праздника

«Наурызмейрамы» в стенах школы. Официально праздник был возрожден Указом Президента Казахской ССР от 15 марта 1991 года «О народном празднике весны – «Наурызмейрамы», в соответствии с которым 22 марта был объявлен государственным, а с 2009 года отмечается три дня. В феврале 2010 года 64 – я сессия Генеральной Ассамблеи ООН объявила 21 марта Международным днем Наурыза. Это указывает, что исторические факты в Казахстане имели важные влияния на то, современные казахи во всем мире отмечают «Наурызмейрамы». В связи с этим праздник трансформировалась в современную жизнь. Суть этого праздника – в единстве человека с природой. На Востоке Наурыз – начало нового года. В переводе с персидского «ноу» - означает «новый». «руз» - «день». В ночь с 21 на 22 марта весеннее равноденствия и длится 40 дней. Древний и любимый праздник обновления жизни, Наурыз отмечается ныне по всей республике широко и весело. Ұлыстың ұлы күні халқымыз дастарқан жайып, бірін-бірі күшактап, құттықтайды.

Армысыздар, ағайын!  
Бармысындар, халайық!  
Наурыз тойын жүп жазбай,  
Қошеметтеп қарсы алайық!  
Досқа құшак ашайық,  
Өлең жырға басайық.  
Қазақтың бір салты деп  
Тойғашашушашайық!

В день весеннего равноденствия все родные, близкие друзья собираются за дастарханом. На стол ставят разнообразные

угощения, но неизменным остается одно – главное праздничное весеннее блюдо – Наурыз кәже.

Наурыз кәже состоит из 7 компонентов:

Вода, соль, пшеничная мука или лапша, молоко (кефир, айран), курт (кисло-молочный продукт), злаки (пшеничная, ячневая или перловая крупы), мясо конины и қазы (қолбаса из конины). Каждый ингредиент имеет свое значение. Самый первый ингредиент – вода – является символом ручья или реки. Река имеет свое течение, она бурлит – эти действия происходят в жизни, то есть река наподобие жизни. Для подрастающего поколения своего рода пожелания, чтоб они жизнь прожили не напрасно, а пропитывалась увлекательными периодами. Второй компонент – соль. Если в приготовленную еду не добавить эту приправу она будет пресной безвкусной. Впоследствии у блюда появляется вкус. Пшеничная мука – это ингредиент, из которого можно приготовить тесто. Молочная продукция символизирует мирную и чистую жизнь. Курт быстро усваивается и восстанавливает микрофлору кишечника за счет содержания полезных бактерий. Крупы полезны для человека, а многие из них обладают целительными свойствами. Мясо символ благополучия и фортуны.

Есть легенда про Наурыз кәже, если человек приготовит питательный суп, фортуна в течение года будет на вашей стороне.



Рисунок 1

Сила традиций заложена в сознании людей и не дает им поступать по-другому, в современный период значительно возрос интерес к празднику, более 130 этнических диаспор разных народов, являющихся составной частью национальной истории на основе формирования казахстанской гражданской идентификации вместе всегда и во всем.

Подобное понимание народа Казахстана как качественно новой формы самоидентификации коренным образом отличается от прежнего строя.

Одной из древних понятий в традиционной казахской культуре, и сегодня «Бата беру» используется только как благодарность и пожелание. Однако благодарить и желать может кто угодно, а в прошлом благословение давали только старцы. Щедрый гостеприимный казахский народ сделал традицией благославлять за столом.

Ұлыстың ұлы күні. 9 «А» класс. Грамота за 1- место.



Рисунок 2



Рисунок 3



Первый день весны казахстанцы встречают со словом «спасибо». По инициативе Первого президента с 2016 года 1 марта был объявлен Днем благодарности.

День благодарности –это оказание почета и уважения всех жителей Казахстана друг другу.

В День благодарности в нашем классе в этом году проводили мероприятие с приглашением мекената г. Экибастуза Каргаш Гибадатовну, которая во время Чрезвычайного положения, когда источники тепловой энергии в централизованных системах теплоснабжения остановилось из-за аварий на ТЭЦ. Каргаш Гибадатовна не осталась в стороне, с подругами пеклабаурсаки и носила горячи чай в термосах для сварщиков и слесарей, которые приехали со всего региона нашей страны.

Каргаш Гибадатовна Кукумбаевна классном часе 1-наурыз «Алғыс айту күні».



Рисунок 4





Рисунок 5

Мы пригласили Каргаш Гибадатовну на классный час, где с одноклассниками на гитаре спели песню и прочитали стихи и таким образом мы поблагодарили нашего мецената.

Мероприятия проводимые в классе прививают в школьниках представление о мире

и о его устройстве, о предпочтительных формах и правилах проведения.

Смыслом традиций является перенятие младшим поколением правил и в передаче ценностей. Вместе с тем складывается чувство бесконечности жизни, значимости знаний.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлижан Тауұлы : Қазақ салт – дәстүрлері. Алматы : «Балауса баспасы», 2017.

2 С. Е. Әжіғали тарихи ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. 1 –том. Арыс Алматы 2005.

3 С Қалиев, М. Оразаев .М. Смайылова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері

4 (Орта мектептің VIII –IX кластарына арналған құрал ) Алматы. «Рауан » 1994

5 Серік Ерғали НАУ мен ЫРЫС – Алматы : « Қазығұрт» баспасы.2011. – 184 бет.

## ҚАМШЫНЫҢ ҚАСИЕТІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІК МАҒЫНАСЫ

УӘЛИХАН М.

оқушы, № 27 жалпы білім беру мектебі, Павлодар қ.

УӘЛИЕВА Ж. К.

ғылыми жетекші, бастауыш сынып мұғалімі, №27 мектебі, Павлодар қ.

Қамшы - көнеден келе жатқан ер жабдықтарының бірі. Қамшы-атты айдап жүргізетін құрал. Қамшының өрімі сабынан ұзын болады. Қамшыны сонымен қатар қару ретінде қолданған. Қамшы-қазақтың ғасырлар бойы ұстаған көне жәдігерлерінің бірі. Қолына қамшы ұстаған қазақ айбарлы, сәнді көрінген. Жылқыны қолға үйреткенде атты жүргізу үшін және алдындағы малды айдау үшін бір құрал қажет болған. Алғашында атқа мінген адам қамшының орнына әртүрлі шыбық, ағаш қолданған. Қамшы - бірнеше таспа қайыстармен өрілген, сабы тобылғыдан, аңдардың тұяғы мен мүйіздерінен жасалған құрал. Қамшылардың ең қолайлысы 12 өрімдігі. 6 өрім қарапайым түріне жатады. Елік сирағынан жасалған қамшы сәндікке жарайды. Қамшыны малдың шикі терісінен жасаған, өрменің санына байланысты қамшылар үш таспа өрім, төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі, жиырма төрт, қырық сегіз таспа өрім болып бөлінген [1]. Қамшы ұстаған адамының күш-қуаты артқан. Қамшы - жамандықтан, тіл- көзден сақтап жүретін, серілікті танытатын киелі сый. Қамшы әр қазақтың шаңырағының төрінде ілулі тұрған. Ал, құрметті адамдардың киесі мен қуаты қамшыға ауысып отырады. «Қамшы мен емші-киелі күдірет» деп халық ырымдаған. Сонымен, ел алдында жүрген жақсы адамдардың қамшысын ырымдап отырған.

Қамшы сөзінің шығу тегіне байланысты бірнеше нұсқалар бар. «Қамшы» сөзіндегі «қам» түбірі бірнеше ұғымға ие: қам – шикі, шылғи, шала, қам-қарекет, айла, тәсіл, амал, қайғы, қамығу, қамдану, даярлану; қам- қамба, қамау, қамту деген мағынада; қам-терісі күнды аңдар:қама, қамар, қамшат; қам-қымбат маталар «қамқа» деген мағынаны білдіреді [2].

Қазіргі таңда қамшы өруді жас ұрпаққа үйретіп отырсақ, дәстүріміз өз жалғастығын табар еді. Қамшы - атқа мінген адам ұстайтын құрал. Қамшыны бірнеше таспа қайыстармен көмкеріп өреді. Қамшының сабын тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғынан немесе мүйіздерінен жасаған. Қамшы 3 негізгі бөліктен тұрады: өрімі және сабы, бүлдіргісі. Қамшы сабын әсемдеген. Оны тұтам деп атайды. Тұтамға өткізілген қайыс таспа- бүлдіргісі деп аталады. Ал,

өрім мен алақанның қосылған жері- шежемей. Қамшы бөліктерінің атаулары: өрімі, сабы, тұтамы, бүлдіргі, шежемей, бауырлақ, мойнақ, бүркеншік, шырмауық, бунақ, таңдай, түйін, қамшының тілі, қамшының кекілдігі, алақан. Қазақ халқы қамшының сабына ерекше көңіл бөлген. Әсіресе, керік сирағынан металлмен, терімен мойнақтап жасаған қамшылар өте жоғары бағаланған. Сап үшін тобылғы ағашын көп пайдаланған. Тобылғыдан жасалған қамшы әдемі, әрі берік болған. Қызыл түсті бояуынан жасалған қамшы көзді тартады. Ерте кезде осындай қамшымен қызға барған серінің абыройы асқақ болған. Қазақ халқы үшін қамшының орны ерекше болған. Қамшы әбден иленген сиыр терісінен 3 таспадан 40 таспаға дейін өріледі [3]. Өрімге байланысты қамшының бірнеше түрі бар. Мысалы: ат қамшы, дыр қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, ұзын қамшы, шолақ қамшы, сары ала қамшы, білеу қамшы, орама санды қамшы, мүйіз сапты қамшы, киелі қамшы, қасиетті қамшы, тобылғы санды қамшы, шашақты қамшы, бала қамшы, құрау қамшы, шыбыртқы қамшы. Ал жасалуы мен қолданылу мақсатына байланысты мынадай түрге бөлінеді:

1. Сүндет қамшы- салт-дәстүр бойынша баланы сүндетке отырғызғанда оған туған-туыстары сыйға тартатын тобылғы сапты төрт тұтам қамшы.

2. Бәйге қамшы. Ат бәйгесіне шабатын шабандоздың қамшысы. Ол тобылғы сапты, ұзындығы төрт тұтам.

3. Көкпар қамшы. Ұлттық ойын көкпар тартуда қолданылады.

4. Дойыр қамшы. Өрімі жұмыр, жуан, төрт кырлы, он алты, немесе сегіз таспадан болып келеді. Дойыр қамшыны мал айдауға, ұрыс-төбелеске де қолданады.

5. Неке қамшысы. Жас бозбала үйленер кезде құрбы-құрдастарын жанына жинап, қамшыларын құпия бір жерге қояды. Ол өзіне ұнаған қамшыны таңдап алып, иесі жігіт жолдас (күйеу жолдас) болады.

6. Соп қамшы. Өгіз айдауға арналған қамшыны осылай деп атайды.

7. Үйір қамшы. Оны жылқышыларға арнап жасайды. Өрімнің араларына үш шығыршық біріктіріліп, ұзын етіп жасалады.

8. Ноғай қамшы. Аралары жақын орналастырылған екі өрімнен тұрады.

9. Баптау қамшы. Асауды үйрету үшін жасалады.

10. Аңшы қамшы. Сабының ұзындығы – бес тұтам, ұшында қорғасын өрілген өрімі он екі тұтам болады. Бұл қамшының түрін аңшылыққа қолданған.

11. Барымта қамшы. Тобылғы сапты, оның ұзындығы алты тұтам, жуан өрімі он тұтам, түйіні де жуан, әрі ұзын. Екі аттылы қактығысқанда қамшыларын, аттан аударып та түсірген [4].

Шеберлер қамшыны мықты қайыстан өреді. Оларды өрімшілер деп атайды. Қамшының сапалы болуы қайысына байланысты. Теріні жұмсақ илеп, иін қандырады. Иден шыққан қайысқа май жағып, кептіреді, қысқыға салып, уқалайды. Тігетін қайыстардың шетін бекітіп, өткір пышақпен тіледі. Ал, қысқыны кепкен ағаштан жасайды. Қайыс түйудің де бірнеше өрнектері бар. Олар - төрт таспадан түю, қалмақша түю, түйемұрындық, өткерме, тастүйін, т.б. деп аталады. Қамшының өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы саптан, өрімнен және бүлдіргіден тұрады. Саптың қолға ұстар жері былғарыдан қапталады. Қамшы өрудің көптеген түрі қолданылады, өрімдер домалақ, жұмыр, төртқырлы болып келеді. Өрім әбден дайын болғанда оған алақан жасайды, ол тобылғы сапты, қамшыға бауырымен өрілуге тиісті. Сирақ немесе тобылғыны алдымен кептіріп алады. Сосын барып бүлдіргісін қайыстан ойып шығады. Бүлдіргіге түрлі ою-өрнектер салынады. Бүлдіргі тесіліп, қайыс жіппен таспаға тастай оралады. Ең соңында үш бөлік те бір-бірімен бекітіледі. Қолдан сырғып түспеу үшін саптың соңы тесіліп жіп өткізіледі.

Өрім түрлері мынадай: үш не төрт бұрым өрімі, алты өрім, сегіз өрім, он екі өрім, қырық өрім. Аталарымыздың айтуынша, қамшының ең қолайлысы 12 өрімдігі.

Қазақ халқының мәдени-тұрмысында, салт-дәстүрінде қамшының алатын орны ерекше. Қамшы өнер туындысы, сый-сыяпаттың төресі, ер жігіттің серігі, айбыны, шаңырақтың киесі, тіпті, кейде батырдың қаруы да болған. Қамшыға байланысты ырымдар қалыптасқан. Қазақтың салт-дәстүрінде қамшыны қолданудың тәрбиелік мәні, ережелері болған: қамшы әрдайым оң қолға ұсталу керек; жайшылықта қамшыны екі бүктеп ұстайды; қамшы өрімін салбыратып ұстау дұшпандық, әдепсіздік белгісі деп танылған; жол көрсеткенде қамшымен нұсқайтын болған; қамшыны сыйласа кісінің қолына ұстатпайды, жерге тастайды; қамшы таянбас болар; қамшы ұрлау үлкен қылмыстың бірі саналады. Қамшы бұл қазақ халқына тән нәрсе. Оның бойында қасиеті де, киесі мен иесі-Сесі бар деп есептеген. Қамшы-ат айдаса- құралы, аң ұстаса- қаруы,



жабырқанса- сырласы, жауға шапса- рухы, дұшпанына- Сесі! Ата-бабамыз қамшының қыр- сырын бесігінен біліп өскен. Себебі, бала бесікте жатқанда шошымасын деп бас жағына қамшы тастаған, не болмаса жастығының астына тастаған[5].

Мұзафар Өлімбаевтың қанатты сөздері де ел арасында халық сөзі секілді тараған. Мысалы , «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» қанатты сөзінің авторы Мұзафар ағамыз екенін біреу білсе, біреуі білмейді.

Мұзафар Өлімбаевтың сөзін жазған әндер саны екі жүзге жуықтайды. Олардың бірсыпырасы әлі күнге дейін сахнадан түспей, бірнеше әнші әртүрлі орындап жүр. Ел арасында кең тараған әннің бірі – «Маралдым». Өзінің туған жеріне арнаған әнді Роза Рымбаева, «Музарт» тобы, Зарина Омарова, Мөлдір Әуелбекова сынды әншілер орындап келеді. Қыз Қорлан қор қызындай тамсандырған Естайға әлемде жоқ ән салдырған Маралды! Маралды – төр! Маралды – көл Самалдай ән еседі қарсы алдыңнан. Ел арасында өз тыңдарманын тапқан әннің бірі – «Ақ маңдайлым». Сөзін жазған – Мұзафар Өлімбаев, әнін жазған – Шәмші Қалдаяқов. Халық арасында бұл ән Роза Бағланованың орындауындағы нұсқасы бойынша кең танылды. Кейінгі кезде бұл әнді Жеңіс Ысқақова, Медеу Арынбаев орындап жүр. Мұзафар Өлімбаев Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы әнұраны авторларының бірі. [5].

«Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,  
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.  
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен  
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз»,


- деп шырқалған ән 1992-2006 жылдары Қазақстанның Әнұраны болды. Қазақстан тәуелсіздік алған оң 1992 жылы республика әнұраны мәтініне конкурс жарияланды. Комиссия

іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түсті. Конкурста төрт ақынның: Мұзафар Өлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев пен Жадыра Дәрібаеваның бірлесіп жазған мәтіні жеңіске жетті. Әнұран әнінің авторлары: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди. 2006 жылы жаңа Мемлекеттік әнұран қабылданды.

Мұзафар Өлімбаев – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978 жыл), Қазақстанның Халық жазушысы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1996 жыл). Отан соғысының бірінші және екінші дәрежелі ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, «Отан» орденімен марапатталған. Мұзафар Өлімбаев 2017 жылы 94 жасында дүниеден өтті.

Қорыта айтқанда, Мұзафар Өлімбаев қазақтың тарихында тек жазушы ғана емес, Ұлы Отан соғысына қатысып, елі үшін жанын аямаған батыр, әрі патриот адам болған. Қазақ халқының мәдениетіне, тіліне, әдебиетіне деген қоғамдық рөлі зор екені сөзсіз.

«Біздің Қазақстан болашақта қуатты, егеменді, шынайы демократиялық, мәдениеті жоғары, әлемдегі алдыңғы орындардың бірін алатын мемлекетке айналады», - деп сенген екен. [2]



Сурет 1

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

2 Қазақстан Республикасында Кімнің Кім екені – 2011. 2 томдық анықтамалық Алматы, 2011. ISBN 978-601-278-473-2

3 <https://sputnik.kz/20220214/muzafar-alimbaev-zhayly-ne-bilemiz-22760827.html>

4 <https://adebiportal.kz/upload/iblock/444/4441c0b93a6e7e908b363b7e87f7a6e6.pdf>

5 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

## ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЭТА АРМАНА КАНИ

АВАЗБАКОВА К.

ученица 9 класса, КГУ Школа-лицей имени  
Аманжолы Шамкенова, г. Павлодар

ТЕМИРОВ Е. Р.

учитель истории, КГУ Школа-лицей имени  
Аманжолы Шамкенова, г. Павлодар

Вся жизнь и творчество нашего земляка – поэта, члена Союза писателей Казахстана, лауреата международной премии «Алаш» Армана Бактановича Кани пронизана любовью к своему народу и Родине. Он прошел долгий и тернистый путь становления как поэта и общественного деятеля. Еще с юных лет он отличался поэтическим дарованием, которое унаследовал в дар от предков. Дедушка поэта Кани был близким родственником знаменитого акына Мади Бапиулы из рода Каракесек племени Аргын, а бабушка Касип – дочь прославленного поэта и музыканта Жаяу Мусы Байжанова [1, с. 3].

Арман Кани родился 22 февраля 1954 года в городе Павлодар, в той части, которая носит название «Казкрай». В этом районе еще в девятнадцатом веке обосновались обедневшие казахские шаруа – джатаки. В 1961 году он поступает в первый класс школы №10 имени Абая. Позднее в связи с переездом семьи учится в Акшиманской, Чапаевской и Баянаульской средних школах. После окончания неполной средней школы в селе Акшиман он приезжает в Павлодар. Чтобы окончить среднюю школу в школе-интернате №3. Именно здесь Арман Кани стал одним из основателей молодежной организации «Жас ұлан». В конце 1969 года, будучи учеником 9 класса областной школы-интерната №3 будущий поэт создал молодежную организацию «Жас ұлан». Как

позднее писал сам Арман Кани, организация была создана под влиянием молодежной организации «Жас түлпар» в городе Москва, организаторами которой были молодые студенты казахи Мурат Ауэзов, Болатхан Тайжан и другие. В ряды тайной организации вступили ученики школы-интерната Рашит Бейсекеев, Болат Какежанов, Кайролла Какежанов, Гульбаршын Алиева, Айгуль Жунусова, Сембай Кусаинов и другие. Главной целью своей организации они ставили возрождение казахского языка и боролись за возрождение духа национального сознания. Но, в Советском Союзе и в особенности Казахстане, где шла массовая русификация местного населения действия подростков попали под надзор всеисильного КГБ. Юноши и девушки сумели выпустить несколько листовок, которые распространялись их единомышленниками среди своих товарищей. По задумке членов комитета организации они привлекали к своей деятельности учащихся старших классов школ, откуда сами были родом. По приблизительным подсчетам самого Армана Кани общее количество жас улановцев по всей области составило около ста человек. В своих воспоминаниях поэт пишет, что он сжег списки членов организации в городе Аксу и в Майском районе. Это позволило многим избежать допроса со стороны сотрудников Комитета государственной безопасности. Они написали объяснительные по месту жительства, которые были подшиты в дело «Жас ұлан». Арман Кани в своих статьях пишет, что прочитав строки в учебнике «Политическая экономика» «В колониальных странах наблюдается малое количество больниц и национальных школ». Члены комитета пришли к единодушному мнению, что Казахстан является колонией России.[2, с.6]

Поэтический дар Армана Кани пробудился в эти школьные годы, когда он писал стихи против колониального гнета. Немалую роль в пробуждении национального самосознания сыграли книги Ильяс Есенберлина «Хан Кене», Серика Шакибаева «Крушение Большого Туркестана», Сабита Муканова «Школа жизни». Из этих романов они узнали о таких исторических личностях как Кенесары хан, Мустафа Чокай, Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов и другие лидеры партии «Алаш». До полной реабилитации лидеров партии «Алаш» оставалось еще около двадцати лет. В декабре 1969 года члены комитета написали тексты листовок, которые начинались с слов «Вы великий казахский народ». Рукописный текст, автором которого был Арман Кани Сембай Кусаинов напечатал на машинке. Печатную машинку они взяли у родной тети Сембая, которая

работала в Ермаковском (ныне город Аксу) городском суде. Жас улановцы запланировали выйти на центральную площадь с плакатами «Хотим открытия казахских детских садов и школ». Но, их планам не дано было осуществиться. В январе 1970 года их деятельность была раскрыта. Позднее Арман Кани написал, что их организацию выдал один из товарищей, имя которого он унес с собой в могилу. «Уже в годы независимости, на одной из встреч он признался мне, что выдал нашу организацию и докладывал сотрудникам КГБ используя псевдоним «Серик». Он искренне просил прощения, и я сжалился над ним». [3, с.9]

Сотрудники КГБ устроили нещадный перекрестный допрос членам организации требуя выдать имя взрослого человека, который руководил ячейкой. В их рядах были сотрудники центрального аппарата, командированные из Москвы. Они не могли поверить, что пятнадцатилетние юноши и девушки сами додумались до такого. И только после многих часов допросов признали, что организацию создал и руководил именно Арман Кани. Молодых людей ждал суд и приговор. Но, благодаря стечению обстоятельств об этом деле узнало руководство республики в лице первого секретаря Коммунистической партии Динмухамеда Кунаева, который запретил применять репрессивные меры в отношении молодежи. Руководство области и другие идеологические партийные работники посчитали, что раскрытие подробностей националистически настроенных ребят отрицательно повлияет на имидж страны. В 1970 году планировалось всесоюзное празднование 100-летия вождя революции Владимира Ленина 50-летие со дня основания Казахской ССР. Арман Кани и его товарищей клеймили на педагогическом совете. Он вспоминает, что один из учителей по фамилии Омаров даже угрожал, что «Если бы были сталинские времена, я сам собственноручно расстрелял бы их вместе с родителями». В итоге Армана Кани, Бейсекеева Рашита, Алиеву Гульбаршын и Жунусову Айгуль исключили из рядов комсомола за «Идеологические ошибки в вопросах национальной политики». Другие активисты Жас улана получили выговоры с занесением в комсомольскую учетную карточку. Все они были исключены из школы после 9 класса с тройкой в аттестатах за поведение. [3, с.8]

Арман Кани переехал в село имени Чапаева Майского района, где проживали его родители. Он долгие годы не мог получить аттестат о среднем образовании. Над ним все время тяготело клеймо. Даже работая в должности помощника чабана, юноша

не расставался пером и писал стихи. Его поэтический дар мог быть загублен так, как ни одна районная газета, не говоря уже об областных и республиканских печатных изданиях, не рискнула бы напечатать стихотворения политически неблагонадежного человека, фамилия которого была в черном списке КГБ. Арман Кани окончил десятый класс школы только в 1976 году после срочной службы в рядах Красной Армии. Высшее образование также пришлось получать заочно в Павлодарском государственном университете по специальности «Филология» уже в годы независимости. Диплом о высшем образовании он получил в 1995 году, когда ему было уже больше сорока лет. Все эти годы он трудился простым рабочим на Павлодарском тракторном заводе. В тяжелые 90-ые годы Арман Кани возил тачку на стихийном рынке по улице Короленко (ныне улица Бухар жырау). Несмотря на тяжелый труд, поэт не переставал писать. Его стихи описывали жизненную истину и изобличали ложь, подхалимство и человеческую жадность. В 1986 году поэт с несколькими соратниками пытался примкнуть к рядам казахской молодежи, вышедшей на площадь против несправедливого решения Центрального комитета Компартии Советского Союза. Но, их остановили на подступах к центральной площади города Павлодар. Арман Кани долгие годы занимался общественной работой как член Павлодарского областного филиала международного общества «Қазақ тілі», журналист газеты «Сарыарқа самалы» и редактор газеты «Ертіс дидары». Он активно выступал за рост национального духа, воспитание молодежи и школ с казахским языком обучения. Арман Кани долгие годы заседал в составе жюри на областных и региональных конкурсах акынов-айтыскеров. Его труды не были напрасными. Поэт получил народную признательность и любовь своих читателей. В 2021 году поэт был награжден высшей наградой – орденом «Құрмет». Его последователи - молодые поэты не только уроженцы Павлодарского Прииртышья, но и всего Казахстана. Арман Кани стал лауреатом международной премии «Алаш» за сборник «Сен және мен» (Ты и я). К сожалению поразившая его онкологическая болезнь унесла жизнь поэта на семидесятом году жизни. Арман Кани прожил сравнительно недолгую жизнь, но жажда свободы и дух независимости, который он зажег в сердцах многих поколений молодых казахстанцев, будет жить вечно.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Вerveкин А. Потомок Жаяу Мусы // Звезда Прииртышья. 25 февраля 2014 года, с.3.
- 2 Қайдар Р. «Жасымаған жігер» // Егемен Қазақстан, 19 қаңтар 2017 жыл, с.6.
- 3 Қани А. «40 жыл бұрын құрылған ұйым еді» //Сарыарқа самалы, 29 мамыр 2014 жыл. с. 8-9.
- 4 Толентинова Ж. «Арман Кани: Когда приходит время...» // Регион. 10 октября 2004 года, с. 4.

**МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА САТИРА ЖАНРЫН  
ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ: ЖАНАТ ТҰРҒАНБЕКҰЛЫ  
ЖӘНЕ МОЛ МҰРАСЫ**

КУЛЬМАҒАНБЕТОВА Р. А.  
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәні мұғалімі,  
№ 18 ЖООБМ, Екібастұз қ.  
АҚБӨПЕ А.  
оқушы, 8 сынып, № 18 ЖООБМ, Екібастұз қ.

Болашағын ойлайтын ел дананың ісін балаға үлгі ететіні ежелден белгілі қағида. Шүкір, ел болып ен дүрмектің ішіне енгелі саяси-экономикалық ахуалымызды көтеріп қана қоймай, мәдени-танымдық кеңістігіміздің көкжиегін кеңейтуге де баса назар аудардық. Ұлы даланың ұрпақ тәрбиесі баладан басталады. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады. Ел дамуының жаңа дәуірінде «Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жанғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық» – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сатира арқылы сол халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті қай дәуірде қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Мектеп бағдарламасында поэма, проза, роман жанры дамыған. Сондай-ақ сатира жанрын тарих, өлкетану сабақтарында мектеп бағдарламасында дамыту

мақсатында Павлодар облысының тумасы, жалынды журналист, қарымды қаламгер, сатирик Жанат Тұрғанбекұлының сатиралық әңгімелерімен ұштастыра зерттелген ғылыми мақалада «Туған өлкенің дара тұлғалары» үйірме сабағы кіріктірілген. Қоғамдағы үнемі ұшырасып отыратын көптеген келеңсіздіктерге тұсау салып, тосқауыл қояр сатира жанры - өмірдің өткір қанжары ісбетті. Сатирадай өткір қанжарды екінің бірі батылы жетіп ұстауға дәті бармағандықтан, оны ілуде біреуілер ғана ұстауға дәрмен танытады. Ондай адамдарды бүгінгі күн тұрғысынан сатириктер деп атаймыз. Қазақ баспасөзіндегі сатираның өрлеп, өркендегеніне біраз уақыттың жүзі болды. [1].

Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінде ұзақ жылдар еңбек еткен өңір тарихын зерделеуші Жанат Тұрғанбекұлының «Бір сомның әлегі» кітабының тұсау кесерінен бастап, мектебіміздің оқушылары жыл сайын атаулы байқауға белсене қатысуды. Алғашқы конкурста болған мектебіміздің оқушысы Тұрсын Ұлан Тұсаукесер жиында Жанат Тұрғанбекұлының көзін көріп, қызметтес болған ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Арман Қани, жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ғалымбек Жұматов, Қазақстанның құрметті журналисі, «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалының төрағасы Социал Әйтемов, Жанат Тұрғанбекұлының інісі Сағат Тұрғанбекұлы құрметті қонақ ретінде қатысып, өз естеліктерімен бөлісті. «Бір сомның әлегі» кітабы 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Жанат Тұрғанбекұлының әзіл-сықақ әңгімелерінен тұрса, екінші бөлімге өткір мақалалары топтастырылды. Үшінші бөлімде ел аузынан жинаған әңгімелері, төртінші бөлімде журналист туралы естеліктер берілген. Кітаптың жарыққа шығуына орай оқушылар арасында облыстық сатиралық әңгімелер мен эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Байқау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының және «Шаңырақ» орталығының қолдауымен өтті. Байқаудың бірінші кезеңіне 30-дан астам оқушы қатысып, сатиралық әңгіме жазып сынға түсті. Екінші кезеңге үздік деп танылған 8 оқушы өтіп, эссе жазудан бақ сынап, Ұлан жүлдегер атанды. [2].

Талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбек ағасының қоғамдағы мәселені жеткізуде сатираны қолданған мықты қаламгер, табанасты өлең шығаратын ақындығы болғанын атап өтті.

Қазақ сахарасының біртуары



Сурет 1 – Жанат Тұрғанбекұлы (1949-1997 жж)  
 Өңір тарихын зерделеуші тұлға,  
 Қ.Р Журналистер одағының мүшесі

Жанат Тұрғанбекұлы Баянауыл ауданы, Жаңа тілек ауылында 1949 жылдың 17 тамызында дүниеге келген. Әкесі Олжабекұлы Тұрғанбек – механизатор, еңбек озаты, алғашқы комбайнды тізгіндеген озық комбайнер болды. Қарымды қаламгер, тамаша журналист Жанат Тұрғанбекұлы ағаларымыздың арасында аман жүрсе, биыл жетпіс екі деген жастың жотасына жететін еді. Ол-Ертіс-Баян өңіріне ерте танылған қаламгер, өткір мәселелерді өжет көрген журналист. Өмірден де ерте озды. Кейінгі жылдары жергілікті басылым беттерінде Жанат жайлы сирек жазылып жүр. Елуге жетпей, екі кез жерге еніп кете барған жанның көп қаламдасы секілді есімі жиі ескеріле бермейді. Осы олқылықтың орынын толтыру, аруақ алдындағы парызымыздың бір парасын адал қылу асыл мақсатымыз.

Жапан далада жалғыз жүйіктеген жүйріктей өмірден ағындап өткен оның қалдырған жолы мен жалы - жазған шығармалары. Сондықтан, жиырма жылдық журналистік жолы сарғайған газет тігінділерінде ғана емес, сағынған дос-жаран, сыйлы әріптес

аға-інілерінің жүрегінде сайрап жатыр. Сол жолға жақсылап үнілейікші.....

Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлының шығармашылық мұралары - мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны.

Жоғары кәсіби білім берудің қазіргі жаңа парадигмасы мектеп оқушыларына білімдік, рухани, зияткерлік, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жеке даралық қабілеттіліктерін қолдауға, тұлғаның өзін-өзі шынайы көрсете алуына мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиеге бағытталады. Жастар қоғамдық әлеуметтік өзгерістердің басты факторы, табысты, білімді ерекше әлеуметтік топ ретінде еліміздің өркендеуін қамтамасыз ететін күш болғандықтан бүгінгі таңда оқушыларға берілетін адамгершілік тәрбиені рухани жаңғырумен сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Қазіргі жастар кәсіби терең білімді, бәсекеге қабілетті, кісілігі биік, цифрлық сауаттылықты еркін меңгерген, әлем тілдерін білуге құштар, ақылолы толысқан кемел тұлға болып қалыптасуы қажет. [3].

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі «білім беру», «оқыту» және «тәрбиелеу» деп аталатын тұтас педагогикалық үдерісте үздіксіз жүріп жатады. Жыл бойында оқытылатын пәндердің білім Туған өлкенің дара тұлғалары өмір жолының оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны мазмұнында, тәрбиелік іс-шараларда болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытудың ұтымды жолдары қарастырылады. Сондай арнайы курс, үйірмелер қатарында «Өлкетану» сабағы және «Жас талап» үйірмесін атап айтуға болады. Бұл ғылыми мақаланың арқауы болып отырған өңір тарихын зерделеушінің ғаламат туындылары оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, өзінің өмірлік жолын дұрыс түсінуіне ықпал ететіндей мақсатқа құрылады. Оқу пәндерінің мазмұнына және арнайы курс бағдарламасына сәйкес 5-7 сынып оқушылары тарих сабақтарында «Өлкетану» сабағын кіріктіріп оқиды. Пәннің мазмұнында рухани тұлғалардың тәрбиелік мәні жоғары және адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін шығармаларынан үзінділер алынады.





Сурет 2 – Облыстық байқау жүлдегері Жұмажан Меруерт Арнайы жүлде тағайындаған Баянауыл аудандық «Баянтау» газеті

«Жанат Тұрғанбекұлына арнау»  
 Жұмажан Меруерт Нұрбақытқызы  
 Мектебіміздің түлегі №18 ЖОББМ-КММ-сі, Екібастұз қ,  
 Бала ақын боп танылдың жастайыңнан,  
 Жарық жұлдыз көрген ел маңдайыңнан.  
 Қиялы жүйрік, ойы асқақ, талабы зор.  
 Қанат қақтың Баянаула баурайынан.  
 Өзіл-ысқақ, ұшқыр ой қаламалдың.  
 Мұхамеджан, Қайыржан ағаларым,  
 «Қызыл ту» газетінде жарық көрген  
 Алғашқы өлеңді оқып бағаладың.  
 «Бойында оянбаған таланты бар»,  
 Жастарды қолдап әркез бағаладың.  
 «Толғақты мәселені» дер кезінде,  
 Еліңе жанашыр боп жаза алдың.  
 Сағынған дос жаран бар, әріптесің,  
 Сағынған елің барда, қадірлі ерсің.  
 Сағыныш тек сарғайған газетте емес,  
 Сағыныш ҚАЗАҚ деген жүректесің.  
 Сол ұрпақтың атынан тілдесейін,  
 Дара жолыңды оқып бір үндесейін.  
 Қалдырған мұраңнан көп тәлім алып,

Сіз салған жолмен жүріп күн кешейін.

Қарымды қаламгерім, ақтангерім,  
 Жақсы іс көрсен дәйім жақтап едің.  
 Жадымызда мәңгі өшпес із қалдырған,  
 Қазағыма қашанда мақтаулы ерім.

Пәннің мақсаты – оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін халқымыздың ғұлама, ақын, ойшылдарының еңбектерінде айтылған даналық ойлары негізінде дамыту. Зерттеудің материалдары мен әдістері. Мектеп оқушыларының тұлғалық дамуы ескеріліп, Ұлы дала ойшылдарының «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұнына енген оқу материалдары талданып, оларды оқытудың кейбір үлгілері көрсетілді. Әдебиетті шолу Адамзат баласының асыл армандарының бірі келешек өмірді жалғастыратын өнегелі ұрпақ тәрбиелеу болса, ол арман халқымыздың өрелі ойы, тағылымды тәлімі және терең тарихындағы рухани құндылықтармен үндесіп жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған, жағымды мінез-құлықтағы адами тәртіп пен дағдыны қалыптастыратын гуманистік негіздегі жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі өнеге мен өсиетке негізделген накыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр атабабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, адамгершілік тәрбиесінде халық тәжірибесінің, дала даналарының ой-пікірлерінің орны ерекше болуы да осыдан.



Сурет 3 – Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлы жайлы естеліктер жазу барысындағы арнайы кездесу.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері Арман Қани және талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары, елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбекұлымен кездесу өтіп, сұхбат жүргізілді.

Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлы жайлы құнды деректерді, көптеген естеліктерді марқұм Арман Қани ағамыздан алдық. Осындай кезекті кездесуде ЖанатТұрғанбекұлының қаламгер ретінде де, азамат ретінде де ерекше шындалған кезеңі - «Қызыл туда» жұмыс істеген жылдары деді. Ал, Қазақстанның құрметті журналисі С.Әйткенов аға былайша еске алады «Біздің бөлімде бұрын екеу едік. Енді Жанат келген соң үшеу болдық. Әбдеш Баймұрзин ағамызбен 7-8 жылдай жұп жазбай үйренісіп қалғанбыз. Төрт жыл ол кісі менің бастығым болса енді ол маған қарайды. Мені бөлім меңгерушілеріне ұсынған тағы өзі. Менің аға тілшілігімді Әбекең атқарады. Жанат қатардағы тілші. Біз осылай өнеркәсіп, құрылыс және транспорт(қазір көлік дейміз) саласы бойынша үш адам қол ұстаса еңбек еттік...»-деп жас журналистің облыстық газеттегі алғашқы жұмыс күндерін есіне алады. [4].

Қорыта айтқанда, сатираның болашағы кімді болса да алаңдатады. Бүгінгі арзан әзілге бой ұрған жастарды сабырлы, астарлы, ойлы күлкіге тәрбиелеу үшін үлкен сатириктер қосынын

дайындау қажет. Ал, ол үшін жас сатириктерді жетілдіретін арнайы жоба жасалу керек.

Зерттеу жұмысында сатира тарихы жанрының алғашқы қалыптасқан кезінен бастап, қазіргі салмағы мен алар орнын таразылап, келер болашағына ғылыми тұрғыдан тұжырым жасалды.

Сатира тарихының көркемдігі мен бейнелілігі, сатираның жанрлық – тақырыптық ерекшелігі, ондағы авторлық ұстаным мәселесі, объект-құбылыс зерттеуде жан-жақты кешенді түрде зерттелді. Сонымен қатар, сатираның сөз өнері ретіндегі өзіндік ерекшелігін қарастыру да, оның көркемдік қуатын ашуға тілдік, бейнелілік мәселесі арқылы келуі өз нәтижесін берді. Қазақ сатирасы ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар көркем құбылыс ретінде әрбір заманның тынысына сәйкес өмір сүре бермек. [5].

Туған өлкенің дара тұлғаларының рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы мектеп табалдырығында білім алушы оқушылардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Ұлы дала тұлғаларының шығармаларында айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипатының мағынасы тереңде. Қауырсын қаламын жанына серік етіп, халқына даналықтың сәулесін шашқан сатира жанашырларының даңғайыр еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып бізге жетті. Біздің осындай тамаша тарихымыз өскелең ұрпақтың рухын оятып асқақ армандарға бастай береді. Туған жерге туынды тік! Отан отбасыдан басталады десек, ал - патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанат Тұрғанбекұлы. Бір сомның әлегі – Павлодар, Қазақстан, 2019. Б. 152 [1]
2. Жанат Тұрғанбекұлы. Тарихи таным қызықтырады / Сарыарқа самалы, 1929-2009.Б. 90-91 [2]
3. Жанат Тұрғанбеков. 14 кітап / С.Торайғыров атындағы МУ-нің Е.Бекмаханов атындағы «Өлке мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 126 бет. [3]
4. Арман Қани. Жанат журналист (мақалалар, естеліктер, зерттеулер, поэмалар, арнау өлеңдер) – Павлодар: ЭКО, 2019. – 152 б. [4]
5. Социал Әйтенов. Еңбекқор еді Жанатым. – Павлодар: ЭКО, 2019. – Б. 138[5]

## АСЫҚ - ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ

АНАФИН И. Р.

оқушы, 8-сынып, № 2 Чернорецк орта жалпы білім беру мектебі, Павлодар ауданы, Павлодар облысы

ЭТЕКБАЕВА А. Ж.

Бастауыш сынып мұғалімі, № 2 Чернорецк орта жалпы білім беру мектебі, Павлодар ауданы, Павлодар облысы

«Асығың алшысынан түссін!». Қазақ – ойын-сауықшыл халық. Бүгінде қазақтың 100-ден аса ойын түрлері мәлім. Қазақ «баланы жастан» дегенде, ойын-сауық арқылы жасөспіріммен тәрбиелік жұмысты ертерек және жас ерекшеліктеріне қарай жүргізуді пайымдайды. Ойынсыз ұрпақтың кім екенін, халықтың қандай екенін бағалау екіталай. Асық - қазақтың әдет-ғұрпына үнемі және айқын ықпал еткен. Асық ойынының тарихы тереңде, көне дәуірден басталады [1, 538б.].

Айталық, тас дәуірінде қалыптасқан – таяқ жүгірту, асық, ақсүйек, темір дәуірінде тараған - карағие, садақ, бергі феодалдық дәуірдегі, яғни үйсін, қаңлы хандығы кезіндегі - ақбайпақ, алтыбақан, арқан тартыс, белбеу тастау, жасырынбақ, көрші бұғынай, айдапсал т.б. ойындарды бүгінде білетіндер де, білмейтіндер де аз емес. Жануарлардың қозғалысына еліктеп жасалынған қозғалыстар да бертін келе ойын бидің арқауына айналған. «Аң аулау» билерінің түрлері бір ізге келтірілмеген. Дегенмен олар барлық қауымдастық мүшелерін қызықтырғанын ескерсек, оның тартымды түрлерінің көп және жаттығуға икемді болғанына күмәнданбаймыз.

Қыпшақтардың тайпалық одақтары түрік қағанатына қосылғанда хан жақсы ма, ханды қара басты, шалма, қарамырза, сайыс, ат үстіндегі тартыс, аударыспақ, балтам тап, аударыспақ, «көк бөрі тарту» сияқты ойын түрлері таралған. Ұлттық ойынымыздың тарихы туралы Рашид-ад дин, Низами әл-Мулк, Мосуди, Махмұд Қашқари сынды ғұламалар пікірлерін қалдырған. Батыстың XIII ғасырдағы саяхатшысы Марко Поло Жетісу жеріндегі үлкен жиында «Қыз қуу» ойыны мен «Қыз бөрі» ойынын көргенін естеліктерінде тамашалап баяндайды.

Шаруашылық пен еңбек процесі ойынның түрлерін көбейтті, ойынға қойылатын талапты күшейтті. Ойында қолданатын әдістерге арнайы жаттығу керек болды. Ойын заттары мен бұйымдарына деген ұқыптылық жалғасын тапты. Ойынды өткізу туралы келісім жұмыстары жанданды. Ойынды өткізетін арнайы кеңістік алаңдар

таңдалды. Біртіндеп атамекеніне және атажұрт салтына деген құрмет көзқарастар қалыптасты. Әр ойынның белбасарлары анықталды, олар көптің құрмет-сыйына бөленді. Ойын өнердің түріне, топты ұйымдастыру тетігіне айналды. Содан ойын өнері ұлттық әдеп-ғұрыптың қалыптасуына, сақталуына үлкен ұйытқы болды, ықпал етті [4, 39б.].

Халқымызда қозғалмалы ойындардың түрі кең таралған. Қозғалмалы ойындарды төрт топқа бөлуге болады:

Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: асық, бестас, лек жалау, сиқырлы таяқ, бақай пісті, жылмаң т.б.;

Жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар: соқыр теке, түйе-түйе, ақ байпақ, көк сиыр және т.б.;

Мүліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар: шалма, бөрік жасырмақ, түйілген шыт, тақия телпек, белбеу тастау, орамал тастау, т.б.

Құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек, шымбике, мәлке тотай, тоқтышақ, шертпек, жасырынбақ, бұғынай, т.б [5, 64б.].

Асық ойыны - ұлттық қазынамыз. Асық ойындарының түрлеріне тоқталар болсақ, олар мыналар:

Құмар. Ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болу керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да, кезек - кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт тәйке түсірсе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді.

Омпы. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Оны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде ойнай береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, соғұрлым қызықты болады. Мақсат - көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да, көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек - кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бұрын тигізсе, онда тігілген бар асық сол алады, егер омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біріне тигізсе тек сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.

Асық атаулары мен түрлері асықтың төрт жағындағы 4 түрлі пішімнен шыққанын білдік. Оның әрқайсысының өз дәрежесі болады. Бірінші пішім – Алшы, ол бірінші дәрежеде, екінші пішім

– Тәйке, бұл екінші дәрежеде. Үшінші пішім – Шік, бұл үшінші дәрежеде. Төртінші пішім – Бүк (бүге), ол төртінші дәрежеде.

Асық ойындарының түрлері көп. Соның көбісі бұл күнде ұмытылған. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны. Бұл - көбіне далада, тегіс жерде ойналатын ойын. Негізі асық ойындары жылдың төрт мезгіліне орай шыққан. «Асық атыс» немесе «асық ату» ойыны жылдың кез келген мезгілінде ойнала береді. Бұл ойын балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады. Дәлдікке, есепке үйретеді.

Асық ойнау – балалардың дүниетанымын кеңейтетін ойын. Ойынға бірнеше бала араласқанда әркім өз асығын қателеспей тауып алу үшін апа - әжелеріміз кілем және киіз жүндерін бояп жатқан қазанға асықтарды салып алатын. Сонда әр асықтың түр – түсі әртүрлі болып шыға келер еді. Қызыл, жасыл, қара, көк, сары, қоңыр бояу түрлерін балалар екі – үш жасында – ақ еркін ажыратады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» дегендей, әр бала өз асығының санын тез – ақ біліп алады. Бұл санауға жақсы, балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық – кәдімгі санағыштың ролін қоса атқарады. Асықтарды қаз қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімін арттырады. Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан – ақ қалыптасқан.

Бала көп қимылдайтыны, тез шаршай қоймайтыны анық. Асық ойындары – қимыл – қозғалысқа құрылған ойындар. Асық ойындарының әліппесі саналатын «Төрт асық» ойыны – балалардың жас кезінде, енді – енді қимыл – қозғалысы көбейіп келе жатқанда ойналады. Әсіресе, ыстық кезде, бала аздау қимылдасын деген ниетте дүниеге келген ойын. Бір жағы баланың танымдық қабілетін арттырады.

«Төрт асық». Бұл ойынды балаларға жас кезінде үйретеді. Төрт – бес жасар балалардың ойнауына жақсы. Ойын мақсаты белгілі: бала бір асықта төрт түрлі пішім бар екенін және әр пішімнің әр қыры бар екенін зердесіне тез түйеді. Ойынға қосылған балалардың әрқайсысы бір асықтан иіреді. Кімнің асығы алшы түседі, сол бала ойынды бастайды. Қолға алған төрт асықты ақырын шашып жібереді. Сонда төрт асық төрт түрлі болып түссе, ойынға қатысып отырған балалардан бір – бір асық алады да, ойынды әрі қарай жалғастырады. Тағы да төрт асықты жерге ақырын шашып жібереді. Сонда төрт асықтың төртеуі де не алшы, не тәйке, не шік, не бүк

болып түссе, соның әрқайсысында да ойынға қатысушы балалар ойынды бастаған балаға бір – бір асықтан береді. Ал алда – жалда төрт асықтың пішімі төрт түрлі немесе әртүрлі болып түссе, онда ойынды бастаған бала 4 асықты екінші балаға береді. Ол ойынды бірінші бала секілді қайтадан бастап жүргізе береді. Осылайша ойынға қатысып отырған балалар асықтарынан ұтылып біткенде ғана ойын тоқтатылады. Ұтыс есептеледі. Ұпай саналады. Ұтқан баланың асықтары көп болса, ол қалған балаларды қатарластыра сапқа тұрғызады.

«Асық ату». Көбіне жаз және күз айларында ойналады. Ойынға екі бала қатысады. Ойынға қатысатын әр баланың өз сақасы болуы шарт. Сақа қойдың ең ірі асығынан таңдап алынады. Ойынды ойнау үшін тегіс жерге белгі салынады. Сызық сызылады. Ол шеңбер түрінде үш түрлі сызығы болады. Бірі- өріс сызығы, бірі-табан сызығы, үшіншісі-орта сызығы. Өріс сызығында тұрып балалар асығын иіреді. Өріс сызығы мен табан сызығының арасында кімнің асығы алшы түседі, ойынды сол бастайды. Орта сызыққа екі баланың асықтары тізіледі. Ойынды бастаушы бала табан сызығын сол аяғымен басып тұрып, оң қолындағы сақасымен орта сызықтағы асықтарды атады. Күші мығым болса бірнеше асықты сызықтан сыртқа шығарып жіберіп, сыртқа шыққан асықтарды ол ұтып алған болып саналады. Егер ойынды бастаған бала асықтарды орта сызықтан шығара алмаса онда ойынға келесі бала шығады. Кім неше асықтан ұтылса, сонша өлең немесе тақпақ рйтып беретін болған. Қазіргі кезде балалар азда тиын-тебен тігіп ойнайды. Немесе асығынан ұтылып қалады.

«Хан талапай». Ойынға 5-10 бала қатыса береді. Көп асықтың ішінде біреуін қызылға бояйды. Сол асық «хан» болады. Ойынды бастайтын бала санамақ арқылы анықталады. Ол асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік не тәйке түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сүк саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асыққа тисе, не асығы басқа асықтарға тисе ойынды келесі бала жүргізеді. Ал «хан» алшы түссе, балалар жарыса «хан талапай» деп шулап, «ханды» қолға түсіруге тырысады. «Хан»

кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып, сол бала ойынды бастайды.

«Атпақыл». Мұны кей жерде «көтеріспек деп те атайды. Бұл ойынға екі бала қатысады. Біреуі сақасын иіріп, екіншісі сол сақаны атады. Егер сақаға дәл тигізсе, атқан баланы екінші бала өз сақасы жатқан жерге дейін көтеріп апарды. Сөйтіп екі бала бірінің сақасын бірі атып, бірін – бірі көтерісең ойнай береді. Бұл ойын балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге баулиды.

«Қақпақыл». Ойын шарты: 1 асықты алақанға салып алып, жоғарыға жәймен лақтырып, асық қайтып түскенше алақанды төңкеріп, асықты қолдың сыртымен қағып алу керек. Содан соң қолдың сыртындағы асықты қайта лақтырып, төмен түсіп келе жатқанда алақанды ашып қалу керек. Бұл ойын баланы жылдам қимылдауға, шапшаң әрекет жасауға, баланы өз бетінше жылдам ойлануға, есеппен әрекет етуге үйретеді.

Баланың есте сақтау қабілетін арттыратын асық ойыны «Иірімекіл» деп аталады. Бұл ойын екі немесе төрт бала ойнауға ыңғайлы. Әр балада 5-10 асықтан болуы керек. Екеуі бір-бірден асық иіреді. Қай баланың асығы алшы түссе, сол осы екі асықты уыстап алады да, жерге жайлап шашып жібереді. Екі асықтың бірі алшы түссе, соны алады. Асығы алшы түскен баланың бір асығы шіге түссе, оны да қосып алады. Ойын осылай жалғаса береді.

«Сасыр» ойыны да «иірімекіл» сияқты ойналады. Асықтарды жерге шашып тастайды, алшы, шіге түскен асықтарды алып отырады. Кенет алшы асықтың қасына тәйке түсіп кетсе, бала асып-сасып қалады ғой. «Сасыр» деп соны меңзейді. Тәйке түскен сайын айып тартып отырады. Қанша тәйке түссе, өз асығынан сонша асық қосып, жерге жайып отырады. Айып ретінде ойынға қосар асығы болмаса, онда ойынды келесі бала бастайды.

«Топай» немесе «Сөкелек». Бұл ойындар жас шамасы 10 – 15 жас балаларға есептелген ойындар. Бұлар «Асық ату» ойыны секілді ойналады. Көбіне қыс кезінде, мұз үстінде ойналады. Ойыншы балалар асықтың шіге жағын егеп, тегістеп қояды. Сонда ол асықтар мұз үстінде зырылдап сырғанап жөнелетін болады. Сақа иіріледі. Кімдікі алшы түссе, ойынды сол бастайды. Сызық сызылады. Орта сызыққа асық орнына сиырдың бақалшақтарын тізеді. Сақаны сайлап алу керек, ол үшін оның екі жағынан тесік жасап, ортасына қорғасын құйып алады. Мұндай сақалар көбінесе жылқы майына суарылады, сонда сақа сынбайды.

«Бәйге». Бұл ойынды екі баладан алты балаға дейін ойнайды. Ол үшін ортаға 25 асықтан тігіп, шеңбер жасау керек. Бір асықтың қасына сөкелек жатқызып қояды. Ол жерді «қақпа» деп атайды. Сол қақпадан екі асық асып түсіп 3 – ші асықтың жанына тағы бір сөкелек қою керек. Оны «мәйек» деп атайды. Егер төрт бала ойнаса, олардың қолдарында екі – екіден бір түсті асық болуы керек. Яғни, бір баланың қолында 2 қызыл асық, екінші баланың қолында 2 көк асық, үшінші баланың қолында 2 сары асық, төртінші баланың қолында 2 жасыл асық болуы қажет. Осы асықтар «бәйге асықтары» деп аталады. Осы 8 асықтан басқа әр балада тағы 20 – дан қорын асықтар болуы керек. Бұл қорын асықтардың түстері әр баладағы асық түсімен сәйкес келгені дұрыс. Асықты түгендеп алған соң әр бала қақпа түбіне бір – бірден қатарластырып 4 бәйге асығын тігіп қояды. Қолдарында қалған бір – бір бәйге асықтарын төртеуі қатар иіреді. Сонда қай баланың асығы алшы түссе, сол бала әлгі төрт түрлі бәйге асықтарын уыстап алады да, жерге жайлап шашып жібереді. Жасыл асық алшы түссе, екі бәйге асығы жасыл түсті бала қақпа түбіндегі өзінің жасыл асығын бір асық бойы алға жылжытып қояды. Сөйтіп, төрт түрлі – түсті бәйге асықтарын жайлап жерге шашады. Енді сары асығы бар баланың сақасы алшы түссе, ол өз асығын алға жылжытады. Осы ретпен әйтеуір бір асық мәйекке жетеді. Сол кезде ойын тоқтатылады. Кімнің кімнен қанша асық ұтқаны саналады. Сосын мәйекке жасыл асық бұрын жетсе, басқа асықтар мәйектен әртүрлі қашықтықта қалып қойса, онда жасыл асықты баланың ұтысы:

Жасыл асықты балаға сары асықты бала 1 асық, көк асықты бала 4 асық, қызыл асықты бала 9 асық беруі керек;

Сары асықты баланың ұтысы: сары асықты балаға көк асықты бала 3 асық, қызыл асықты бала 8 асық беруі керек;

Көк асықты баланың ұтысы: көк асықты балаға қызыл асықты бала 5 асық беруі керек.

Ұтысқа ие болған жасыл асықты бала ойын ережесі бойынша сары асықты баланы шақырып алады да «сен бір ауыз өлең айт» деп бұйырады. Ол бала өлең білмесе, асығын ала алмайды. Өлең айтып берсе ғана асығын қайтып алады. Мұнан соң жасыл асықтың иесі көк асықты баланы шақырып, «сен төбенді жерге қойып, 4 рет аударылып түс» деп бұйырады. Осылайша ол қызыл асықтың иесіне «сен бір аяғыңды көтеріп тұрып, 9 рет секір» деп әмір береді.

Сары асықтың иесі де осылай көк асықтың иесіне «сен бір аяғыңды көтеріп, мені 3 рет айналып шық» дейді. Сосын қызыл

асықтың иесін шақырып, 8 қадам дөңгелек сызады да, осыны 8 рет жүгіріп айналып шық дейді.

Көк асықтың иесі 5 қызыл асығынан ұтылған баланы шақырып алып, сен басынды мойыныңның түбінен 5 рет айналдыр дейді. Қойылған талапты орындаған балалар ғана асығын қайтарып ала алады.

Бірлік ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен қария Қошқар атаның бала күнінде ойнаған асық ойыны туралы әңгімелескенде «Үш кетіру», «Манай», «Арқаламақ» сияқты ойындар ойнағанын айтып берді. Ол кісінің «үш табан» ойынын ойнау ережесінен есте қалғандары:

«Үш табан». Бұл ойынды үш – төрт баладан топтап екі – үш жерде ұйымдастыруға болады. Ойын шарты бойынша әр балаға бір – бірден асық, бір – бір сақа беріледі. (Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп). Көмбеге бір – бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке – жеке сақаларын үйіреседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет – ретімен (тәйке, бүк, шік) «ұшуға» кіріседі. Ұшу дегеніміз – көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру. Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көндегі тигулі асықты атуға жолдама алады. Олай болмаған жағдайда асық ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа «ұшқан» мергендер тигізе алмаса, көмбедегі қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбе жиегінен алып өлшегенде үш табаннан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан клесі асыққа тигізе алмай қалғанша атуды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойыншы тоқтатып, өзінен кейінгі бәсекелестеріне кезек беруге мәжбүр болады [2, 127б.].

Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалып отырады. Сөйтіп, айналасы екі – үш айналымның ішінде әр көмбеден бір – бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеден ақтық (финал) сайысқа түседі. Бұл шешуші жарыста бірінші, екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.

Әр ауылдағы балалардың санына қарай топтар мен жүлделі орындардың мөлшерін ойын жүргізушілердің өздері белгілеуі тиіс [3, 25б.].

Қорытынды.

Асық ойыны — тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында

адам қарсыласының олқы жән оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі. Асық ойыны - адамның қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Асық ойыны - жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын — жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін татқызатын, жеңімпаздың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау тоғысы.

Бұл күнде қала балалары асық ойындарынан тек «асық ату» ойынын ғана ойнайды. Асық ойындарының басқа түрлерімен таныс емес. Оның есесіне ертелі – кеш компьютер алдында отырып, адамды түрлі қатыгездікке үйрететін ойындарды ойнаумен шұғылданады. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің қылмысқа бой ұрып, жан түршігерлік істер жасауының бірден-бір себебі, сол компьютер ойындарына бой ұрудан делінуде.

Ал ауылдағы менің құрдастарым асық ойындарының мына түрлерін біледі: «Манай», «Шеңбер», «Үш кетіру» және асық атудың «шертпек, банкі, жерлетпек» т.б өздері қазіргі заман талабына сай бейімдеп алған түрлерін ойнайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ совет энциклопедиясы, 1-том, 1999ж. – 538 бет.
- 2 Балалар энциклопедиясы 1-том, 2001ж. – 127 бет.
- 3 Құралұлы А., Ұлттық дүниетаным, 2006ж, 25 бет.
- 4 Қазақ шежіресі. Құраст.:Н.Мынжани, Ә.Байболат.
- 5 Кенжахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы; Алматыкітап, 2004.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУ ТАРИХЫ

АСАНБАЙ Ж.

9-сынып оқушысы, Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Павлодар облысы, Ақсу қ.

ЖУМАБАЕВ С.

9-сынып оқушысы, Қаныш Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Павлодар облысы, Ақсу қ.

АЛЬДЕКЕНОВА А. Т.

магистрант, тарих пәні мұғалімі, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазіргі отандық тарих ғылымы Қазақстан тарихының әлем тарихымен интеграциясына басты назар аударады. Шынында да, ел тарихын әлемдік тарихтың айнымас бір бөлігі ретінде қарастыру аса өзекті деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасы көшейін деп отырған 12-жылдық білім беру жүйесі де осындай интеграциялық принциптерге негізделеді. Сол себептен, Америка, Еуропа, Азия, Африка елдерінің тарихымен байланыс тұстарды бүгінгі күннің тұрғысынан қарау негізі бағыттардың бірі екені мәлім. Солардың қатарындағы басты оқиғалардың бірі – қарсылау қозғалысы. XX ғасырдағы фашизмге қарсы күрес – әлемдік сипат алды. Теріс ұлтшылдармен күрес - біртұтас тарихи толқын тудырып, жер жүзін желеп өтті. Міне, сол оқиғалардың барысында қазақстандықтардың орны мен рөлі туралы ғылыми ізденіс жүргізуді - алдымызға бағыт етіп алдық [1.16 б].

Жұмысты жазудағы мақсат Еуропадағы қарсылау қозғалысына қазақстандықтардың қатысу деңгейін анықтау, олардың атқарған рөлін айқындау.

«Қарсылау қозғалысы» зерттеу объектісі ретінде танылып, оған қатысушы қазақстандықтар арқылы оқиғаны қайта бағалауға әрекет жасалынуы жұмыстың жаңашылдығы болып табылады.

Қазақстандықтар Еуропа елдеріндегі антифашистік күреске әртүрлі жолмен келді. Оларды талдасак:

Бірінші тобы фашистердің Кеңес әскерін тықсыруы бәсеңдегенде, немістерге тылдан соққы беру үшін сол жердегі жергілікті партизандар отрядтарына арнайы тапсырмамен берілгендер еді. Жау тылына түскендер Польша, Болгария, Венгрия, Чехословакия территориясында партизандық күреске қатысты және оның ұйымдастырушылары болды.

Екінші тобы дүние жүзілік соғысқа дейін әр түрлі себептермен Еуропа елдеріне Кеңес Одағынан кеткен эмигранттар және олардың ұрпақтары еді. Бірақ олардың қатарында қазақстандықтар өте аз болды.

Үшінші тобы басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы жылдарында, әсіресе соғыстың бас кезінде немістерге тұтқынға түскендер еді [1.27 б].

Қазақстандықтар Италиядағы, Франциядағы, Югославиядағы Қарсылау қозғалысына белсене қатысты. Италиядағы «Гуидо Боскальо» партизандық бригадасының қатарында 90 қазақстандық болған. Югославия халық-азаттық әскері қатарындағы кеңестік бригадада 1500 жауынгер болды, оның ішінде 70 қазақ, 25 өзбек, 10 түрікмен, 10 тәжік, 5 қырғыз болғаны туралы мәліметтер бар. Францияда кеңес тұтқындарынан екі партизан полкі құрылған. Оның біреуі – Марсель ауданында, екіншісі Альби ауданында шайқасқан. Қазақтардың басым бөлігі осы Екінші кеңестік партизан полкінің құрамында (бұл алғашында Бірінші полк болған) Альби ауданындағы шайқастарға қатысқан. Екінші кеңес партизандық полкін де 300-ге жуық қазақ болған деген мәлімет бар. Осы Екінші полктін құрамындағы бір партизан отрядының құрамында 70 қазақ болған [2]. Қазақстандықтардың басым көпшілігі Иосеф Броз Тито басқарған Югославия Азаттық Армиясы құрамындағы кеңестік соғыс тұтқындарынан құралған I орыс Екпінді бригадасы құрамында соғысты. Қазақ Бейсен Райсов осы бригада құрамындағы үш батальонның біреуінің командирі болды. Оның басшылығындағы батальон жауынгерлері жан алып, жан беріскен шайқастарда талай мәрте ерлік көрсетеді. Мұны жергілікті тұрғындар әлі күнге үлгі-өнеге тұтып келеді [3.172 б]. Югославия халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте көрсеткен ерлігі үшін оны Югославия үкіметі «Ерлігі үшін» орденімен марапатталды. Югославия жерінде шамамен 100-ге жуық қазақтар антифашистік күрестерге қатысып, олардың 40-қа жуығы оралмады. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда Югославия жерінде қазақстандықтардың көп болуын мына жағдаймен түсіндіруге болады. Біріншіден, соғыс тұтқындарын осы елдегі өндіріс орындарына жұмысқа пайдаланды. Қатаң бақылау мен тәртіпке қарамастан тұтқындар қашып шығып югослав партизандарына қосылды. Екіншіден, соғыс тұтқындарынан партизандарға қарсы соғысатын құрама жасақталғаны шындық. Бірақ, олардың көпшілігі қолдарына қару тиген соң партизандарға қарсы бір оқ от пастан, партизандар



жағына шығып кетті. Мұсылмандардан құралған «Түркістан легионы» қатарына тартылғандарды алғашында сыннан өткізу үшін Югославия, Италия жеріндегі партизандарға қарсы жібереді. Бірнеше рет олар партизандар жағына өтіп кетеді. Енді осындай әрекеттен қауіптенген, гестапо оларды қатаң бақылауда ұстайды. 1943 жылдың көктемінде партизандарға өтіп кетпек болған топты анықтап, гестапо олардың төрт басшысын атады. Солардың бірі лейтант қазақ Рахманқұл Құдайбергенов еді [6.42 б].

Соғыс аяқталғаннан кейін оның ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келген парақтары ашылып, осыны айтуға, жазуға болды-ау дегендері жариялана бастады. Солардың бірі, Италия мен Югославияның шекарасындағы Брежень елді мекенде бауырластар зиратына жерленген кеңес жауынгерлеріне жергілікті халық қойған ескерткіш туралы еді. Ескерткіште тек қана үш-ақ ауыз сөз жазылды. Ол «Рус», «Алексей», «СССР» деген жазу еді. Жылда оқу жылы басталғанда сол жердегі елді мекендегі мектептерде кеңес жауынгерлерінің ерлігі туралы әңгіме айтылатын. Оның мазмұны мынадай еді. Партизан отряды 1944 жылдың 13 наурызында әскери тапсырма орындауға кеткенде, ормандағы партизандар штабын тауып алған 300-ге жуық жазалаушылар 14 наурыз күні таңсәріде тұтқиылдан шабуыл жасайды. Отрядтың негізгі күші тапсырмамен кеткендіктен, мұнда жаралылар, партизандардың әйелдері мен балалары және за ғана жауынгерлер қалған еді. Штабты қорғауға қалған жауынгерлер тойтарыс бере алмайды, оққа ұшады. Осы кезде жаралылар арасынан кеңес жауынгерлері пулеметші Алексей қолына қару алып фашистермен жалғыз өзі ұзақ соғысады. Оларды штабқа жақындатпайды. Автоматта оқ жаудырып, граната атып фашистерге тойтарыс береді. Бірнеше рет ауыр жараланғанына қарамастан бекінген орнынан шегінбейді, құтылып шығып жан сауғалайтын деп те ойламайды [6.51 б].

Следующая тайна, скрытая в орнаменте – экономическая. Все, что принадлежало человеку в его мире, он в форме символа клеймил и указывал на личную принадлежность. Рисуя различные знаки, он в первую очередь метил «свое», пытаясь уже во вторую очередь придать своему оружию силу, продукту труда – легкость, надежность, красоту, особенность и защиту.

Возможно, не сакральность, а элементарный прагматизм двигал человечеством в изобретении орнамента. И поэтому орнамент – не произведение искусства, но и зашифрованные счета купцов, амбарные книги ростовщиков, бухгалтерские счета... Орнаментальные знаки-символы можно трансформировать в числа, числа – в буквы, а буквы – в сакральные для многих слова – собственность, мое, богатство... Но это тема отдельной главы. [4,с.2]

В моем понимании орнамент-это точность, счет, равенство, равенство, гармония, соответствие, декоративность, артистизм, соответствие, чистота, нежность, очарование, рассудительность, теплота, красота, созерцательность, интеллект, интеллект, доброта настроения, солнечное время, радужный период, Светлый мир, вдохновение для настроения, прививает радость, воспитывает ловкость, деловитость, мастерство, гибкость.

Орнамент-это любовь к искусству, страсть к красоте. Сердце резчика будет теплым, нежным. В нашем ремесле, возрожденном с момента обретения нашей страной независимости, наблюдается прорыв, целенаправленный поворот, основанный на интересах нации.

Орнамент-это знак руки нашего народа, который не подлежит выцветанию, исчезновению. Ювелиру, резчику, мастеру, который нашел нужное место в этих видах орнаментов, очень поможет. Наш народ преданно относился к традициям, обычаям предков, культурному наследию. Очевидно, что сохранение наследия таких предков, развитие нашего культурного наследия является главной целью каждого гражданина нашей суверенной страны.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Зейнолла Модница. Собрание многотомных произведений / том VII. – Алматы: Изд-во» Ан Арыс», 2017. <https://e-history.kz/ru/news/show/32356>.

2 Интернет-материалы образцы, достижения Казахской национальной одежды Академии моды Сымбат <https://symbat.edu.kz/rubric/aboutus/rukovodstvo?prof=1>.

3 Интернет-материалы «Тайны казахского орнамента» <https://exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/125671/>.

4 Научно-исследовательская работа. «О чём молчат орнаменты» <https://nsportal.ru/ap/library/nauchno-tekhnicheskoe-tvorchestvo/2013/10/28/nauchno-issledovatel'skaya-rabota-uchashchikhsya>.

5 Научно-исследовательская работа. «Қазақ халқының ою-өрнек әлемі» <https://uchitelya.com/nachalnaya-shkola/118681-prezentaciya-aza-halyny-oyu-rnek-lem.html>.

## ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

КУСНИДЕНОВА М. А.

9 «Г» сынып оқушысы, № 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі, Павлодар қ.

АРАПБАЕВ Ж. Қ.

№ 17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебі, Павлодар қ.

Сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың өткен өмірі қазіргі таңда көпшіліктің, соның ішінде жас буынның қызығушылығын тудыруда. Халықтың, келешек ұрпақтың бойында ұлттық сананы, ұлттық рухты қалыптастыратын шынайы тарихты жазу – тарихшылардың алдында тұрған басты міндет. Бұл салада Президентіміздің бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша орасан зор істер атқарыла бастады. Тарихпен бірге тарихи сана да өзгерді демекші, соңғы жылдары елімізде болып жатқан қоғамдық тарихи қатынастардың өзгерістерге ұшырауы қоғамдық санаға да тікелей әсер етуде. Тарихқа үнілу көшпелілердің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін, оның ішінде «әскери өнерді» білу міндетін жүктейді. Қазақ халқының өткен тарихындағы атүсті зерттелген мәселелердің көпшілігі бүгінгі заман талабына сай қайта қаралып жатса, кейбір мәселелер бойынша терең зерттеулер жүргізілуде. Қазақ хандығының нығаю, күшею процесі және халық ретінде тарихи сахнада өзін-өзі танытуы жайдан-жай келе қойған жоқ, ол ұзақ уақытқа созылған жер үшін, бейбіт өмір үшін қан төгіскен, шабысқан, атысқан табанды күрестердің, осы күрестер барысында халықтың соғыс ісіне бейімделуі мен шындалуының, қазақ хандарының шебер жүргізген дипломатиялық және әскериқолбасшылық саясаттарының нәтижесінде келді. Қазақ халқының әскері қазақ жерін, халқын сыртқы жаулардан қорғау, өзінің жер аумағын ұстап тұру және кеңейту мақсатында өз заманының және алдындағы дала көшпелілері – түркі-монғол тайпаларының ғасырлар бойы шындалған әскери ісі мен өнерінің кейбір элементтерін өзінің өмір сүру салтына сай қабылдауы мен өзіндік тәлтіма көшпелі және мәдени- шаруашылық өмір салты дарытқан табиғи әскери іске бейімделу нәтижелерінде қалыптасты. Әскери өнердің құрамдас бөлігі болып есептелетін жекпе-жектің де аталған жүйеде алатын орнын тиісті деңгейде қарастыру қажеттігі туындайды. Түркі-монғолдардың әскери өнерінің заңды мұрагері – қазақ әскери жүйесі де өз бойына көшпелілердің барлық

жетістіктерін сіңірді. Соның ішінде, әсіресе, батырлар жекпе-жегін ерекше атап өту керек. Батырлар жекпе-жегі – әр ұрыс алдында екі жақтың күштерін сынасу мақсатында өткізіліп отырған, жауынгерлік борыш болып есептелген батырлардың дәстүрлі міндеті ғана емес, ол әскери өнердің шындалған бір көрінісі іспеттес. Соғыс атаулының ең қызықты да шешуші бөлігі болған батырлар жекпе-жегі, батырлардың жауынгерлік тұлғасы жас ұрпақты тәрбиелеуге үлгі, әрі сабақ болуы тиіс.

1. Қазақ әскери өнерінің қалыптасуы

1.1 Шаруашылық – көшпелілер әскери өнерінің қалыптасуындағы негізгі фактор

Көшпелі өмір сүрген тайпалардың шаруашылық түрлеріне байланысты жайылымдық жерлердің табиғат ерекшеліктерін ескере отырып, төрт түліктің жайылымына қолайлы жер таңдай білуі қажеттіліктен туындаған. Профессор В.Н. Кунның Орта Азияның табиғат жағдайларын зерттей келіп жасаған тұжырымдамасында жазық жайылымдық жерлер түйе мен қой бағуға өте тиімді әрі қолайлы екендігі туралы баяндалады. Таулы жайылымдық жерлердің ең негізгі ерекшелігі шабындық шөптердің төрт түлікті асырауға аса қолайлылығы еді, ірі қара мен жылқы малын көктем мен күзде ғана емес, сонымен қатар жазда да, ал қар аз түскен жағдайда, бүкіл қыс бойы азықпен қамтамасыз еткен. Әсіресе биік таулы жайылымдардың шөбі шүйгінді, құнары мол болды. Ерте кезден бері таулы аймақты елдердің жайылымдық жерлері мал өсіруші көшпелілерді қызықтырған, оларды таудың вертикалды ерекшелігіне сай, төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге көшіп жүруге мәжбүр етті. Сөйтіп, көшпелілер толқыны жазда таулы аймаққа ауып, қыста жазықтық жерге көшіп отырған. Сондай-ақ, көшпелілер таулы жайылымды және өзен аңғарларын игерген соң, ірі қара мен жылқы басын көбейтуге мүмкіндік алады, ал құмды жайылым мен жусанды даланы мекен еткен көшпелілердің түйе мен қой бағуы басым болды. Жайылым түрі табынның бағытын анықтайды, ал көшпелілердің мекені табынның икеміне орай, жайылым түрімен тығыз байланыста болды. Қыста көшпелілердің негізгі толқыны өзен аңғарлары мен теңіз жағалауына таяу жерлерге орналасып, жазда солтүстікке, орманды аймақ пен шөпті далаға көтерілген. Осыған сай, күзде жылқылар семіз болғанда, отырықшы аймақтарға өздерінің қанды шапқыншылықтарын бастаған. Қазірдің өзінде ауқымды кең жазық алқапты жерде шаруашылықтың бір түрі – экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы көп ғасыр бойы

үстемдік етті десек, қателескен болмас едік. Көшпелі экстенсивті мал шаруашылығының мынадай негізгі ерекшеліктерін айқындауға болады:

1. Көшпелі мал шаруашылығы азықты алдын-ала дайындау науқаны мен малды қорда ұстауды қажетсінбеген. Мал жайылымда өне бойы болған және қажетті жем-шөбін өзі тауып отырған;

2. Жоғарыда айтқандай, азықты өзі іздеп табуда тәулік бойы үнемі қозғалыста болады, ал қозғалыс қашықтығы жем-шөптің молдығы мен сапасына байланысты болады;

3. Әр аймақтың жайылымдық азығының жарамдылығы, өсімдік құрамы мен өсіп өну дәуіріне байланысты әр маусымда ауысып отырған. Маусым аяғындағы жайылымның азаюы мал азығын басқа жайылымнан іздеуге мәжбүр еткен;

4. Табынның маусымдық қозғалысы жайылысқа, өріске айдауға, бағуға ұласады, яғни бір жерден екінші жерге қозғалу мақсатында табынды саналы түрде басқарып, табынға қажетті жайылымдық жерлер ұйымдастырылып отырған;

5. Саналы адам еркінің араласуы, табынның көбеюі мен өмір сүру жағдайына айтарлықтай өзгерістер енгізеді. Егер адам өзі осы табынмен күн көріп отырса, демек ол табынды жыртқыш аңдар мен табиғат апаттарынан қорғауға мәжбүр болады.

Қозғалыстар адам қабілетінің арқасында керекті жайылымдар мен су аңғарларының бойына таяу ауысып, малды құнарлы шөптесін жерлерде ұстауды және оларды азығы мол жерлермен айдауын қамтамасыз етті. Осыдан барып қыстау мен жайлау пайда болып, көктем мен күзде осы екі аралықта көшіп жүру қалыптасады. Адамға осындай табынды иемдену үшін көп нәрсе қажет бола бастады. Бұл алдымен белгілі бір мал түрінің қажеті мен мінезін білуді, өсімдіктің азықтық пайдасын, кеңістіктегі шөп түрлерінің орналасуын және қысы-жазы, күні-түні айна-қатесіз бағыт таба білуді міндеттейді. Көптеген ғасырлар бойы адам бақташы болу жолында тәжірибе жинақтау үшін, аңшылық пен терімшілік кәсібі жолынан өтеді. Кейінірек кезеңде аңшылықты кәсіп еткен тайпалар бақташы көршілерінің малдарын басып алу мен айдап кетуі нәтижесінде бірте-бірте мал бағудың қыр-сырын үйрене отырып, өздері де бақташылыққа көше бастады. Аңшылық кәсібі ұзақ уақыт бойы халық шаруашылығының жетекші саласы болып келсе, енді оның орнын мал шаруашылығы басты. Дегенмен, әскери өнердің қалыптасуында аңшылықтың орнын ерекше атауға болады.

Өйткені аңшылық әскери маневрді, әскери қимылдарға даярлықты жетілдірген.

#### 1.2 Қазақ әскери өнерінің қалыптасу кезеңдері

Еуразияның кең даласы б.з.б. I мыңжылдық пен XIX ғасыр аралығында мал шаруашылығымен айналысушы көшпелі тайпалар мекен еткен аймаққа айналды. Өзінің даму жолында далалық қоғам шаруашылықтың осы түріне тән ерекшеліктер бойынша дамыды. Көшпелілердің әскери жүйесі көрші жер өңдеушілердің әскери жүйесінен әлдеқайда басым болды. Ол басым бағыттарды атап айтар болсақ, рутайпалық жасақтың көп уақыт сақталуы, ірі атты қолдың маневрлік шапшандығы, қақтығыстан уақтылы жалтару мүмкіндігі, далалық алқапты тиімді пайдалануы, ал кемшілігі – оларда қолданбалы қолөнердің әлсіз дамуы еді. Далалық әскери жүйе бірден қалыптасқан жоқ. Оның бастауын біз сақ-скиф дәуірінде көреміз. Көшпелі мал шаруашылығы қалыптасып, шаруашылықтың жетекші саласына айнала бастайды. Сол кездегі сақ жауынгерлерінің Кир мен Дарийге қарсы соғысы далалық соғыс өнерінің өшпес үлгісін көрсетіп берді. Батыр атты садақшылар елі, семсерге табынып, жеңілген жауының бас терісін кесіп алып, бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасаған сақ-скифтер көршілерінің жадында мәңгі қалады. Дегенмен, сақ-скиф қоғамында әлі де болса, далалық әскери жүйенің толық жетілмегенін байқауға болады. Оның бір белгісі сақ-скиф әскерінің негізі жаяу жауынгерлерден тұрғанында. Оны сол кездегі қоғамның әлі ескіліктерден арылмауынан және шаруашылығының, атап айтсақ, жылқы ұстаудың жеткіліксіздігінен көруге болады. Сол сияқты қарудың да әлі дамымауы басты себептердің біріне жатады. Негізгі қарулары – садақ, қысқа сапылы найза, балта және акинак. Әскер құрамы мен қару-жарағы ұрыс барысын айқындайды – садақпен ретсіз оқ жаудыру мен бүкіл ұрыс шебінде тәртіпсіз қоян-қолтық шайқасқа түсу жиі қолданылған. Дегенмен, б.з.б. IV ғасырда көсемдердің салт атты жасағы маңызға ие бола бастайды. Олар ұрыс барысында алғы шепте орналасып, негізгі іс-қимылдарды жүргізген. Далалық әскери жүйенің дамуына әсер еткен келесі бір қадамды сармат, ғұндармен байланыстырамыз. Бұл кезеңде (б.з.б. III ғ. – б.з. IV ғ.) далалық әскери өнердің басты жаңалығы – ол сарматтарда тікелей шабуыл мен қоянқолтық айқасқа арналған ауыр қаруланған сауытты атты әскердің қалыптасуы. Оның пайда болуы ұшында темірі бар ауыр, ұзын найза мен қорғаныс жарақтарының дамуымен байланысты болды. Сарматтардың бір ерекшелігі – оларда дамыған

мал шаруашылығымен қатар, дамыған жер өңдеу шаруашылығының да қатар өмір сүруі. Сондықтан сарматтарда жаяу әскердің орны болды.

## 2. ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ШЫҢДАЛҒАН ШЫҢЫ - ЖЕКПЕ-ЖЕК

### 2.1 Әскери өнердегі жекпе-жектің орны

Майдан алдында атақты жауынгерлердің жекпе-жек айқасын өткізу – өткен ғасырларда, бұрынғы замандарда барлық халықтардың әскери сословиесіне ортақ дәстүр. Еуропа рыцарлары, жапон самурайлары, Үнді кшатрийлері соғыста жекпе-жек өткізуді жиі қолданғанын олардың эпикалық жырларынан, тарихи шежірелерінен көруге болады. Көшпелі халықтарда да айқастар көбіне батырлар жекпе-жегімен басталатын. Көшпелі түркі-монғол халықтарының батырлық эпостары да жекпе-жек айқастарды суреттейтін сюжеттерге толы. Батырлар жекпе-жегінің мақсаттары аз қантөгіспен, тәжірибелі кәсіби жауынгерлердің жеке айқастарымен соғыс тағдырын шешу, айқас алдында жауға күш көрсету, жаудың басты батырларын құрту, екі жақтың батырларының күшін сынасу. Бір жақтың батырлары өте басым түскен жағдайда, қарсы жақ кейде соғысты жалғастырмай, кері шегініп кететін де болған. Жекпе-жекке қатысу - батырлардың жауынгерлік борышы. Жекпе-жекте жау батырын жену, батырлардың атағын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, оған қатысу абырой да саналған. Жеңімпаз батырлар әскердің, елдің ұранына айналып, жекпе-жек айқастарда қаза болғандардың есімдері өзі шейіт болған жерге қойылып, елі үшін жанын пида қылған ерлер есімі кейінге сақталып қалатын. Айқас алдында батырлар жекпе-жегі өткізу қазақтарда ХІХ ғасырға дейін сақталып келді. Ақтабан шұбырынды кезінде қазақ пен қалмақ батырларының жеке айқастары тарихи жырларда көп айтылады. Кенесарының қырғыздармен соғысында да қазақ-қырғыз батырларының жекпе-жегі өткізіліп отырған. Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісі кезінде Исатай мен Қарауыл қожа әскер кездескенде де батырлар жекпе-жегі өткен. Жекпе-жекте жеңіске жете берген Исаған батырларының сұсынан сескенген Қарауыл қожа әскерін шегіндіріп алып кетеді. Көшпелі батырлар мен көршілес отырықшы халықтардың әскерлерінің жекпе-жек айқастары ол халықтардың әдеби, тарихи жазбаларында айтылады. Иран мен Тұран батырларының жекпе-жегі «Шахнамедә», ертедегі Русь богатырлары мен қыпшақ батырларының немесе орыс және Алтын Орда жауынгерлерінің жекпе-жегі орыс жылнамаларында суреттеледі. Бұл жекпе-жек айқастарды олардың бейнелеу өнерінің

әскерткіштерінде, миниатюраларында көруге болады. Көшпелі халықтардың петроглифтерінде де батырлардың жеке айқастары бейнеленген. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, батырлық жырларда, батырлар туралы ертегілерде жекпе-жек айқастар жиі суреттеледі. Ауыз әдебиеті мен бейнелеу өнері материалдары батырлар жекпе-жегінің өткізудің қалыптасқан өзіндік жолы болғанын көрсетеді.

### Қорытынды

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының әскери өнері оның әскери-тарихи болмысын айқындап берді. Көшпелілердің әскери жүйесінің мұрагері қазақтар өз заманына сай аталған өнерді одан әрі дамыта білген. Әскердің құрылымы, соғыс жүргізу тактикалары мен маневрлік әдіс-айлалары, ұрыстың барысына ықпал еткен батырлар жекпе-жектері, жауынгерлердің рухани және тұлғалық болмысы, қазақ әскери өнерінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Жекпе-жекке шығатын кәсіби жауынгерлер соғыс тағдырына тікелей ықпал ететін күш болды. Алайда жекпе-жек әскери жүйеде әлі де өзінің тиісті бағасын ала алмай келеді. Қазақ әскери өнеріндегі жекпе-жек, негізінен, ауқымы кең, тың тақырып. Демек, өзінің кезегін күтіп тұрған, әлі зерттеуді қажет ететін күн тәртібіндегі мәселе. Жекпе-жек – ұрыс не майдан алдындағы батырлардың жеке айқастары, оған қатысу батырлардың жауынгерлік борышы саналған. Өз ісіне машықты кәсіби жауынгерлер аз қантөгіспен, жеке айқастарымен соғыс тағдырын шешіп отырған. Жекпе-жекте жау батырын жену, батырлардың атағын шығарып, дәрежесін өсірген. Қазақ әскери өнеріндегі жекпе-жектің орнын мынадай белгілермен көрсетуге болады:

1. Жекпе-жектің әр ұрыстың алдында өткізілуі, яғни соғыс бастамасына тікелей әсері;
2. Тәжірибелі кәсіби батырлардың жеке айқастарының ұрыс тағдырына ықпал етуі;
3. Жекпе-жек айқаста қаудың басты батырларын құрту;
4. Ұрыс алдында жауға күш көрсету, мысын басу;
5. Екі жақ батырларының күш сынасуы.

Көп ғасырлық тарихы бар қазақ елінің басынан небір қиын кезеңдер өтті. Осындай сәтте елінің тыныштығы мен тағдырын ойлаған батырлар атқа қонып, өздерінің өшпес ерліктерін жасады. Қалмақтармен шайқастарда қазақ батырларының аты шығып ел арасына атағы жайылды. Сондай батырлардың көбі өз ерліктерін тікелей жекпе-жек айқастарда жасаған. Қорытындылай келе,

әскери жүйенің құрамдас бөлігі ретінде жекпе-жектің алатын орны ерекше екенін көрдік. Жекпе-жек-әскери өнердегі жауынгерлердің жетістіктерін айқындайтын батырлар айқасының төресі. Қазіргі таңда жекпе-жектің майталман батырлары жастарымыз үшін зор үлгі бола алады. Ұрпақ бойында ержүректік пен батылдықты қалыптастыруда жекпе жек батырларының тұлғасы мен ерліктерін насихаттау, олардың моральдық этикасын бүгінгі күнмен байланыстыру – қазіргі жас тарихшылардың еншісі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX в. – Алматы. – 1966.
- 2 Жақып Б.Ө. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы. – 2011.
- 3 Тасболатов А.Б, Мұсаев Т. Қазақтың хас батырлары – ғылыми танымдық энциклопедиялық жинақ, Алматы: Ел-шежіре баспасы. – 2022.
- 4 Аршабеков Т., Жұмабеков Ж., Жұманова А. Арқа батырлары, Қарағанды: Тенгри баспасы. – 2019.
- 5 Есмағамбетов К. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз // Қазақ тарихы. – 2007.

#### ПАВЛОДАР ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫМЕН КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ, ҚАЗАНҒАП БИ

АХМЕДИЕВА М. К.

тарих пәнінің мұғалімі, Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені, Павлодар қ.

ҚАСЕН А. Ж.

9 сынып оқушы, Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені, Павлодар қ.

Тарихымыздың ажырамас бөлігі болып саналатын әр аймақтың қала мен елді мекендердің тарихын зерттеп зерделеудің сондай-ақ әр өлкенің дамуына елеулі үлес қосқан тарихи тұлғалардың есімін ұлықтап, танып білудің өзектілігі арта түсуде. Осы орайда жастар еліне қадір тұтқан тұлғалардың жасаған еңбектерін үлгі тұтып, Павлодар-Ертіс өңіріміздің тарихын біліп, біліммен сусындап өсуі тиіс.

Павлодар өңірінің тарихы 1720 жылдан басталған жоқ, бұл өңірдің тарихы сонау сақ дәуірі мен ғұн тайпаларынан бастау алып, YI-XVII ғасырларды қамтитын орта ғасырлардың түркі,

түргеш, қимақ, қыпшақ тайпалары өмір сүрген тарихи және мәдени өзгерістер мен дамуларды басынан кешірген киелі өлке.

Кейінгі орта ғасырдан бері Қазақстанның солтүстік шығысында орналасқан киелі Павлодар өлкесі ақындарға, әулиелерге, батырлар мен әнші-жырауларға, ғұлама ғалымдарға, жазушыларға, өнерлі қоғам қайраткерлеріне бай. Өңірінің тарихы қазба жұмыстары мен ауыз әдебиет арқылы және тарихи жазба деректер арқылы бізге мәлім. Ертіс өлкесінде XYIII ғасыр мен XX ғасыр арлығының өзінде көптеген ғұламалар белгілі [1, 3 б.].

Ертіс өңірі көптеген архиологиялық комплекстері мен киелі орындарның ең ежелгілеріне «Драверта үңгірі», «Олентин жазулары», Ақбидайық петроглифтері сондай-ақ Торайғыр сақ қорғандарында, «Алтын жал», Кемпіртас және Ақмола қорымдарында кешенді тарихи-археологиялық жерлерде жатады.

Республикалық мәндегі объектілерге: Ақкөл-Жайылма қалашығы, Қоңыр әулие үңгірлері, Құмыра үңгірі, Әулибұлақ, Телебұлақ бұлақтары, Айманбұлақ, Тас кереметтері шатқалдары, Рахай және үшсала шатқалдары, жазуы бар тастарға: «Тас ғажайыптарының алқабы», «Ат басы», «Ожаутас», «Тақиятас» шыңдары жатады. Тас колонналар адам ағзасының сәби шағынан бастап көрі шағына дейінгі эволюциясын көрсетеді. Бұл ғажайып - табиғат жаратылысы.

Ақкөл-Жайылма қалашығы. Ақкөл-Жайылма Павлодар облысының Екібастұз ауданында ұшатын құстың канаттары шаршаған өлке деп аталады. Жергілікті Ақкөл, Әуликөл деп аталады. Жазылған мәлімет бойынша Ақкөл-Жайылманың қазақ тарихындағы маңызы Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау сияқты танылған тарихи орталықтардан кем емес деп болжауға болады. Ақкөл-Жайылма маңы Олента және Шідерті өзендерінің төменгі ағысында үлкен жерді алып жатыр. Табиғаттың әсемдігі мен байлығымен ерекшеленеді, ол ғибадатханаларды жерлеу ордасы болып саналады.

Әуликөл қорымының қасиетті бөлігінде зерттелген екі кесененің-күмбезінің өлшемі 19x12 м болған. Кесененің бірінші бөлмесі-зиаратхана, намаз оқуға және қайтыс болғандарды еске алуға арналған. Ол сегіз қырлы пішінге ие және күмбездің астында, құрылымның орталық бөлігінде орналасқан. Екінші бөлме – гурхана көшпелі элитаны жерлеуге арналған.

Ақкөл-Жайылма жерінде хандар сайлауы өткізілген. Солардың бірі-Бөкей Барақұлы, 1817 жылы 30 мамырда Орта жүздің ханы

болып сайланған. Жиналысқа Абылай ұрпақтарының беделін басу үшін Ресейден әскери басшылар келіп, қазақ сұлтандарының Ақкөл-Жайылмаға жиналуына тікелей әсер еткен. Ақкөл-Жайылма төңірегіне байланысты қазақ аңыздары зерттеуді әлі де қажет етеді [2, 15 б.].

Қоңыр Әулие үңгірі. Қоңыр әулие немесе Әулиетас үңгірі–Баянауыл өлкесі тарихының ескерткіштерінің бірі. Ол Жасыбай көлінен үш шақырым жерде орналасқан және өлке адамзаттың ұрпағы – Бай-ана болатын жер болып саналады. Ежелгі заманнан бері Қоңыр әулие үңгірі Құдіретті Құдайға арналған дұғалардың орындалуымен танымал.

Үңгір жер қыртысының тектоникалық плиталарының қозғалысы мен табиғаттың сыртқы табиғи әсерінен (жел, жылу, жаңбыр) пайда болғандығы атап өтілді. Қоңыр әулие үңгірінің ғажайып күшіне табыну-ежелгі ғұрыптардың бірі, оның тамыры Тас дәуірінің жабайы табиғатына жатады. Үңгір-ғажайып күшке ие болған түбіндегі судың арқасында қажылық орны. Ол барлық ауруларды емдейді деп саналады, ал үңгірде түнеп, Құдайдан дұға еткісі келетін әйелдер шынымен ана болады. Белгілі ойшыл Мәшһүр-Жүсіп үңгірдің қасиеттілігін мойындай отырып, оны «әулиелер өз күшіне ие болатын жер»деп сипаттады.

Жасыбай Өмірұлы 1716-1741. Жасыбай Өмірұлы жоңғарларға қарсы күрескен, аңызға айналған қазақ батыры. Ғалымдардың пайымдауынша, Жасыбай 1716 жылы туып, 25 жасында қайтыс болған. Оның әкесі Өмір, шешен әрі тапқыр адам, ал анасы әйгілі қазақ батыры Олжабайдың қарындасы болған. Көбісі оны «Олжабайдың жиені» деп атапты. Батыр Жасыбай туралы Н. Коншиннің еңбектерінде, халық дастандарында, аңыздарда, ауызша дәстүрлерде көп жазылған. Оған «Ер Жасыбай» дастан арналған. Жасыбай батыр туған жері үшін күресіп, өз халқын қорғап қаза тапқан. Осы қаһармандығы үшін халық оны құрметтейді және еске алады. Ол соғысқан Баян тау тауындағы асу «Жасыбай асуы» деп аталды. Көл де оның есімімен аталады.

Малайсары Тоқтауылұлы (1708-1754 жж.) – Павлодар облысының қазіргі Май ауданында дүниеге келген қазақ халқының көрнекті батыры. Қазақ тарихында Малайсары батыр елші және қоғам қайраткері ретінде танымал. Ол қазақтардың Ресейге қосылуына қарсы болды. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатты, екі хандық арасындағы бейбіт реттеу саясатының жақтаушысы болды, жоңғарларға қазақ елшісі ретінде жіберілді.

Ш. Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы батырлар туралы аңыздар» мақаласында батыр Малайсары Абылай ханның ең құнды батырларының бірі ретінде атап өтілген. Бұл қазақ тарихындағы батыр туралы алғашқы жазбалардың бірі. Абылай хан Малайсары-батырды жоғары бағалады: «Малайсары – байлықта да, батыллықта да бәрінен асып түсетін батыр». Батыр Галдан Церенге қарсы жорыққа шыққанда қаза тапты.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Қазақтың ұлы баласы, ақын, ағартушы, фольклор жинаушы Мәшһүр-Жүсіп 1858 жылы Баянауылдағы Қызылтаудағы Найзатас ауылында дүниеге келген. Сол кезде Шыңғыстауда Шәкәрім Құдайбердиев дүниеге келді. Адам-Машхурдың шын аты, оған азанды оқығаннан кейін берілген. Мәшһүр Жүсіп Көпеев бала кезінен жан-жақты, білімі терең адам болды. Жеті жасынан бастап ол фольклор үлгілерін жинай бастады. Он бес жасынан бастап поэтикалық шығармалар жазады. Ол 100 ден астам тарих, фольклордан, әдебиеттен, тілден, этнографиядан, философиядан және медицинадан ғылыми мақалалар жазған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірінің соңғы кезеңі туралы халық арасында көптеген әңгімелер бар. Ақын 1931 жылы туған ауылында қайтыс болды.

Павлодар қаласының орталығындағы бас мешіт, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына арнап салынған.

Исабек Хазрет (1792-1871) Исабек Ишан Хазрет Павлодар облысы Екібастұз ауданындағы Ақкөл-Жайылма қаласында жерленген. Исабек Ишан Хазрет исламды дамытқан алғашқы миссионерлердің бірі, белгілі философ Машхур Жүсіп оның шәкірті болған. XVIII ғасырдың ортасында Исабек Ишан осы ежелгі Ақкөл-Жайылма қаласында білім алған. Исабек Ишан өз заманының діни тұлғасы, Алланың адал жолында болған оның ұрпақтары исламды таратты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұстазы Исабек Ишан қайтыс болған кезде ұзақ аза тұту әуенін жазды:»Біз Исабек Хазрет ретінде баға жетпес ишаннан айырылдық».

Ғабдыл-Уахит хазірет (1853–1926) – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі діни қайраткер. Хазірет қазіргі Павлодар облысы Шарбақты ауданындағы ауылдардың бірінде дүниеге келген. Алғашқы білімді молдадан алған ол оқуын алдыңғы қатарлы мұсылмандық білім беру орындарында жалғастыру бел буады. Білім қуып Бұқараға кетіп,



сол жақта қаланың бай діни дәстүрлерімен танысып, ислам дінінің негізін тереңінен зерттеді.

Туған елге оралған соң бүкіл ғұмырын халыққа қызмет етуге арнап, ағартушылықпен айналысты. Шарбақты ауданындағы Есілбай ауылында медресе ашып, көпшілікті оқытты. Кейін хазірет Арбиген ауылына жақын жерде мешіт салып, сонда имам болды. 1926 жылы Ғабдыл-Уахит хазірет қайтыс болған соң оның зираты көптеген мұсылманның зиярат етер орнына айналды [3, 17 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856) — белгілі би, шешен. Орта Жүздің Арғын тұқымынан шыққан. Павлодар облысының Баянауыл маңында дүниеге келген.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Арқа өңіріне кең танылған ірі саяси қайраткерлердің бірі.

Қазанғап Сатыбалдыұлы қазақтың атақты батыры Малайсарының үзеңгілес досы Байдаулет батырдың шөбересі, елінің төбе биі, болған адам. 1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап би Баянауыл округінің аға сұлтаны болған.

1820 жылдары Орта жүз қазақтарының жерінде алғашқы округтер құрыла бастағанда Қазанғап Сатыбалдыұлы дербес Баянауыл округін құру үшін көп еңбек сіңірген. Аға сұлтан қызметін атқарып жүргенінде жергілікті Омбы әкімшілігінің алдында қазақтардың қамын жеп, мүддесін қорғаған. Орыс деректемелерінде Қазанғап Сатыбалдыұлының болмысын айқындайтын «парасатты, адал, шыншыл азамат» деген мәліметтер кездеседі [3, 20 б.].

Қазанғап би мал шаруашылығы және егін шаруашылығымен айналысқан ірі кәсіпкер, халыққа жанашыр, демеуші болғанын тарихи деректер айғақтайды. Мысалы, Қазанғап Сатыбалдыұлы 1843 жылы дуанбасы болған соң қызметін дуанға мешіт салдырудан бастаған. Оған молда ретінде татар Ғабдулғафар есімді азаматты тағайындаған. Осы молдамен бірге еріп келген Рамазан деген татар жігітін Қазанғап қолынан ұстап, сауда-саттығын жүргізетін көмекші еткен. Ол қамқоршысының тапсырмасы бойынша бүкіл Сібірді, Ірбіт, басқа да ірі жәрмеңкелерді аралап, сауда-саттық жүргізген. Би арқаның бір бөйтерегі іспетті кісі болған. Оны атақты Шөже ақынның Ертіс бойын аралап жүріп шығарған мына өлеңінен байқауға болады:

«Тұсында Керекудің Апай, Бөрі, Жаксының күнде жиын жүрген жері.

Жол бермей азулыға қарсы тұрған. Қазекен өткен екен кеменгері».

Халық арасында сақталған аңызда Қазанғап өткір тілді, шындықты тура айтатын шешен адам болған дейді. Сондықтан бұл жөнінде: «Шоң би сөйлегенде, қара арғымақты суға батырады, ал Қазанғап сөйлесе, сол арғымақты судан алып шығады» дейді екен. Абайдың әкесі, 1849-1852 жылдары Қарқаралы округін басқарған Құнанбай Өскенбайұлы Қазанғап Сатыбалдыұлының үйіне жиі тоқтап, сыйлы қонағы, сырлас жолдасы болған [4, 3 б.].

Қазанғап би қазіргі Павлодар облысының Ленин кентінде медресе салғызып қазақ жастарының білім алуына қолғабыс тигізген. 1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлы қайтыс болғаннан кейін Рамазан Қызылжар, Омбы қалаларынан күйдірілген қызыл кірпіштер мен ақ мәрмәр тастар алғызып, басына ақ күмбезді кесене тұрғызып, мәрмәрдан ескерткіш орнатқан. Кеңес өкіметі кезінде Қазанғап кесенесі бұзылып, кірпіштері ауылдағы фермаларға жұмсалған. Баянауыл тауларында «Қазанғаптың асуы», Баянауылға кіреберісте Төлеу бұлағының жағалауында «Қазанғаптың қоралары» атты жерлер бар. Ақсу қаласы Қызылжар ауылының маңындағы «Ақмайдан» көлінде Қазанғап би мен Шоң би және басқа да билердің ресей патшалығына барар алдында алқа жиынын өткізген жері бар.

Қазанғап бидің жерленген жері қазіргі Ақсу ауданы Қанаш Қамзин атындағы шаруашылыққа қарасты Балықшы ауылының жанындағы үлкен қорымда орналасқан .



Сурет 1 – Қазанғап би ескерткіші      Сурет 2 – Ақмайдан көлі

2008 жылы қазан айының басында Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында Қазанғап би Сатыбалдыұлының ескерткіші орнатылды [5, 2 б.].

Қорытындылай келе біз Павлодар өңірінің тарихи тұлғалары мен киелі жерлері, Қазанғап бидің өмірі мен тарихи оқиғалары

жайлы қызықты мағлұматтарды, тарихынан көптеген қызықты фактілерді білдік. Шынында да, орта ғасырдағы елді мекендердің атауларын, олардың орналасқан жерін, нәтижесінде жер мен тұлғалардың өміріндегі тарихи оқиғалармен байланысын түсіндік.

Атқарылған жұмыс барысында біз Павлодар-Ертіс өңірі туралы тарихи білімімізді кеңейттік, өңірімізде өмір сүрген батырлар, ғұламалар, билер мен киелі жерлер, Қазанқап би өмірі мен тарихын, шыққан тегі мен кәсібін, халыққа жасаған жақсылығын біліп анықтадық.

Әр адам өз Отанының тарихын, өз отбасының тарихын білуі керек, киелі жерлері қасиетін бағалау керек. Сондай-ақ өз өлкесінің тарихи тұлғалардың рухани, тарихи-мәдени мұрасын сақтай білуі, құрмет тұтуы қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иоакаева М. Ж., Иоаканова С. Ш., Шахмегова Ш. Б. Павлодар өңірінің ақын-жазушылары-Павлодар, 2004.

2 Захаренко А. Л., Косяков Б. К., Мерц В. К. История Пвлодарского прииртышья-Павлодар, 2003.

3 Бакин Н. С., Жанақова Н. Т. Қазақстан тарихы –Алматы «Атамұра» 2017.

4 Архив журнала «Ветер странствий» сайт. Семь сакральных объектов Пвлодарской области - <http://veters.kz/sem-sakralnyx-obektov-pavlodarskoj-oblasti/> [2013]

5 Павлодар қаласының тарихы - [https://cbspvl.kz/projects/Pamyatniki/1-histcity\\_kz.pdf](https://cbspvl.kz/projects/Pamyatniki/1-histcity_kz.pdf)

#### САҚ-СКИФ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТӘНТАҢБАЛАРДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

АБЫШЕВА М. Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназия, Павлодар қ.

ҚУАНЫШ А. М.

7-сынып оқушысы, Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназия, Павлодар қ.

Тәнтаңбалардың шығу тарихы ежелгі заманнан басталады. Тіпті сақ-скиф мәдениетіне негізделген «скифтік тәнтаңбалар» да бар. Сақ-скифтердің тәнтаңбалары ерекше, күрделі бейнелердің

алуан түрлілігімен, тәнтаңба салудың орнымен ерекшеленеді. Сақ-скифтерде тәнтаңбалар көптеген функцияларды атқарған. Олардың дүниетанымында тәнтаңбалар адамның әлеуметтік мәртебесін, жауына үрей тудырушы ретінде және мәңгі өмірге жолсерік рөлін ойнаған. Әлі күнге дейін Үндістанның кейбір аймақтарында марқұмның денесін өртегенде одан тек жанның әшекейі- тәнтаңба ғана қалады деген мәтел бар.

Аристотельдің шәкірті Клеарх Солийский скиф әйелдерінің фракиялық әйел-құлдардың маңдайына тәнтаңба салғанын, ал егер бостандық берілген жағдайда құлдық таңбаны көрсетпеу мақсатында құл-әйелдер беттеріне басқа тәнтаңбалармен безендіруге мәжбүр болғанын жазады.

«Тарихтың атасы» Геродот бекзат мәртебелі скифтердің өзгелерден айрықша тәнтаңбалармен ерекшеленіп тұрғанын жазған. Сондай-ақ сақ-скифтерде еркектер айбынды шайқастар мен атақты ерліктер жасағаннан кейін де тәнтаңбалар салдырған. Ал денелерінде мүлдем тәнтаңбалары жоқтар ешқандай құрметке ие болмаған[1, 235 б].

Б.з.ІІ ғасырында өмір сүрген грек дәрігері Секст Эмпирик скифтер мен сарматтар тіпті балаларға тәнтаңба салғанын жазады[1, 236 б].

Тақырыптың өзектілігі: тәнтаңбалар қазіргі жастардың мәдениетінде де, әсіресе батыста маңызын жоғалтпаған, бірақ жастар субмәдениетінде сол тәнтаңбалардың мағынасына үңілмейді, көбінесе әшекей қызметін атқарады. Қазіргі жаһандану заманында жастар субмәдениеті кең таралғандықтан, мән-мағынасыз тәнтаңбаларды, не болмасы қытайша иероглифтер салғанша, скиф-сақ өнерін қайта жаңғыртып, аң стиліндегі күрделі фантастикалық образдардың бір бөлшегін бейнелеп, арғы аталарымыз сақтардың өнерінің сабақтастығын білдіретін тәнтаңбаларды брендке айналдыру ұлы дала көшпелілерінің мәдениетін жаңғырту дұрыс болатын сияқты. Әрине тәнтаңба салу мұсылман әлеміне жат құбылыс, бұл ұсыныс батыс елдерінің субмәдениетіне арналып отыр.

Мен бұл мақаламда сақ-скиф мәдениетінен бастау алатын тәнтаңбалардың бастапқы кездегі мән-мағынасын зерттеп, маңыздылығын анықтадым.

Тәнтаңбаларда андардың жай ғана суреті емес, жыртқыштардың азу тістерін ашып жылқыны немесе басқа жануарды талап жатқан аң аулау көріністері жиі кездеседі. Бұндай суреттер сол халықтың дүнетанымдық қабылдауын білдіреді. Сақ-скиф тәнтаңбалардағы әрбір жануардың өзінің мағынасы болған, мысалы бүркіт немесе

басқа да жыртқыш құстар аспан әлемін, жыртқыш жануарлар жерасты әлемін, тұяқты жануарлар – бұл адамдар әлемі, яғни ажал құрығынан құтылмайтындар әлемін білдіреді[2, 176 б]. Қазіргі уақытта жыртқыштардың тәндегі суреті күш пен қуатты, ал шөпкоректілер жануардың өзіне тән қасиеттерін білдіреді. Мысалы тау ешкісінің суреті табандылық, жігерлілік, қыңырлық сияқты мінезді көрсетеді. Ежелгі скифтердің суреттерінде аяқтары бүгілген бұғы жиі кездеседі. Бұл тотемдік жануар о дүниеге апаратын жолбасшы болды. Бұғының заманауи мәні-бұл еркек күші мен бекзаттықты, жаңару мен қайта жаңғыруды білдіреді. Сондай-ақ бұл жануар өмірге жол сілтеуші, жарық, тазалық пен даналықтың көзі болып табылады[2, 217 б].



Сурет 1 – бұғы бейнесі



Сурет 2 – бұғы бейнесі

Аю түріндегі тәнтаңбалар күш, қуат пен ерлікті көрсетті. Жолбарыс, арыстан немесе бүркіт сияқты жыртқыш жануарлар ежелгі заманнан бастап билік белгісі саналды. Өздерінің күші мен ерлігімен даңқы шыққан скиф жауыгерлерінің денелеріне бұл жануарларды салуы тегін емес болатын[3, 12 б].


Ежелгі халықтар денелеріне денесі мен басы аспан мен жерді білдіретін грифондарды да бейнелеген. Сонымен қатар агрессияны көрсетпейтін, әскери мағынадан тыс та қаз (көптеген халықтарды бұл құс қозғалысты білдіреді), балық, өсімдіктер элементтерін(жапырақтар, гүлдер т.с.с) бейнеледі[4, 15 б].

Сақ-скиф тайпаларының түсінігі бойынша тәнтаңбалар зұлым рухтан қорғайды деп санаған. Көбінесе тәнтаңбаларда жануарлар образы денесі қырымен тұрған, бірақ басы адам қараған жаққа бұрылған кейпінде бейнеленеді. Бұл бағыт «скиф-сібірлік стиль» деп аталады[6].


Алтайда Пазырық қорғанында табылған археологиялық қазбалар нәтижесінде ашылған тарихи ескерткіштер дүниежүзінде сенсация тудырды. Пазырық қорғандарының бір ерекшелігі табылған мумияланған денелерде тәнтаңбалар бейнеленген. Тәнтаңбалар денелердің әр бөлігінде қара күймен салынғаны анықталды. Ғалымдардың айтуынша скиф халықтар тәнтаңбаларды салуда тамақ пісіретін қазанның түбіндегі қара күйені қырып материал ретінде пайдаланған. Пазырық қорғандарының №2 және №6 қорғандарында әр обада әйелмен еркектен жерленген төрт мәйіттің денелеріндегі тәнтаңбалар ерекше, №2 обада еркектің оң қолының білезіктен бастап саусаққа дейінгі аралықта басы саусақ жаққа қараған қалың құйрығы бар әтеш бейнеленген [6]. Ал әйелде сол жақ иығында тұяқты жануардың денесі мен жыртқыш құстың басы бейнеленген фантастикалық жаратылысты байқауға болады. Оң жақ иығында өні айналдырылған сауырымен арқар пішіні салынған, жануардың мүйізі қатты иілген, денесі мен аяқтары контурмен көрсетілген, артқы аяқтары қарамен боялып, қисық сызықпен өрнектелген. Сол қолының білезіктен жоғары жағында көптеген өскіндері бар бұғы мүйізі шынайы бейнеленген[6].

№5 Пазырық обасындағы табылған тәнтаңбалар: Бұл мысық тұқымдас жыртқыш жануардың бейнесі мумияланған еркектің иығында, арқасында, қолдары мен аяқтарына дейін созылған. Бұл тәнтаңбалардың ерекшелігі – Пазырық өнерінде сирек кездесетін жыртқыштың қырынан қараған сұлбасы. Сондай-ақ №5 обадағы мумияның денесінде жылқы, құлан, арқар сияқты тұяқты жануарлар,


күстар да кездеседі[6]. №5 Пазырық қорғанындағы еркектің сол иығындағы тәнтаңба. Бұл обадағы әйелдің тәнтаңбалары тұтас бір сюжеттік композицияны құрайды. Әйелдің сол қолында үлкен жыртқыш құс бұғының шүйдесіне жабысып алған жұлқылау көрінісі бейнеленген: бұғының алдыңғы аяқтары бүгіліп, артқы аяқтары лажсыз созылған, денесінің артқы бөлігі айналдырылған. Қорыта келгенде Пазырық қорғандарындағы бейнеленген тәнтаңбалар күрделі композициясымен, жыртқыш аңдардың жұлмалау сюжетімен ерекшеленеді.



Сурет 3 – № 2 Пазырық қорғанындағы еркектің сол қолындағы тәнтаңбасы



Сурет 4 – № 2 Пазырық қорғанындағы әйел денесіндегі сол иығындағы, оң қолындағы және білегіндегі тәнтаңбалар



Сурет 5 – № 5 Пазырық қорғанындағы еркектің сол иығындағы тәнтаңба.

Скиф тәнтаңбалары әр түрлі мән-мағынада қолданылған, олардың бірқатары қазіргі уақытта да сақталған:

– қорғаншылық: зұлым күштерден қорған қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ, мұндай тәнтаңбалар жамандық пен тіл-көзден сақтайды. Бұрынғы уақытта скифтердің суреттері жауларымен соғыста күш-қуат береді деп есептелген;

– мінез-құлық ерекшелігін көрсету. Скиф стиліндегі тәнтаңбалар иесі туралы көп мағлұмат бере алады;

– тайпаларға қатыстылығын көрсету. Тайпалардың символын белгілейтін тәнтаңбалар қатаң түрде арнайы бір жерлерге ғана салынған.

– тәнтаңба иесінің мәртебесін көрсету. Ежелгі заманда денеге салынған тәнтаңбаларға қарап басқа тайпалардың адамдары қандай да бір адамның иерархиядағы орнын ажырата алған[2, 175 б].

Сұлбасы өте күрделі болып келетін скиф тәнтаңбалары дененің кез келген жерінде салынған. Бірақ, ежелгі заманда тайпаларда тәнтаңбаларды салудың ережелері болған. Мысал үшін, иықта тайпаның символы бейнелеген. Мұндай нақты бір қоғамға қатыстылығын көрсететін тәнтаңбалар белгілі бір тайпаға жататын адамдардың барлығында болған. Көптеген тәнтаңбалар скифтерде саусақтарға салынған. Әсіресе скифтер аңыз бойынша адамның жаны орналасты деген түсінікпен тәнтаңбаларды бас бармаққа салуды ұнатқан. Бас бармаққа қорғаншылық, мінез-құлық ерекшелігін білдіретін суреттер де салынған.

Сақ-скиф тәнтаңбаларының айрықша белгілері: 1) шағын элементтердің үлкен элементтердің ішіне орналастырылуы.

Осылайша бір үлкен жануардың ішінде анағұрлым кішірек экземпляр тығылып тұруы мүмкін. 2) шектеулі кеңістікте бірнеше элементтердің орналастырылуы, тіпті шағын тәнтанба көп бейнені көрсетуі мүмкін.

3) көптеген элементтердің болуы, кез келген бейне көптеген бөлшектермен ілеседі.

Сақ-скиф тәнтанбалары әйелдер мен еркектерге арналған түрлерімен жіктелген. Әйелдерге арналған тәнтанбалар нәзіктілігімен ерекшеленіп, байсалды, бірсарынды сызықтармен, домаланған элементтермен, шырмауықтармен салынған. Ерлерге арналған тәнтанбалар тура, нақты сызықтардан тұрған[3, 423 б].

Сақ-скиф тәнтанбаларында гүлдің түйнегі, жапырақ, сабақ, өрілген геометриялық фигуралар сияқты өсімдік элементтері де кездеседі. Бүркіт, бұғы, жолбарыстар сияқты аңдардың бейнесі оюлардан алынған безендірулермен қамдалады. Суреттерде толқындар, ұшашамен, тіпті свастика да қосылған жағдайлар кездеседі. Осындай алуан түрлі күрделі бейнелер болса да сақ-скиф стиліндегі тәнтанбалар көзге ықшамды болып көрінеді.

Сақ-скиф тәнтанбаларының жасалу тәсіліне тоқталсақ, өте қарапайым тәсілмен, яғни инемен немесе түйреуішпен нүктелер қойылып, теріге күйе жағылған.

Қорыта келгенде, сақ-скиф мәдениеті өте бай, денелеріне дейін салынған аңдық стильдегі тәнтанбалар күрделі сюжетімен, аса терең мазмұнды композицияларымен ерекшеленіп, ежелгі ата-бабаларымыздың дүниетанымын, ондағы фантастикалық жануарлар қиялдарының ұшқырлығын көрсетеді. Пазырық қорғандарындағы мумиялардың тәнтанбаларын бір жеке өнер ретінде алуға болады, бұл суреттерді екінің бірі сала алмайтын хас шеберлер, ұшқыр ойлы суретшілер екенін көреміз. Тәнтанбалардың шығу тарихы тереңде жатқаны тіпті таң қалдырады. Сақ-скиф мәдениетіндегі тәнтанбалар тарихын зерттеу әлі көп жұмысты қажет етеді. Бұл тәнтанбалар ата-бабаларымыздың дүниетанымдық көзқарасынан, рухани болмысынан ақпарат беретін маңызды тарихи дерек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гордиенко Е., Искусство татуировки: практическое руководство. – Ростов н/Д., 2005. – 640 с.

2 Драгер М. Самоучитель по татуировке: каталог. – Ростов н/Д., 2003. – 320 с.

3 Медникова М. Уроки натальной живописи // Вокруг света. - № 3. – 2007. С. 12  
Медникова М. Уроки натальной живописи // Вокруг света. – № 3. – 2007. С. 12

4 Сагади Ж. Менди – непостоянная сестра тату // Новое поколение. – 29 июня. – 2001. С 15

5 Сахариева А. Тәнтанба тағдырды айналып өтпейді // Жас Алаш. – 12 наурыз. – 2020. 8б.

6 Татуировки скифов из больших Пазырыкских курганов [Электронный ресурс]. – URL: <https://newskif.su/>.

#### «БІРЛІКТЕН ШЫҚҚАН ПАРТИЗАН ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫ»

КУЛКАШЕВ Н. Р.

тарих-география пәні мұғалімі, Жылбек Ағаділов атындағы ЖОББМ,  
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы  
МАНАП А. Ж.

оқушы, 10-сынып, Жылбек Ағаділов атындағы ЖОББМ,  
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

*Ерліктері елге мұра болған  
Ақдөлімдердің рухтарына арналады...  
Д. Қарашашева*

Ұлы Отан соғысы кезіндегі партизан қозғалысы (1941-1945 жж) – совет халқының КСРО территориясын уақытша басып алған фашист басқыншаларына қарсы күресі.

Соғыстың басында партизан қозғалысын ұйымдастыру үшін совет тылынан арнайы дайындықтардан өткен коммунистер мен комсомолецтер жау тылына жіберілді. Мұнымен қатар әскери қызметкерлер мен чекистерден құралған топтар жіберу тәжірибесі кең қолданылды. Осындай арнайы топтардың негізінде партизан отрядтары пайда болды. Мұндай топтар әсіресе Украина мен Белоруссияның батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында зор рөл атқарды.

Жау тылындағы партизан қозғалысы соғыстың алғашқы күндерден бастап стратегиялық маңызы бар қаһарлы және ұйымдасқан күшке айналды. Халық кегін қайтарушылар қозғалысына тән белгілердің бірі – оның көпұлтты құрамы болды.

Қазақстандықтар Украина, Ресей, Белоруссия, Балтық бойы елдері аумақтарындағы партизандық қозғалыстарға белсене қатысты. Бұлар Кеңес Армиясының қоршауға түскен, майдан шебі арқылы өз әскерлеріне өте алмаған командирлері, саяси қызметкерлері мен жауынгерлері немесе тұтқыннан қашқан кеңес жауынгерлері болатын. Партизандық отрядтарға жұмысшылар, колхозшылар мен қызметшілер де мыңдап аттанды. Фашистерге қарсы күресте Еуропа елдеріндегі Қарсыласу Қозғалысына қатысқан қазақстандықтар ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Соғыс жылдары партизандық қозғалыстарға қатысқан қазақстандықтардың жалпы саны 3,5 мыңға жетті. Партизандық қозғалыстың Қасым Қайсенов /кейін Халық қаһарманы/, Жылбек Ағаділов, Е.Воробьева, П.Семенова және басқа да батырларының есімдері кең танымал болды. Жауынгерлер, кек алушылар арасында Қазақстаннан келген Нұрғаным Байсеитова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ағаділова секілді әйелдер де жанқиярлықпен шайқасты. [1, 2]

Қазақстандық партизандар жау тылындағы қаһармандық күресі арқылы өздерінің Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен орындады. Кеңес партизандарының жауынгерлік ерліктері жоғары үкімет марапаттарымен атап өтілді.

Менің мақаламның басты кейіпкері де, Беларусьтің қалың ормандарының ішінде партизандар қатарында отбасымен жауға қарсы күрескен жерлесіміз, баянауылдық Жылбек Ағаділов.

Ақәділовтердің ерлігі туралы көзі қарақты аға буын жақсы біледі дегенімізбен, Отан үшін от кешкен аталар мен ағалардың ерлік ісінен бүгінгі ұрпақ та хабардар болып, өнеге алуы тиіс. [3]

Батыр дүниеге келген жер - Баянауыл ауданындағы Баян тауының жотасындағы Бірлік ауылынан он екі шақырым жердегі Үштөбе. Үштөбе - Шақшаң тауының төменгі тұсында, жанында елуінші жылдарға дейін суы мол, балыққа бай Бұланбай атты көл болған. Кезінде бұл арада Қанжығалыдан тараған Құдияр, Ақдәулет пен Таттыбай балалары қоныстанған екен. Негізінде, бұл жерді Жанқозыдан тараған ақылды, ел арасында беделді, сөз ұстаған адам - Тәстен иемденген. Үлкендер ол кісіні «Төтем» деп атап кетіпті. Тәстеннің Ақәділ, Жанәділ, Әділхан деген балалары болған. Ақәділден Мәриәш, Жылбек туған. Жанәділден Шаймұран, Мәрәм, Дыбысбек, Қайырбек, Рая, Жаксыбек, Амангелді туған.

Ауыл молдасынан арабша-төтенше хат таныған. Анасы Қалипа ерте қайтып, Жылбек 8 жасынан әкесімен екеуі Жанәділдің отбасында болған. 1928 жылы Ақәділ баласын Павлодардағы

интернат-коммунаға оқуға береді, өзі сол жылы қайтыс болады. Коммунаны жақсы бітірген зерек бала Жылбек Шымкенттегі Қапаланбек ауыл шаруашылығы техникумына түседі. Бұл оқуды да табысты аяқтаған бозбаланы Шымкент облысының Сарығаш ауылына жібереді. Сол арадан әскер қатарына алынып, Түркіменстанның шетіндегі Кушка деген жерде 152-ші атты әскер полкында әскери міндетін өтейді. Бала шағынан ат құлағында ойнап өскен жігіт әскер қатарында өзін жақсы қырынан танытады, ақ гвардияшыларға қарсы шабуылға шығып, нағыз жауынгер ретінде ерлік көрсетеді. 1937 жылы алдыңғы қатарлы жауынгер ретінде Краснодар аумағындағы Армавир атты әскер училищесіне жібереді. Оқу мен қоғамдық жұмыстарда көзге түскен Жылбекті комсомол комитетінің хатшысы етіп тағайындайды. 1939 жылы училищені үздік бітірген кіші лейтенантты взвод командирі етіп Забайкальский әскери округіне жолдама береді. Әскери округ Жылбекті Моңғолияның Эринцап қалашығындағы атты әскер полкіне жібереді. [4]

1938 жылдан бастап кеңестік одақ жапондармен агрессиялық соғыс жағдайында болғаны белгілі. Взвод командирі Жылбек Ағаділов Халкин-Голдағы жапон басқыншыларын талқандауда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Бұдан кейін 1939 жылдың желтоқсанында фин соғысына қатысып, көрсеткен ерлігі үшін екінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. 1940 жылы Белоруссияға ауыстырады. Дәл осы кезде демалыс алған Жылбек туған жеріне, Павлодарға келеді. Сол жылы Ыбырайдың Жамал деген қызына үйленіп, екеуі Белоруссияға аттанды. [3]

1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталады. Жылбек Жамалды өзге әйелдермен бірге Брестке баратын автокөлікке отырғызып жібереді. Жау самолеттері бомбаның астына алады. Одан кейін артиллерия іске қосылады. Іле-шала жау танкісі, олардың ығын ала жаяу әскері... Толассыз атыс Жылбек взводын сирете бастады. Осы кезде аз ғана адаммен қоршауда қалды. Жылбек Ағаділов ебін тауып, он шақты жауынгерімен Баранович облысындағы бір орманға еніп кетті. Олар жау тылында қалды...

Бір топ жауынгерлер орманды сағалап, күні-түні жүріспен, ара-арасында жаумен атысып, ақыры 3-4 адаммен қалған Жылбек Ағаділов Клетня орманында партизандарға қосылады.

Соғыс басталғанда кеңес командирлерінің отбасыларын поезға отырғызып, күншығысқа бет алғанда оларды дұшпан самолеттері

Баранович стансасына жете бергенде бомбалайды. Күл-талқаны шыққан поездда ғайыптан тайып аман қалған Жамал небір ауыр қиыншылықтарды көріп, орман ішінде адасып жүріп, орыстың кемпір-шалына жолығады. Бір ғажабы, Белоруссия орманында партизандармен тізе қосып, жауға сокқы беріп жүрген Жылбек Ақәділовтің Денгубовка деревнясында Жамалымен жолығуының өзі - ақиқатқа бергісіз бір аңыз.

1943 жылдың қазанында партизан отряды Қызыл Армия бөлімдерімен қауышты. Осы жерде кішкентай Майяға арнайы әскери киім тіктірді. Полктің командирі полковник Шумский штабта Жылбек пен Жамалдың екі жылдан аса партизандар қатарында соғысқа қатысқанын есептеп, 1943 жылы сол кездің қаражатымен бір қап ақша бергізген екен. Осы қаражатқа олар Павлодар қаласындағы 25 қазан (қазіргі генерал Дүйсенов атындағы көше) көшесіндегі №171 ағаш үйді сатып алады. Сол үйге отбасын кіргізіп, 1944 жылы қаңтарда қайтадан соғысқа аттанады.

Румыния, Венгрия, Чехословакия, Австрия жерлерін жаудан азат етуге қатысты. Соғыста жасаған ерлік істеріне орай Бас қолбасшы И.Сталиннің бұйрығымен 5 рет алғыс алды. Екі «Қызыл жұлдыз» ордені, «Отан соғысы», «Партизан соғысы», т.б. медальдармен марапатталды.

1946 жылдан 1970 жылдың 23 ақпанына дейін Павлодар облыстық қаржы басқармасында қызмет атқарды. 1970 жылы 57 жасында зейнеткерлікке шығып, бірақ көп ұзамай өмірден өткен екен. [5]

...Жау ұшақтарының бомбасының астында «Үлкен жерге» жіберілген командирлердің әйелдері мен балалары отырған эшелон да жау тылында қалып қояды. Жамал Ағәділова Беларусь ормандарында өзінің жары Жылбекпен қайта табысады. Клетнянск партизан бригадасының жертөлесінде Ағәділовтер отбасында «Партизан қызы», кіндігін бригада дәрігері «Наш Демидыч» кескен, Майя деп есімін бригада комиссары қойған, партизандардың қолынан түспейтін «Жорж бен Женяның» қызы дүниеге келеді. Жамалдың отрядтағы басқа да әйелдер сияқты атқаратын жұмыстары көп еді. Партизандардың кір-қоңын жуып, жыртылғандарын жамап-жасқап беру де бар, ас дайындау да бар. Бұл партизан әйелдердің тыныш уақыттарда атқаратын жұмыстары. Ал, ұрыс кезінде олар жаралы партизандарды таса жерге алып барып, дәрігерлік көмек көрсететін. Пулемет ленталары мен дискілерді оқтап, партизандарға оқ тасып, үкідей ұшатын. Жамал Жылбекпен бірге екі жыл партизандардың

сапында болды. Жамал Ақәділова 1943 жылдың аяғында Павлодарға келгеннен кейін бір жылдан соң, Павлодар қаласындағы қаладағы «8 наурыз» атындағы тігін фабрикасына тігінші-шебер болып жұмысқа орналасып, осы жерде зейнеткерлікке шыққанға дейін тігін цехының бригадирі болды. Ол бірнеше рет Павлодар қалалық Кенесінің депутаты болып сайланды, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысының партизаны» медалімен марапатталған. Белоруссияның Клетня орманында 1941 жылдың 27 қарашасында тұңғыштары Майя дүниеге келеді. Апыл-тапыл аяқ басып, тілі былдырлап шығып келе жатқан Майяның алғашқы ойыншығы да оқтан босаған гильзалар мен автомат болыпты.

Қазақ солдатты Жылбек Ағәділов пен қазақ әйелі Жамалдың тұңғыш қызы Майяның туу туралы күәлігінде туған жері: «Брянск облысы, Дубровка ауданы, Будевинец деревнясы, 1941 жыл» деп жазылған.[3]

Партизандар арасында 800 күн болған Майя да 1943 жылдың аяғында анасы Жамалмен Павлодарға келеді. Ол қаладағы № 13 орта мектепті жақсы оқып аяқтайды. Зерек қыз Абай атындағы мұғалімдер даярлайтын институтты бітіріп, Павлодар қаласындағы № 24 орта мектепте ұстаздық қызмет етеді. Өкінішке қарай, Майя Жылбекқызы жасында өмірден ертерек өткен екен. Артында 2 ер баласы қалды. Қазір олар бір-бір шаңырақ иесі. [4]

Бір өкініш, сонау жылдардағы оқ өтінде мұз төсеніп, қар жастанған күндердің сызы болар, Жылбек пен Жамал Ақәділовтер, қыздары Майя - үшеуі де өмірден ертерек озыпты... Олардың артында қалған ұрпақтары, әсіресе бүгінгі жастар өткен соғыстың сызын, тауқыметін білмейді. Орта буын өкілдері Ақәділовтар жайында кітаптан оқып білді. Олардың есімдері тарихта қалды деп айтып көңіліміз толмайды. Өйткені, жерлестерімізге толықанды құрмет көрсете алмай жатырмыз. Не бір ескерткіш орнату, не көшеге атын беру мәселерді қолға алу керек. Қазақтың қаһарман ұлы Жылбек Ағәділовтің есімін ту етіп көтеретін жағдай баяғыда жүзеге асырылуы керек еді. Майдангердің есімін ұлықтап, ел жадында мәңгілік қалдыруға арналған бірде - бір белгі жоқ. Айтпақшы... бар екен ғой, жоқтан - бар деуге келер, қаладағы генерал Дүйсенов атындағы № 171 үйдің қабырғасына «Осы үйде 1944–1970 ж. Ұлы Отан соғысының партизан семьясы Ағәділовтер Жылбек, Жамал, Майя тұрған» деп қазақша - орысша аралас бытыраңқы жазылған жазуы бар ескерткіш тақта ілінген. Жұртшылық «Жылбек Ақәділовтің есімі Павлодар қаласындағы көшелердің біріне,



берілуі тиіс» дейді. Олай болса, Жылбек Ақәділовтің есімі облыс орталығындағы үлкен көшелердің бірін иеленуге әбден лайық. Қазақтың батыр ұлы ел есінде мәңгі қалуы тиіс. [4]

15.12.2016 жыл. Бұл біздің мектебіміздің тарихында ерекше орын алатын күн. Көптен күткен біз үшін үлкен қуанышты күн. 2016 жылы үкімет тарапынан ресми түрде Жарлық шығып, мектебімізге даңқты партизан жерлесіміз батыр Жылбек Ағаділовтың есімі берілді. Ашылу ресми бөліміне аудан орталығынан арнайы қонақтар және сонымен қатар облысымыздың орталығынан батыр атамиздың туыстары да қатысты.

1.09.2018 жылы ресми түрде мектебімізде даңқты жерлесіміз батыр-партизан Жылбек Ағаділовке арналған мұражай ашылды. Бұл тарихи іс-шараға арнайы Павлодар қаласынан келген батыр Жылбек Ағаділовтің туыстары қатысты. Салтанатты лента қию рәсімі батырдың қызы Рая Жылбекқызы Ағаділова және мектебімізге батырдың есімі беру туралы БАҚ-да алғаш сөз көтерген, осы жолда орасан еңбегі сіңген, тарих пәнінің ардагер-ұстазымыз Базаров Мансұр Сүлейменұлына тапсырылды.

2021 жылы Ұлы Жеңіс күніне орай, мектептің тарихындағы тағы бір ерекше күн. Ол – батыр атамизға арналған салтанатты түрде бюсттің ашылуы. Осы естелік шараға тағы да, арнайы батырдың қызы Рая Ағаділова және туыстары қатысып, өздерінің жүрекжарды тілектерін айтты.

Жылбек Ағаділов өзі жалғыз ғана емес, тіпті жұбайы мен жаңа туған кішкентай қызымен соғыста Отан үшін арпаласа жүріп үлкен ерлік көрсетті. Олардың отансүйгіштік қасиеттеріне, қайсарлық пен өжеттіліктеріне тәнті болдым.

Батыр жерлесіміздің есімі жадымызда мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыру біздің міндетіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Мемлекеттік Орталық Музейі. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ер есімі – ел есінде» атты көрме.

<http://www.csmrk.kz/index.php/kz/mnu-collections-kz/mnu-anthropol-col-kz/44-cat-info-pos/cat-vystavki-arhiv-ru/179-mat-9may2015-vystav-post-kz>

2 С.Молдайып «Аңызға айналған ақиқат». «Сарыарқа самалы» / 2014 ж. 8 мамыр.

3 <http://saryarka-samaly.kz/index.php/pavlodar-oblysyna-75-zhyl/item/3831-a-yz-a-ajnal-an-akikat>

3 Д. Қарашашева «Партизан Жылбек пен Жамал», Павлодар: «ЭКО», 2010.

4 М.Базаров «Ерлігі ел есінде сақталған», «Сарыарқа самалы» / 2013 ж. 3 тамыз.

5 С.Негимов «Ақсұңқар азамат», «Егемен Қазақстан», 2012 ж. 20 қыркүйек.

6 С.Молдайып «Бір кем дүние», «Сарыарқа самалы» /2014 ж. 24 мамыр/

7 <http://saryarka-samaly.kz/index.php/baj-aular/item/3912-bir-kem-d-nie>

8 С.Молдайып «Бір кем дүние еді, орны толды», «Сарыарқа самалы»/ 2014ж. 5 тамыз

9 <http://saryarka-samaly.kz/index.php/mdeniet/item/4364-bir-kem-d-nie-edi-orny-toldy>

10 Ғалымбек Жұматов «Жеңіс жалауын желбіреткен», 28-29 бет.

11 Әди Шарипов «Партизан қызы».

### XX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДА ЕКІБАСТҰЗ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ ХАҚЫНДА

НУРЖАНОВА С. З.

тарих мұғалімі, С. Торайғыров атындағы

№ 22 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

МУСАСАРИНА Ж. Б.

оқушы, 9 сынып, С. Торайғыров атындағы № 22

гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Әлемдегі ең үлкен социалистік алып ел болған – КСРО-ның ыдырауы және оның құрамындағы республикалардың саяси, экономикалық, мәдени бөлінуі көптеген қиыншылықтар туғызғаны белгілі. Экономиканы күштеп басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын, әрі күрделі болып шықты.

Сол уақытта, КСРО біртұтас халықшаруашылығы кешенінің ыдырауына байланысты, бұрынғы кеңес жерінде шаруашылықтар арасында байланыстар үзіліп, бағаның қарыштап өсуі, өндірістің төмендеуі, қаржы дағдарысы, барлық тауар өнімдеріне бағаның босатылуы орын алды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесін құру,



жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу, меншікті жекешелендіру мәселелері күн тәртібінде тұрды.

Жекешелендіру - мемлекеттің өз құқығын және қызметін толықтай немесе ішінара жеке тұлғаларға, ұжымға, жергілікті қоғамдық атқарушы органдарға беруі. Жекешелендірудің негізгі мәні – түрлі салада шашырап жүрген жеке меншік капиталды топтастырып, олардың республиканың өнеркәсіптік кешеніне бірлесіп иелік етуін қамтамасыз ету. Жекешелендірудің мақсаттары мынадай болды:

- кәсіпкерлікті дамыту;
- кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу;
- еркін баға орнату;
- бәсекелестік ортаны қалыптастыру.

Нарықтық құрылымның дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды. «Монополиялық қызметтің шектелуі» туралы заң қабылданды.

1991 жылы 1 маусымда «Жекешелендірудің негізгі бастамалары туралы» [1] КСРО заңы, ал 1991 жылы 22 маусымда «Жекешелендіру туралы» Қазақ КСР-нің заңдары жарияланды [2]. Осы заңдар нарықтық экономиканың, бәсекеге шыдамды кәсіпкерліктің дамуына алғашқы жағдайлар жасады.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» (1991 ж.) және «Жекешелендіру туралы» (1995 ж.) заңдарында қаланды. 1991 жылы жекешелендіру үрдісі басталды. Қазақстандағы жекешелендіру төрт кезеңнен өтті.

Бірінші кезеңде (1991–1992 жж.) негізгі идеясы еліміздің азаматтарын өз еңбек ұжымдары арқылы жекеменшік түрін өзгерту үдерісіне барынша тарту идеясы болды. Он мыңдаған қазақстандық мекемелердің: дүкендер, қызмет көрсету саласының нысандары, фермерлік шаруашылықтардың иелері болды.

1992 жылы Ресейде бағаның босатылуы республикадағы жағдайды қиындата түсті. Қазақстан басшылығы Ресейде жүзеге асырылған шараларды қайталауға мәжбүр болды. Еңбекшілердің әлеуметтік жағдайының нашарлауы көп ретте Ресейде жүргізілген экономикалық реформаларды ойланбастан қайталаудың нәтижесі болды. Көптеген кәсіпорындар қиын жағдайларға тап болып, олардың тоқтап қалуы әдеттегі құбылысқа айналды. Осындай жағдайда өнеркәсіпте болсын, аграрлық салада болсын өнім

өндірудің барлық түрлері төмендеді. Өндірістік қуаттарды, құрылыс объектілерін іске қосу күрт қысқарды.

1993 жылдың қазан айында республикада 3,5 мыңнан астам кооператив, 15 мыңнан астам шағын кәсіпорын және 11 мың жеке кәсіпорын жұмыс істеді. Ауылдарда 15 мыңға жуық фермерлік және шаруа қожалықтары құрылды. Коммерциялық банктердің саны 160-қа, түрлі биржалар саны 37-ге жетті. 7000 кәсіпорын жекешелендірілді. Олардың 5000-ға жуығы сауда және қызмет көрсету салаларының болды. Ауыл шаруашылығындағы жеке сектордың үлесі оның жалпы өнімінің 35 %-ын құрады [3, Б. 245–246].

Қазақстандағы жекешелендірудің екінші кезеңі (1993–1995 жж.) 4 бағыттан тұрды: кіші жекешелендіру (сауда нысандарын, тұрмыстық қызмет көрсету нысандарын және 200 жұмысшы бар өндіріс орындарын аукциондық және конкурстық жолмен сату); жаппай жекешелендіру (200–5000 жұмысшысы бар өнеркәсіп орындарын); жеке жоба бойынша жекешелендіру (5000-нан астам жұмысшылары бар кәсіпорындарды); агроөнеркәсіп кешендерін жекешелендіру.

Бұл жолы тұрғындарға жекешелендіру купондары таратылды. Республика азаматтары жан басына 100 купоннан алып, енді орта және ірі кәсіпорындар иелерінің біріне айналу мүмкіндігіне ие болды. Азаматтар мен кәсіпорындар арасында делдалдық қызмет көрсету үшін қаржы салымының қорлары құрылды. Азаматтардың жекешелендіру чектерінің сатып алған акциялары енді жыл сайын белгілі бір мөлшерде үлес пайда түсіріп тұруға тиіс болатын.

Алайда бұл шаралардың бәрі мемлекеттік кәсіпорындарды жеке иелігіне айналдырғандардың әрекеттерін заңдастыру деңгейінде қалды. Жекешелендіру купондары әншейін қағаз күйінде қалып қойды. Экономикалық даму мүлдем басқаша сипат алды.

Үшінші кезең (1996–1998 жж.) экономикалық сектордағы электр энергетикасы және мұнай-газ саласындағы, сондай-ақ, әлеуметтік саладағы: денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және мәдениет салаларында жекешелендіру кезеңі. Міндеттері: мемлекет иелігінен алудың ұлттық бағдарламасын қабылдау, меншікті мүлікті басқару жөніндегі комитеттің қолына көшіру, инвестициялық купондар енгізу.

Үкімет бағдарламасы бойынша жекешелендірудің үш кезеңі ішінде 31 мың кәсіпорын мемлекет иелігінен алынып, жекешелендіруге тиіс болды. Екінші және үшінші кезеңде 94 ірі

кәсіпорын, оның ішінде 57-сі шетелдік инвестордың меншігіне берілді. Бұл жеке және мемлекеттік капиталдың қатысуымен компаниялар құрып, жұмысшы орындарын сақтап қалуға, ел экономикасын нығайтуға қатысуға мүмкіншілік берді.

Жекешелендірудің төртінші кезеңі 1999 жылы басталып, қазірге кезге дейін жалғасуда. Оны жүзеге асыру барысында мемлекет үлесі бар 10 жетекші мекеме анықталды. Нәтижесінде, «Қазақстан алюминийі», «Қазақмыс», «Маңғыстаумұнайгаз», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазақстанның халық жинақ банкі», «Өскемен титан-магний комбинаты» және т.б. акционерлік қоғамдар пакеттері толықтай жекешелендірілді [4, Б. 167–168].

Осылайша, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру нәтижесінде қоғамдық тамақтану және сауда; жеңіл, тамақ, қайта өңдеу өнеркәсібі, қызмет көрсету саласы, агроөнеркәсіптік өндіріс, энергетикалық және шикізаттық салалар, денсаулық сақтау және білім беру сияқты маңызды салалар мемлекеттік сектордан шығарылды.

Қазақстанның маңызды салаларының бірі отын-энергетикалық кешен болып табылады. Оның мемлекеттің гүлденіп, дәулетті болып дамуында рөлі зор. Екібастұз ауданы Павлодар облысының ғана емес, Қазақстанның ірі өнеркәсіптік аудандарының бірі болып табылады. Жетекші салалар көмір өндіру және электр энергетикасы болып табылады.

Қазіргі уақытта Екібастұзда 3 көмір кеніші жұмыс істейді, оның ішінде «Богатырь» кеніші және «Восточный» кеніші сияқты алыптар бар. Солтүстік Қазақстанның, Оңтүстік Оралдың және Омбы жылу электр станцияларының көпшілігі бүгін Екібастұз көмірін пайдаланады.

Екібастұз еліміздің энергетикалық саласында ерекше орын алады. Екібастұздың қазіргі заманғы электр энергетикасы жалпы қуаты 5 млн. кВт-тық ГРЭС-1 және ГРЭС-2 жылу электр станцияларынан тұрады, Екібастұз электр станциялары негізінен Қазақстан кәсіпорындарын энергиямен қамтамасыз етеді, сондай-ақ Ресей нарығына шығады.

XX ғасырдың 80-жылдары мен 90-жылдарының басындағы болған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кеншілер тарапынан экономиканың жаңа үлгісін құруды талап етті. Осыған орай, 1992 жылы наурызда «Екібастұз көмір» өндірістік бірлестігі мен «Екібастұз шахтақұрылыс» комбинаты базасында «ЭТЭК

көмір» концерні құрылды. Концерн президенті болып А. Величко тағайындалды.

Финанстық-экономикалық базаны дамыту мақсатында акционерлік коммерциялық банк - «Көмірбанк» құрылады. Банк қоры 100 миллион кенестік сомды құрады. Екібастұз көмір салаларының ірі және ұсақ тұтынушыларының төлеуге дәрменсіздігі бұл салалардың дамуын тежеді.

Осыған байланысты 1992 жылы 28 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Материалдық өндіріс салаларындағы жеке меншікті жекешелендіру және мемлекетсіздендіру жұмыстарын белсенділендіру шаралары туралы» Жарлығы шығады. Қазақстан Республикасының «Мемлекетсіздендіру және жекешелендіру туралы» заңының 25-бап негізінде еңбек ұжымы кәсіпорынды сатып алуға құқылы болды. 1991–1992 жылдары кәсіпорындар еңбек ұжымдарына соңынан сатып алу құқығымен жалға берілді.

Мамандардың пікірінше кәсіпорындардың еңбек ұжымдарының жеке меншігіне берілуі экономикалық мәселелерді шеше алмады. Өйткені, жұмысшылар бұрынғыша нақты істі басқарудан алшақ болды. Осының ізінше «Жалға беру туралы», «Мемлекетсіздендіру және жекешелендіру туралы» заңдар жойылды.

Сөйтіп, Екібастұздың көмір өнеркәсібі кәсіпорындарының мемлекетсіздендірілуі және жекешелендіруі мемлекеттік кәсіпорындардың жалға берілген және ұжымдық кәсіпорындарға айналуына алып келді. Сонымен, Екібастұз көмір бассейніндегі жекешелендірудің бірінші кезеңі аяқталды. Алайда, Екібастұз отын-энергетикалық кешені үшін ешқандай сапалы өзгеріс әкелген жоқ.

Шындығында, көмір саласында мемлекеттік монополия орнату үшін кең ауқымды әрекеттер жасалды. 1994 жылы 12 сәуірде «Екібастұзкөмір» өндірістік бірлестігі ашық түрдегі «Екібастұзкөмір» болып жекешелендірілді. Сонымен жекешелендірудің 2-кезеңі аяқталды. «Екібастұзкөмір» ашық түрдегі акционерлік қоғамы жаңа шаруашылық субъектісіне айналды.

1992–2000 жылдардағы экономикалық реформалар дағдарыс жағдайында жүргізілді. Көмір өндірудің физикалық көлемінің серпінін талдау 1991 жылмен салыстырғанда Екібастұз қаласының экономикалық әлеуетінің айтарлықтай төмендегенін көрсетеді.

Кесте 1 – 1991–2002 жж. Екібастұз кен орындарындағы көмір өндіру.

Жылдар	Өндірілген көмірдің көлемі	1991ж. қарай пайызы
1991	79463	100
1992	78694	99,0
1993	69068	86,9
1994	66414	83,6
1995	58767	74,0
1996	53035	66,7
1997	47900	60,3
1998	47500	59,8
1999	38341	48,3
2000	51792	65,2
2001	50253	63,2
2002	43872	55,2

Соңғы жылдары көмір өндірісінің төмендеуі бірқатар факторлармен байланысты. Олардың ішінде ең бастысы: Екібастұз көмірінің 50 %-ға жуығын тұтынатын және Екібастұз үшін көмірдің негізгі экспорттық нарығы болып табылатын Ресей Федерациясы экономикасының дамуының баяулауы, сондай-ақ көмір өнеркәсібі кәсіпорындары үшін қажетті инвентаризацияның көптеген түрлері үшін негізгі импорттаушы ел болып отыр [5, Б. 48-50].

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Монополияға қарсы саясат және бәсекелестікті қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ көмір өндіруді дағдарыстық жағдайдан шығару мақсатында Республиканың мемлекеттік мүлкімен бірлесіп, ашық тендер арқылы «Екібастұзкөмір» АҚ көмір шахталарын мемлекет иелігінен алуды ұйымдастырды және жүзеге асырды.

Жекешелендірудің үшінші кезеңінің нәтижесі жемісті болды. Аймақтағы нарықтық қатынастардың қазіргі заманғы негіздерін құрды. 1995 жылы 23 желтоқсанда күшіне енген Қазақстан Республикасының «Жекешелендіру туралы» Жарлығының шығуы іс жүзінде Қазақстандағы жекешелендірудің үшінші кезеңінің бастамасын көрсетті. Бұл жарлық 1996 жылы 1-қаңтардан бастап күшіне енді. Осының ізінше, 1996 жылы 25-қыркүйекте «Шығыс кенішін тендер бойынша саудада шетел компаниясы «Джапан хром корпорейшн» жеңіп алды. Оның өкілі болып А. Машкевич

тағайындалды. «Степной» кеніші меншігінің 30%-і де осы компанияға сатылды.

Соған сәйкес, 1996 жылы 1-қазанда «Шығыс» кеніші «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация» акционерлік қоғамы бірлестігінің құрамына кірді. Ірі көмір бірлестіктерін жекешелендірудің келесі нысаны «Богатырь» кеніші болды. 1996 жылғы 6-қыркүйектегі Қазақстан Республикасының «Екібастұзкөмір акционерлік қоғамын қайта құру туралы» қаулысына сәйкес «Access Industries Inc.» американ компаниясы тендерді жеңіп алып, 1996 жылы 7-қарашада «Батыр» кенішінің меншігін, «Степной» кенішінің меншігінің қалған 70 %-ін, тағы басқа меншіктерді иелену туралы келісімге қол қойды.

Сөйтіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестік – «Богатырь Аксесс Комир» болып тіркелді. Бас директоры болып В. Щербович тағайындалды. 1996 жылы 6 қарашада американдық «Access Industries Inc.» компаниясы «Богатырь» ашық шұңқыр кенішінің барлық активтерінің иесі болды. 22 сәуірде «Access Industries Inc» компаниясы Екібастұз өзінің еншілес компаниясы «Bogatyr Access Comig» компаниясын құрды. Жекешелендіруге түскен келесі ірі кәсіпорын - «Солтүстік» кеніші болды.

1996 жылы 6 желтоқсаннан бастап «Северный» кенішінің және Солтүстік жүк-көлік басқармасының мүліктік кешендерінің меншік иесі болып Ресейдің «Ресей бірыңғай энергетикалық жүйесі» АҚ болды. 1999 жылдың 27 қарашасында «Северный» кеніші мен ЖПТУ оларды банкроттықтан құтқару мақсатында 2015 жылға дейінгі мерзімге «Богатырь Аксесс Комир» ЖШС сенімгерлік басқаруына берілді. «Екібастұзкөмір» Мемлекеттік Акционерлік Қоғамының қалған тоғыз кәсіпорындарының базасында «Екібастұзпромсервис» жабық түрдегі акционерлік қоғамы құрылып, шетел инвесторларына берілген кәсіпорындарға техникалық қызмет көрсететін болды.

Сөйтіп, Екібастұз көмір бассейніндегі жағдай түпкілікті өзгерді. Бүгінде «Батыр» кеніші-бұл қолдан жасалған алып каньон. «Шығыс» кеніші өзінің күші жағынан оған жете алмайды. Бірақ, технологиялық жабдықтау жағынан «үлкен ағасын» басып озып отыр. 1997 жылы «Батыр» кенішінде өндірілген көмір алғаш миллиард тоннаға жетті. Мерейлік тоннаны жас машинист А. Гусев артты [6, Б. 185–186].

1997–2002 жылдары Екібастұзда 279,2 млн. тонна көмір, оның ішінде 84,5 млн. тонна «Восточный» ашық шұңқыр кенішінде өндірілген. 1996 жылы тамызда «Екібастұз ГРЭС-1» АЭС атты

америкалық ірі энергетикалық корпорациясының еншілес ұйымы болып табылатын «АЭС Екібастұз» ЖШС меншігіне айналды.

Екібастұз ГРЭС-2 активтерінің негізінде 2003 жылдың басында «Екібастұз ГРЭС-2» ААҚ, «Ресей БЭЖ» РАҚ үлестік қатысумен «Екібастұз ГРЭС-2» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны құрылды. Қазіргі уақытта ГРЭС-1 және ГРЭС-2 қуаттары Қазақстандағы барлық электр энергиясының 30%-ына дейін өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Екібастұз Қазақстандағы ең ірі отын-энергетикалық кешеннің орталығы болып табылады. Қазір де Екібастұз оңай уақытты басынан кешіріп отырған жоқ. Барлығы бір сәтте өзгеріп, енді ғана қалыптасып келеді. Бір сәтте бәрі астан-кестен болса, ал қалыптасуы қиын да ұзақ жүруде.

1998 жылдан бастап «Қазақстан-2030» стратегиясын кезеңмен жүзеге асыру басталды. Дәл осы кезеңде экономикалық басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесінің синтезін көрсеткен экономикалық дамудың ұлттық үлгісі қалыптасты [7]. Осылайша, 1990-2000 жылдары қарсаңында Қазақстан экономикасында түбегейлі қайта құрулар жүрді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ведомости Съезда народных депутатов СССР и Верховного Совета СССР. – М.: ГосПолитИздат, 1991. – №22., Ст. 904.

2 Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. – Алма-Ата: МемБаспа, 1991. – № 27., ст. 349Б.

3 Қозыбаев М. және т.б. Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басы – бүгінгі күнге дейін). – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2013. – 350 б.

4 Өскембаев Қ.С. және т.б. Қазақстан тарихы (1945-2019): өзекті мәселелер. 2-бөлім – Алматы: Ғылым, 2019. – 200 б.

5 Экибастуз: энциклопедия. Ред басқарған С.И. Жақсыбаев. – Қарағанды: Арқа, 2003. – 320 б.

6 Джаксыбаев С.И. Шаги Экибастуза=Екібастұз қарқыны. – Алматы: Арыс, 2002. – 220 б.

7 «Қазақстанның даму стратегиясы». Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларына шолу (1997-2012)=«Стратегия развития Казахстана». Обзор Посланий Президента Республики Казахстан.(1997-2012 гг.). – Астана: Акорда, 2012. – 115 с.

#### ЖЕТІ АТАНЫ БІЛУ – ҰРПАҚТЫҢ ПАРЫЗЫ

НҰРСАИН А.  
оқушы, 5 «А» сынып, № 24 мектеп, Павлодар қ.  
ШАРИҒАТҰЛЫ Е.  
тарих мұғалімі, №24 мектеп, Павлодар қ.

*«Ата тегін білмеген,  
Келешегін білмейді,  
Өткенін байыптамаған,  
Ертеңін ойламайды»  
Мәжһүр Жүсіп*


Өз елінің тарихын терең білу – әрбір азаматтың борышы. «Отан отбасынан басталады» пікірге сүйеніп, мен алғашқы мақаламды өз арғы аталарым жөнінде мағлұмат алуға ат салыстым. Әрине, бұған әсер тигізген отбасымнан алған тәлім тәрбиенің мәнісі. Сонымен қатар, білім нәрімен сұсындырған алғашқы ұстазымның рөлі (Мусабаяева Зауреш Камалиденқызы), және де тарих мұғалімінің (Ержан Шарифатұлы) орны ерекше. Өйткені, адамгершілік қасиеттерін дамытуға әсер тигізіп, еліміздің тарихын оқытуда шәкірттердің ой-өрісін кеңейтеді. Тарих пәнін оқытуда оны ұрпақтар бойына дарыту әлі де көп ізденістерді қажет етеді.

Бауырмал қазақ халқы ерте заманнан бері өз руларын атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтып қалдырып келген. Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы болуға тиіс. Шежіре шын мәнінде рудың, тайпаның, халықтың тарихының құрамды бөлігі. Қазақ халқында ата шежіресі ерте кезден бар. Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, отан қорғаудағы орны, меншік, адами құқы, тағы басқадай болмысы білінетін болған. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың барша тарихын көрсетер, категориялар-айналып келгенде шежіренің негізгі категориялары. Бұл болса тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға бірден бір қажет сюжеттер [1, 8 б.].

«Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер жеті рулы елдің камын жер, жалғыз өзін білген ұл, құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер жас ұрпақты ойландырады!?

Жеті ата:  
Әке  
Ата

Өз ата  
 Бұл үшеуі аталар  
 Баба  
 Тектін  
 Төркін  
 Тұқиян  
 Бұл төртеуі бабалар  
 Жеті атаны білу, яғни өз отбасының тарихын білу дегенді білдіреді.

Мен Орта жүздің Арғын тайпасынан шыққанмын. Бұл тайпа ірі-ірі екі рулық бірлестіктен: Мейрам және Момын бірлестіктерінен тұрады. Арғын тайпасының таңбасы , яғни көз, ал ұраны – «Ақ жол».



Енді кішігірім тарихына үнелейік.

Амур өзеніне құятын Буриятидағы өзен аты Арғын (Аргун) деп аталады. Алтайда Қотын өзенінің он саласын құрайтын Арғун өзені бар. Моңғол тілінде «т» әрпімен сөз көпше жалғауды, «н» әрпімен біту жекеше жалғауды білдіреді. Егер соңғы сөздегі «т»-ны «н»-ға өзгертсек, тағы да арғұм немесе арғын шығар еді [2, 7 б.].

Аристов арғындар Шыңғысханның кезінде батысқа қарай, наймандар мен керейлердің алдын алып жылжыды деп айтады. Толық арғындардың орналасу жері туралы мәліметті Әбдіков Қаратай Жәкенұлы «Орманшы (Жолболды) шежіресі» кітабынан карауға болады.

Сүйіндіктен тарайтын төрт ру – Жанболды, Құлболды, Орманшы, Қаржас, төртуыл (ұраны) деген атпен бірігіп 1730 жылдары шамасында Сыр, Заравшан өзендері аралығынан, ғасыр бөрын жайлаулары болған, Сарыарқы Баянауыл алқабына қайтадан қоныс аударған [1, 27 б.].

Менің жеті атам:

Махсат-Нұрсаин-Құсаин-Әубәкір-Қуыс-Қазанғап-Аманжол

Құсаин өз атамнан үш ұрпақ тараған: Ерсаин, Нұрсаин, Ерлан.



(Фотода: Құсаин өз ата (07.11.1924-07.04.1990 жж.), Аубакиров әулетінің жеке мұрағатынан алынған фото)



(Фотода: атам Нұрсаин, оның ағасы Ерсаин, және інісі Ерлан) Нұрсаин атамнан тараған: Махсат, Архат, Азамат. Махсаттан тараған мен Амангелді боламын.



(Фотода: атам Нұрсайн, әжем Зауреш)

Жалпы, өз тарихын, дәстүрлерін білу, сақтау, өте қажет деп ойлаймын. Біздің дәстүріміздің керемет бір тармағы – ол жеті ата. Қазақ халқын өзге ұлттардан дәстүрін бөліп тұратын, даралап тұратын дәстүрдің бірі деп бірігейі ол жеті аталып ұстаным мен ұрпақ шежіресі болып аталынады. Жеті атаны білу, яғни өз тарихын білу, ал өз тарихын білу, яғни өз Отанын құрметтеу. Қорыта келгенде, Сіздердің назарларыңызға Мұқағали Мақатаевтың шығармасынан «Отан» өлеңін жолдауға рұқсат етіңіздер!

Отан!

Отан!

Сен болмасаң, не етер ем?... [4, 57-58 бб.].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдіков Қ.Ж. Орманшы (Жолболды) шежіресі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004 ж. – 360 б.

2 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Алма-Ата: Филиал НОТА БЕНЕ ПРЕСС, АЛТЫН-ОРДА, 1990. – 62 с.

3 Әбдіков Қ.Ж. Орманшы (Жолболды) шежіресі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004 ж. – 360 б.

4 Мақатаев М. Тандамалы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар – Алматы: «Алан», 2021. – 472 б.

#### ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН – КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

ЕЛУБАЙ М.

оқушы, 5 сынып, Қадыр Мырза Әлі атындағы  
Binom school мектеп-лицейі, Астана қ.

ОСПАНОВА А. М.

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ұстаз, Қадыр Мырза Әлі атындағы  
Binom school мектеп-лицейі, Астана қ.

Жер бетінде көнеден келе жатқан әрбір өркениеттің өзіндік ерекшелігі бар. Мен бүгінгі баяндамада көшпелі өркениетке тоқталмақпын. Көшпелі өркениет дегеніміз – негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, күнкөрісінің көзі мал өнімдерінен тұратын, белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп - қонып тіршілік ететін адамдардың әлеуметтік – экономикалық тобы және өркениеті[1, 232 б].

Көшпелі өркениетті әлем ғалымдары қаншама рет мойындағылары келмегенмен, яғни оларды «варварлық», «мәдениеттен жұрдай», «тағылық», «санасыздық» деген теңеулерді таққанымен, көшпелілер өркениеті өзінің тарихи әділ бағасын алып келеді. Бұл орайда ғалым Л.Гумилевтің атын атауға болады. Ол өз еңбектері арқылы көшпелілер өркениетінің болғандығын және оның тарихи ұзақ кезенді қамтығанын атап көрсеткен бірден-бір ғалым.

Көшпенділерді «варварлар» мәдениетінен өркениеттілікке жақындату үшін еліміздің археологтары да аз жаңалық ашқан жоқ. Мәселен, елімізге белгілі археолог К.Байпақов: «Қола дәуірінде алғашқы көшпенділердің мәдениеті қалыптаса бастаған. Ерте темір дәуірінде өмір сүрген сақтардың мемлекеттік құрылысы болғанын, сол сияқты көрші елдермен экономикалық мәдени және саяси қарым-қатынас жасап, қалалар салған» - дейді[2, 303 б]. Бұл сөз көшпелілер өркениетінің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді.

Тарихта көшпелілік бірден пайда болмаған. Оның пайда болуының, дамуының өзіндік заңдылықтары, себептері бар. Көшпенділіктің пайда болуын малшаруашылығымен байланыстырады. Ал малшылықтың алғашқы түрі — үй маңында мал өсіру болды. Ал «Көшпелі мал шаруашылығы қалай пайда болды?» деген мәселеде әр түрлі пікір бар. Көптеген ғалымдар түрлі пікірлер айтады. Барлық зерттеулерді сараптай келе нақты үш себебін көрсете аламын. Олар: бірінші, климаттың өзгеруі, яғни құрғақшылықтың белең алуы. Бұл осы далада мекен ететін халықтың табиғатқа бейімделуіне әсер етіп, нәтижесінде көшпелі

мал шаруашылығы қалыптасты. Екіншіден, темір ауыздықтың пайда болуы. Демек, темір ауыздықтың көмегімен малды алысқа жаю мүмкіндігінің тууы көшпеліліктің қалыптасуына әсер етті. Үшіншіден, мал санының көбеюі үлкен жайылым жерлерді талап етті. Сондықтан жергілікті халық малдың күйі үшін жиі жайылым ауыстырып отырды. Мен тізбелеген үш себептің бір-біріне де әсері бар.

Қазақстан территориясында көшпелілік Каспий маңы ойпаттарында, Үстірт, Торғай, Жем жоталары, Бетпақдала, Балқаш маңы далаларында, Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау жоталарында, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле Алатауларының тау беткейлері мен таулы өлкелерінде дамыды. Археолог К.Ақышевтың пікірі бойынша, Қазақстан жерінде көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастауы қола дәуірінің соңы, темір дәуірінің басына, яғни б.з.д. IX—VII ғасырларға жатады. Осы кезден бастап, Орталық, Батыс Қазақстан жерінде меридиан бойымен көшу, ал Шығыс Қазақстан мен Жетісуда қыста жазықтар мен қар аз түсетін таулардың қойнауын қыстап, жазда биік таулы жайлауларға көшу қалыптасқан[1].

Көшпелілер кейбір зерттеушілер көрсеткендей мал соңынан ғана жүре бермеген. Олар өз тұрмыс-өрекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Жылқыны қолға үйрету адамзат өркениетіндегі, әсіресе дала өркениетіндегі дамудың ең үздік жетістіктерінің бірі болды. Қазіргі Қазақстан аумағы жылқының ең алғашқы қолға үйретілген мекені болғандығын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп отыр. Оған Солтүстік Қазақстандағы энеолит кезеңіне жататын Ботай мәдениеті нақты дәлел. Дала тұрғындарының мініс атын пайдалануы, атты әскердің пайда болуы жекелеген аудандардың мәдени-шаруашылық жағынан томаға-тұйықтығын бұзды. Сөйтіп, шалғай халықтармен, мемлекеттермен экономикалық және мәдени байланыстар жасауын қамтамасыз етті. Әлемде алғаш рет екі доңғалақты арбаны ойлап тапқан көшпелілер, үзеңгіні де алғаш рет көшпелілер қолданған. Олар ауыр, түзу семсердің орнына қайқы қылышты да жасап шығарған. Ал көшпелілердің баспанасы - киіз үй аса қолайлы әрі әбден жетілген құрылыс үлгісі саналады. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ертұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған

ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз. Көші-қон үшін дөңгелекті көліктің шығуының мәні зор. Дөңгелекті көлік суреттері қола дәуірінің тасқа салынған сурет-танбаларында кездеседі. [3, 685 б].

Біз тарих сабағында ежелгі көшпенділердің қалыптасуының алғашқы сатыларымен таныстық. Ал Қазақстан территориясын мекендеген ерте Темір дәуірінің тайпаларын өткен кезде олар туралы білу үшін ұлттық музейге бардық. Және археологиялық қазба деректер негізінде табылған артефактілердің макеттерін жасадық. Мұражайға бару кезінде сабағымызға пайдалы ежелгі Қазақстан туралы көп ақпараттармен таныстық.

Көшпенділердің рухани мәдениетінің бастау көзі табиғатпен үйлесімді дамуымен ерекшеленеді. Қазақтың көшпелі қоғамының негізін қалаған мәдениет ежелгі дүниеден бастау алатыны белгілі. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Бүгінгі Қазақстан аумағын мекендеген көптеген тайпалардың бұл процеске тікелей қатысы болғандығы да күмәнсіз. Олардың бай құндылықтарының қазақтың мәдени мұраларынан көрініс тауып, осы күнге дейін жеткендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген[4].

Б.з.б. II ғасырда басталған Ұлы Жібек жолы Үйсіндер мен Қаңлылардың жері арқылы өткен. Негізгі тауар жібек еді. Оны басшылар мен елшілерге сыйға тартқан, көптеген елдерде жауынгерлерге еңбекақы орнына жібек берген. Жібек Қытайда шығарылды. Көптеген елдердің саудагерлері осы қымбат тауарды алу үшін қазақ даласында болған. Бұған сақ обаларынан табылған қытай айналары, Ираннан әкелінген бұйымдар дәлел болады. Ғалымдардың пікірінше, Сөйтіп Рим шынысы мен теңгелері, Қытайдың ыдыстары, айналары мен жібегі, Еуропа ілгектері, Иранның өрнекті асыл жүзіктері бізге де жеткен. «Аң стилі». Көшпелілер арасында өнер жақсы дамыды. Мысалы, қаңлылардың ән-күй, би өнері дамыған, үйсіндер таңғажайып қыш-құмыралар жасады. Сақтар мен сарматтардың өнерінде «аң стилі» деген өзіндік бейнелеу өнерінің түрі болған. Бұл стиль б.з.б. VII-VI ғасырларда шыққан. Орталық Қазақстанда б.з.б. VII-V ғасырларда «аң стилімен» қатар «полихром стилі» де дамыды. Көшпелілер заттарды безендіруді, яғни бұйымға түрлі түсті тастарды жапсыруды жақсы білген. Олар заттарды түйіршіктермен әшекейлеген. Б.з. III-V ғасырларында «полихром стилі» барынша гүлденді. Аң стиліндегі



бұйымдар алтын мен күміс, қола, жез, ағаш, былғары, киіз т.б. материалдардан жасалған. «Аң стилі» бейнелерімен құрал-жабдық, қару, жарақтар, киім мен ат әбзелдері әшекейленді. Аузымен құс тістеген қанатты пырақ, қанатты құмай тазы, шүйдесінен бастап құйрығына дейін мүйіз біткен бұғы өмірде кездеспейді. Бірақ аң стиліндегі қиял-ғажайып кейіптегі аңдар бейнесі адамға ерекше әсер етеді. Аң стиліндегі өнер туындыларында сақ-скифтердің қоршаған орта, аңдар жайлы ұғым-түсінігі мен эстетикалық талғамы, жалпы дүниетанымы көрініс тапқан. Көне заманда кім металл өңдеуді жақсы игерсе, соларда өндіріс жақсы дамыды. Әскери-соғыс ісінде де металл қару-жарақтың рөлі зор болды. Металлургия ісі мәдениеттің де дамуына жағымды әсер етті. Сондықтан, біздің жерімізден бірнеше «Алтын адамның» табылуы қазақ даласының ежелден өркениет ошағы болғанын дәлелдейді [3].

Біз өткізген ашық сабағымыздың зерттеу сұрағын Сақтардың қорымдарынан табылған жәдігерлерді заманауи тұрғыда қолдана аламыз ба? деп алдық. Нәтижесінде сақ қорымдарынан табылған түрлі аң бейнелерін қазіргі шоппер сөмкеге, күнқағар баскиімге, су ішетін құтыға түсірдік. Және «Аңдық стиль» суреттерін, яғни аңдардың айбат шегіп тұрған немесе алысып жатқан суреттерін аниме-жапсырмалары (наклейкалары) түрінде шығарып, оқушылардың телефондарына, локер-шкафтарына жапсыруына кеңес бердік. Және сақтардан қалған аңдық бейнелерді балалар сүйіп ойнайтын фишкаларға жапсырып, бастауыш сынып оқушыларына үлестірдік. Бұл істеріміз арқылы біз қазіргі жапонның ойдан құрастырылған «анимесі» мен «нарутосын» пір тұтып жүрген жеткіншектерге өз тарихымыздағы шынайы оқиғаларды жеткізіп, өз бабаларымыздан қалған мұраны насихаттауды мақсат еттік.

Ендеше мен және менің сыныптастарым мынадай ұсыныстарға тоқталдық:

Қазақ даласын мекендеген ежелгі тайпалар көпенділер өркениетінің негізін салып кетті. Ежелгі Қазақстаннан бастап көшпенді өркениеттің қалыптасқанын толық айта аламыз. Демек көшпенділердің өмір салты тиісті дәрежеде бағаланса;

Сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан қалған асыл бұйымдар, қолөнердің тамаша жетістіктері көшпенділер мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторлар болды. Осы құнды жәдігерлерімізді отандық дизайнерлер ұтымды заманауи үлгіде пайдаланса...мысалы киімдерге, жейделерге, дәптер сырттарына

басылса осы арқылы жеткіншектердің тарихқа құрметі мен еліне деген патриотизмін қалыптасар еді деген ойдамыз.

Ғылыми негізделген дәйектер көшпенділіктің адамзат тарихында елеулі рөл атқарғандығын дәлелдейді. Бәз де өз тарапымыздан көшпенділердің қолөнерін заманауи тұрғыда насихаттау жолдарын ұсынып отырмыз. Бабамыздың бағдарлы ісі біз сияқты жеткіншектер арқылы жалғасын табады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. — 232 бет. ISBN 9965-33-633-4

2 Әкім Жанұзақ. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. — Алматы: Өлке, 2007. — 303.

3 Ә. Сарай. Көк түріктері. — Алматы: Мереке, 2014. — 685, [2] б.,

4 Рене Груссе. Империя степей. — Алматы: ТОО «Санат», 2003.

5 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, ҚР Президентінің ресми сайты, 21 қараша 2018.

6 <https://el.kz/>

#### ТРАДИЦИИ ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА И ЕГО МЕСТО В ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

РАИМБЕКОВА М. Н.

Ученица, 8 «А» класса СОПШ № 41, г. Павлодар

АУТАЛИПОВ Н. Е.

Учитель истории, СОПШ № 41, г. Павлодар

Патриотический акт «Мәңгілік Ел» призывает бережно хранить и развивать историю и культуру. Тема является сегодня актуальной для многих стран постсоветского пространства, где на протяжении семидесяти с лишним лет предавалось забвению все национальное. В том числе и казахское ювелирное искусство, внимание которому уделялось только как части художественного процесса, исследовалось в рамках изобразительного искусства.

Сегодня, когда нация стремится к национальной идентичности, возрождению национальной культуры, ювелирика должна занять достойное место в этом процессе. Изучение особенностей национальных ювелирных украшений и популяризация

использования их в повседневной жизни, на наш взгляд будет способствовать воспитанию чувства национальной гордости и сопричастности к традиционной культуре казахского народа. Серебряные кольца и браслеты, передающиеся от бабушки внучке, от матери дочке- это не только материальные ценности, а прежде всего, семейные ценности- основа прочного общества [1,с.16].

В настоящее время возрождению казахской национальной культуры и традиций придается огромное значение. Этот процесс начинается с изучения истории культуры и национальных традиций. Ювелирное мастерство развивалось в казахской степи с древних времен. Актуальным представляется необходимость изучения «ювелирики» Казахстана, в плане возрождения национальных традиций ювелирного мастерства и популяризации традиций и правил ношения женщинами изделий из драгоценных и полудрагоценных металлов, и камней с элементами национального орнамента.

Представляемая работа является попыткой представить ювелирное мастерство как грань развития национальной культуры. Так же хотелось бы отметить перспективность заявленной темы, так как работу можно продолжить, сравнив собранную информацию с современными технологиями изготовления и ассортиментом национальных ювелирных украшений, востребованных сегодняшними красавицами

Ювелирное искусство занимает особое место в истории казахской национальной культуры. Именно в нем наиболее полно и ярко отражаются идеалы народа, его вкусы, уровень художественных и материальных ценностей. Ведь в отличие от произведений других ремесленных промыслов «вечные материалы» ювелирного искусства могут сохранить его в столетиях. Бронза, серебро, золото оказались способными противостоять разрушительному действию времени и дают возможность проследить непрерывную линию развития народного искусства с древнейших времен до наших дней изобретение способов получения металлов открыло новую историческую эпоху и навсегда изменило ход развития человечества

Ювелирные изделия у казахов всегда отличались своей изысканностью, роскошью, богатством и красиво украшенным традиционным орнаментом. Именно несравнимый орнаментный декор разительно отличает казахское ювелирное искусство от европейского стиля. То, какие украшения носил на себе человек, могло поведать всю историю его жизни, принадлежность к определенному роду, семейный статус и даже положение в

обществе. В жизни казахской женщины ювелирные украшения играли существенную роль. В них воплощалось вечная любовь человека к прекрасному, надежда на счастье, вера в чудодейственные силы природы, способные защитить от недугов, бед и зла. Женские украшения пользовались спросом среди всех социальных слоев общества, что определялось не только их эстетической природой, но и рядом ритуально-функциональных значений, связанных с обычаями, обрядами, религиозными представлениями. [4,с.6] Разнообразна была и стилистика ювелирных изделий, что обуславливалось и географическим фактором, и кочевым укладом быта народа. Таким образом, в атмосфере постоянной кочевой жизни по гигантским пространствам степи, в общении с различными народами, в обмене с ними культурными ценностями развивалось и обогащалось ювелирное искусство в Великой степи. Ювелирные украшения еще тесно связаны с историей казахского народа и отражают развитие национальной культуры, истоки которой уходят вглубь тысячелетий. Одна из важнейших особенностей ювелирных украшений состоит в том, что практически все они несли в себе не столько декоративную, сколько магическую, большей частью защитную, функцию [2,с.31]. Смысловым значением были наделены и форма, и орнамент, и материал. Для жителей степи ювелирное искусство всегда имело особое значение. Например, украшения были своеобразным оберегом, который на девушек надевали еще с самого младенчества, чтобы защищать от сглаза и порчи. Ювелирное искусство казахского народа актуально и на сегодняшний день [5,с.67].

В ходе исследовательской части нашей работы мы посетили уроки и практические занятия ювелиров (зергеров), а также заметили и обозначили основные проблемы развития ювелирики на территории нашей страны

Казахские ювелиры в процессе работы применяли различные виды ювелирной техники, как холодная штамповка, гравировка, чеканка, ажурная техника, инкрустация. В основу сюжетов брались геометрические фигуры, изображения цветов, растений, зверей. У казахов существуют несколько вариантов узоров [3,с.26].

Проблематика развития ювелирного дела на сегодняшний день выглядит таким образом:

– низкая популярность национальных украшений среди молодежи.(утрачена традиция ношения украшений девочками-девushками в процессе взросления);

– кадровая проблема в ювелирном деле. (ученики не получают нужной практики, из-за отсутствия и дороговизны сырья;

Несколько советов от ювелира об отличии материала белого золота и серебра. Во-первых, внимательно посмотрите на украшение. Белое золото выглядит так, будто покрыто лаком, а вот серебро на вид более матовое и имеет немного более «тяжелые» полутона.

Во-вторых, необходимо смотреть на пробу. Белое золото имеет 585 или 750 пробу, а серебро чаще всего 925 пробу.

В-третьих, белое золото тверже серебра. Например, если провести серебряным украшением по чистому листу бумаги, то останется след. Белое золото следов не оставляет.

Так же для того, чтобы окончательно разобраться в проблеме реализации ювелирных изделий мы исследовали информацию о производственной базе, которая на сегодняшний день в нашей стране лишь единственная. По результатам исследования можно сделать вывод:

– Производственная база оснащена оборудованием, технологиями и материалами известных зарубежных и отечественных фирм, позволяющим создавать изящные, оригинальные изделия в национальном, классическом и современном стилях. Для того чтобы постоянно удовлетворять спрос современного покупателя, компания постоянно совершенствует свои технологии, бизнес процессы, повышает квалификацию персонала, а также участвует в международных выставках для получения обновленных данных с мировых рынков.

1) Высокая цена изделий. (Так как в Казахстане нет золото перерабатывающих заводов. И золото, добытое на территории РК, поставляется в Россию, вследствие чего обработанное золото покупается нашим государством в 1,5–3 раза дороже начальной цены. В целом, кризис в ювелирной отрасли РК).

2) Недостаточный ассортимент изделий. (На территории РК работает единственный ювелирный салон «Скиф», который находится в городе Алматы, и только этот салон изготавливает казахские национальные украшения).

Так же для себя изыскали возможные способы для разрешений этих проблем:

– стимулировать развитие ювелирного дела на уровне государства; производить в республике собственное поделочное золото из собственного сырья.

– обучать национальных мастеров не только теории, но и предоставляя им практику и возможность творчества;

– разрешить в школах ношение национальных украшений;

– повысить популярность национальной ювелирики среди молодежи;

– предложить проводить творческие конкурсы, финансирующийся спонсорами-попечителями в ССУЗах и ВУЗах, обучающихся ювелиров

Данная проблема еще больше обостряется на фоне глобализации, которая обозначила вновь проблему самодостаточности национальных культур. На этом фоне актуальность приобретают исследования, направленные на определение этнической самоидентификации национальных культур, что способствует как росту национального самосознания, так и взаимопониманию и стабильности в мировом сообществе.

Актуальность исследования обусловлена и изменениями в вопросах связанных с изучением культуры кочевых народов. Сегодня пересмотр отношения к культуре скотоводов-кочевников и своеобразие их исторических судеб дает объективное понимание значения этих культур для общего хода процесса развития человечества.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Ювелирное дело на территории Казахстана //Ювелирное искусство и материальная культура. (15–20 октября 2007). – СПб. Издательство Государственного Эрмитажа, 2007

2 Сокровище древнего Казахстана. А. – А., 1979.

3 Древнее золото Казахстана. Алматы, 1983.

4 Казахское прикладное искусство. Алматы: Казахстан, 1977.

5 Асан Бахти. Шумеры. Скифы. Казахи. Алматы: Кочевники, 2002 С. 30.

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТӨРЕЛЕР ИНСТИТУТЫ

АБЫШЕВА М. Ж.  
тарих пәнінің мұғалімі, Абай атындағы дарынды  
балаларға арналған гимназия, Павлодар қ.  
САҒЫНДЫҚ С. Н.  
5-сынып оқушысы, Абай атындағы дарынды балаларға  
арналған гимназия, Павлодар қ.

Дәстүрлі қазақ қоғамы «ақсүйек» және «қарасүйек» екі топтан тұрған. Ақсүйектерге төре, қожа топтары кірген. Олар үлкен артықшылықтарға ие болған. Менің мақаламда төрелер институты туралы сөз қозғалады.

Қазақ халқының тарихи өткен оқиғаларын зерттеу, мәдени мұрасын сақтау және бабалардың рухани игіліктерін көрсету отандық тарихи-этнологиялық ғылымында өзекті болып табылады. Бүгінгі уақытта тарихтың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі - хандар мен сұлтандардың мәдени және тарихи мұраны қазақ халқының үзілмес мұрасы ретінде зерттеу болып табылады.

Кенестік заманда төре сословиесінің тарихы мен мәдениетінің тақырыбын зерттеуге тыйым салынған болатын және оның қаралуы бір жақты болған, хандар мен сұлтандардың жеткен дәрежелеріне қарамастан, оларды халыққа қазақ қоғамын консервация үрдісін өткізген, патриархалдық қалып қойған билеушілер, халықты өзара қарама-қайшылыққа қоятын және қанішер көршілердің шабуылына болысушылар ретінде көрсеткен. Әрине, осы көзқарастар Қазақстанда төрелердің тарихы мен мәдениетінің дамуына өзінің ықпалын тигізген. Қазақстан тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұл тақырып бойынша зерттеуге мүмкіндік туды.

XVIII-XIX ғасырлар аралығында қазақ қоғамының әлеуметтік және этномәдени жүйедегі сословиелік-субэтноликалық төре тобын зерттеу ғылыми мақаланың басты мақсаты болып табылады.

XVIII-XIX ғасырлар аралығында қазақ қоғамындағы төрелердің тарихы мен мәдениетінің зерттеулерінен Ж.Қасымбаев., Т.И. Сұлтанов, И.В. Ерофеева, Ж.О. Артықбаев деген ғалымдарды белгілеуге болады. Этнограф Артықбаев Ж.О. төре сословиесін қазақ қоғамының этноәлеуметтік позициялары ретінде қарастырады.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамы меншік пен әлеуметтік теңсіздік қоғамы, дәстүрлі құрылым мен сыртқы саяси факторлардың: Ресейдің құрамына кіру, жоңғарлар мен ортаазиялық

хандықтармен күресу әсерінен туған қарама-қайшылықты кезең болды.

Қарастырылған кезеңнің қазақ қоғамы әлеуметтік дифференциясы туралы А. М. Хазанов: «Если рассматривать кочевые общества изнутри, то в них можно выделить два потенциальных источника социальной дифференциации частную собственность на скот и руководящие позиции в общественной организации» [1, 32 б.]. Төрелер билікте жоғары позицияларға ие болған, олардан хан сайлаған, сұлтандар қазақтың ру-тайпаларын басқара алған.

XIX ғасырда патша үкіметі хан билігін жою мақсатында жасаған әкімшілік реформалар заманында Шыңғыстың тұқымдарын бірден аластатпай, олардың билігін аға сұлтандар қызметімен алмастырған болатын. Қазақ қоғамының өзгеру кезеңінде сұлтандар округтарда бас сұлтандардың қызметін артылықшылықпен иеленген және өзінің әлеуметтік мәртебесімен дворяндыққа теңестірілген. Бұл қоғамдық өміріндегі қазақ жеріндегі күшті әлеуметтік позицияларының бар екенін көрсетеді. Өкінішке орай сол кезеңде патшаның сұлтандар арасындағы от салу құрығына түсіп қалған олар біртіндеп өз ықпалынан айырыла бастағаны белгілі. 1854 жылдан бастап билікте төрелер ерекшеленуден қалып, қарапайым халықпен теңестірілді.

Сұлтандарда өздері ғана қолданатын «Арқар» атты ұраны, тарақ тәрізді таңбалары болған. Бұл таңбаны өз малына да қойған. Төре сословиесі жабық, яғни эндогамды болған және басқа әлеуметтік топтармен неке шартын жақтамаған.

Зерттеушілерге қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандары билеген халыққа жиі салық салған. Я.П. Гавердовский деректері бойынша Тауке хан «Подать расположил поголовно на всех киргизцев могущих управлять оружием, исключая султанов, т.е. ханских детей. Хан, или правитель, получал для себя со всего имения и скота только 20-ю часть в год...». Көбінесе салық төлеу түрлері зекет және ұшыр болған. Бөкей ордасындағы Жәңгір хан кезінде салық төлеу жүйесі аса дамыған. Хан салықтың мына түрлерін енгізген: а) хан үшін зекет пен соғым, ә) рубасылар үшін соғым, б) ханның елшілерін ұстау үшін ерекше жинау». «Ханлық» атты соттық шешу үшін берілген төлем ақысы – бесті ат (бес жасар ат) және бесті атан (бес жасар түйе) сұлтандардың маңызды кіріс көзі болған [3, 114 б.]. Нәтижесінде Бөкей Ордасында халық 1836-1838 жж. ұлт-азаттық көтеріліске шыққаны тарихтан белгілі.

Сонымен қатар сұлтандардың жерлерінен өткен көпестерден салық алу тәжірибеде қолданылған. Төрелер айырбас сауда жолдарына қызығушылық танытқан. Аблай хан Ямышев бекінісіне өз адамдарын мал шаруашылығының өнімдерін нан өнімдеріне айырбастау үшін жібергені белгілі. Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз Семей бекінісінде сауда жүргізді. Ямышев және Семей бекінісіндегі тауарлар әртүрлі болған және Ресей, Қазақстан, Бұқара, Хиуа және Қытайдан әкелінген [4, 59 б.]. Бұл деректерге сүйенгенде төрелердің кірісі әр түрлі болған, сұлтандардың дәулеттілік дәрежесі түрлі факторларға тәуелді болды. Көрші елдерді жаулап алу және жаулап алған аймақтың халықтан салық алудың сыртқы саяси саясатына ерекше мән берген.

Бірте-бірте төрелер өзінің әлеуметтік артылықшылықтары мен биліктің мүмкіндіктерін жоғалтып, қазақ қоғамындағы басқа әлеуметтік таптардың арасында әрең байқалған.

Төрелердің әлеуметтік беделі жоғары болғандықтан, қарапайым халықтың төрелерге деген қатынасы ерекше болған. Бұл ерекшелікті көптеген революцияға дейінгі зерттеушілер айқындайды. И.Георги былай деп жазады: «Народ величает самого хана тахсир-ханымом и тахсир-падшеймом, супруг его просто ханымами, князьков тахсир-салтанами, а княжен ханымками, т.е ханскими дочерьми» [6, 86 б.].

А.И. Левшин бұл туралы: «Человек, ничтожный к хану или сильному султану, не смеет подходить иначе, как сложив руки на груди и низко кланаясь, а если тот, к кому он подходит с таким подобострастием, пожелает в знак особой милости протянуть ему руку, то он сжимает ее обеими своими руками становясь на одно колено. Человек среднего состояния подходит к своему начальнику с поклоном, но не складывая рук. Хан же, или сильный повелитель в ответ на приветствие своих подчиненных кладет руку на плечо простолудинина, жмет руку того, к кому имеет уважение, и обнимается с приятелями своими. Если киргиз встречает на пути человека знатного или богатого, то сходит с лошади и обеими руками своими сжимает одну его руку, если же встретит хана, должен остановиться на дороге и дожидаться пока он проедит, между тем наклоняет голову, прижимает руку к груди и громко приветствует его» [7, 98-99 б.]. Л. Баллюзек: «В казахском обществе мужчинами приветственные слова не употребляются в отношении женщин. Исключение составляют султанши, приветствуемые также, как султаны» [8, 147 б.].

Басқа да көрсеткіштің түрі хан мен сұлтандарға ерекше орын беру. «Жалпы жиындарда немесе салтанатты құрылтайларда төрелер әрқашан ақ киізге отыратын» [11, 89 б.]. Сұлтандарға берілген ерекше орын «төр» деп аталған. Мүмкін бұл сөз «мырза» мағынасындағы «төре» сөзіне байланысты.

Б. Алтынсарин дастархан үстінде қазақ ақсүйектеріне құрмет көрсетудің өзіндік түрлерін сипаттайды: «При угощении мясом каждому киргизу, смотря по его почести, следует поставить должную часть мяса, а именно: старикам и муллам – голову (койдың басы), у которой одно ухо отдается мальчику; султанам и вообще почетным лицам – жая (берцовая часть), ребра, кусочек печенки, сала» [11, 56 б.]. Н.И. Гродеков жазуынша: «Султаны, по мнению Султана Даулета Бушаева, хотя были самыми почетными лицами на пире, не получают головы: им полагается асык ийлик (голень)» [11, 85б.]. Сондай-ақ жасы үлкен-кішісіне қарамай сұлтандардың ұлы да үлкен құрметке ие болғаны жайлы Ш.М. Ибрагимовтың зерттеулерінен де көруге болады.

Жалпы қазақ қоғамында субэтникалық төре тобының отбасылық-корпоративтік ерекшеліктері аз зерттелген.

Төрелердің неке-отбасылық қарым-қатынасы өзінің өзгешелігімен ерекшелінеді.

Көптеген XVIII-XIX ғғ. тарихи деректері төре сословиесінде көп әйел алушылықтың (полигамия) болғанын куәләндірады. Әйелдердің саны төрелердің атақтылығына байланысты болды. А.И.Левшин айтуы бойынша: Нұралы ханда 16-17 әйел, 15 күн (оларды ұстауға рұқсат, балалары заңды бала-шағалардан онша оқшауланбаған) сондықтан ол 32-33 ұл баланың, 34 қыз баланың әкесі болған. Бірақ Сібір ведомствосының 1827-1867 жылғы деректерде 32 үлкен сұлтандарда 1 әйелдерден болғанын айтады. Көптеген тізбелерде сұлтандарда 1 әйел болғаны жазылмаған, тек «үйленген» деп жазылған [7, 116 б.].

Мұрағат деректерінде сұлтандардың өзінің сословиесінің өкілімен некелесу ерекшеліктері кездеседі. Қара халықтың өкілінен қыз алу да орын алған, тек міндетті түрде бірінші әйелі (бәйбіше) төре өкілінен болу керек. Қара қазақтың қызы – тоқал болды. Оны Ф. Фон Шварцттың айтуы бойынша байқаймыз: «собственно хозяйкой дома по нашему понятию у киргиз-кайсаков является не любимая жена, а старшая по службе (байбича) т.е та, которую данный киргиз взял в жены сначала. Она происходит обычно у султанов из лучшей, соответствующей общественному рангу мужа

семьи, все другие жены подчиняются старшей и являются ничем иным, как ее служанками.

Сұлтанар институтының ерекшеліктерінің қатарына төре тұқымынан шыққан қызды қара халықтың өкіліне тұрмысқа шығуға тыйым салуды жатқызуға болады: «...возбраняется обычаем, Султанам отдавать девиц своих за простолюдинов, чем теряется уважение к девице и даже название Султанское; но Султанам брать девиц простого народа исключительно не возбраняется». Қарапайым халықтың өкілі сұлтанардың сословиесінен шыққан әйелге үйленетін болса, ол «гурган» атағын иеленген. Мысалы, Ұлықбек, Темірланның немересі «гурган» атанған (төреледің күйеу баласы) [7, 122 б.]. Бірақ олар да, балалары да төре бола алмаған. Мүмкін осы некеден туған балаларға ерекше термин қолданылған. Осылайша, М. Кашқари аналары хан руынан шыққан (хатун), ал әкесі қарапайым халықтан болса, онда балаларын инал деп атаған. Төре ерлері қарапайым халықтың әйеліне үйленген болса, олардың балалары «қараман» атанған және «таза төре» саналмаған [9, 86 б.].

Төрелердің некелік-отбасылық ерекшеліктеріне туыстық некелесуді жатқызуға болады. Н. Зеланд деректері бойынша: «В Султанских родах супружеские союзы заключаются даже между лицами в третьей степени родства; браки более близких родственников обычаем запрещены. Союз между дядей и родной племянницей бывает нередко. Например, Султан Найманхан Камбаров имеет от старшей жены дочь Бабаджан, а от второй сына Садыка. Бабаджан замужем за Нур-Султаном Аблезовым и от него имеет дочь Базынаш. Свойство Султаны не признают; по их словам и киргизский обычай не знает свойства и разрешает всевозможные браки» [7, 90 б.]. Дегенмен төрелер эндогамды, яғни жеті атаға дейін қыз алыспау шартын сақтамаған. Этнограф Ж.О. Артыкбаевтың айтуынша төрелер патронимикалық экзогамияны қолдамаған (жеті атаға дейін қыз беріспеу шарты) [10, 63 б.]. Хандар мен сұлтанар қоғамда күшті позициялары бар және жоғарғы билікке құқығы бар жеке жанұялар арасында туыскандық байланыс орнатуға қызығушылық танытқан. Сондықтан жақын туыстық некелерді орнату төрелердің некелік-отбасылық қарым-қатынасындағы өзіндік ерекшелігі болған.

Қорыта келгенде, бұл мақалада тарихи деректерді талдау негізінде төрелердің қоғамдағы орнын көрсеттім, төрелер жоғары әлеуметтік жағдайға, құрметке, беделге ие болған. Бұны сұлтанарға сәлемдесу ишаратында, жиналыстардағы ерекше

орынды иеленуінен байқауға болады. Хандар мен сұлтанардың беделділігі мен байлығының арқасында өзінің қол астына көп төлеңгіттерді, құл ұстауына себеп болды. Төрелердің некелік-отбасылық қарым-қатынастарында эндогамияны қолдаған өзіндік ерекшеліктері болды. Төрелер институты – өткен тарихымыздағы дәстүрлі қазақ қоғамының бір ерекшелігі, сондықтан қазіргі кезде жас буын олардың кім екенін ажырата алу керек, Англиядағы атақты Тюдорлар әулеті, Франциядағы Бурбондар әулеті сияқты, қазақ қоғамында да чингизидтер әулетінің мықты хан, сұлтанарының саясатын зерттеп, қазақ қоғамына қосқан үлесін білу міндетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хазанов А. М. Кочевники и внешний мир: Дайк – Пресс, 2000. – 604 с.
- 2 Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 21-ші том). – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006. – 284 б.
- 3 Гавердовский Я. П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 1-я) А.: Дайк-Пресс, 2007. – 620 с.
- 4 Султанов Т. И., Абусейтова М.К. Общество и культура // История Казахстана и Центральной Азии: Учеб. Пособие / Абусейтова М.Х. и др. А.: Білім, 2001. – 620 с.
- 5 Зиманов С. З. Россия и Букеевское ханство.-Алматы, 1982. – 171 с.
- 6 Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – А.: «Санат», 1996. – 656 с.
- 7 Толыбеков С. Е. Общественно-экономический строй казахов XVII - XIX веках. – А-А.: Казахское государственное издательство, 1959. – 448 с.
- 8 Аргынбаев Х. А. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – А.: Қайнар, 2005. – 216 б.
- 9 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII – XIX вв. (история, историография, источники). А.: ТОО «Print – S», 2003. – 178 с.
- 10 Артыкбаев Ж. О. Казахское общество: традиции и инновации.-Астана: «Парасат Әлемі», 2003. – 290 с.
- 11 Валиханов Ч. Ч. Юрта // Валиханов Ч.Ч. Этнографическое наследие казахов. – Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. – 292 с.

## ҚАСИЕТТІ БАЯНАУЫЛДАҒЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ «СӨРЕ ТАСЫНЫҢ» МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

САКЕН А.

8 сынып оқушысы, Павлодар облысының «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ, Павлодар қ.

Мектеп бағдарламасы бойынша оқулықта толық қамтылмаған тақырыптардың бірі - тарихи тұлға Қазыбек бидің ғибратты ғұмыры, ол салған тарихи ескерткіштер болып саналатын сөре тастың ғылыми негізге сүйеніп салыну үлгісі мен ағарту бағытындағы маңызын ашу басты мақсаттың бірі.

Тарихи ақтандақ беттерінің бірі болып келген Қазыбек бидің сөре тастарын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып талдау арқылы тарихта алатын орнын зерделей отырып, кейінгі ұрпаққа насихаттау біздің еншімізде екеніне ықпал ету өзекті мәселе болып келеді.

Тақырыптық тұрғыдан талданған деректерді өскелең ұрпақ сұранысын қанағаттандыру мақсатында таңдау курстары мен үйірме жұмыстарына көмекші құрал ретінде пайдалану. Мақсатқа жету жолындағы алға қойылған міндеттер: Қазыбек бидің өмірі туралы еңбектерді оқып, талдау; Қазыбек бидің шығармашылығы мен еңбектеріне талдау жүргізу; Қазыбек бидің сөре тастарының тұрған жерін, орнын анықтау, салыну ерекшелігіне мән беру, әдебиеттік зерттеу.

Әрбір дүниеге келген ірі тұлғалардың шыққан тегі осал болмаған. Сол сияқты Қаздауысты Қазыбек бидің де ата-бабалары ортасына белгілі ел ішіндегі қоғамдық өмірде шешуші тұлғалар болған жандар.

Қаздауысты Қазыбек бидің арғы атасы Мейрам сопыдан Қаракесек туады. (Азан шақырып қойған аты – Болатқожа). Болатқожадан Ақша мен Түйте. Ақшасынан Бошан. Бошаннан бес ұл туады: Байбөрі, Таз, Машай, Жанту және Манат. Екінші ұлы Таздан Наманай мен Бұлбұл туады.

Бұлбұлдың екі әйелі болған. Бәйбішесі Қаракемпір. Тоқалы Құбакемпір. Осы тоқалы Құба кемпірден бес ұл туады: Алдияр, Күшік, Шаншар, Үсен және Құдайберлі. Шаншардан Қазыбектің әкесі Келдібек туады. Осы жерде Шаншар тұлғасына тоқтала кеткенді жөн санадық. Шаншар Есім ханның ақылшы биі, бас уәзірі болған. Тарих беттеріне үңілсек 1627 жылы Ташкентті билеген Тұрсын ханмен Түркістанды билеген Есімханның арасында қырғын

соғыс болады. Осы соғыста Тұрсын хан қаза болады. Сол заманның заңымен жеңген жасақ таңдағанын алады. Сонда Шаншар Тұрсын ханның Айбике, Нұрбике деген қыздарын олжаласа керек. Қазыбек бидің әкесі Келдібек осы Айбикеден туады. Нұрбикеден бері өрбітсек Мөшеке – Қазанғап – атақты күйші, композитор Тәттімбет дүниеге келеді [1, 8 б].

«Болар бала он бесінде баспын дер» демекші, бабамыз да жастайынан ел өміріне араласып, көптің көңілінен шығады. Әкесі Келдібек те баласының болашағынан көп үміт күтсе керек. Сол кездегі қазақ ортасында қалыптасқан тәрбие бойынша, баласы жер көрсін, ел танысын деген мақсатпен үлкендер зерек балаларды атақты би шешен адамдардың қасына атқосшы қылып ертіп жіберіп отырған [2, 11 б].

Қарқаралы жайлы бүгінгі әңгімемізді XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында жасаған қазақтың атақты биі Қаз дауысты Қазыбектен бастауымыздың өзіндік сыры бар екенін айтқан жөн. Қазақ тілінің бірыңғай халық тілі болып қалыптасуына, қазақ ауыз әдебиетінің дамуына айтулы үлес қосқан бір топ ақындар болса, екінші топ шешендер. Ал сондай шешендерің бірі және бірі болғанда бірегейі – Қаз дауысты Қазыбек. Қазыбек есімі кашанда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек сияқты атақты батырлармен, ел ардақтыларымен қатар аталады. Ал сол Қазыбек, үш ғасыр бойына ел аузынан бір түспей келе жатқан, өз халқы былай тұрсын ата жауы - қалмақтар қадір тұтуға мәжбүр болған Қазыбек жайлы осы күнге дейін ашық айтып, кең толғамай келдік.

Қазыбек туралы сөз қозғасақ, Абылай хан оның айналасын айту керек болғандықтан, ертедегі билердің өзіне де көзқарасымыз біржақты қалыптасқандықтан сөз арасында, әр жерде, әр саламен байланысты ғана атай кетіп, оның өзінде сыбырлай айтып, сыдырта әңгімелеп қана жүрдік. Қазақтың әдебиетінде ауыз әдебиетіне, шешендік сөздерге байланысты «бөленшекең бөлен деген екен» деген сыңайда, Қазақстан тарихында орыс халқымен достыққа қосқан үлесте, қалмақтармен соғысқа байланысты баяндаулардың мысалы, тұздықты дерегі ретінде ғана айтып келеміз. Содан келіп қазірде аты шулы Қазыбек би жайлы не қызыға оқыр кітап, не шүкішия талдар салмақты да келелі ғылыми зерттеу жоқ. Ғалым Балтабай Адамбаевтың «Шешендік сөздер» (1967 ж.) және «Алтын сандық» (1989 ж.) деген жинақтарына енген бір-екі мақала ғана бар.



Демек, біздер, Қазыбек ұрпақтары кемеңгер атамыздың алдында қарыздармыз [3, 53 б].

Қазақ халқының ел қатарына кіріп, санатқа есептеліп отырғаны қашанда ұлы кемеңгер ұлдарының арқасында. Бұл жағдай қай халықтың болсын басында бар. Елім деп туған ерлер болады, олар күнделікті тіршіліктің тұсауын үзіп, елінің қамын жейді, қан кешеді, өртенеді, арпалысады. Әр халықтың тарихын, біле білсек осындай бір шоғыр асылсазда ұлдары жасайды. Бұл жалғанның қам-қарекеті біте ме? Қаз дауысты Қазыбек бабамыз туралы өне жазамын, міне жазамыммен уақыт өтіп те барады. Жазбасқа болмайтын да себеп туды. Ол Қаздауысты Қазыбек бабамыздың асыл аруағына арнап оның туған жылы, өскен ортасы, өлген жері, басына қойған белгі туралы «Орталық Қазақстан» газеті бетінде көтерілген пікірталас.

Маған жуырда газетте жарық көрген профессор Ш.Қашықұлы мен ғалым Р.Сағымбекұлының сұхбаты ұнады. Өте мазмұнды және өрісі кеңге құлаш сермеген әңгіме. Екі майталман ғалым, халыққа жанашыр қос азамат көп ұнамды тақырыптарды бастаған. Осы күнге дейінгі Қаз дауысты Қазыбек туралы жазылған мақалалардың ішіндегі салмақтысы ма дедім.

Бір жерінде Рекең «Қазыбек бабамыз қай жерде, қай жылы туды?» деген жайды анықтап алсақ қайтеді!?!- дейді. Құптарлық ұсыныс. Тарихта талқыға салатын сұрақ көп. Атағы алты алашқа жария Әз Тәуке, Абылай хан, Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек сияқты заңғар тұлғалардың өмірін жан-жақты зерттеп, таразыға салып, байыптап барып баяндағанымыз жөн. Ол кісілер ауыл арасының биі, барымтаның батыры емес. Олар қазақты ел қылған, Сарыарқаны осы елге жер қылған ұлттық тұлғалар.

Рекеңнің сауалына орай жауап берген Шағатай ағам ескілікті қолжазбаға сүйенген, ал қолжазба болса қазақтың ата тарататын тәртібіне сәйкес мына жағдайды баян қылады: «Бабам 97 жасында өлген жылы Анайкем туады, ал Анайкем 75 жасында қайтыс болған. Анай би өлген жылы оның кенже ұлы Қожабай қажы туылыпты. Ал Қожабай қажы 75 жасында 1907 жылы қайтыс болады. Сонда бабаның туған жылын былайша есептеген дұрыс: 1907- ( 97-75-75 ) 1660. Қорыта келгенде бабам 1660 жылы туған болады, ал қайтыс болған жылы 1757 жыл» [5, 87 б].

Бұл пайымдаумен «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген. Е.Балташұлының пікірі қабысып жатыр. Себебі екеуінің де негізі бір. Екінші мақалаға арқау болған Ахмет Байтұрсыновтың

«Ақжол» жинағында (1991 ж) жарияланған есебі. Ақан да Қазыбек бабамыздың жасын қазақ тәртібімен есептейді.

«Қаздауысты Қазыбек бабамыз 97 жасында өлген. Қазыбек өткенде Шаншар Қанай би туған. Қанай 72 жасында тоқал алған. Тоқал сегіз жылда 3 бала тапқан. Осы үш ұлдың кенжесі Қожабай осы күні (1925 ж.) ақсақал болған Ақайұлы Хасеннің шешесі Бағзе бәйбішемен құрдас екен. Бұл бәйбіше биыл 1925 жылы 87- де болады екен». Қазыбектің туған жылы 1661 жыл, өлген жылы 1758 жыл болады».

Сонымен екі мақаладан да жыл есебі жарықтық Қанай немесе Анай бидің туған жылына, оның 72 жаста алған тоқалына, осы тоқалдан 80 жаста туғызған ұлына есептеліп, қазақтың ауызекі тарихында біраз «тиянақтауып алған». Бірақ осы көңіл бөлген жағдайлар өте қызықты болғанымен тарихи жағынан дәлелсіз. Мен фактіге сүйенетін тарихшы емеспін. Басқа әріптестерім сияқты партия, КСРО, социализм тарихынан да аулақ болдым, бірақ Қаздауысты Қазыбек бабамыздың туған жылын анықтау үшін Қанай бидің тоқалын кірістіруге қарсымын. Неге?

Ең бастысы, Қазыбек бабамыздың өмір тарихын шыпшырғасын шығармай түгел баян- дауға жетерлік жазба-архивтік деректер бар. Ол қай жерде туды, қалай өсті, Қытай мен Ресейге, қызылбас пен түркіменге көзқарасы қандай болды? Қалмақ, естек жөнінде қандай саясат жүргізді, оның нәтижесі қандай? Бәрі-бәрі көне, сарғайып кеткен, сиясы езіліп, жайылып кеткен қалың қағаздарда жеткілікті түрде суреттелген. Одан қалғанын қазақтың ауызша тарихын, аңыз-әңгімесін сараптап отырып толықтыруға болады. Тек кәсіби қазақи тарихшы керек. Қазіргі даудың бірін туғызып отырған жағдай тарихшының болмауы деп түсінемін.

Қазыбек би тоқсан жеті жасында Баянауылда Семізбұғы тауының етегіндегі Теректібұлақ қыстауында дүниеден өтеді. Көз жұмар алдында жиналған жамиғатқа: «Мені соңғы сапарға шығарып салуға қамданыңдар, менің бұл фәни дүниемен қоштасар уақытымды білетін адам бар. Ол күн шығыстан келуі тиіс. Сол адамды тындап, соған билік беріңдер, намазымды да сол шығарады, ол қазір жол үстінде келе жатыр» деген екен. Айтқан адамы бидің қазасын алдын ала білген Бегімшайық әулие жолға шығыпты. Қазыбек би мен Бегімшайық әулие замандас, құрдас, дос болған. Бегімшайыққа Бекмысық деп ат берген де Қазыбек би. Оның әңгімесі ұзақ. Бегім қожаны Қазыбек би Сарыарқаға көшерде Түркістаннан өзімен бірге ала келген екен. Досының қазасына қатты күйзелген ол киіз үйдің

ішінде жатқан марқұмның мәйітін көруге барады. Қимас досының мәңгілік бақиға аттанғанын көріп, қолындағы аса таяғымен мәйітті ұра бастайды. Мұны көрген Қазыбектің үлкен ұлы Бекболат би: «Оу, ақсақал өлген әкемді ұрып, аруакты қорлағаныңыз қалай?» – деп ренжіп әулиенің қолынан ұстай алыпты. Бұған Бегім әулие: «Өз обалдарың өздеріне. Әкеңнің бойында сал әулие деген қасиеті бірге кетіп бара жатыр еді. Жеті ұрғанда жеті атаңа кетуші еді. Үш-ақ рет ұруға шамамды келтірдің. Енді бектік, салдық үш атаңнан аспайды-ау, қап әттегене-ай» деп киіз үйден шығып кетіпті. Қазыбек бидің әулиелігі мен бектігі Бекболат, Тіленші, Алшынбайдан соң сегінеі бастаған [4, 25 б].

Қазыбек бидің мәйітін қыс түсіп кеткеннен кейін сөре тасқа кереге жайып, былғарымен орап, үстіне алты қанат киіз үй тігіп, қыс бойы сақтайды. Көктем келіп, күн жылынып, жер аяғы кеңіген соң Қазыбек бидің айтып кеткен өсиеті бойынша Бекболат бастаған қырық жігіт Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне апарып жерлейді. Басына құлпытас қояды.

Бүгінгі күнде Қаздауысты Қазыбек бидің, жалпы Қаркесек Шаншар атаның ұрпақтары көп болып тараған. Қарқаралы ауданына қарасты Егіндібұлақ, Қаратау, Арқалық, Айрық, Едірей елді мекендерінде тұрады. 2015 жылы Қарқаралы өлкетану музейінің қызметкерлері «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасаған этноэкспедиция барысында осы елді мекендер толық қамтылған еді. Қазыбек бидің жетінші ұрпағы Қанат Әукішев ақсақалдың Айрық ауылы бойынша айтқан әңгімесіне қарағанда, негізгі ұрпақтары осы ауылдың маңындағы «Үшқара» тауының бөктерінде мекендесе керек.

Бүгінгі күнде Қазыбек бидің Серік Дүйсембекұлы бастаған ұрпақтары, атақты би – аталары мекендеген жерге 2008 жылы ескерткіш тас орнатқан. Сондай-ақ, Қазыбектің бесінші ұрпағы Мәди Бәпиұлының да қыстаған қыстауының орнына 2014 жылы Рымбек Дүйсембекұлы, Диас Рымбекұлы ескерткіш орнатқан. Биыл Қазыбек бидің туғанына 350 жыл толып отыр. Қазыбек би туралы осы зерттеу жұмысына түгел сиғызып жазу мүмкін емес. Бұл аңыздардың барлығы ата-бабамыздан халық ауыз әдебиеті арқылы жеткен шындық.

Не дегенмен «Сөре тастың» бүгінгі халі қалай екен, ел-жұрт біле ме екен деген сұрақ бізді қызықтырды да, Қаз дауысты Қазыбек бабаның ұрпағы, тарихшы ағамыз Зарқын Тайшыбаевқа хабарластық. Ол кісі бірден: «О, «Сөре тас» туралы білгенде қандай.

Қайтыс болған бабамыздың мүрдесін теріге орап, қыс бойы сол сөре таста сақтап, көктем шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қоюға әкетеді. Бабаның аты-жөні жазылған сол мәрмәр тас қоршалған, жергілікті халық айналасын тазалап, баптап ұстап отыр. Жыл сайын болмасақ та екі-үш жылда бір барып тұрамыз. Тұрған жері таудың арасы, жанында бұлақ ағып жатыр, киноға түсіретіндей табиғаты көркем жер. Сол жердің азаматтары жылына бір жылқы сойып, бабаға арнап құран бағыштап отырады...», деді [6, 42 б].

Мұны елдің ақсақалдары да Қазекемнің бейнесі деп бекітті. Себебі, өмір бойы Мәшһүр-Жүсіп үнемі осында келіп өтіпті...

Баянауылдан 75 километр, 4 ауыл Советі, «Мұрынтал» колхозынан 3 километр, кардон үйдің жанында, Семізбұға жолының үстінде.

Осы өткен октябрь айының 2 күні көтеріліп қойылды.

Жерге айқыш-ұйқыш көлбеулете қадалған төрт қада тастың үстіне қойылған тас табыт ерекше. Шебердің қолынан қашалған тас табыттың ағаштан жонып шығарылғандай етіп аса ұқыпты жасалғаны таңдай қақтырарлықтай. Ит-құс бидің мүрдесіне зақым келтірмеуі үшін мүрдені жерден едәуір биікте сақтағандары көрініп тұр. Бір кереметі бөлен ғасырлық тарихы бар тас табыттың сол баяғы қалпында сақталғанына қайранмын!.

Қазақ елінің тәуелсіздік алуы, бұрын біржақты қараланып немесе датталып келген, тарихымыздың ақтандақ беттерін жаңаша парақтап, даңқты тұлғаларымыздың өткен өміріне шынайы баға беруге мүмкіндік туғызып отыр. Солардың бірі, әрі бірегейі, ұлттық сана мен тілінің, рухы мен арман-мұратының ұшан-теңіз ұлылық қасиеттерін ересен қуат-қүдіретімен көрсете білген, тәуелсіздік жолында қабырғасы қайысып еңбек еткен көрнекті мәмлегер, арыстан жүректі ер, мемлекет қайраткері – Қаз дауысты Қазыбек би.

Қаз дауысты Қазыбек би аумалы-төкпелі, күрделі, қилы заманда ғұмыр кешті. Кең байтақ Қазақ жеріне бір бүйірден Жоңғар хандығы, екінші бүйірден Ресей империясы, үшінші жақтан Бұхар мен Хиуа хандықтары әбден мазасын алып, өзәзілдік көрсетіп отырды. Жан-жағынан анталаған алпауыттарға қарсы Тәуке хан икемді саясат жүргізді. Сонымен бірге Қазақ қоғамындағы жат құбылыстарды, адам бойындағы келеңсіз міндерді құртып-жоюмен шұғылданды. Қоғамды небір дерттерден сауықтыру мақсатында Тәуке хан Үйсін Төле биді, Алшын Әйтеке биді және Қаз дауысты Қазыбек биді «Жеті жарғы» ережесін жасауға жұмылдырды.

Қазақ қоғамында соғыс болсын, ортақ келісімге уағдаласу, мәмілеге келу болсын, сыртқы һәм ішкі саясатта болсын, жер қорғауда болсын – ең қажет қару – шешеннің тілі. Әлбетте, дарынды шешенде білгірлік-біліктілік, алғырлық-тапқырлық, қаһармандық-қайраткерлік, зиялылық-саясаткерлік сияқты ұшан-теңіз табиғи рухани қасиет-қабілеттер мол болса, онда мемлекет жеңіске жетіп, қиындықтан, құлдықтан құтылады. Мерей-мәртебесі, даму дәрежесі жоғары болады. Бұл ретте Қаз дауысты Қазыбек бидің Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында айрықша тұлға екендігін айтуға болады.

Өзінің жалпы тұлға болмысымен ғана емес, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан шешендік өнерді өз дәуірінде жарқырата танытқан, Қазақ шешендігін «от басы, ошақ қасы», жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерден биіктетіп, халықаралық елшілік, дипломатиялық саясатта биік белеске көтерген – Қаз дауысты Қазыбек бидің ұлттық шешендік өнердегі орыны айрықша.

Қазыбек би – шешендік сөздерді тақырыптық тұрғыдан байытып, мазмұндық жағынан тереңдетіп қана қоймай, оның көркемдігіне, үйлесімділігіне де ерекше мән берген, жанрлық тұрғыдан шешендік толғау, шешендік дау, шешендік арнау түрлерін өз шығармашылығында барынша дамытқан. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

Қорыта келе, «Сөре тасқа» көңіл бөліп, қасында құлап жатқан тастарды орнына қойып, түрлі спорт жарыстарын өткізіп, шаңырақ көтерген жастардың гүл шоғын қоятын салтанатты салтын енгізіп, тіптен «Қаз дауысты Қазыбек күні» деп ақындар айтысын, жыр жазар жүйріктердің байқауын өткізіп отырса да артық емес. Бұның Баянауыл өңіріндегі туризмнің дамуына шексіз үлес қосары еш күмән келтірмейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Артықбаев, Ж. Қаз дауысты Қазыбек би [Мәтін]. Т. 2 /; [жауапты ред. Н. О. Дулатбеков]. – Алматы : Мер-Press, 2017. – 475 б.
- 2 Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек. – Астана: Фолиант, 2000.
- 3 Қасымова. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Жазушы, 2003.
- 3 <https://egemen.kz/article/270343-qaz-dauysty-qazybekinh-sore-tasy>
- 4 <https://ortalyq.kz/aza-ty-amyn-zhegen-azybek-bi/>

5. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының қызметкері Н. Жаналин 19.ХІ.44 (ҚР Орталық Мемлекеттік архиві. Қор №1137, Тізбе №12, Іс №499, п.230).

6. <https://pushkinlibrary.kz/exhibitions/constitution/blog4.html7>

#### АКТУАЛЬНОСТЬ ПРОГРАММЫ ПАРТИИ «АЛАШ» В XXI ВЕКЕ

СЕРИКПАЕВА А. М.  
ученица, 8 «Д» класса, Школа-лицей имени Аманжолы  
Шамкенова, г. Павлодар  
ОМАРОВ А. Б.  
учитель истории, Школа-лицей имени Аманжолы  
Шамкенова, г. Павлодар

Тема нашей статьи – «Актуальность программы партии «Алаш» на сегодняшний день». Хотя с основания партии «Алаш» уже прошло более ста лет, она оставили неизгладимый след в истории нашей страны. Для нас, современных граждан, они останутся материалом в учебнике истории Казахстана, следом в истории, но не многие знают, что на заре XX века они основали первое казахское национальное государство с собственной программой развития, основные принципы которой перекликаются с действующей Конституцией Республики Казахстан.

Окунёмся немного в историю ее создания. Партия «Алаш» – общественно-политическое, национально-освободительное движение, которую создали представители партии кадетов — этнических казахов, оформившейся во время событий 1905 г. На Первом Всеказахском съезде, проходившем в Оренбурге с 21 по 28 июля 1917 года, было объявлено о создании партии «Алаш». Алихан Букейханов, Ахмед Байтурсынов, Миржакип Дулатов, Елдес Омаров, Есағали Турмухамедов, Газымбек Биримжанов разработали план программы партии, председателем которой стал Алихан Букейханов. В состав правительства вошли:

Алихан Букейханов – (1866–1937) казахский политический деятель, журналист, преподаватель, этнограф председатель партии «Алаш».

Ахмед Байтурсынов – (1872–1937) ученый, просветитель, переводчик, общественный деятель, создавший первый алфавит казахского языка.

Миржакип Дулатов – (1885-1935) казахский поэт, писатель, один из лидеров правительства «Алаш Орда»

Елдес Омаров – (1892-1937) общественный деятель, публицист, педагог, переводчик. Был одним из активных авторов газеты «Казах», которая издавалась в Оренбурге.

Газымбек Биримжанов – (1896-1938) казахский общественный деятель, журналист.

Есағали Турмухамедов - (1883 —?) революционер и политический деятель, один из лидеров движения «Алаш». [1, с.36]

Со временем «Алаш» начали существовать уже как правительство, и называлась «Алаш Орда».

Хотела бы отметить то, что «Алаш орда» и «Алаш» часто путают, на самом деле они имеют разный вид деятельности. Как я отметила ранее, «Алаш» существовал как партия, она пропагандировала «права человека» и «демократическое общество». «Алаш орда» действовал как полноценное государство, они имели свою небольшую конституцию состоящая из 10 пунктов, у них была своя территория, и свой флаг. [2, с.17]

А теперь поговорим о программе партии Алаш, эту программу составили выше, упомянутые имена. Программа была основана на равноправии и демократическом государстве, отделение религии от государства, в программу входили такие пункты как:

Форма государства. Россия должна быть демократичной, и федеративной республикой, и не влезать в политику Алаш Орды.

Местная свобода. Области, населенные казахами, должны управляться самостоятельно.

Основные права. Действует свобода на организацию

Вопрос религии. Вопрос религии нужно отделить от дел государства. В религии у всех равные права

Власть и суд. Власть и суд каждого народа должны быть своими. Бии, судьи должны знать местный язык.

Оборона. Защита страны, и их граждан

Налог. Налогом должны облагаться баи как баи, бедняки как бедняки.

Рабочие. Рабочие должны быть под защитой закона

Образование. Образование должны получить все, бесплатно.

10. Земельный вопрос. Пока казахи не обоснуются на своих землях, переселенцы не должны сюда переезжать. [3, с.40]

Если прочитать всю Конституцию можно понять то, что почти вся конституция была основана на правах человека, и защите

его, что и мы можем увидеть в конституции. Для доказательств проведем параллель между некоторыми пунктами программы Алаш Орды и Конституции РК.

Статья 1.

Республика Казахстан утверждает себя как демократическое и светское государство, ценностью которой является человек, его жизнь, права, и свобода.

Ранее я упоминала то, что «алашовцы» на протяжении всего своего пути пропагандировали демократию, и права человека. По этой причине в самом первом пункте их плана было указано, что их государство будет придерживаться демократии, народ будет выбирать президента и депутатов

Статья 13. Каждый имеет право на признание его правосубъектности и вправе защищать свои права и свободы всеми не противоречащими закону способами, включая необходимую оборону.

Статья 14.

1. Все равны перед законом и судом.

2. Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам.

Статья 15.

1. Каждый имеет право на жизнь. 2. Никто не вправе произвольно лишать человека жизни. Смертная казнь запрещается.

Статья 25

1. Жилище неприкосновенно. Не допускается лишение жилища, иначе как по решению суда. Проникновение в жилище, производство его осмотра и обыска допускаются лишь в случаях и в порядке, установленных законом.

Статья 32

Граждане Республики Казахстан вправе мирно и без оружия собираться, проводить собрания, митинги и демонстрации, шествия и пикетирование. Пользование этим правом может ограничиваться законом в интересах государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты прав и свобод других лиц.

Все эти шесть статьей можно увидеть, как третий пункт. Разберем почему, в третьем и шестом пункт программы Алаш Орды можно прочитать и узнать то, что в республике все граждане равны

и никто не может подвергаться дискриминации, из-за пола, религий, статуса. А, так же каждый человек имеет право на высказывание своего мнения, действует свобода проводить собрания, митинги, издания газет, и книг. Никто не имеет право переступить порог дома без разрешения хозяина, это касается, как и обычных граждан, так и членов правительства. Смертная казнь, на территории Алаш Орды запрещена при любых обстоятельствах.

Статья 30. п.1 Гражданам гарантируется бесплатное среднее образование в государственных учебных заведениях. Среднее образование обязательно.

Образование во времена Алаш Орды было бесплатным, и каждый гражданин обязывался получить среднее образование с изучением казахского языка. Об этом нам говорит пункт 9 программы партии «Алаш».

И последний пункт, это земельный вопрос, он является самым последним и самым важным, так как стоит учесть то, что до создания партии наши земли переходили во власть Российской империи, чиновники которой распоряжались и раздавали всем переселенцам. Так, о чем гласит этот земельный вопрос? В него входило то, что вся земля, принадлежавшая казахам, должны быть возвращены и первым делом государство должно думать о коренном населении. То же самое можно увидеть в третьем пункте шестой статьи нашей Конституции «Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу. От имени народа право собственности осуществляет государство. Земля может находиться также в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом».

Все что принадлежит нашей земле идет на благо народа, никто кроме государства не имеет право распоряжаться нашей землей, животным и растительным миром, все полезные ископаемые идут во благо государства. На референдуме 05 июня 2022 года народ Казахстана проголосовал за изменения и поправки в действующую Конституцию, которые вступили в силу на основании Закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию РК» от 19 сентября прошлого года. [4, с.5]

Актуальность программы партии мы можем, наблюдать и сегодня, их историю и достижения мы практикуем по сей день. Их мягкая и одновременно решительная политика смогла стать примером для Конституции РК. Деятельность этой партии несмотря на краткий период своего существования дала большие плоды.

Можно с уверенностью сказать то, что наша независимость и свобода существуют благодаря фундаменту, который заложили еще 1917 году. Реабилитация партии произошла лишь в 1955 году, но еще 30 лет она не входила в официальную историю Казахстана. Наше современное поколение должно знать их историю и вклад, который они внесли в становление нашего суверенного государства. [5, с.26]

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Алашведение // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004, с.36
- 2 Аманжолова Д. «Партия «Алаш»: история и историография». Семипалатинск, 1993, с.17
- 3 История Казахстана – Алматы «Атамұра» 2019, З.Е. Кабульдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев, с.40
- 4 Конституция Республики Казахстан от 5 июня 2022 года, с.5
- 5 Нурпеисов К. «Алаш» и «Алаш орда». – Алматы, 1995, с.26

### ҚАСЫМ ХАННЫҢ БІЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БІРЛІКТІҢ САҚТАЛУЫ

СЕРІКБАЙ А.

оқушы, 6 - сынып, Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі,  
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

ОМАРХАНОВА А. Н.

тарих пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі,  
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қасым хан туралы айтатын болсақ, ешбір жазбаша дереккөздерде кездеспейтін, бүгінгі күнге дейін халық ауызша әдебиеті арқылы жеткен «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз бірден ойға оралады. Қасым хан қазақтың кең даласында өзінің үстемдігін жүргізді. Қасым – хан хандықтағы билік пен бастаманың шын мәнінде оның қолында екенін көргенімен, көреген саясаткер ретінде ол өте сақ болды. Қасым-хан Жәнібекұлы (1445–1518) - қазақтың ұлы хандарының бірі. Қазақ халқының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның ортаншы баласы. Анасы – Жағанбегім Шайбани әулеттің әйгілі ханы Мұхамед Шайбанидің інісі Махмұд сұлтанның анасының туған сіңілісі.

Қасым әуелгі кезінде Бұрындық ханның атты әскерін басқарады. Ол осылай жүріп, қан майдандағы ерлігімен, ел басқаруға қосар ақылымен, көрші елмен байланыста қиыннан жол табар саясаткерлігімен, жұртты сонынан ертіп әкелетін шешендігімен ел көзіне ерте түссе де, жеке билікке ұмтылмай, ел бірлігіне жарықшақ түсірмей, Бұрындық ханның дегеніне көніп, оған қалтықсыз бағынады. Сол кездің куәгері, тарихшы Хайдар Дулати: «Ол (Қасым) әкесінің үлгісі бойынша барлық жағдайда Бұрындыққа бағынды, соған тәуелді болды» деп жазды. Бірақ Қасымның тәуелділігі Бұрындықтың ел басқарудағы қабілетсіздігіне араша түсе алмайды. Ақыры ол хандығын тастап, Самарқандағы қызын әкетуге мәжбүр болады. Сонда қыз табады. Осыдан кейін барып, Қасым билікті өз қолына алады. Қасымханның тұсында Қазақ хандығы өзінің дәуірлеу билігіне көтеріледі. Ол қауіпті көршісі Мұхаммед Шайбаниді талқандап, оның мемлекетінің құлауына себепші болады. Моғолстанның ханы Сұлтан Саид ханмен достық қатынас орнатады. Сондай-ақ ол таяу көршілермен ғана емес, сырт елдермен, мысалы, Мәскеу мемлекеті мен терезесі тең дәрежеде дипломатиялық қатынас орнатып, орыстың сол кездегі кінәзі III Василиймен байланыста болған.[1.62]

Қасымханның ел басқарудағы кеменгерлігіне, қол астындағы халқының қамын ойлар даналығына тәнті болған көрші елдердің тынымсыз қақтығыстан мезі болған ру-тайпа көсемдері әр кезеңде ақырын жылысып, мұның қарамағына еніп жатқан.«Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күш керек болды. Қарауындағы халықтың бақытына орай,ол өзінің бейбітшілік сүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленеді. Осы бейбітшілік сүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды», - деп жазды Әлихан Бөкейханов. Керей хан мен Жәнібек хан тарихта Қазақ хандығының іргесін қалап, шаңырағын көтерумен ерекшеленсе,

Қасым хан сол хандықты нығайтып, халқын көбейтіп, жерін кеңейтіп, даңқын алысқа жаюмен, “Қасым ханның қасқа жолы” деген атпен халықтың жадында сақталған қазақтың тұңғыш конституциялық құжатының негізін жасаумен әйгілі болған ұлы хан. Қасым тұсында Қазақ хандығы халқының саны бір миллионнан асатын. Сондықтан да ол халықаралық саясаттан тыс қала алмайтын. Қасым хан заманында қазақ хандығы еуропалық аренада әйгілік пен саяси қуаттылыққа қол жеткізген еді. Қазақ хандығымен алғашқы дипломатиялық байланыс орнатқан көршілес Москва мемлекеті

болды. Бұл князь Василий III билік жүргізген жылдары (1505–1533) жүзеге асты. Қазақ хандығының тағы бір ерекшелігі - бұл кезеңде қазақтар батыс Еуропада жеке этникалық қауымдастық ретінде таныла бастады. Австриялық дипломат Зигмунд Герберштейн Еуропа оқымыстыларының арасында алғашқылардың бірі болып қазақтар туралы өзінің «Москвалық жазушыларында» айтып өтеді. Тарихта бұл ұлы тұлғаның ұстанған бағыты «Қасым салған қасқа жол» атанып қалды. Қасым ханның қазақ хандығын күшейту, қазақ тайпаларын және қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің ішкі және сыртқы беделін арттырып, атақ- даңқын асыра түсті.

Әйгілі (орта қасырлық) тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи Рашидди») атты кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елең еткен жоқ» – дейді [2.85]. Қасым хан өзі билік еткен жылдары қазақ қоғамындағы құқық нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы-«Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп - ғұрып негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің(шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне «Ақсақалдар кеңесі», «ата-баба жолы», «жөн-жосақтар» мәнді өзгерістер енгізілді. Халық бұқарасы Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы – жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның Қасқа жолы» деп атап кеткен.

«Қасқа жол» деп аталатын заң - қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет – ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар мыналар:Қасым ханның билігі тұсында Керей,Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді.Қазақ халқының этникалық аймағы толығымен біріктіріледі;Хандық билік этникалық аумаққа толық қарап, рөлі артады;Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өседі [2, 125б.]

Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейтіндіктен, оны жаңа дәуір талаптарына сай бейімдей қажеттілігі туады.Міне, осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні болмаса да, қазақ халқының санасында заң атауының жарты мың жыл бойы сақталуы “ Қасқа жолдың” қазаққа өте қонымды,

қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз. Бұрынғы заң - қағидаларға енгізген ережелер мынау: Мүлік заңы ( мал-мүлік, жер-су, қоныс далаларын шешу ережелері); Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мвл ұрлау, ұрлық тағы да басқа қолданылатын жазалар); Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қарақазан, тұлпар ат, ердің құны тағы да басқалары.); Елшілік жоралары ( шешендіа, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнері); Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас- той, мерекелер мен жиындағы ережелер, жылу, асар т.б).

Сөйтіп Қасым хан ел басқару ісін бір жүйеге келтірген алғашқы заң жигағын дүгиеге әкелді.1520–1521 жылдың қыс айларында Астраханьда Занкозудов деген Ризаньдық 3-4 ай тұтқында болады қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп ол естиді.1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III Василеге жібершен хабарламасында ( Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды) деп жазады.Бұдан басқа көздер арқылы да Москваға Қасым ханғын қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек.1521 жылы маусым айында Түркияға бара жатқан Боярұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III Василий (Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазыргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп- қонып жүргенін анықта) деп тапсырма береді, яғни осы деректерге сүйенсек Қасым хан 1521 жылдың қыс мезгілінде дүниеден өткен. Бірақта кейбір ғалымдардың зерттеулері бойынша: Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазбаларына қарағанда, Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған. Ал Тахир Мұхаммед өзінің «Раузат- ат Тарихирин» атты екбегінде Қасым ханның қайтыс болған уақыты 1523–1524 жылдар деп көрсетеді. Қыдырғали Жалайридің сөзі бойынша, Қасым хан Сарайшық қаласында қаза болған. Тарихы А. П. Чулошников Қасым ханның Сарайшықтағы мазарының 17ғ. Басында құламай аман тұрғанын жазады [3.4]

Қорыта айтқанда, XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның Қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы - елдің саяси бірлігін сақтауымен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді. Қасым ханның өмірі мен қазақ тарихында алатын орны, міне осындай.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. - Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
2. Қазақ хандығының күшейуі және кеңеюі. Қасым ханның тұсында // Қазақтың көне тарихы.- Алматы, 1993. – Б.240–244 б.
3. Берекет Кәрібаев Ана тілі газеті, – 2011, № 22, Қазақ хандығы – 6 б.

## О ВАЖНОСТИ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ АРХЕОЛОГИИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ.

СЛЯМОВА Р. Б.

Ученица, 7 класс, школа имени К. Шулембаева г. Аксу.

ШАРИПОВ А. Т.

магистр гуманитарных наук, по специальности история, учитель истории, школа имени К. Шулембаева, г. Аксу.

Наука – сфера человеческой деятельности, направленная на выработку и систематизацию объективных знаний о действительности. Основой этой деятельности являются сбор фактов, их постоянное обновление и систематизация, критический анализ и синтез на этой базе новых знаний или обобщений, которые не только описывают наблюдаемые природные или общественные явления, но и позволяют построить причинно-следственные связи с конечной целью прогнозирования. Те теории и гипотезы, которые подтверждаются фактами или опытами, формулируются в виде законов природы или общества [1].

Археология – наука, изучающая по вещественным источникам историческое прошлое человечества. Вещественные источники – это орудия производства и созданные с их помощью материальные блага: постройки, оружие, украшения, посуда, произведения искусства – все, что является результатом трудовой деятельности человека [2].

Популяризация науки – сегодня актуальный вопрос. Возникшая в современном мире пропасть между научно-образовательной сферой и обществом, также кризис духовных ценностей и уклон к естественно-математической науке делают проблему популяризации науки актуальной.

Популяризация науки – процесс распространения научных знаний в современной и доступной форме для широкой



общественности. Или, по-другому, популяризация науки – это перевод добытых в ходе научного поиска знаний на язык, доступный неспециалистам.

По мнению некоторых исследователей, популяризация науки нужна обществу для удовлетворения фундаментальной потребности каждого человека в том, чтобы знать, в каком мире ему доведется провести жизнь; для поддержания стандартов критическо-го мышления, которые являются первоосновой устойчивого развития общества.

Все же мнения большинство ученых и социальных деятелей сходятся в одном: повысить уровень научных знаний в стране действительно необходимо. И при этом необходимы некие системные решения, а не эпизодические события.

Современные средства популяризации научных знаний разнообразны. К ним относятся и кино, и телевидение, и радио, и периодическая печать. Распространенными средствами популяризации являются: книжные научно-популярные издания, научно-популярное телевидение, Интернет, научно-популярные лекции, фестивали науки и т. д. С возникновением интернета увеличивается число специализированных научно-популярных сайтов, могут возникать новые формы: устные выпуски научно-популярных журналов, интерактивные научные музеи, онлайн-интервью ученых. Недостатка форм и средств, как мы видим, нет.

Популяризация археологии имеет по сути общую с популяризацией науки цель – необходимо образно, доступным языком и в интересной форме рассказывать об археологии, ее основаниях, методах, принципах, открытиях, о том, как именно были получены те или иные факты. При этом совершенно недопустимо, на наш взгляд, поступаться научными рамками и мифологизировать археологическую деятельность. Далее мы увидим, что популяризация археологии имеет как общий для науки, так и свой круг частных проблем. В первую очередь это актуальные сегодня вопросы об археологии в социокультурном пространстве, такие как «зачем нам остатки прошлого» и «зачем нам сохранять глобальный архив культуры». Как отмечает С. Каменский, «... подобные острые вопросы в отношении наследия археологического в нашей стране ни представителями наследиеведения, ни тем более исторической науки пока не ставились. Недостаточный или неадекватный интерес к археологическим древностям на фоне морального безразличия к оставившим их людям хотя и отражается сегодня как ситуация негативная, но при этом часто

объясняется исследователями общим состоянием культурного уровня зрителя, деградировавшего в современной массовой культуре до уровня безразличного потребителя» [3]. На самом деле однозначных ответов, по-видимому, не существует, поскольку сегодня это системный кризис в отношениях науки и общества. В связи с этим требуется поиск новых способов музейной презентации прошлого. Например, в качестве способа оживления экспозиции может использоваться демонстрация отдельных реконструированных ремесленных занятий и других ритуалов древности как в натуральном исполнении, так и в форме видеоряда. Эти демонстрационные элементы превращают картинку в музейное действо, театр или шоу, что вполне соответствует современной стилистике культурного потребления.

3 Биология. Учебник для 9 класса Назарбаев Интеллектуальных школ/Имашпаева Г.А., Зияхметова Н.М., Оспанкулова Э.Б. –Нур-Султан: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2019. – 272с., иллюстрированный.

## ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС:

4 Twig-bilim. 2021 [веб-сайт]. – URL <https://twig-bilim.kz/ru/film/bones>. [дата обращения: 14.11.2022].

5 Заболевания лёгких (бронхит, пневмония, бронхиальная астма). 12.08.2015 [электронный ресурс]. – URL <https://medicprokaluga.ru/services/therapist/zabolevaniya-legkih-bronhit-pnevmoniya-bronhialnaya-astma/>. [дата обращения: 11.08.2022].

6 Печень и ее функции в нашем организме. 04.04.2018 [электронный ресурс]. – URL <https://di-center.ru/about/news/pecheni-ee-funktsii-v-nashem-organizme/>. [дата обращения: 09.06.2022].

7 Homeostasis (including non-communicable diseases). 12.03.2020 [электронный ресурс]. – URL <https://www.stem.org.uk/secondary/resources/collections/science/14-16-science#Biology>. [дата обращения: 09.01.2022].

### ПУТИ ПРЕОДОЛЕНИЯ БУЛЛИНГА В СРЕДЕ ПОДРОСТКОВ.

РАСКЕЛДІ Б.

ученик, 10 класс, Гимназия имени Абая для одаренных детей, г. Павлодар

ЖУСУПОВА М. У.

учитель, русский язык и литература, Гимназия имени  
Абая для одаренных детей, г. Павлодар

Рост агрессии среди детей, долгое времяпровождение в интернете, материальные различия в социальной сфере рождают среди подростков нешуточные сложности во взаимоотношениях. И по этой причине многие родители переживают, не подвергнутся ли их дети какому-нибудь унижению, жестокому обращению в

школе, на улице, одним словом, как пройдет процесс социализации в коллективе. Проблема вживания в новый коллектив заинтересовала нас и привела к написанию данного исследования.

Проявление случаев неуважительного и порой жестокого обращения друг с другом называется буллингом, предотвращение таких случаев - одна из главных задач как самих подростков, так и взрослых людей, так как жестокость среди детей и жестокость по отношению к детям может ведет к жестокости во всем обществе. Эта проблема и составляет актуальность нашего исследования.

Гипотеза: буллинг можно преодолеть с помощью определенных методов и системы профилактики.

Цель: выявить пути и словесные способы противодействия и предотвращения буллинга.

Задачи: 1. определить признаки буллинга, их виды;

2. проанализировать формы проявления буллинга в произведениях художественной литературы

3. провести опрос среди подростков по наличию буллинга, выявить часто встречаемые виды и определить способы предотвращения и методы профилактики буллинга в среде подростков.

Практическая значимость исследования: проект знакомит с вариантами действий при буллинге, учит находить выход в сложных жизненных ситуациях.

Изучив литературу о происхождении буллинга, мы узнали, что это слово произошло от английского слова bullying (от англ. bully – хулиган, драчун, задира, грубиян) и определяется как притеснение, дискриминация травля жертвы. Первым данную проблему начал изучать скандинавский профессор Дэн Олвеус, который в 70-х годах провел исследование явления буллинга среди мальчиков. После этих исследований начались изучения феномена буллинга во всех странах. Рассмотрим некоторые представления о явлении буллинга разных исследователей. Д.Олвеус буллинг понимает как особый вид насилия, когда один человек (или группа) физически нападает или угрожает другому человеку (группе), последний из которых слабее и не может себя защитить ни физически, ни морально.

И. Н. Кона трактует буллинг как запугивание, физический или же эмоциональный террор, с целью проявления у жертвы страха и тем самым подчинения его себе [1,15–18].

Д. Лейн понимает феномен буллинга как школьная травля и поддерживает позицию Роланда, что буллинг – это длительное

физическое или психическое насилие со стороны индивидуума или группы в отношении индивидуума, который не имеет возможности защитить себя в определенной ситуации [2,7].

Основоположниками исследования буллинга считаются такие ученые, как Д. Олвеус, А. Пикас и П. Хайнеманн. Благодаря работам Д.Олвеуса, Е.Роланда и других ученых в 1978 г. понятие «буллинг» было введено в научный оборот. Норвежский ученый Д. Олвеус проводил собственные исследования агрессивности детей. В 1973 г. на основе своего исследования автор публикует книгу «Мальчики для битвы и школьные хулиганы», которая оказывает большое влияние на распространение интереса научного сообщества к проблеме буллинга. В своей работе исследователь отводил ключевую роль процесса травли личностным особенностям индивидов, включенных в него. Автор делает вывод о том, роли жертвы и буллинг глубоко индивидуальны и зависят не столько от групповых явлений, сколько от собственных особенностей ребенка. [3,12]. Автор уделял серьезное внимание разработке профилактических мер и мер борьбы с буллингом и антисоциальным поведением. На сегодняшний день, Д. Олвеус является признанным мировым авторитетом в вопросах буллинга.

Если остановиться на школьном буллинге, его можно разделить на две основные формы:

1. Физический школьный буллинг - умышленные толчки, удары, пинки, побои нанесение иных телесных повреждений и др.;
2. Психологический школьный буллинг - насилие, связанное с действием на психику, наносящее психологическую травму путём словесных оскорблений или угроз, преследование, запугивание, которыми умышленно причиняется эмоциональная неуверенность. К этой форме можно отнести:

А) вербальный буллинг, где орудием служит голос (обидное имя, с которым постоянно обращаются к жертве, обзывания, дразнение, распространение обидных слухов и т.д.);

Б) обидные жесты или действия, например, плевок в жертву либо в её направлении);

В) запугивание - использование агрессивного языка тела и интонаций голоса для того, чтобы заставить жертву совершать или не совершать что-либо;

Г) изоляция - жертва умышленно изолируется, выгоняется или игнорируется

Д) вымогательство денег, еды, иных вещей, принуждение что-либо украсть;

Е) повреждение и иные действия с имуществом - воровство, грабёж, прятанье вещей;

Ж) школьный кибербуллинг - унижение с помощью мобильных телефонов, Интернета, иных электронных устройств (пересылка неоднозначных изображений и фотографий, обзывание, распространение слухов и др.) [4,8].

Чаще всего жертвами буллинга становятся:

неуверенные в себе тихие дети, которые несколько отличаются от остальных, имеют недостатки во внешности или поведении, речи, в частности, когда ростом слишком низкий или же, наоборот, очень высокий, также у тех, кто носит очки или имеет физическую неспособность.

часто новые члены коллектива. Бывает, что есть те, кто не подстраивается под общепринятые правила класса.

дети другой расы, которые затрудняются с разговором на другом языке или имеют другой цвет кожи;

дети, которые имеют иное материальное состояние.

Буллинг влечет за собой ужасные последствия для его «жертвы», которые в дальнейшем сложно скорректировать: заниженная самооценка; нервные срывы; психические расстройства.

Проблема буллинга нашла описание и во многих художественных книгах. Их герои - типичные жертвы буллинга. Сами они порой не понимают причин травли, которой они подвержены. Но остро переживают за это. Но, несмотря на жестокость окружающих, они остаются людьми с доброй душой. Мы провели исследование, о каком виде буллинга говорится в данных произведениях и составили таблицу.

Первое произведение - повесть Е.Мурашовой «Класс коррекции». В повести травле подвергается целый класс! Это коррекционный класс в средней общеобразовательной школе. Их сверстники из общеобразовательных классов считают их изгоями, уродами, отбросами, никто не в состоянии изменить это положение. [5].

Следующий рассказ – рассказ Е.Габовой «Не пускайте рыжую на озеро» тоже о нелюбви, о неприязни, о жестокости. Свету Сергееву не любили одноклассники за то, что у нее были рыжие волосы. Ее называли - Рыжуха [6,6].

В рассказе Дарьи Доцук «Ниша для Кати Олиной» говорится о девочке Кате - большой, сильной, с толстыми белыми руками. Она



была второгодницей, еще на голову выше всех и в два раза шире всех одноклассниц [7,28].

В нашем исследовании за основу рассмотрения проблемы буллинга мы взяли повесть В. Железникова «Чучело», написанную в 1970 году В.К.Железниковым.

В произведении показана история девочки, которая перешла в новую школу и стала объектом травли одноклассников. Лена не похожа на других, а за свою широкую улыбку до ушей получила прозвище «Чучело». Одна против всех, не умеет предавать, бросать в беде, пользоваться людьми. С Леной перестают общаться, унижают, оскорбляют, обстреливают горохом и бьют. Здесь уже, по нашим наблюдениям, и психологический, и физический буллинг.

Важно, что современная казахстанская литература не обходит стороной актуальную проблему буллинга в школе. Журналист и писатель Адила Норузова написала в 2018 году книгу «Мы уже не дети», в которой рассказывает о девочке Лие, десятикласснице, новенькой в алматинской школе. Основная идея повести – необходимо оставаться человеком в любых условиях и обстоятельствах, никогда не предавать себя. В интернете я прочитал интервью с Адилей Норузовой, где она делится своим мнением, в чем кроются причины школьного буллинга: «Я не могу сказать с точностью, в чем его причины, но, по моему мнению, это желание одной группы детей или подростков самоутвердиться за счет других. Есть дети очень сильные, а есть слабые – есть жертвы, а есть агрессоры. В одном классе просто встречаются лоб в лоб две эти группы. Мне кажется, так было всегда – мы читали об этом в «Чучеле» и то, о чем и моя книга» (<https://www.ktk.kz/ru/news/video/2018/06/22/98189/> [9])

Буллинг в художественной литературе	Вид буллинга
Повесть Е.Мурашовой «Класс коррекции». Рассказ Е.Габовой «Не пускайте рыжую на озеро»	1.Психологический буллинг -изоляция - жертва умышленно изолируется. 2.Вербальный буллинг, где орудием служит голос (обидное имя Рыжуха, с которым постоянно обращаются к жертве, обзывания, дразнение)
Рассказ Дарьи Доцук «Ниша для Кати Олиной»	3.Психологический буллинг-причинение эмоциональной неуверенности; обидные жесты или действия

Повесть В. Железникова «Чучело»	4.Психологический школьный буллинг, связанный с действием на психику, наносящий психологическую травму путём словесных оскорблений или угроз, преследование
Адила Норузова «Мы уже не дети»	5. Школьный кибербуллинг - унижение с помощью мобильных телефонов, Интернета, иных электронных устройств

С целью выявить ситуацию буллинга в нашей школе и за ее пределами были розданы ученикам классов анкеты с рекомендацией внести предложения, как можно улучшить положение с буллингом в школе.

В анкетировании участвовало 64 ученика 10-11-х классов. Большая часть учеников ответили, что не подвергались буллингу в школе. Часть детей указала буллинг словесный (например: Дети иногда не понимают, как слова могут сильно задеть.), психологический (из-за лишнего веса, из-за личной неприязни, из-за моего характера и т.д.) Что такое буллинг, его виды - знают все. На вопрос: Кому бы ты рассказал, если сам оказался в ситуации буллинга, 22 ученика ответили- учителю, 18- другу и 24- родителям. Ученики доверяют своим учителям и родителям. Некоторым доверительнее рассказать другу. И на главный вопрос: буллинг-это проблема?- все ответили положительно. Причины, почему эту проблему надо решать: буллинг травмирует здоровье человека, все люди равны и никто не заслуживает плохого отношения к себе, может привести к суициду, жертва теряет уверенность в себе, рождаются психологические проблемы и т.д. Радует, что предложений решить эту проблему было множество. Предложения от учеников были разные, но что порадовало нас, это что ученики все готовы сплотиться в одну команду и помочь тому ребенку, который оказался в ситуации буллинг.

1 вопрос	ответы		
Знаешь ли ты, что такое буллинг	Да 64 ученика	Нет -	
Подвергался ли ты когда-нибудь буллингу	никогда не подвергался буллингу 51	подвергался буллингу иногда 12	подвергался буллингу часто 1(в прошлой школе)

Почему другие ученики осуществляли буллинг в отношении тебя	Из-за моего странного, для них, характера; личная неприязнь, кто-то хотел поднять свою самооценку за счет «слабых»; в младших классах из-за пухловатости; иногда дети не понимают, как слова могут сильно задеть; хотят самоутвердиться за счет других; думает, что он крутой; из-за внешности;		
Как ты поступаешь в ситуации буллинга	Дам отпор, не позволяю такого отношения к себе, раньше рассказывала об этом родителям, позже- педагогу; стараюсь помочь, объяснить; игнорирую; Сейчас я бы смогла ответить, раньше просто глотала слезы; если бы была свидетелем-постаралась бы предотвратить; помогаю жертве; не дам себя в обиду; не буду скатываться до уровня обидчика		
Кому бы ты первому рассказал, если бы сам оказался в ситуации буллинга?	Учителям- 22	Родителям, брату- 24	Сам помог бы; Друзьям-18
Ты когда-нибудь участвовал в буллинге в отношении другого ученика?	Да-1	Нет- 62. Нет, это очень низко.	
Как ты считаешь буллинг это проблема, и ее надо решать? Почему	Мешает жить другим людям; вредит самооценке, ментальному здоровью и благополучию; разрушает детскую психику; зарождаются психологические проблемы, суициды, обязательно нужно решать; человек теряет уверенность в себе, ведь все люди равны, никто не заслуживает плохого отношения к себе; это губит человека; это унижение; дети закрываются в себе; это признак низкого уровня нравственности		

В ходе данного исследования проводились встречи не только с учениками, но и с учителями, психологом и администрацией школы, чтобы выяснить, какие ведутся работы по предотвращению буллинга. Выяснилось, что психолог ведет беседы с детьми и их родителями, классные руководители проводят диспуты, классные часы и другие мероприятия. В нашей школе успешно работает Совет отцов, в который входят уважаемые отцы, решающие различные вопросы по воспитанию детей.

В итоге были изучены различные виды буллинга, проанализированы ситуации из художественных произведений,

проведены опросы среди учащихся, а также консультации психолога и классных руководителей. Составлены рекомендации:

1 Поведение. Важно не выдавать волнения, вести себя спокойно, не вызывая, но и без заискивания. Часто агрессору не хватает внимания и признания – дайте возможность показать превосходство: пусть выступит на сцене, участвует в конкурсе, организует поход. Во-вторых, предложите вместе посмотреть фильмы, почитать книги, где происходит травля героя. Дайте ему почувствовать себя в разной роли. Покажите позитивное отношение окружающим.

2 Речь. Никогда не ругайтесь. Разговаривайте с позиции: «Я вижу проблему и хочу помочь тебе». Такие слова хотят услышать и жертва, и агрессор. Обезоружить агрессора можно очень просто, сказав ему “спасибо”, поблагодарив за комментарий, за внимание к себе. Это не значит, что вы испугались агрессора, а просто ответили на его попытку буллинга доброжелательно, и через некоторое время негативное отношение, скорее всего, сойдет на нет. Можно использовать юмор.

3 Не замыкайтесь в себе. Главная опасность может заключаться в нас самих. Не закрывайте глаза на происходящее. При малейших признаках буллинга - бейте тревогу, ищите пути помощи и разрешения конфликта!..

Вывод: профилактика этого явления нужна обязательно. Решать проблему буллинга надо сообща: с детьми, родителями, общественностью. В ходе исследования гипотеза, что буллинг - распространенное явление и его можно предотвратить, что человек может с ним справиться, зная, какие ошибки нельзя совершать, подтверждена. Актуальность проблемы не вызывает сомнения, так как в последнее время все большее распространение получает кибербуллинг.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Кон И. С. Что такое буллинг и как с ним бороться? // «Семья и школа». – 2006. – № 11. – С. 15–18.

2 Лэйн Д. А. Школьная травля (буллинг) [Электронный ресурс] / Д. А. Лэйн // ZipSites.ru: бесплат. электрон. интернет б-ка. – <http://www.zipsites.ru/psy/psyib/info.php?414>(14.11.2016)

3 Олвеус, Д. Буллинг в школе: что мы знаем и что мы можем сделать? / Д. Олвеус. – М., 2009

4 Разновидности буллинга [Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.myshared.ru/slide/214413/>]

5 ЛитМир – Электронная Библиотека > Мурашова Екатерина Вадимовна > Класс коррекции <https://www.litmir.me/>

6 Не пускайте Рыжую на озеро : рассказ / Елена Габова. - [Б. м. : б. и.]. – 6 с. Детская литература – НЭБ – Рассказы (х. л.) – Художественная литература.

7 Дарья Доцук «Ниша для Кати Олиной». Письмо с подснежником : сборник рассказов : [для среднего школьного возраста : 6+]. – Москва : Волчок, 2019. – 96 с

8. Железников В. К. «Чучело» [Текст] / В.К. Железников. – Москва: Детская литература, 1988. – 239 с.

9 Ресурсы интернета

## Секция 6

### Психология ғылымының даму мәселелері Проблемы развития психологической науки

#### ОРТА МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ ҮЙРЕТУ

АБДРАМАНОВА А. С.

оқушы, 11 сынып, Көктөбе ЖОББМ, Май ауданы, Павлодар облысы

БИЛЬТАЕВА Г. Е.

мұғалім, ағылшын тілі пәні, Көктөбе ЖОББМ, Май ауданы,  
Павлодар облысы

*Тіл сөйлеу – сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі.  
Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс.  
Этика, эстетика дегендердің тым нәзік сырларын  
әр халық өз тілінде ғана еркін түсінсе керек.  
Фабит Мүсірепов*

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан, өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр.

Ағылшын тілі – әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Ағылшын тілі оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Ағылшын тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін

күру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады. Мақсаты: орта мектепте ағылшын тілі сабағында сөйлеу мәдениетіне үйретудің тиімді әдістерін анықтау; ағылшын тілді елдердегі сөйлеу этикетінің ерекшеліктерін анықтау.

Ағылшын тілі қарым-қатынас, таным, ақпарат алу және жинақтау құралы болып табылатын қазіргі әлемдегі ағылшын тілдік қарым-қатынас жағдайлары сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру қажеттілігін алдын ала анықталады. Сөйлеу этикасы және осы шет тілінде сөйлеуді тыңдап түсіну, сонымен қатар сөйлеу этикеті, оқу және жазу ережелері болып табылады.

Сөйлеу тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы жүзеге асып, адам ойының жарыққа шығуының көрсеткіші болып табылады. Сөйлеуде тілдің мазмұндық жағы анық көрініп, адамдардың өзара түсінісуінің, пікірлесуінің амалдары көрініс табады.

Сөйлеу этикеті табысты мәдениетаралық қарым-қатынас шарттарының бірі, әрине, мектеп оқушыларына ағылшын тілін үйренудің бастапқы кезеңінде-ақ сіңірілуі керек.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

2. Көрнекі әдіс – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықпалын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

3. Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.

4. Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады.

Ағылшын тілді елдердегі сөйлеу этикетінің ерекшеліктері:

Алғыс білдіру сөздері ағылшын тілінде сөйлейтіндер ерте балалық шағында негізгі орын алады. Бұл тұлғааралық қарым-қатынасқа өзара сыйластық, жылылық пен ізгі ниет сезімін береді. Алғыс айтудың белгілі бір ережелер жүйесі бар. Мысалы, адамның не үшін риза болатыны жиі көрсетіледі:

«Thank you for inviting me. I had a great time. Thank you for your respond!».

Алғыс білдіру кезінде адам өзінің шынайы қуанышын жасырмауы керек:

«Oh, how beautiful. How did you know? It's just what I want».

Адамның бастан кешірген сезімі неғұрлым күшті болса, соғұрлым егжей-тегжейлі алғыс айтылады; ризашылық білдіру кезіндегі шынайылықтың ерекше интонациясы сөйлеу этикетінің типтік бұрылыстарының арасында кешірім сұрау формалары маңызды орын алады.

You are great! You're very kind. Nice dog, Peter. Your house is lovely! People in Russia are so friendly. Wow, your mother's really beautiful, and so young looking. You look awesome! Forget about it! She's so hot!

Сөйлеу рөлін үйрету. Оқушыларға сұхбаттасушыға жағымды бірдеңе айту (көрсетілген жағдайға байланысты) және оның жауабын ойластыру тапсырмасы беріледі:

Мысалы: Masha's dog. Misha's new pen. (ролдік ойындар дүкенде, сабақта, дәрігерде және т.б)

Жалпы орта білім беру мектеп оқушылары ағылшын тілі сабағында сөйлеу этикетіне үйрету бүгінгі күннің білім саласындағы маңызды және өзекті мәселелерінің бірі. Оқыту кезінде бастауыш және орта мектеп жасындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бұл жаста бала көп сөздерді, сөйлеу клишелерін еш қиналмай жаттап алады, еліктеу негізінде айтылымды, интонацияны меңгереді, мұғалімнің сөзін көшіріп алады. Ал жасы ұлғайған сайын балалардың бұл қабілеттері жоғалады және сол оқу нәтижелеріне жету үшін көп күш жұмсау қажет.

Бастауыш және орта сынып оқушылары сөйлеу этикетінің формаларын оқытудың «Тодик» әдістері белгілі бір құрылымды, сөйлеу формасын қолдануда сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін ырғақ-мелодиялық негізді пайдаланады:

A: Hi, how/ are you?

B: Fine, how are /you?

Good morning, good morning,

Good morning to you!

Good morning dear teacher

I'm glad to see you!

Мысалы, ағылшын тілі сабағында жиі қолданылатын сөйлеу этикет сөздері:

1. Learning the unspoken rules of introduction etiquette is a useful social skill. Making a good introduction leaves a favourable impression on others. Let's hear out a report about introduction etiquette in different countries that has prepared I.

Student: "Hi", "Hello", "How do you do?", "I am glad to see you", "Good morning", "Good afternoon", "Good evening".

Teacher: That's true! Thank you. Examples of saying "Goodbye"?

Student: "Bye", "Bye-bye", "So long", "Goodbye", "See you soon", "Catch you later", "Ta-ta for now".

Teacher: Well done. Examples of saying "Sorry"?

Student: "Sorry", "Excuse me", "I beg your pardon", "I must apologize to you", "Forgive me please".

Teacher: What else could you say? Exactly! Examples of "Please & Thank you"?

Student: "Thank you very much", "Thanks a lot", "Thank you so much".

2. Егер ағылшындар сізге өте сыпайы болса, бұл олардың бір нәрсеге ашуланғанын білдіреді. Ағылшын тілінде бір адамға сөйлеудің әртүрлі формалары бар.

Mr. Brown – to a man (ер адам).

Mrs. Brown – to a married woman (тұрмыс құрған әйел).

Miss Brown – to a girl or unmarried woman (тұрмыс құрмаған қыз).

Mister, Missus and Miss without a surname are not polite (сыпайы емес формасы).

Other forms of address are:

Sir – to a man who is much older (жасы үлкен ер адам).

Madam – used by shop assistants, waiters to their female customers.

Doctor – to a medical practitioner (медицина қызметкерлері).

Ladies and Gentlemen – to an audience (аудиторияға айтылады).

Қорытындылай келе, этикет этикамен тығыз байланысты екенін еске салғым келеді. Этика моральдық мінез-құлық ережелерін (қарым-қатынасты қоса) белгілейді, этикет белгілі бір мінез-құлықты қамтиды және сыпайылық формулаларын нақты сөйлеу әрекеттерінде көрсетілген сыртқы әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Этикалық нормаларды бұзған кезде этикет талаптарын сақтау екіжүзділік және басқаларды алдау болып табылады. Екінші

жағынан, этикет нормаларын сақтаумен қатар жүрмейтін әбден этикалық мінез-құлық сөзсіз жағымсыз әсер қалдырады және адамдардың жеке басының адамгершілік қасиеттеріне күмән тудырады.

Тындай отырып, сөйлеушіге құрметпен және шыдамдылықпен қарау керек, бәрін мұқият және соңына дейін тыңдауға тырысу керек. Ауыр жұмыс жағдайында сөйлесуді күтуді немесе басқа уақытқа ауыстыруды сұрауға болады. Ресми қарым-қатынаста әңгімелесушінің сөзін бөлуге, әртүрлі ескертулер енгізуге мүлдем жол берілмейді, әсіресе әңгімелесушінің ұсыныстары мен өтініштерін күрт сипаттайтындар. Сөйлеуші сияқты, тыңдаушы да сұхбаттасушының назарын аударады, онымен сөйлесуге деген қызығушылығын баса айтады. Сондай-ақ, келісімді немесе келіспеушілікті уақытында айта білу, сұраққа жауап беру, өз сұрағыңызды қою керек.

Сондықтан, ағылшын тіліндегі сөйлеу этикетінің сыпайы, жағымды әңгімелесушіні тәрбиелеу тұрғысынан үлкен практикалық маңызы бар. Орта мектепте ағылшын тіліндегі сөйлеу этикетінің формаларын меңгеру оқушыларға белгілі бір қарым-қатынас үлгілерін меңгеруге және сабақтың эмоционалды қолайлы атмосферасына еніп, тиісті сөйлеу дағдыларымен қатар әдепті және достық мінез-құлық тәжірибесін, эмоционалдық мәдениетті меңгеруге мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

2 Құнанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010.

3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000

4 Леонтьев, А. А. Преподавание иностранным языкам в школе: мнение о путях перестройки // Иностранные языки в школе. – 1999. – № 4.

5 Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 2000.

6 Алхазидвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. – М., Просвещение, 2004. – 334 с.

7 Артемов В. А. Психология обучения иностранным языкам. – М., Высшая школа, 2002. – 256 с.

## АТА-АНАЛАР МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЗЕРТТЕУ

БАЙБЕКОВА Г. З.

жетекші, Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

АЙТБАЙ Б. Б.

оқушы, 6 «А» сынып, Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Қоғам өмірінің барлық салаларындағы терең өзгерістер баланың отбасындағы ересектермен өзара қарым-қатынас процестерін зерттеу мәселесін психология ғылымының алдына жаңаша түрде қойып отыр. Отбасы бала үшін оның орасан зор әлемдегі алдағы өмірінде болатын өзгерістерге деген көзқарасы мен қарым-қатынасын қалыптастырушы үлгі болып табылады, яғни, бала үшін отбасы – адамдармен қарым-қатынас мектебі.

Отбасы адамды не тұлға етіп қалыптастырады, не болмаса, оны күйретеді, өзінің мүшелерінің психикалық денсаулығын нығайту немесе оған нұқсан келтіру де соның билігінде. Отбасы кейбір жеке әуестіктерді қолдай отыра, басқаларына бөгет жасайды, кейбір жеке мұқтаждықтарды қанағаттандыра отырып, басқаларын өтеуден бас тартады. Отбасы адамның қауіпсіздікке, рахат алуға және өзін-өзі жүзеге асыруға қол жеткізу мүмкіндігінің орындалу құрылымын қалыптастырады. Ол жеке басты қалыптастырудың шекараларын анықтап көрсетеді, тұлғаның өзіндік «Мен» бейнесінің пайда болуына ықпал жасайды.

Балалардың қандай болып өсуі оның отбасында қарым-қатынас қалай орнатылғандығына, ондағы үлкендердің қандай құндылықтарды, мүдделерді бірінші кезекке қоятындығына байланысты. Отбасылық ахуал бүкіл қоғамның рухани ахуалы мен денсаулығына әсерін тигізеді. Бала ересектер мінез-құлқына өте сезімтал болып келеді және отбасылық тәрбие процесі барысында алған сабақтарды жедел меңгереді. Проблемалық отбасынан шыққан баланы қайта тәрбиелеу іс жүзінде мүмкін емес. Мұндай балалар өзінің отбасында белгілі бір тәртіп бойынша ережелерді бойына сіңіріп алады және олардың тәрбиесіндегі кемшіліктерінен қоғам зардап шегеді. Отбасы сәбиді өмірге дайындайды, оның алғашқы әрі ең терең әлеуметтік еліктеу ошағы болып табылады, азаматтық мінез-құлық негіздерін қалайды.

Ата-аналар, әдетте, балалар мен өздерінің арасындағы қарым-қатынастың не даму процесін, не болмаса оның реті мен жүйелілігін толығымен көре алмайды, сондықтан қандай да бір алаңдататын

келіспеушілік жағдайы туындай салысымен абыржи бастайды. Негізінен, ата-аналар мен балалар арасындағы келіспеушіліктер көбіне кездейсоқ және кенеттен туындамайды.

Салауатты отбасында ата-аналар мен балалар арасында шынайы күнделікті қатынастар орнатылған. Бұл – нәтижесінде рухани бірлік, өмірлік талпыныстар мен әрекеттер арасындағы келісім орнайтын өзара тығыз қарым-қатынас. Мұндай қарым-қатынастардың табиғи негізін ата-ананың махаббатынан, және балалар мен ата-аналар арасындағы қамқорлықтан көрінетін туысқандық байланыстар, әкелік және аналық сезімдері құрайды.

Өкінішке орай, қазіргі заманның жедел қарқыны, қала халқы санының өсуімен бірге үнемі жоғарылап отыратын әлеуметтік-рөлдік нұсқамалардың жауапкершілігі мен қатандығы, отбасы дамуының әлеуметтік-психологиялық динамикасындағы жағымсыз үрдістер, ересектердің қарым-қатынасындағы адамгершілік және этикалық бастамаларының болмауы, әлеуметтік-психологиялық мәдениеттің төмендігі ата-аналар мен бала қарым-қатынасының бұзылуына әкеп соғады. Ананың бала тәрбиесіндегі біржақты басымдылығы отбасында әкенің рөлін төмендетеді, және ол балаларының жеке даму мәселелерін уақтылы шеше алмайды. Осының барлығы бала тәрбиесі мен оның тұлғалық қалыптасуына кері әсер етеді. Сондықтан, біз отбасында ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесін қарастыруға бел будық.

Ата-ана мен бала қарым-қатынас мәселесі бала мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының әртүрлілігімен, олардың қарым-қатынасындағы кемшіліктермен, баланың отбасындағы әлауқаты мен оның әрі қарай дамуына айтарлықтай әсерін тигізетін қандай да бір бұзылыстармен анықталады.

Отбасы бала үшін ең ерте әрі ең ұзақ әлеуметтік байланыстар көзі болып табылады. Ата-аналарымен өзара қарым-қатынас баланың бойында болашақ әлеуметтік қатынастар мен байланыстарға жауап реакциясын қалыптастырады. Наным-сенімдер, құндылықтар және мәдениетке деген көзқарас ата-аналар арқылы сұрыпталып, балаға іріктелген күйде ұсынылады.

Отбасындағы ата-ананың позициясы баланың мінез-құлқына әсер етеді [1]. Ересектер баланы қабылдамай, одан безетін болса, бала өзін қажетсіз, пайдасыз, әлжуаз сезінеді. Мұндай балалар кейде отбасындағы өз орны үшін күреседі, жағымсыз тәртібімен ата-аналарының назарын өзіне аударуға тырысады. Баланы шеттету, оның бойында агрессия, бағынбаушылық, жанжалшылдық, өтірік

айту, ұрлық пен қоғамға қарсы мінез-құлыққа бейімділік сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Ата-ананың мұндай қарым-қатынасы балалардың эмоционалдық дамуын тежейді. Кейбір жағдайларда, бұл оларда жасқаншақтық пен дәрменсіздікті туғызады.

Сонымен қатар, ата-аналар баламен әңгімелесуден қашқақтап, ойындарына қатыспай, оны елемей, үнемі өз шаруаларынан босамайтын болса, бала өзін дәл солай қажетсіз сезінеді. Егер ата-аналар баламен тілдесіп, қарым-қатынасқа түсуден қашатын болса, онда бала адамдармен тұрақты эмоционалды байланыс орнатуға қабілетсіз, яғни, эмоционалды тұрақсыз адам болып өсуі мүмкін. Көбінесе, мұндай балалар, табандылыққа қабілетсіз, оқуға деген зейіні тұрақсыз, секемшіл, жасқаншақ болып келеді, оларда ата-аналарымен және мектепте жиі келіспеушіліктер болып тұрады.

Авторитарлы ата-аналар баланың негізгі жақсылығы – сөзсіз мойынсұну деп санайды. Мұндай отбасылардың балалары өз күштеріне, интеллектуалдық білім деңгейіне сене бермейді, өз-өздеріне сенімсіз, ата-аналары оларды жақсы көрмейді деп ойлайды және олардың талаптарын орынсыз санайды [2].

Балаларына еркіндік, бостандық беретін эгалитарлық ата-аналар да кездеседі. Мұндай ата-аналар, басты құндылық ретінде даралықты, өзін-өзі түсінуді, өзіндік әлеуетті (потенциал) барынша пайдалана білуді, отбасылық қарым-қатынаста теңдікті жоғары бағалайды. Мұның артында, өкінішке орай, ата-ананың өзіне тиісті жауапкершілікті өз мойнына алуға ниетінің болмауы жатыр. Мұнда, көбінесе, нашақорлық сынды және басқа көптеген әлеуметтік қолайсыз мінез-құлық түрлері жиі кездеседі [3].

Отбасы мүшелерінің осындай қатыгез қарым-қатынасының кең таралу себептерін талдау оның келесідей көздерін ұсынады [4]:

Көпғасырлық патриархалдық тәрбие дәстүрі;

Адамдардың төмен әлеуметтік топтарға, бір-біріне деген ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қатыгездігі. Қоғамдық пікірлер зерттеуі қазіргі заманғы қоғамның ізгіліктендірілуі өзирге орын алып жатқан жоқ деп көрсетеді. Керісінше, адамдардың бір-біріне деген қатігездіктің өсу қаупі бар екені белгілі болды;

Қоғамның жалпы және құқықтық мәдениеті деңгейінің төмендігі. Біздің қоғамдық пікір бойынша, бала немесе өзге де зорлық-зомбылықтың құрбаны өзара қарым-қатынас субъектісі емес, бір тараптан болған іс-қимыл объектісі ретінде қарастырылады;

Көбіне әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығынан туындаған, ата-аналардың күйзеліс жағдайы;

Диагностикалық жұмыстардың ерекшеліктері:

Біріншіден, мұндай диагностика кешенді түрде болуы қажет. Диагностика психикалық процестердің, құрылымдардың, тұлғалық қасиеттер мен іс-әрекет формаларының түрлі жақтарын зерттеуге бағытталған технологиялық әдістемелер мен тәжірибелердің жиынтықтарын қолдануды талап етеді. Сонымен қоса, табиғи эксперимент түрлері бойынша әдістемелер ерекше маңызға ие болып табылады (шынайы іс-әрекетті топтарда немесе жұптарда модельдеу, ойын түріндегі диагностикалық процедуралар, топтық пікірталас және т.б.).

Екіншіден, диагностикадағы кешенділік зерттеуге жанұя мен отбасылық тәрбиелеу үлгісін, яғни, диагностикалық процеске тек баланы ғана емес, сонымен қатар оның ата-аналарын да қатыстыру қажеттілігін көрсетеді.

Үшіншіден, тек дәл қазіргі кездегі баланың жай-күйі мен отбасының ахуалын ғана емес, сонымен қоса, алдыңғы кезеңдердегі бала мен отбасылық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін зерттеу қажет.

Төртіншіден, диагностика психологиялық түзетудің бастапқы кезеңі ретінде, сыналушылардың белсенділік принципі ұстануын талап етеді. Бұл дегеніміз, қатысушылар барлық диагностикалық процедураларға жеке дара ынталандырылуы тиіс, яғни, маманның жүргізіп жатқан диагностикалық жұмысы оның қатысушылары өздерінің алдарына өзін-өзі зерттеу, өзіндік сана-сезімін, өзінің жеке психологиялық қасиеттері мен тұлғалық ерекшеліктерін талдау міндеттерін, сондай-ақ, өз бетінше өзінің мақсаттары мен өзін-өзі жетілдіру жолдарын анықтау міндеттерін қоятын өзін-өзі диагностикалау жұмысына айналуы тиіс. Сондықтан, диагностикада проективті сауалнамалар, өзіндік есептер, кейіннен авторларымен талқыланатын проективті шығармалар мен суреттер кеңінен қолданылады.

Бесіншіден, диагностика мен коррекция, іс жүзінде, бір мезгілде жүзеге асырылады.

Баланың ата-анасына, ата-ананың баласына деген қатынасын анықтау мақсатында «Жеткіншектер ата-аналары жайында» (ADOR) әдістемесін, А.Я.Варг пен В.В.Столиннің ата-ана қарым-қатынасының сауалнамасын (АҚС), «Отбасылық тәрбие талдауы» сауалнамасын (ОТТ), сонымен қатар, Р.Бернс пен С.Кауфманнның «Жанұяның кинетикалық суреті» (ЖКС) тестін пайдаландық.

Аталған әдістемелердің көмегімен біз біріншілік кесім жүргіздік. Мақала көлемі шектеулі болғандықтан тек бір отбасы нәтижелері көрсетілген.


Бірінші жанұя

Баланың тұлғалық ерекшеліктері. «Автопортрет», «Әлемде жоқ жануар» әдістемелерінің нәтижелері бойынша бала жайында келесідей ақпараттар алынды: оның бойынан өзіне деген сенімсіздік, қорқыныш, шешім қабылдауға келгенде тартыншақтық, қауіпсіздікке мұқтаждық, қоғамдық пікірге деген сезімталдылық байқалады, түйсікті түрдегі экстраверт. Русаловтың «Темперамент типі» сауалнамасы (1-кесте) бойынша бала енжар, іс-қимылдары баяу, қоғамдық қарым-қатынасты қажет етпейді, сәтсіздіктерге сезімтал.

Ата-аналар мен бала қарым-қатынастары. «Жасөспірімдер ата-аналары жайлы» тестінің (1-сурет) және ОТТ (2-кесте) мен АҚС сауалнамалары бойынша аталған отбасында балаға негізінен анасы ықпал ететіндігі, әкесінің балада шаруасы жоққа жақын екендігі анықталды. Анасы баласын шын мәніндегі жасынан гөрі кіші көреді. Баласының қызығушылықтарын шалағай, жеңіл-желпі санайды. Ата-аналар балаға толығымен сенім артпайды, оны қиындықтардан алшақ ұстауға тырысады. Анасы баланы толықтай бақылауда ұстауға тырысады, ол отбасында беделге ие. Бұл жағдайда отбасылық қарым-қатынастарды түзету жұмыстарын жүргізу қажет. Ата-аналары балаға өз тәжірибесінде көріп-біліп, үйренуге мүмкіндік бермейтін мұндай тәрбие «үстем гиперпротекция» деп аталды. Ана баладағы жауапкершілік сезімін басады, баланы тәуелсіздікке үйретпейді. «Жанұя суреті» тестінен баланың байланулы екендігі көрінеді. Суреттің кейбір жері штрихталған, демек, баланың отбасылық жағдайда толыққандылықты сезінбейтіндігін айтуға болады, ал өшпенділік пен дау-дамайға бейімділік байқалмайды.

Кесте 1 – В. М. Русалов бойынша темперамент типі (бірінші жанұяның баласы)

Темперамент құрылымы	Ұпайлар	Қорытынды
1. Жігерлілік		Бала енжар, іс-қимылдары баяу, қоғамдық қарым-қатынасты қажет етпейді, сәтсіздіктерге сезімтал.
жұмыста	3	
қарым-қатынаста	2	
2. Ырғақтылық		
жұмыста	3	
қарым-қатынаста	3	
3. Қарқын		
жұмыста	4	
қарым-қатынаста	5	
4		
Эмоционалдылық		
жұмыста	11	
қарым-қатынаста	11	



Сурет 1 – Жеткіншек ата-аналары жайлы



Кесте 2 – Отбасылық тәрбие талдауы (бірінші жанұя)

Отбасылық тәрбие ауытқушылықтары	Диагностикалық белгі	Қорытынды
T+	10	Диагностикалық мәліметтердің нәтижелері бойынша аталған жанұяда «Үстем гиперпротекция» деп аталған тәрбие типі басым екендігін айтуға болады.
У+	1	
У-	4	
T+	2	
T-	1	
З+	4	
З-	0	
С+	5	
С-	0	

Ата-аналар мен бала арасындағы қарым-қатынас – бұл бала бойында әлеуметтік қатынастар мен байланыстардың қалыптасуының қайнар көзі. Ересектер әлемі, әлеуметтену процесінің объективті бағыты ретінде, отбасындағы өзара дұрыс әрекеттесу жағдайындағы құндылықтар, рөлдер мен функциялар арқылы меңгеріледі.

Отбасында өзара құрылымдық қарым-қатынастармен бірге, ата-аналар мен бала қатынастары жүйесінде ойып орын алған деструктивті қарым-қатынас түрлері де кездеседі. Деструктивті қарым-қатынастардың туындауына әкеп соғатын нақты факторларды білу аса маңызды. Себебі, тек осы жағдайда ғана, баланың психикалық дамуында соншама маңызға ие болып табылатын ересектер пен баланың арасындағы нағыз табиғи қарым-қатынастарды ұйымдастыруға шынайы мүмкіндік туындайды.

Мұндай білімнің құндылығының тағы бір себебі, ол ересектерге өз-өзіне сын көзбен қарап, баламен шын мәнінде өнімді өзара қарым-қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында біз жанұядағы келіспеушілікке итермелейтін қарым-қатынастардың пайда болу себептерін зерттедік және диагностикалық әдістемелердің көмегімен деструктивті қарым-қатынастар байқалған бес жанұяны анықтадық.

Отбасылық өзара қарым-қатынастарды зерттеудің алғашқы диагностикалық жұмыстарының нәтижелеріне қол жеткізген соң, біз бұл жағдайда ең тиімді түзету жұмысы – тренинг болмақ деген қорытынды жасадық.

Сонымен, бұл жұмыс баланың мінез-құлқының қалыптасуына негізінен отбасындағы түрлі жағдайлар айтарлықтай ықпалын тигізетіндігін растайды. Сондықтан, жағымды мінез-құлық құрылымдары қалыптасуы, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орната білуі және қоғамдық нормаларға сай тұлға болып қалыптасуы үшін тәрбие ошағы – жанұяда балаға өзін барынша жайлы сезінуі аса маңызды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Анн Л. Психологический тренинг с подростками. СПб: Питер 2003 ж. –71б.

2 Антоян Н. М. Неблагоприятные условия формирования личности в детстве. – М., 1983. – 208б.

3 Абрамова Г. Б. Возрастная психология: Учебник для студентов вузов. – М., 2001. – 234 б.

4 Бурменской Г. В. Карабанова О. А. Лидер А. Г. Возрастное психологическое консультирование. Проблемы психического развития. – М., изд-во МГУ 1990. –117 б.

#### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БІРІ, ҚҰРАҚ КӨРПЕНІҢ МАҢЫЗЫ

АХМЕТОВА Б. Б.

жетекші тарих пәнінің мұғалімі С. Торайғыров ат. ЖОББМ,

Баянауыл ауданы

БАЯНБЕК А.

6 сынып оқушысы С.Торайғыров атындағы ЖОББМ, Баянауыл ауданы

ӨТЕМІС Н.

6 сынып оқушысы С.Торайғыров атындағы ЖОББМ, Баянауыл ауданы

Қазақ халқының қолөнері өзінің қайталанбас көркемдігімен, дәстүрлі әдісімен ерекшеленіп тұрады. Ежелден қалған бұйымдар өрнегінің ерекшелігімен адамды баурап алып, тарих қойнауына жетелейді.

Абай өзінің бірінші қара сөзінде, «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік... Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?» дейді. Ойшыл өзінің рухани өмірін, өмір, келер уақыт, тарих алдында атқаруы тиіс міндеттерді көрсетеді. Абай бабамыз ұрпаққа елдіктің ұғымынан алшақтамаудың қадір-қасиетін ескертеді. Осы Абай

бабамыздың ұлттық ойын (идеясын) негізге ала отырып, көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірибесі, игі салт, ізгі дәстүрлеріне бай халқымыздың сәнді қолданбалы қол өнерін жаңғырту жолының бірі, осы менің жобам.

Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық материалды мәдениеті, наным – сенімдері мен қатар жүрген.

Халқымыздың осында тамыры терең кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары. Бізде барлық этномәдениетімізге байланысты жаңғыру жолындағы жаңалықтарды үйдегі қарияларымыздан біліп отырамыз. Сонын бірі апа – әжелерімізден мұра болып келе жатқан, әр үйде бар және болуға тиіс, ол – құрақ көрпелер. Әжеміздің қасында отырып құрақ көрпелердің қыр – сырында терең философиялық тұрғыдан да және мәдениет жағынан да тарихы терең мағынасы бар екенін танып біліп, бізге жаңадан таныс болып жатқан «психология» бағыты да өте терең және тәрбиелік маңызы өте зор екенін зерттеу барысында анықтадық.

Біздің рухани құндылықтарымыздың негізгі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік. Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес.

Құрақ түрлері де әр түрлі болған, тұтыну қажетіне қарай қалың, жұқа, үлкен, кіші етіп жасаса, дәулетіне сай арзан, қымбат материалдан дайындайды, жібек маталардың құрақтарынан да жасайды. Мұндай маталардан жасалған құрақ көрпелер жұмсақ болады және жібек қиықтарынан тігілген құрақ көрпенің ені жіңішкілеу, ұзындығы екі метрдей үлгіде келеді. Тағы жібек құрақты жұмсақ көрпені екі адам жамылатындай етіп, ашық түсті жібек маталардың құрақтарынан құрастырады. Бұл көрпеді құрақтар текше түрінде тігіледі. Оның ең оңай тәсілі дойбының тақтасындай етіп құрау. Жібек құрақ көрпенің шетіне тұтас материалдан белдеу жүргізеді.[1,36]

Қазақ халқы не жасаса да, барлығын ырымдаған, сенген және ісінің мағынасы да болған. Сол сияқты қазақ қол шеберлері кез – келген құрақ көрпенің ең бірінші қандай мақсатта, психологиялық тұрғыдан терең ойланып, жасаған бұйымдарын наным-сенімдерін жоғары қойып ерекше назар аударған. Жобамыздың басты мақсаты да осы болды.

Бірінші құрақ түрі, қыз жасауы болса ондағы ою – өрнек психологиялық тұрғыдан, қыздың өскен ортасы, алған тәлім-

тәрбиесі туған ұясы туралы мәлімет беруі керек. Әрбір ана осы құрақ көрпелердегі ою-өрнек арқылы өзінің сүйікті қызына жүрегін бір бөлшегін бөліп бергендей еңбектенеді.

Екінші, ерте кезде отбасында баласы өліп, тоқтамаған үйде «тіл-көзден аман болсын» деген ырыммен қырық құрақ құрап, баласын соған ораған.

Үшінші, жүкті келіннің енесі «қыз бала дүниеге келсін», деп арнайы құрақ құраған немесе шеберлерге құрақ құратқан. Қызға арналған құрақтың қиықтары ұсақ және ашық түсті және кішірек болған, туғанда өзіне пайдаланған. Ал ұл балаға ақ және қызыл түстерден құрастырылған. (Ақ түс – биіктіктің, қызыл түс – оттың, қанның, өмірдің белгісі болған)

Төртінші, құрақтың келесі түрі жас отауға арналған құрақ көрпелер, ені үлкен, өрнегі қасиетті жеті саннан тұратын.

Бесінші, тұрмыс құрған қыз бір жылдан соң туған анасына өзінің жаңдайын білдіретін, тұрмысы жайлы хабарлайтын құрақ құрап жіберген. Құрақ ашық түсті, өрнектері гүлге ұқсас болса, жағдайы өте жақсы, жайлы болғаны. Егер құрақтың түсі керсінше қараға жақын түстер және өрнектері геометриялық, үшкір түрде болғанда тұрмысы жайсыз екенін білдірген.[2]

Ата – бабамыздан кележатқан қол өнердің сырын ашсақ үлкен философиялық ойған жүгінеміз, әжелеріміздің сыры ашылмаған «философияға толы сыр сандығында» әлі де құрақ көрпелер баршалық.

Қазақ қолөнерінің, оның ішінде құрақ бұйымдарының бояуы сан алуан.Түс шеңберінде түстер екі топқа бөлінеді: жылы және суық. Түс шеңберінде бір-біріне қарсы тұрған түстерді қарама-қарсы түстер дейді.Олар қызыл-жасыл, сары-күлгін, көк-қоңыр т.б.

Халқымыздың ұғымында  
көгілдір түс – аспанның символы,  
қызыл түс – оттың, қанның, өмірдің,  
жасыл түс – өсімдіктің, көктемнің, бастаудың,  
ақ түс – биіктіктің, аспанилықтың,  
сары түс – даналықтың, білімнің белгісі.

Сол себепті, қиықта бұл түстер философиялық мағынасынан да артық мән-маңызға, құпия сырға толы екенін байқатады.Матаны түстеріне қарай таңдаудың маңызы зор. Мата қиындыларының ішінен алдымен түсі ақ, ұсақ суреттері бары таңдап алынады. Бұлар басқа түстерге қарағанда, сирек және аз мөлшерде қолданылады.

- Сұр түс – кез келген гамманы жақсартады.

- Ақ түсті фон ретінде пайдалансақ композицияны нәзік етіп көрсетеді.

- Бір бұйымға өте көп материал қолданудың қажеті жоқ, 3- 5 түрі жеткілікті.

- Құрақпен жұмыс істеу үшін матаға суреттің қандай тәсілмен түсірілгенін білу керек .

Мата түстерін таңдағанда – ашық түс пен күңгірт түстерді, матаның реңіне қарай қарама –қарсы түстерді (контрасные ), топтық түстер гаммасын жасауды басты назарда ұстау қажет.[3]

Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан дамып отыр. Ауылда да, қалада да көптеген қазақ отбасыларының төрінен қайтадан құрақ көрпелер, құрақ түскиіздер орын ала бастады.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет», деп атап көрсетті. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туа бітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата – ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Ендеше ұлттық тәрбие – ұлт болып ұйысудың, ел болып ертенге нық қадам басудың негізі болмақ.

Қазақ халқы ырымшыл халық, салт – дәстүрін сақтаған халық, отбасылық тәрбиеге көп көңіл бөлген халық, саналы ұрпақ тәрбиесіне күш салған халық. Сондықтан жұмысымының соңында мен сіздердің алдарыңызда бүгінгі қорытынды құрағымды құраймын.[4]

Өткенімізді жаңғырта бір тұтас үлкен мәдениетімізді біріктірілген құрақ. Ол құрақтың ішінде көне ауыз әдебиеті, көне сәулет өнері, киелі жерлер, керемет атаулар, ән-жырлар, дәстүрлер т.б. осының барлығы сынып қалған шыны сияқты қалдықтарын жинап, бір құраққып құрап биікке көтеріп, қанатын жайып, самғатып, бүкіл әлемге танытып, өткен ғасырларда ұмыт болған дәстүрлерімізді қайта жаңғырту ол менің парызым!

Құрақ көрпелер туралы әдеби шығармалардан да көруге болады. Мыслы: «Ол құрақ көрпенің үстіне жайғасып отырды» (С.Адамбеков. «Қожанасыр») «Төрге құрақ көрпе төселіп, астық тасталыпты» (Ә.Тарази. «Асу») «Шешем құрақ көрпені алып, жазып

төрге төседі» (Ә. Нұршайықов. «Махаббат») «Ағам өз үйімнен қырық құрақ (әбден тозығы жеткен, жамау-жасқауы көп, жамаулы) көрпемді әкеліп арқама жапты» (Ө.Қанахин. «Жер бас»).[5, 268б]

Құрақ құрау өнерін дамытуды насихаттауымыздың мақсаты қолөнерді сақтап қалып, дәстүрімізді жалғастыру кешегі қажеттіліктен туындаған өнерді насихаттап өнерге баулып тәрбиелеу.

Жұмысты жасау барысында көптеген зерттеме жұмыстарын жүргіздік. Өз жұмысымының ерекшелігі қазақтың салт – дәстүрін, ұлттық қолөнер туындыларын зерттей отырып, құрақ өнерін меңгердік. Жалпы, құрақ өнерін зерттеу барысында, оның түрлерін, жасалу жолдары, тарихы айтылған. Адам, қоғам үшін құрақ өнерінің жасалуын зерделей келе қолөнер байлығымыз екенін де білдік. Құрақ – қызық, әрі құнды өнер. Ол ұзақ ізденісті, ыждағатты қол еңбегін қажет ететін іс. Шын шеберлікке қоса табандылықты талап етеді.

Қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін құрақ өнерінен көреміз. Ғылыми жұмысымызды қорыта келе, түйген ой-пікірім:

құрақ өнері арқылы халықтың қолөнерін, салт-дәстүрін білу.

құрақ өнері – есте сақтау, жобалау, шамалау, түстер жарасымдылығын жақсы айыра білуге

құрақ өнері – өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты, шеберлікті талап етеді.

Адамдар молшылықты – дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды. Құрақ құрау өнерін зерттей келе, бұл өнердің арнасы мен мүмкіндігі өте кең екеніне көзімізді жеткіздік. Сол себепті бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімін, мінез – құлқын, өзінің тілін, дәстүрін жоғалтпау керек деп түсінеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Егемен Қазақстан» газеті. 2017. №185.3 б.

2 Ою-өрнек – рухани өмірдің айнасы. [электрондық ресурс]. – <https://massaget.kz/kyizdarga/shayra/14955/> [шыққан күн 25 қараша 2013 ж].

3 Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. [электрондық ресурс]. – <https://history.kz> [шыққан күн 04 желтоқсан 2013 ж].

4 <http://neke.kz/kyz-jasauy-kurak-korpe/>

5 Қазақстан тарихы. 15-томдық. 9 т. Алматы, 2002 ж. 268 б.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІ МЕН ОҚУ ҮЛГЕРІМІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ АНЫҚТАУ

ТЮЛЕГЕНОВ С. Б.

мұғалім, география пәні, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

АКАНОВ А.

оқушы, 9 «В» сынып, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

КУНЯЗОВА Д.

оқушы, 9 «В» сынып, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда педагогика мен психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі-балалардың шығармашылығы мен үлгерімі арасындағы байланыс. Шығармашылық қабілеттер баланың дамуына қалай әсер етеді? Бейнелеу өнері оқуға қалай көмектеседі? деген сұрақтардың жауабын осы мақалада қарастырып көрдік.

Қазіргі мектеп оқушылары өздерінің жадында соншалықты көп ақпарат сақтайды, кейде олардың жас тұрақсыз психикасы мұндай жүктемелерге төтеп бере алмайды. Демек, эмоционалды күйзелістер, депрессияға ұшырайды. Шығармашылық адам санасының барлық салаларын қамтиды, олардың қалыптасуына білім мен практикалық дағдылар ғана емес, сонымен қатар сезімдер, түйсігі, қиял мен сезімдер де әсер етеді. Шығармашылықпен айналысу санамен реттелмейтін психологиялық функцияларды оятады.

Ежелгі грек философы Плуларх қазіргі білім беру жүйесі үшін маңызды тезистің авторы болды: «Оқушы толтырылатын ыдыс емес, жанатын алау» [1]. Мәселе мынада, әр баланың өз мүдделері және ақпарат пен тәжірибені есте сақтау тәсілдері бар. Оқу орындары осы сәтті ескеріп, материалды игеруге мүмкіндік беріп қана қоймай, қиялды, бастаманы және жаңа нәрселерді білуге деген ұмтылысты оятатын кешенді білім беру әдістерін қолдануға міндетті. Өмірдің барлық аспектілеріне шығармашылық көзқарас қажет. Шетелдегі жеке мектептер шығармашылықтың балаға қалай әсер ететінін жақсы түсінеді. Сонымен қатар, әлемдік экономикаға зияткерлік меншік секторында – жарнама, сәулет, музыка, кино, театр, бағдарламалау, компьютерлік ойындар және басқаларын қамтитын шығармашылық индустрияда әлеуетті жүзеге асыра алатын мамандар қажет екенін түсінеді. Шығармашылық қазіргі әлемді қалыптастыратын және лайықты өмір сүруге мүмкіндік беретін қозғаушы күш ретінде әрекет етеді. Жекеменшік мектептердегі оқу

процесі балалардың шығармашылық қабілеттерін сақтап, көбейтетін етіп құрылады. Шығармашылық дамуды дамыту оқушыларға проблемаларды тиімді шешуге, өршіл мақсаттар қоюға, ой-өрісін кеңейтуге, әлемді және өздерін түсінуді тереңдетуге көмектеседі. Өмірде жетістіктерге жету үшін сіздің қабілеттеріңізге дұрыс қарау және оларды барынша тиімді пайдалану қажет. Сондықтан шетелдегі жеке мектеп-интернаттар балаларға өздерінің таланттарының ауқымы мен әртүрлілігін түсіну, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін шығармашылық принциптерді дамытуға мүмкіндік беретін білім беру әдістерін қолданады.

Бір нәрсені салу адамға оны жақсы есте сақтауға көмектесетіні бұрыннан белгілі. Жаңа зерттеу көрсеткендей, сурет салу оқу және жазу сияқты әрекеттерден асып түседі, өйткені ол адамды ақпаратты бірнеше жолмен өңдеуге мәжбүр етеді: визуалды, кинестетикалық және семантикалық. Бірқатар эксперименттер жүргізе отырып, ғалымдар егер ақпарат сызылған болса, оның жадында соншалықты күшті күшейетінін, болашақта бұл ақпаратты еске түсіру ықтималдығы екі есе артатынын анықтады. Мира Фернандес, Джеффри Уаммес және Мелисса Мид жад ғылымының мамандары — адамдардың ақпаратты қалай өңдейтіні, сақтайтыны және ойнататыны туралы зерттеу жүргізген ғалымдар. Уотерлоу университетінде (Ватерлоо университеті) олар жазудың, суреттерді қараудың, дәрістерді тындаудың, сурет салудың және визуализацияның оқушының ақпаратты есте сақтау қабілетіне қалай әсер ететінін зерттеуге және жақсы түсінуге бағытталған бірқатар эксперименттер жүргізді [2].

Бірінші экспериментте олар оқушылардан қарапайым сөздердің тізімдерін («трактор» немесе «алмұрт» сияқты) қарап шығуды және сол сөздерді жазуды немесе суреттеуді сұрады. Осыдан кейін қатысушылар жазған сөздерінің 20 % және салған сөздерінің 45 % еске түсірді. Бұл эксперимент кескіндеменің пайдасын көрсету арқылы аяқталды.

Келесі экспериментте зерттеушілер рефераттарды жүргізудің екі әдісін — олардың эскизіне қарсы сөздерді жазуды салыстырды және сурет салу «жаздан асып түсетін жазбаларды жүргізудің тиімді және сенімді әдісі» екенін анықтады. Зерттеушілер студенттер изотоптар мен споралар сияқты ғылыми ұғымдарды визуалды түрде бейнелегенде, олар бұл ұғымдардың анықтамасын мұғалімнің диктанты бойынша жазғаннан гөрі ақпаратты екі есе жақсы есте сақтағанын анықтады.

Сурет салудың пайдасы оқушының көркемдік шеберлік деңгейіне байланысты емес екендігі өте маңызды. Бұл әдіс тек жақсы сурет сала алатындар үшін ғана емес, кез келген оқушы үшін жұмыс істейтінін көрсетеді. Сегіз эксперименттің қорытындысы бойынша зерттеушілер сурет салу «өнімділікті жақсартудың сенімді, әмбебап құралы» екенін растады - бұл оқушылардың зерттелген материалдарды есте сақтау қабілетін айтарлықтай арттырды.

Неліктен сурет салу ақпаратты есте сақтауға көмектеседі? Зерттеушілер мұны сурет салу «терминнің мағынасын нақтылауды және анықтаманы жаңа формаға (сызбаға) аударуды талап етеді» деп түсіндіреді. Дәрісті тыңдау немесе суреттерді қарау кезінде оқушылар ақпаратты пассивті қабылдайды, бұл ақпаратты белсенді қабылдау кезінде сурет салудан ерекшеленеді. Сурет салу студенттерді оқығандарын бөлшектеуге және оны өздері түсінетіндей етіп бейнелеуге мәжбүр етеді. Ұзақ уақыт бойы мидың оң жарты шары шығармашылық қызметке жауапты деп есептелді, бірақ ғалымдар бұлай емес екенін дәлелдеді. Пенсильвания университетінде зерттеу жүргізілді, онда МРТ көмегімен шығармашылық тапсырманы орындайтын адамдардың миындағы белсенділік бақыланды. Нәтижелер кем дегенде үш ми желісі, соның ішінде сол жақ жарты шарға жатқызылатын есте сақтау және шоғырлануға жауапты аймақтар қатысатынын көрсетті [3].

Бұл ғалымдарға шығармашылық ойлаудың ерекшелігі-ми желілері мен функциялары арасында ауысу және осылайша ең жақсы нәтижеге жету мүмкіндігі деп болжауға мүмкіндік берді. Шығармашылық белсенділік миды дамытады және жаңа нейрондық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді, ал шығармашылық даму мидың дамуына кешенді көзқарасты қамтуы керек деген қорытынды жасауға болады. Бір ғылыми журналда жарияланған зерттеу сурет салу кезінде адамның қандағы кортизол стресс гормонының деңгейі айтарлықтай төмендейтінін көрсетті. Оң нәтижелер әр түрлі жастағы, жыныстағы және әлеуметтік жағдайдағы адамдардан іріктеуді қамтитын топ мүшелерінің 75 % тіркелді. Бірнеше жыл бұрын шығармашылықтың миға әсері туралы зерттеу жүргізілді. Экспериментке қатысушыларды бақылай отырып, ғалымдар шығармашылық сабақтар кезінде мидың префронтальды қыртысы белсендірілетінін және қызықты шығармашылық мәселені шешу жаңа, батыл мақсаттарға жетуге ынталандыратын нейротрансмиттер дофаминінің өндірісін тудыратынын анықтады. Шығармашылық танымдық функцияларға айтарлықтай әсер етеді: есте сақтау,

ойлау, логика. Сонымен, Ватерлоо университетінің ғалымдары еркін формада сурет салған субъектілер ақпаратты жақсы есте сақтағанын байқады. Себебі шығармашылық белсенділік есте сақтаудың бірнеше түрін қамтиды: мысалы, визуалды және моторлы. Сондай-ақ, ғалымдар шығармашылық кезінде бірнеше ми жүйелерін қосу арқылы зейіннің шоғырлануы жақсартатынын дәлелдеді. Сондай-ақ, эксперимент жүргізілді, оның аясында қатысушылар күрделі эмоцияларға назар аударып, содан кейін шығармашылықпен айналысуға мәжбүр болды. Субъектілердің 50%-дан астамы шығармашылық сессиядан кейін шиеленіс азайып, мәселенің маңыздылығы төмендегенін мойындады. Тағы бір зерттеу адамның өміріндегі шығармашылық пен оның өзіне деген сенімділігі арасындағы байланысты дәлелдеді. Шығармашылық адам өзін еркін көрсете алатын, жаңасын жасай алатын және жасай алатын «ортаға» айналады. Бұл оның өзіне деген сенімділік және өзін-өзі бағалауының жоғарылауына әкеледі [4].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесі сұрақ туындайды: сурет салу үшін шығармашылық пен шығармашылық дарындылық қажет пе? В. М. Бехтерев тәрбиімен қатар әр шығармашылық үшін белгілі бір дәрежеде дарындылық қажет деп жазды. Оған кереғар көзқарас «Әр адам данышпан емес немесе қызғанышты талантқа ие емес, бірақ әркім оны өзі жасай алады, яғни жаңасын жасай алады – өз ішінде, басқа адамдарда немесе қоршаған объективті әлемде» [5, 355 б.].

Ғылыми талдау көрсеткендей, тек бейімділік туа біткен болуы мүмкін, ал қабілеттер бейімділіктің дамуының нәтижесі болып табылады. Бейімділік - ағзаның туа біткен анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Оларға, ең алдымен, ми құрылымының ерекшеліктері, сезімдер мен қозғалыстар, денеге туылғаннан бастап берілген жүйке жүйесінің қасиеттері жатады. Бейімділіктер қабілеттердің дамуының мүмкіндіктері мен алғышарттарын ғана білдіреді, бірақ әлі кепілдік бермейді, белгілі бір қабілеттердің пайда болуы мен дамуын алдын-ала анықтамайды. Бейімділікке сүйене отырып, қабілеттер процесте және адамнан белгілі бір қабілеттерді талап ететін іс-әрекеттің әсерінен дамиды. Қызметтен тыс ешқандай қабілет дами алмайды. Ешбір адам, қандай да бір бейімділікке ие болса да, көп және табанды түрде тиісті қызметпен айналыспайынша талантты математик, музыкант немесе суретші бола алмайды [6].

Шығармашылық (лат. creatio-жасампаздық) - бұл адамның ерекше идеяларды тудыру,

түпнұсқа шешімдерді табу, дәстүрлі ойлау схемаларынан ауытқу қабілеті. Сонымен, К.Роджерс (1994) шығармашылықты проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін және білдірудің жаңа тәсілдерін табу қабілеті деп түсінеді. Х. Гавин (2003) шығармашылық дегеніміз-құнды нәтижелерді стандартты емес жолмен алу мүмкіндігі деп жазады. Шығармашылық адамдар тек түпнұсқа түрде әрекет етпейді; олардың мінез-құлқының нәтижелері орынды және пайдалы (Мумфорд, Густафсон, 1988) [7].

Зерттеулер негізінде психологтар креативті ойлауы бар балалардың ерекше байқағыштығы, егжей-тегжейге назар аударуы, болжау қабілеті, жағдайдан айқын емес жол таба білуі, ассоциативтілігі, синестезиясы, сондай-ақ импровизация қабілеті бар деген қорытындыға келді. Шығармашылық – интеллектке әсер ететін фактор. Бейнелеу өнері гуманитарлық ғылымдарды зерттеуге де, дәлдікке де әсер етуі мүмкін. Сурет салуға бейім балалар әлемге өз көзқарастарын оңай білдіре алады, ақпаратты есте сақтайды және кейінірек елестете алады [8].

Шығармашыл (дивергентті) ойлау дағдылары балаға гуманитарлық пәндер бойынша тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Мысалы, әдебиеттегі шығарманың негізгі идеясы туралы айту, тарихтағы хронологияны есте сақтау, белгілі бір дәуірде ойша болу, болжауға тырысу егер бұрын белгілі бір оқиға болмаса не болар еді. Сондай-ақ математикамен да тығыз байланысы бар. Математика мен өнер әртүрлі қатынастармен байланысты. Математиканың өзін өнер түрі деп санауға болады, өйткені ол өзіндік сұлулықты ашады. Математика мен өнердің ұзақ қарым-қатынас тарихы бар. Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырдан бастап суретшілер математикалық тұжырымдамаларға жүгінді [9].

Итальяндық математик Лука Пачоли, итальяндық Ренессанстың маңызды қайраткері, «Кұдайдың пропорциясы» трактатын жазды (лат. De divina Proportione), Леонардо да Винчидің аңызға айналған Мона Лизаның тартымдылығының ең математикаға негізделген, суреттің құрамы «алтын үшбұрыштарға», дәлірек айтсақ, тұрақты жұлдызды бесбұрыштың бөліктері болып табылатын үшбұрыштарға салынған. Перспективаның барлық заңдары, объектілердің құрылысы және олардың кеңістіктегі композициялық орналасуы, симметрия, пропорцияларды талдау және сурет салудағы көптеген

басқа ережелер, әдістер мен тәсілдер математикамен байланысты [10].

Біздің басты міндетіміз – баланың бейнелеу өнеріндегі қабілеттері мен мектептегі үлгерімі арасында байланыс бар-жоғын анықтау (кесте 1,2).

Кесте 1 – 5–6 сынып оқушыларының жалпы және жеке пәндер бойынша оқу үлгерімдері

№	Аты-жөні	сынып	үлгерімі	математика	қаз. тарихы
1	Зекен Амина	5Ә	екпінді	3,6	4,3
2	Елемесова Дана	5А	үздік	5	5
3	Аканова Ясира	5А	үздік	5	5
4	Ж а г у п а р о в Муслим	5Ә	үздік	4,3	5
5	Н у р ж а н о в а Жансая	6А	екпінді	4	4,3
6	Мукан Жазира	6А	үздік	4,3	5
7	Усинова Айсана	6Б	екпінді	4,3	4
8	Токтар Қызғалдақ	6Ә	екпінді	4	4,3
9	Серік Аружан	6Ә	екпінді	3,3	4
10	С а д ы р б а й Жанерке	6Ә	екпінді	4	4,3
	О р т а ш а көрсеткіштер:		Жалпы – 10 Үздіктер – 4 (40%) Озат – 6	4,18	4,52

Кесте 2 – 8–10 сынып оқушыларының жалпы және жеке пәндер бойынша оқу үлгерімдері

№	Аты-жөні	сынып	үлгерімі	математика	Қаз. тарихы
1	С м а г у л о в а Дильназ	8Б	екпінді	4	4
2	Ахметова Ания	8Б	үздік	4,3	5
3	А б ы л а й х а н Қарлығаш	8А	үздік	5	5
4	Ш а р и п б а е в а Айзере	9А	үздік	5	5

5	Арманұлы Тамир	10Ә	екпінді	4	4,3
6	Сағли Темірлан	10Ә	үздік	5	5
7	Д у й с е б а е в а Тогжан	10Б	үздік	5	5
	О р т а ш а көрсеткіштер:		Жалпы – 7 Үздіктер – 5 (71%) Екпінділер – 2	4,6	4,8

Оқушылар бойындағы шығармашылық қабілеттердің әр түрлі жеке бағыттарының бар екенің ескере отырып зерттеу нысаны ретінде көркем сурет мектебіне барып жүретін, яғни осы бағытта шығармашылық қабілетімен ерекшеленген оқушылар тобы алынған болатын.

Аналитикалық талдау кезінде жас ерекшеліктеріне сай екі зерттеу тобы айқындалды. Алғашқы топты 5–6 сынып оқушылары (10 бала) құраса, екінші топты 8–10 сынып оқушылары (7 бала) құрады.

Зерттеу жүргізу кезіндегі негізгі зерттеу индикаторы ретінде оқушылардың барлық пәндер бойынша үлгерімі (үш топқа бөлінді: үздіктер, оқу екпінділері және қанағаттанарлық оқу үлгерімі бар оқушылар) және жаратылыстану-математика бағытындағы математика пәні мен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы Қазақстан тарихы пәні бойынша 2022–2023 оқу жылындағы жеке үлгерімі үш топқа бойынша орташа сандық эквивалентте көрсетілген болатын.

Осы екі пәнді таңдауымыздың басты себебі оқушылардың екі әр түрлі бағыттағы үлгеріміндегі ортақ ерекшеліктерді анықтап көру. Шығармашылық қабілеттері бар адамдардың ойлау қабілеті – дивергентті екенін атап өткен болатынмыз. Мидың осылайша ойлауына жаңа идеяларды шығару, болжамдар жасау, мәселені түрлі қырларынан қарастыру тән. Сондықтан да, негізгі гипотезамыз шығармашылық қабілеті дамыған оқушылардың бойындағы табандылық пен шыдамдылық жалпы оқу үлгерімінің жоғары болуына септігін тигізгенмен бірге, олардың қоғамдық бағыттағы пәндер бойынша үлгерімі жаратылыстану бағыттағы пәндерге қарағанда біршама жоғары болады деген ойдамыз.

Аналитикалық мәліметтерден салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы келесі ерекшеліктер анықталды: 8–10 сынып оқушыларында 5–6 сынып оқушыларына қарағанда үздіктердің үлесі 31 %-ға

жоғары болып тұр. Бұл оқушылардың ми қабықшасының жеткілікті қалыптасуымен, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты саналығы мен мамандық таңдау қажеттілігінің әсері деп ұйғаруға болады.

5–6 сынып оқушыларында Қазақстан тарихы пәні бойынша орташа баға математикадан қарағанда 0,34 балға жоғары болса, аталған көрсеткіш 7–8 сынып оқушыларында 0,2 балға жоғары болып келеді.

Қорыта келгенде шығармашылық қабілеті бар баланың оқу үлгерімінде қоғамдық бағыттағы пәндер бойынша жетістігі дәлдік ғылымдарды зерттейтін пәндерге қарағанда сәл жоғары болып келеді. Осылайша оқушылардың дивергентті ойлау қабілеті басым туралы гипотезамыз дәлелденді. Сонымен қатар, біз сурет салу қабілеті балаларға және олардың оқуына қалайша әсер ететінін анықтадық. Берілген тізімнің ішінде қанағаттанарлық оқу үлгерімі бар оқушылар жоқ. Барлығы 5 пен 4-ке оқиды. Теориялық бөлімде берілген ақпарат пен аналитикалық талдау нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, шығармашылық қабілеттер баланың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізетініне көз жеткізе аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://theboardingschools-ru.turbopages.org/theboardingschools.ru/s/blog/kakuyu-rol-igraet-tvorchestvo-v-obrazovanii-rebenka/>
- 2 <https://imenapro.ru/parents/ekspertnoe-mnenie/issledovaniya-o-vliyanii-tvorchestva-na-cheloveka-ili-pochemu-nashim-detyam-tak-vazhno-razvivatsya-t/>
- 3 <https://pionerart.ru/mozg1/>
- 4 <https://cyberleninka.ru/article/n/izobrazitelnoe-iskusstvo-kak-faktor-formirovaniya-nauchnogo-mirovozzreniya-shkolnikov/viewer>
- 5 А. В. Либин «Дифференциалды психология» (2000 ж.) 355 бет.
- 6 Е. П. Ильин «Шығармашылық пен дарынылық психологиясы» (2009 ж.) 180-183 бет <http://parksgt.tsu.ru/upload/iblock/aa9/aa9d04efbc67703011c9623eb383db15.pdf>
- 7 <https://stud.baribar.kz/22492/shygharmashylyq-tusinigi/>
- 8 Джой Гилфорд «Адам интеллектінің табиғаты» (1967 ж.) 40 бет.
- 9 <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/>
- 10 <https://bilimger.kz/48853/>

## ЗАМАНАУИ МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІҢ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

КУСАИНОВА А. Е.

КММ-нің психологі, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің Міржақып Дулатұлы атындағы № 3 ЖООБМ  
АМАНГЕЛЬДЫ А.

КММ-нің 8 сынып оқушысы, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің  
Міржақып Дулатұлы атындағы № 3 ЖООБМ

«Заманауи мультфильмдердің бала психологиясы мен тәрбиесіне әсері» атты ғылыми жобасы қазіргі уақытта теледидардан беріліп жүрген, балалардың қызығып көретін мультфильмдерінің олардың психологиясына және тәрбиесіне қалай әсер етіп жатқандығын жан-жақты зерттеп білуге арналған.

Зерттеудің жұмысының мақсаты: Заманауи мультфильмдердің бала психологиясына және тәрбиесіне әсерін анықтай отырып, оларды талғап, сыни тұрғыдан саралай отыра, пайдалы және зиянды жақтарын анықтау. Соған байланысты ата-аталарға кеңес беру.

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы: Егер заманауи мультфильмдердің балаларға пайдасымен қатар зиянды жағы толығымен ашып көрсетілсе, мультфильмдер туралы таным-түсініктеріміз арта түсер еді, оның пайдасы мен зиянын жетік меңгеріп, өз қажетімізге тиімді жарата алар едік. Сондай-ақ оның зиянды жағынан сақтану жолдарын меңгеріп, болашағымыздың сау да саламатты өмір сүруіне бар жағдай жасар едік.

Зерттеу барысында:

1 Мультфильмдер, олардың шығу тарихына сипаттама жасалды;

2 Балалардың тұлғалық қасиеттерінің дамуындағы мультфильмдердің ролін айқындалып, маңыздылығы ашылды;

3 Заманауи мультфильмдердің бала психологиясына кері әсерлері айқындалды;

4 Оның зиянды жақтарын танып біліп, одан сақтану жолдарын танып-білдік.

5 Балалар психологиясына қонымды мультфильмдерге сараптама жасалынды.

Жұмыстың орындалу әдістері. Заманауи мультфильмдердің бала психологиясына әсері туралы баспасөз, энциклопедия,

интернет материалдарымен жүйелі түрде танысу, оларды жүйелеп, жинақтау; ғылыми ізденіс, зерттеу, деректер жинау.

Соңғы уақытта балалардың өте агрессивті мінез-құлқын жиі кездестіруге тура келеді. Бір жағынан сөйлеудің икемсіздігі мен жетілмей қалуы. Екінші жағынан - күшті агрессивтілік және қорқақтық қасиеттерді танытуы. Мұндай бала сұраққа жауап беруге ұялады, бірақ бөтен ересектердің алдында қикар сөйлеуге ұялмайды. Өзін басқара алмайды, гипертұтанғыш, немқұрайды, нашар мінез-құлық үлгілері оларды магниттей ретінде тартады, ал ересек адамдар мұны байқамайтын сияқты. Бұл балалар отандық мультфильмдерді көрмейтін, шет елдің мультфильмдерін жиі көретін, ерте жастан компьютермен, теледидармен әуестенген балалар.

Осылайша, таңдалған тақырыптың өзектілігі қазіргі уақытта теледидар сияқты белсенді әсер ету көзіне айналған категорияның маңыздылығына негізделген.

Зерттеудің өзектілігі. Мультфильмдер біртіндеп бастауыш мектеп жасындағы балаға қарым-қатынас, серуендеу, ата-аналармен шынайы әңгімелер, түнде кітаптар мен ертегілерді ауыстырады. Кейіпкерлердің жарқын бейнелері баланың ішкі әлемі мен санасын қалыптастырады, оны шындық ретінде қабылдайды. Бала мультфильмнің фантастика екенін түсіне алмайды, және барлық сөйлейтін аралар, феялар мен супер қаһармандар іс жүзінде жоқ.

Мультфильмдер бастапқыда ересектер үшін шындықтың карикатуралық бейнесі ретінде жасалды. Бірақ өмірге келген қуыршақтар әлемі тез арада мектеп жасына дейінгі балалар үшін қиялдың жаңа көрінісіне айналды. Американдық балалар мен жас психиатрия академиясының зерттеуіне сәйкес: «зорлық-зомбылық өте шынайы көрінетін және көбінесе жазаланбайтын анимацияны көретін балалар жағымсыз мінезін оятуы мүмкін». Осылайша, жақсы әрекеттер туралы идея біртіндеп жоғалады, бала девиантты мінез-құлықты әлеуметтік нормалардан ажырата алмайды. [7.156]

Диснейдің танымал мультфильмдерін, сол технологиямен түсірілген кеңестік «ну, погоди» сериясын, сондай-ақ 90-шы жылдардағы сүйікті «Том мен Джерри» сериясын зерттегеннен кейін ресейлік психологтар оларға айтарлықтай шағым түсірді. Мәселе мынада, мультфильм кейіпкерлері ауырсынуды сезбейді, ал күшті соққылардан кейін олар ештеңе болмады. Ассоциативті түрде барлық құлдырау тек күлкі тудырады, ал кішкентай көрермендердің санасында көршілерге деген жанашырлық сезімі жоғалады.



Қазіргі кезде заман талабына сай бірнеше анимациялық мультфильмдер түсірілуде. Олардың бұрынғы кезінде жасалған мультфильмдермен салыстырар болсақ, арасындағы айырмашылықтар, ерекшеліктер көптеп кездеседі. Психологиялық жағынан қарасақ қазіргі заман мультфильмдері балаларды жауыздыққа, ақылсыздыққа әкеледі. ХХІ ғасырдың жана мультфильмдері «Бэтмен», «Супермен», «Өрмекші адамды» қарайтын болсақ қылмыскерлердің адамдарға жасаған жауыздықтарын көре аламыз.

Зерттеудің міндеттері:

- 1 Мультфильмдер, олардың шығу тарихына сипаттама жасау;
- 2 Балалардың тұлғалық қасиеттерінің дамуындағы мультфильмдердің ролін анықтау, маңыздылығын ашу;
- 3 Заманауи мультфильмдердің бала психологиясына кері әсерлерін айқындау;
- 4 Оның зиянды жақтарын танып біліп, одан сақтану жолдарын танып-білу.
- 5 Балалар психологиясына қонымды мультфильмдерге сараптама жасау.

Мультипликацияның жасы кинодан үлкен. Уақыт санағын суреттерді қозғалысқа келтіруге қабілетті аппарат ойлап тапқан сәттен бастап жүргізу керек. 1877 жылдың 20 шілдесінде дарынды инженер-өнертапқыш Эмиль Рейно Франция академиясында өз жұмыстары туралы хабарлама жасады және оның құрастырған праксиноскоп аппаратыны лентамен механикалық ойыншыққа ұқсайтын зат айналмалы барабанмен суреттер қозғалысын жасады. Кейін Эмиль Рейно өз аппаратын жетілдірді. Бүгінде басқа да техникалар бар: қуыршақты анимация, силуэтті және коллаж анимация, компьютерлік анимация. Алғашқы анимациялық студиялар Барром және Брем 1915 жылда жасалды. Мультфильмдердің кейіпкерлері газет комикстерінен алынған немесе студияларда ойлап табылды.

Шетелдік мультфильмдердің жартысына жуығы ескі, тексерілген принцип бойынша құрылады: мәселе - шарықтау - шешім. Қылмыс-тергеу-жаза. Сондықтан американдық фильмдердің басты тақырыптары - қақтығыстар мен қылмыстар.

Көптеген заманауи мультфильмдер келесі белгілерге ие:

- 1 Жарқын, іс-әрекет өте тез өтеді.
- 2 Барлық мультфильмдерде қайталанатын қарапайым түсінікті сюжет.
- 3 Мультфильмдегі сөздер өте аз.

4 Мультфильм аудармашылардың бірдей дауыстарымен айтылмайды.

5 Агрессия көп.

6 Бір үлгідегі музыка.

Бала қағаз сияқты теледидардан көретінін сіңіреді. Ол әлі өтірікті шындықтан ажырата алмайды. Ол үшін барлық батырлар мүлдем тірі және шынайы. Және олар өз мінез-құлқында, интонацияларында, ойындарда дәл соны көшіреді. [6.156]

«Ел болам десен, бесігінді түзе» деп кеменгер Мұхаң нұсқаған сара жолдан қанша ауытқымауға тырыссақ та, телеарнаны қосып қалсаң, «Спанч-боб», «Шрэк», «Батуган» сияқты тәлімі күдікті, өнегесі зиянды өнімдер сол бесігімізді майыстырып, сындыруға шақ қалды. Бүгінде көгілдір экранның, яғни бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат баласы үшін маңызы зор. Алайда жас жеткіншектеріміздің психологиясына, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатады. Мультфильм – идеологияның бір түрі. Қазіргі таңда теледидарда ертелі-кеш қазақ баласының дүниетанымына кері әсерін тигізетін, өзге елдің идеологиясын насихаттайтын мультфильмдер көрсетілуде. Мойындау керек, тілі былдырлап, енді ғана қылық шығарып келе жатқан бүлдіршін күнұзаққа көкжәшікке телміріп, сансыз мультфильмнен көз алмайды. Әйткенмен, сан түрлі мультфильмдердің пайдасынан гөрі зияны көп екен. Бұл – мамандардың пайымы. [5.446]

Баланың психосоматикалық денсаулығын сақтау жөніндегі балалар невропотологтарының және психологтарының ұсыныстарын ата-аналардың естеріне түсіру қажет:

– Үш жасқа дейінгі балаларға мүлдем теледидар көруге болмайды.

– Дені сау, 3–4 жастағы балалар теледидардың алдында 15 мин отыра алады.

5–6 жастағы балалар – 30 мин.

– бастауыш сынып оқушылары – аптасына 2–3 рет, 1 – 1,5 сағаттан.

Виртуалды бейнелер өзіне тартады және психологиялық тәуелділік жасайды, ең алдымен, жүйке жүйесінің шамадан тыс қозуын ынталандырады және өтіп жатқан «жылтындау» әсерінен, ашықтықтан, жылдамдықтан, ми ырғағының үйлесімі бұзылады. Сондықтан мультфильмдерді және фильмдерді, балаларға көрсетпес бұрын, оның жүйке жүйесінің қозуын тудырмайтындығына көз жеткізу үшін, оларды ең алдымен ересектердің өзі қарап алуы керек.

Мультфильм – өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажет құралдардың бірі. Қазақ халқы өзінің бет бейнесі мен болмысын, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттығын, өзінің ғасырлар бойы арман еткен Тәуелсіздігін болашақ ұрпағы арқылы ғана қорғай алады. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі қашанда алдыңғы орында болуы шарт. Сол себепті Қазақстан да мультфильм саласына мән бергені жөн. Мультипликациялық фильмдер балалардың дамуына үлкен әсер етеді. Бір жағынан мультфильмдер жарқын көріністі, бейнелі, қарапайым, нәзік, қолжетімді дүниелер. Олар жақсылық пен зұлымдық туралы алғашқы түсініктерді, жақсы және жаман мінез-құлық эталондарын қалыптастырады. Өзін сүйікті кейіпкерлерімен салыстыру арқылы мектепке дейінгі бала өзін оң қабылдауға, өз қорқыныштары мен қиындықтарын жеңуге, басқаларға құрметпен қарауға үйренуге мүмкіндігі бар [3.576].

Мультфильмде болып жатқан оқиғалар балаларды тәрбиелеуге: оның ақпараттық дүниесін арттыруға, ойлау мен қиялын дамытуға, дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мультфильм баланы тәрбиелеудің тиімді құралы. Екінші жағынан, қазір шетелдік мультфильмдер, негізінен американдық өнімдерінің басым бөлігі зиянсыз емес. Мектепке дейінгі балалардың түрлі батыс және отандық мультфильмдерді көру жиілігін реттеу қажет. Алайда, мультфильм баланың ересектермен шынайы қарым-қатынасын ауыстырмайды. Ата-аналар бірде-бір мультфильм, тіпті ең үйрететін мультфильм баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын ауыстыра алмайтынын түсінуге міндетті.

Иә, бала мультфильм көргенді ұнатады. Айналасымен танысып үлгермеген балғын үшін бәрі таңсық, бәрі қызық. Баспайтын жерді басқанды ұнатады. Бірақ оның бәрі пайдалы емес. Сондықтан қазақтық тамырға балта шаппас үшін ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерімізге ұлттық рух пен ұлттық намыс дарытатын мультфильмдерді өмірге әкеліп, көгілдір экранымызды түзеуіміз керек. Мультфильм - мейлі ол бүлдіршіге арналсын, балаға, жасөспірімге арналсын тіпті ересекке арналса да ол шуақ, жылу сыйлауы керек. Бұл деген сөз ешбір қисыны жоқ әйтеуір күлкілі нәрсе болуы керек деген сөз емес. Мультфильм – мейірімге толы болуы керек. Себебі оның басты аудиториясы – жас бүлдіршін. Ал бүлдіршінің өз кезегінде санасы, ойлау қабілеті қалыптаспаған. Ол барлық іс-қимылдарды, қозғалыстарды айтылған сөздерді көргеніне қарап қайталайды. Осы жағынан мультфильмдердің бала

психологиясына, ол тұрмақ жастар психологиясына нұқсан келтіру қаупі бар [3.986].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттік жана саяси бағыты жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2012. www.multfilm.kz.
- 2 Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Хабаршысы №4 (2), 2007жыл, 61–92 б.
- 3 Қазақ Совет энциклопедиясы № 8 том, 1999 ж.
- 4 Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. М.2004. С 83
- 5 М.Безруких (Ред.колегия). Педагогический энциклопедический словарь. М., 2002. С-79.
- 6 Оклендер В. Окна в мир ребенка. / Руководства по детской психотерапии.–М.,2003 46-49 б. www.multy.ru.
- 7 «Бала тәрбиесі» журналы №2, 2010.

#### ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰРДАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

НУРГАЛИЕВА М. Е.  
жетекші, Торайғыров университетті, Павлодар қ.  
НУРГАЛИЕВ Ч. А.  
оқушы, 7 сынып, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Білім беру жүйесін реформалаудың қазіргі жағдайында жасөспірімдердің құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынасы әлеуметтену процесінде сәттілікті және олардың коммуникативті дағдыларды, яғни жеке дамуын анықтайды. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартында «орта мектеп түлегінің портреті» ұғымы жалпы білім беретін мектеп оқушысының бойында болуы тиіс сипаттамалардың жиынтығы ретінде түсініледі, олардың бірі коммуникативтік әлеует болып табылады, ол «басқа адамдарды құрметтеу сезімі, сындарлы диалог жүргізу қабілеті, өзара түсіністікке қол жеткізу және ортақ нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтасу қабілеті» сияқты көрсеткіштермен айқындалады [1]. Қазіргі жасөспірімнің жеке тұлғасының бұл компонентін олардың

жалпы білім беретін мектептегі құрдастарымен ұйымдастырылған өзара әрекеттесуінде мақсатты түрде қалыптастыруға болады.

Дамудың осы жас кезеңінің әлеуеті құрдастарымен жақын және жеке қарым-қатынас ретінде анықталатын жетекші қызмет түрімен тығыз байланысты. Тұлғааралық байланыстарды орнату, бірлескен міндеттерді шешу, сұхбаттасушының өз сезімдері мен күйлерін түсіну қабілеті тұлғаның коммуникативті қасиеттерінің дамуын анықтайды. Қанағаттанбау жасөспірімнің қарым-қатынас қажеттілігі күрделі мәселелерге әкелуі мүмкін.

Жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынас мәселесімен Л.Г. Агеева, И.В. Дубровина, Л.С. Выготский, М.С. Макаров және т.б. сияқты шетелдік педагогтар мен психологтар айналысты.

Л.Г. Агеева мен Е.А. Костюнина «Қазіргі жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы әрбір жас кезеңінде жасөспірімнің жеке тұлғасын қалыптастыруда, дамуында және тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Кәсіби іс-әрекеттің жетістігі, жасөспірімнің қоғамдық өмірдегі белсенділігі, өсу барысындағы қиындықтарды жеңуі жасөспірімдердің қарым-қатынасына байланысты» [2].

М.С. Макаровтың зерттеулері білім беру процесінде оқушылардың психикалық денсаулығын сақтаудың, сондай-ақ олардың дамуы мен оқу процесі үшін психологиялық қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құрудың ерекше маңыздылығын көрсетеді [3].

Өз кезегінде, И.В. Дубровина баланың нақты әлеуметтік байланыстарға қосылуды, қалыптасқан нормалар мен ережелерге бағынуды үйренуі керек екенін көрсетеді. Сонымен қатар, өзінің өмірлік ұстанымыңызды қоғамның нормативтік жүйелерімен салыстыра білу өте маңызды. Сондықтан мектеп қабырғасында баланың құрдастар тобында өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік тәжірибе жинай алатын ерекше жағдайлар жасау өте маңызды [4].

Адам өміріндегі қарым-қатынас өте маңызды орын алады. Осындай кезеңдердің бірі – жасөспірім.

Қарым-қатынас арқылы жасөспірімдер адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады, жеке мүдделерді басқалардың мүдделерімен байланыстыра алады, эмоционалды тәжірибе жинақталады. Қарым-қатынас процесінде болашақ өмірдің әртүрлі аспектілері жоғалады, жасөспірімнің негізгісі – өзін-өзі тануға қол жеткізіледі.

Жасөспірім кезінде достардың қарым-қатынас процесінде рөлінің артуы байқалады, ал ересектермен қарым-қатынаста

жасөспірімдер шиеленісті сезінеді. Бұл шиеленіс жасөспірімнің жетілу әрекетін қабылдамайтын немесе түсінбейтін ересек адамға қатысты дәрежелік пен агрессияда көрінуі мүмкін; «өз тілін» құруға ұмтылу; түсінбеуден қорқып, қарым-қатынастан бас тарту.

Дегенмен, жасөспірім үшін ересектермен қарым-қатынас өте маңызды, өйткені ол жақын ересектердің сүйіспеншілігі мен қамқорлығына деген қажеттілікпен де, әлеуметтік және моральдық мәселелер, оқиғалар, әрекеттер және т.б. туралы олардың пікірлері мен бағалауларының қажеттілігімен де байланысты.

Қазіргі әлемде байланыс киберкеңістіктің интернет ортасына көбірек ауысуда.

Мұндай кибербайланыс классикалық қарым-қатынастың барлық функцияларынан басқа, жасөспірім үшін Желіде мүмкін болатын анонимділікке байланысты өзінің жеке басын қабылдауға қатысты алаңдаушылық, сыртқы келбетінің жетілмегендігі туралы ұялшақтық және т.б. мәселелерін шешеді.

Сонымен қатар, қарым-қатынастың техникалық делдалдығы жасөспірімге қауіпсіздік сезімін береді, өйткені жасөспірімнің пікірінше, мұндай қарым-қатынасты кез келген уақытта және түсіндірісіз тоқтатуға болады.

Жасөспірімдердің құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау үшін біз Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясының 7 «Б» сынып оқушылары арасында эмпирикалық зерттеу жүргіздік, оған 28 оқушы қатысты. Н.В. Бордовская, А. Реаннің «Жасөспірімдердің сыныппен қарым-қатынасын бағалау» және В.Ф. Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» әдістемелері қолданылды.

Субъектілердің сыныппен қарым-қатынасының түрін анықтау үшін біз «Жасөспірімнің сыныппен қарым-қатынасын бағалау» әдістемесін жүргіздік. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, қабылдаудың «индивидуалистік» түрі жасөспірімдердің 47 % (13 оқушы) тән екендігі анықталды, яғни олар өз сыныптарын өз іс-әрекеттеріне кедергі ретінде қабылдайды, бұл олар үшін ешқандай құндылық бермейді, бұл бірлескен қызмет түрлерінен аулақ болу, жеке жұмыс формасына артықшылық беру, құрдастарымен байланыстарды шектеу арқылы көрінеді; «прагматикалық» түрі – 39 % жасөспірімдер (11 оқушы), олар үшін ұжым жеке мақсаттарға қол жеткізу құралы болып табылады, оның пайдалылығы мен жасөспірім үшін пайдасы тұрғысынан бағаланады, осыған сүйене отырып, бұл оқушылар оларға көмек көрсетуге, күрделі мәселелерді

шешуге қабілетті топ мүшелерін қалайды; «ұжымдық» түрі – 4 оқушы (14 %), олар үшін сыныптың және оның жеке мүшесінің мәселелері бірінші орынға шығады және тұтастай алғанда сыныптың жетістігіне қызығушылық танытады.



Сурет 1 – «Жасөспірімнің сыныппен қарым-қатынасын бағалау» әдістемесінің нәтижелері

Осылайша, басым түрі – индивидуалистік, ол өз мүдделерін бірінші орынға қояды, бұл жасөспірімдер арасындағы сындарлы және өзара байытатын қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі.

Әрбір зерттеушінің қарым-қатынас деңгейін зерттеу үшін біз «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» әдістемесін жүргіздік. Алынған нәтижелер сыналушылардың 36 % -ы (10 адам) жеткілікті қарым-қатынаста екенін көрсетті, бірақ балаларға жаңа таныстар қиынға соғады және олар сирек пікірталастар мен дауларға түседі; жасөспірімдердің 28 % -ы (8 адам) құрдастарымен қарым-қатынас жасауға тырысады, оңай байланыс орнатады, басқалармен қарым-қатынаста жеткілікті шыдамдылық танытады; 18 % -ы (5 адам) басқалармен қарым-қатынаста жиі агрессияны көрсетеді, ұстамды емес, көбінесе тұйық, жалғыздықты қалайды; 18 %-ы (5 адам) өте бейхабар, жасырын, агрессивті, топтық жұмыста оларға сенуге болмайды.



Сурет 2 – «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» әдістемесінің нәтижелері

Эмпирикалық зерттеудің нәтижелері жасөспірімдер арасында жігерлі, белсенді және мейірімді субъектілер бар екенін көрсетті, бірақ сонымен бірге жасөспірімдердің көпшілігінде құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар бар, оларды біз келесі параметрлер бойынша анықтадық: қарым-қатынастағы өзін-өзі бақылау, топтағы қабылдау түрі және қарым-қатынас деңгейі. Қарым-қатынастағы өзін-өзі бақылау, нәтижелер көрсеткендей, осы санаттағы субъектілерде оны қалыптастыру бойынша жұмысты қажет етеді, өйткені өзара әрекеттесудің осы компонентінің көрсеткіштері төмен жасөспірімдер бар, сонымен қатар оқушыларда топты өзіншілдік позициядан қабылдау басым болады, ал қарым-қатынас жеткіліксіз дамыған, бұл басқалармен қарым-қатынаста қиындықтарға әкеледі.

Осылайша, жалпы білім беретін мектепте жасөспірімдердің құрдастарымен қарым-қатынасының ерекшеліктері оқушылардың коммуникативті әлеуетінің құрамдас бөліктерінің қалыптаспауы, атап айтқанда сыныпта сындарлы диалог дағдылары қалыптаспаған, өзара түсіністікке қол жеткізу және ортақ мақсаттарға жету үшін ынтымақтастық қабілеті жеткіліксіз дамыған. Осыған сүйене отырып, сыныптағы қарым-қатынасты ұжым ретінде оңтайландыруға, тұлғааралық және топтық процестердің заңдылықтары туралы білім алуға, сондай-ақ басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларына және жанжалды жағдайлардан шығу дағдыларына бағытталған жұмысты ұйымдастыру қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> / Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

2 Агеева Л. Г., Костюнина Е. А. Взаимосвязь психических состояний и особенностей межличностного общения старших подростков сельской школы / Молодой ученый. – 2015. – № 23. – С. 864-868.

3 Макаров М. С. Микроклимат школы и его влияние на социализацию подростков / Воспитание школьников. – 2006. – № 2. – С. 68-70.

4 Дубровина И. В. Практическая психология образования. – М.: Владос, 2006. – 517 с.

### ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ПІКІРСАЙЫС ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

ШАЙМАРДАНОВА Н. Т.

психолог, Қ. Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

ПАРТИЯҚЫЗЫ А.

9 сынып оқушысы, Қ. Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

ЕРАЛИЕВА А.

9 сынып оқушысы, Қ. Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Пікірсайыс дегеніміз ұжымдағы әр түрлі көзқарастың, ой-пікірдің ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Пікірсайыста екі көзқарастың біреуін әділ сынап, жену көзделеді. Оның тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін. Ол әлеуметтану, психология, педагогика және көптеген ғылым салаларындағы зерттеулерде қолданылады.

Бүгінгі күні «пікірсайыс» бағдарламасы алдына келесі міндеттерді қойып отыр:

– Жас ұрпақтың бойында демократиялық мәдениетті қалыптастыру;

– Сыни ойлау қабілетін дамыту;

– Алуан түрлі ойлар мен пікірлерге деген шыдамдылық (толеранттық) пен құрмет сезімдерін тәрбиелеу;

Әлеуметтік жетілген тұлғаларды қалыптастыру мақсатында жастардың болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға деген қызығушылығын қолдау, нығайту.

«Цивилизацияның аса маңызды міндеті - адамды ойлай білуге үйрету» - деп Эдисон айтқандай пікірсайыс оқушылардың өздігінен қалыптасқан логикалық интуициясының тереңдей түсуіне, олардың дәйекті және дәлелді ойлау, пайымдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Пікірсайыстың мақсаты - оған қатысушылардың таласын тудырып отырған тезис жайлы белгілі бір дәрежеде келісімге келу. Пікірсайыста қолданатын әдіс-тәсіл құралдарын оған қатысушылардың бәрі мойындауы тиіс. Басқа түрлі құралдарды қолдануға болмайды, өйткені ол пікірсайыстың тоқтауына себепші болады.

Пікірсайыс ойындарының барысында оқушы ең алдымен өзінің пікірі мен қарсыласының пікірінен тиісті қорытынды шығара білуге, қайшылықтарды байқап, пікірлердің арасындағы логикалық байланыстардың бар немесе жоқ екендігін аша білуге үйренеді.

«Есте сақтау арқылы емес, өз ойлауының күшімен меңгерген білім ғана шын білім болмақ», - деп орыс жазушысы Л.Н.Толстойдың айтқанындай пікірсайыс өнері мектеп оқушыларының анықтама, жіктеп - саралау, дәлелдеу, жоққа шығару, жалпылау т.б. сияқты логикалық амалдарды қолдана отырып, өзін жан-жақты дамытуына әсер етеді.

Пікірсайыс ойындары барысында өте көп жаңа идеялар туындайды бұл ойлаудың анализ, синтез, ой қорытындысын жасау, болжау және пікір сияқты операциялары мен түрлерінің дамуын айқын көрсетеді. Әсіресе шығармашылық ойлау түрінің дамуы байқалады.

Шығармашылық, ізденімпаздық ойлау күнделікті кәсіби - мәдени іс-әрекетке күш жұмсауға бағыттайды. Сөз бен іс кәсіби бедел өз тарапынан кәсіби мәдени қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді. Бұның барлығы жиналып келіп жеке тұлғаның социумда (қоғамда) нық өзінің орнын табуға әсер етуші қасиеттерді дамытып, еркін ойлап, еркін бағыт-бағдар жасай алуға үйретеді.

Пікірсайыс ойындарының әртүрлі форматтары бар. Ең көп кездесетін форматтар ол: АПФ, БПФ. АПФ немесе Американдық Парламенттік Формат, бұл формат ережесі бойынша екі команда ойнайды. Бұл формат Британдық Форматқа қарағанда ықшамды.

БПФ немесе Британдық Парламенттік Формат бойынша 4 топ ойнайды. Әрі ойын екі үстелден құралады. Ол «ашушылар» мен «жабушылар». Алғашқы ойын «ашушылар» үстелі, соңғы үстел «жабушылар» үстелі.

Бұл екі форматтар көбінде мектепшілік пікірсайыстарда жиі ойнатылады. Алайда тек мектепшілік ойындарда ғана емес облыстық және республикалық турнирларда да кеңінен қолданылады.

Психология тақырыбына келсек, пікірсайыста психология үлкен рөл ойнайды. Себебі пікірсайыс оқушының жеке тұлғасына жан-жақтан әсер етеді.

Біріншіден, ойын оқушының жеке көзқарасына әсер етеді. Қалай? Өзіміз білетіндей пікірсайыс ойындарында нақты бір тақырып беріледі (оны қарар немесе резолюция деп атаймыз) және сол тақырыпты сыни бағалайды. Яғни тек жақсы жағын көріп қана қоймай, оның теріс жағын да байқап сын тұрғысынан өз көзқарасын дәлелдейді. Осының негізінде оқушының өзіндік жеке көзқарасы қалыптасады. Әрі белгілі швейцариялық психолог Жан Пиаженің зерттеу жұмыстарына сүйенсек, онда пікірталас механизмі арқылы оқушының эгоцентристік ойлаудан қалай арылатыны және басқаның көзқарасын қабылдауға үйренетіні көрсетілген. Осы арқылы ол қоршаған ортасындағы басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өзінің жеке көзқарасын дамытуға, яғни толеранттылыққа үйренеді.

Екіншіден, пікірсайыс ойындары оқушының белсенділігіне ықпал етеді. Бұл дегеніміз пікірсайыс ойындарында түрлі тақырып беріледі. Мысалға алсақ, «Бұл палата ностальгияны жою керек деп есептейді». Осы тақырыпта ностальгияның керек немесе керек емесін дәлелдеу қажет. Бұл қарар құндылықты қарар болғандықтан спикерлердің жеке көзқарастары, пікірлері мен ой толғаулары бағаланады. Сөздің қысқасы пікірсайыста тек бір бағыттағы тақырыптар берілмейді, тақырыптың түр-түрі бар: қоғамға байланысты, медицина немесе денсаулыққа, экология, экономика саласындағы мәселелерді қозғайтын, сонымен қатар түрлі құндылықтарды сарапқа салатын тақырыптар кездеседі. Осы арқылы оқушының белсенділігі ғана артып қоймай әрі еңбекқор, ізденімпаз болады.

